

Әбілқайыр СПАН



Адай қасіреті

ӘБІЛҚАҰЫР СПАН

АДАЙ ҚАСІРЕТІ



Алматы 2011

УДК 929.5
ББК 63.2
С 74

С 74 СПАН Ә.
АДАЙ ҚАСІРЕТІ. – Алматы: “Нұрлы Әлем”. 2011. –
224 б.

ISBN 978-601-205-187-2

Белгілі қаламгер, Махамбет сыйлығының иегері Әбілқайыр Спан бұл еңбегінде кеңестік езгіге, қызыл отаршылдыққа қарсы шыққан, ежелден бостандық сүйгіш Адай елінің 1930 жылдары басынан кешірген зобаланы туралы баяндайды.

Еңбек тарихи құжаттарға, естеліктерге негізделіп жазылып, көпшілік оқырманға арналған.

УДК 929.5
ББК 63.2

ISBN 978-601-205-187-2

© СПАН Ә. 2011

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

**Қазақстан Республикасы
Егемендігінің 20 жылдығына
арнаймын**

Автор



ТОҚАБАЙ ҚҰРМАШ

– ...Е, шықпай. Бүкіл жерді билеген ақ патша Мекелайды жеңгенде, суды билеп, күні кеше түкірігі жерге түспей тұрған Зәкірді жеңгенде, одан қала берді Мәскуадан шыққан банды Троскей мен мына біздің Ондыдан шыққан, атқан оғы айырпланды құлатқан банды Құрмашты жеңгенде есірік Китлерді жеңбес деп отырсың ба? Әй, қараңғылық-ай!

Түсіп өзі ғұлама кісідей қисайып жатқан жерінен басын көтеріп, шалқайып отырды.

(Әбіш Кекілбаев «Бір шөкім бұлт» Алматы, «Жазушы» 1966 ж., 40-бет).

Біз оқып білгенде Құрмаш есімінің тасқа басылып, қағазға түсуі осы. Онда да сөз арасында, Әбекеңнің ең бір есепке кірмейді дерліктей сүйкімсіз кейіпкері пошташы Түсіптің аузымен айтыла салады. Солай болғанмен Құрмаш атын құлағымыздың қармағаны қашан. Бірақ біз естіген жерде ол жайлы әңгімені үлкендер жағы үнемі үй артының тыңшысынан сақтанған рәуіште, үрейлі пішінмен айтатын. Және ол көбінесе жалғаспай бастала бере үзілетін. Сондайда бала болсақ та аңғарғанымыз Құрмаштың аты алдында «банда» деген жек көрінішті анықтауыш телуін телінгенмен оны ешкім күстаналап сөкпейтін. Қайта сол шолақ келте әңгіменің соңында алқа-қотан отырғандар жүздерінде «е... е, соларға да опа берген ғой бұл сұм жалған» дегенді аңғартарлықтай бір кіреуке мұң ұялап қалар еді.

Осылай әр жерден, ауыздан там-тұмдап естігендерден келген ортақ қорытынды – Тоқабай Құрмаш 30-жылдары төңірегіне қол жинап, үкіметке қарсы шыққан. Мәрт, ер, құралайды көзге атқан мерген. Бір сөзбен айтқанда ол Хамза Есенжанов «Ақ жайығында» сомдаған Құныскерейдің сыңары.

1970 жылдары Өзенде Айдарбайұлы Молдағали дейтін ағамыз болды. Бұл күнде бақилық болған бұл ағамыз ескілікті әңгімеге құлағы түрік, естігенін де ақылға салып, салмақтап, өз пайымымен саралап барып айтатын, шешен кісі еді. Білетіндер оның бұл қасиетін аталары Қорек, Айдарбай билерге



тартқандығы дейтін. Ал бұлар кезінде осы елге аты кеңінен мәшһүр болған уәлі ауыздар. Аталары шұбар төс би болған деген айыппен сотталып Молдекеңнің өзі де екі он жылға жуық ғұмырын Магадан маңында өткізіп елге Хрущевтің «жылымығынан» соң ғана оралған. Суық жақтың дәмін татыңқырап суарылғаны ма, әлде табиғатынан біткен турашылдығы ма Молдекең не айтса да анығын, ашығын айтуға тырысатын. Күлбілтелемейтін. Ол шақта саясат аужайынан сыртқары түбітиек бозбала біз үшін керегінің өзі сол емес пе? Бір сәті түскен күні ағамызға Құрмаш туралы сауалды жағалатқаным. Сонда иманды болғыр Молдекеңнің түн жамылып айтқан әңгімесі мынау еді:

– Құрмашты банды деп жүргендер оттапты. Оның адамға да, Кеңес үкіметіне де алты аласы, бес бересі болған жоқ. Дәл есебінен жаңылдым, 1880 не 1881 жылы осы Маңғыстаудың қара ойында Бекі құдығының маңында туған. Ешкімге қол жаймайтындай орта дәулеті бар екен. Жүйрік тазы, жақсы атқа құмар сері мінезділеу, жақсыға жанасқыш, тілді, бетті, ірі турайтын мәрт, атқан оғы жерге түспеген мерген жігіт екен. Ол кездің шаруа елі жаз Үстіртті жайлайды. Әлі, көлігі барлар қалың елмен бірге сонау Елек, Қобда бойлап, Жемнің бас жағына дейін шығандап кетеді. Қарнау деп аталатын ернекте жайлайтындар азшылық. Ойда көше алмағандар мен бұлақ басын сағалап егін салған жатақтар болмаса қалатындар сирек. 1927 жылы Құрмаш аулы да жылдағы үрдісімен солтүстікке қарай шығандап барып жайлайды. Ол бір қыр халқын қырына ала келген үкіметтің салық саясатына Маңғыстаудың ұмыттырып барып оқсатып тұрып бір соғатын жұтының қоса келіп, ел көбесінің сөгіліңкіреп қалған кезі екен. Қашанда етек-жеңі жиналып болмайтын көп ауылды ерте түскен қыс қапелімде састырып-ақ тастаса керек. Жер мойны қашық. Енді жарықтағы қыстауды қоя тұрып төңіректегі ауылдардың біріне қоңсы болып лаждаудан басқа жол қалмайды. Ал дала жұртында көңіл жетсе бәрі жетеді. Бір қыстап шығуға өріс сұрағанның айып шамы жоқ. Осындай шешімге келген Құрмаштың діттегені – Қосым Шеркеш ішіндегі кешегі кезде



дәулетті болып ешкімге әрі отыр дегізбеген, Кеңес тұсында да ебін тауып тасын өрге домалатып атқа мінген, бұрыннан да көжетамырлығы бар, сыртынан кісілікті жігіт деп есептеп жүрген Жұмағали дейтін бастасы. Мезгіл қараша, желтоқсанның іші болса керек. Құрмаш көшінің маңдайын Жұмағалидың аулына бұрады да өзі күн ілгері барып хабарласпақ боп ілгері озады. Бұл келсе Жұмағали жанында уезден келген бір топ уәкіл, милициясы бар үйінде отыр екен, Бөлшейбектік Кеңес үкіметіне жан-тәнімен берілген белсенділердің жеңсік асы ретінде арақтың қырдағы қазақ ауылына енді шыға бастаған кезі. Соның шарпуымен дастархан басындағылардың бәрі көңілді отырса керек.

– Е, батыр, қош келдің, төрлет.

Жол үстінде суыққа ұрынып келе жатқан бала-шағасына алаңдаулы Құрмаш ет пен шайдың арасында аз сөзбен шаруасын айтты.

– Е, сол да сөз бе? Бір емес екі қыс қыста. Тек алаған қолым бергенді ұмытпай, анау астындағы жирен тұлпарды босағаға байласаң болды.

– Жүмеке, жирен ат ұлымның бәсіресі еді. Оған қолқа салма. Құдайдың жері ортақ. Ал қораңның ығына өтеу дәметсең оның бір есесі болар. Мең көшімнің алдынан шығайын. Күн де кешкіріп бара жатыр ғой.

Жұмағалидың айтқанын қалжыңға балап, жауабын да соған орай берген Құрмаш шығып кетеді.

Жүйрік жирен атқа көптен көз құрты қадалып жүрген Жұмағалидың бұл қолқасы қалжың емес-ті, Баяғыдай барымталап, не ұрлатып алатын заман емес. Заман талқысынан қорықпаған күнде де астындағы атын алдырып қала берер кісің Құрмаш емес. Былай بازیнаға көндірем деу де есек дәме. Осы жерде қара іске құлықты көңілге ішкен ішімдіктің әзәзілдігі қосылып бір арамдық ойлай қояды.

– Жаңағы Құрмаш деген жырынды. Кеңес үкіметінің қас жауы. Өзі нағыз шіріген бай. Сөйте тұрып жасайтыны ұрлық. Ала жаздай осы төңіректі қақсатып болды. Артқаны алтып, күміс



деседі. Мұның еліне көшпей қалуы да қулық. Осы жерде бой салып жүре тұрып, көктем шығып, қар көбесі сөгіле Хорезм ойына құлап, онан әрі Иран асып тайып кетпек қой. – Сырттай жаңа үкімет жоқшысы болып көрінгенмен сол дастархан басында отырғандардың бәрі өңшең қағылған-соғылғандар, беттің арын белге түйген берекесіз алақүліктер еді. Үй иесінің мына сөзіне елең ете қалады бәрі. Әп сәтте көзбен ұғысып, көңілмен табысып, аз сөзбен жасалған қорытынды. – Құрмашты жаламен жазықты етіп жарға жығу. Бәрі ошарыла далаға шығады... Түн жамылған Құрмаш көші де ауылға таяп қалған екен. Бір жағынан арақтың буымен саналары тұманданған, бір жағынан қара көңілдерін ашкөздік билеген белсенділер көшке қарай оқ жаудырады. Қапысын тауып тасадан атылған оқ қойсын ба, Құрмаш жағынан бірнеше адам оққа ұшады. Соның бірі Құрмаштың алдыңғы түйедегі қом арасында ұйықтап келе жатқан үш жасар сәбиі. Ойда жоқ жерде осылай арандап, қайғыда қалған Құрмаш ертесіне есін жиып, өлгенін жерлеп, төңірегіне жанашырларын топтайды. Аттанып барып Жұмағалидың аулын шабады. Қарсыласқан бір адамды өлтіріп, бір келіншек пен бір қызды кепілдікке алып, қолға түскен малды айдап алады. Қолы қанды қарсы жақ та қарап қалмайды. Жоғарыға «Елде Құрмаш деген банда шықты» деп жедел хабар салады.

– Мен білетін Құрмаштың банда аталу жайы осы, шырағым. Әуелгі ашу үстінде Құрмаш өлген баламның жеті мүшесі үшін Жұмағалидың жеті туысын өлтіремін, – депті-міс. Бірақ бұл жамау-жасқаулы әңгіменің ұшығы болса керек. Жұмағали жағынан өлген әлгі бір адам. Қайта қаза бұл жақтан болыңқырады деседі. Дәл қанша екенін білмеймін. Менің әкем Айдарбай би Құрмаштың бұл оқиғадан бұрынырақта болған бір ағайын аралық дауына билік айтқан көрінеді. Бірақ ол осы Адай ішінде болса керек.

Мен Молдекеннен бұл әңгімені естігелі де аттай біраз жылдың жүзі болды. Заман жаңғырды, кезең өзгерді. Көненің жадындағы көп нәрсе қайта жаңғырды. Ең бастысы, үй артынан тыңшы



іздеген үргөлек халден ада болдық. Соны малданған соң да болар бүгінде ортамызда селдіренкіреп қалған көнекөздердің көңіл гүлпіріндегі қоламтаны қайта көсеуге құлшыныс таныта бастағанымыз. Сондай талпыныстың бірінің Ақтау қаласында тұратын марқұм Ерекеңнің – Ерғали Төлесіновтың мына әңгімені жебеуіне түрткі болғаны. Ерекең Шоңай ауылының перзенті. Ру жігімен алғанда Құрмашқа алыстан қосылатын ағайын болып келеді. Оның үстіне жерлес. Жастайынан қызметке араласып, топ ортасында, ел басында жүріп, бір мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат та болып сайланған Ерекең бұл әңгімені өзінің туған қайын атасынан естіген екен.

– Марқұм атам Құрмаштармен нағашылы-жиенді ілік шатыс екен. Оны қарақшы, банды деген сөз шыққан жерде, көп отырмай шығып кетіп қалатын, – дейді Ерекең.

– Ақыры бір күні оңашада сырын ашты. Атам қасында бір топ адам жылқы қарап келе жатыпты. Мезгіл ерте көктем. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы. Жолаушылар кешкіқұрым Шынжырдың алды дейтін аладөңде отырған Құрмаш ауылына келіп түседі. Үй сыртынан Құрмаштың өзі шығып қарсы алады.

– Құдайы қонақпыз.

– Қош келдіңіздер.

Бұл уақытта қырда ағаш үйде отырған ауыл жайы белгілі. Қонақтар күнілгері әр үйге бөлініп түсуге келіскен екен. Атам қасындағы бір серігімен әзіл-қалжыңы жарасқан Құрмаш үйіне беттейді. Шай ішіледі. Артынша үлкен бір ағаш табақ толы ет келеді. Қыдырма қонақ жылдың бұл мезгілінде пышпақ қандамады деп өкпелемейді ғой. Жыл шығып тұрған малда не күй бар. Құр обал. Қой, жылқы, түйе еті аралас асылған сүр етке тойып жатады қонақтар. Таң алдында атам үй иесінің әйеліне: – Әй, Жұпар, тұрсаңшы. Қонақтарға шай қой, тамақ жылыт. Жоқ іздеп жүрген, кісілер асығыс шығар, – деген күбірін естиді.

– Қалай тұрарымды білмей жатырмын, – деп қысыла сыбырлайды әйелі. Үйде тамызықтық отын жоқ. Мына күні



түскір боратып отын шабуға мұрша берді ме. Түндегі етті де бір қайнауы ішінде түсірдім.

– Әй, сөз болғаныңа. Тұр да түндегі ет салған ағаш табағыңды шауып, қазанның астын жақ. Меймандар оразасын ашып аттансын ең болмаса.

Атам үй иелерінің онан арғы күбірін тыңдай алмай күліп басын көтеріп алады.

– Әй, Құрмаш, мені табағыңды отқа жаққызып жын ұрып па? Осы ниетіңнің өзі неге тұрады. Етіңнің қалғанын әкел бері. Мұздайлай-ақ жейміз!

Атам «Құрекеңнің көзі тірісінде азаматқа сынлықтық келер деп бұл жайтты тісімнен шығармай өттім. Енді мойныма борыш болмасын. Қонағына сондай ықылас-пейілі бар ерді қиянатқа қиған зар заманының кері мен кебі болмаса елі емес» – деп еді сонда» дейді Ерекең.

Халық айтса қалт айтпаған. Сірә, Құрмашты маңайына ер көңіл, азамат ретінде танытып жүрген осындай сыры мен сипаты болса керек.

Еліміздің еркіндік алып, өз қолымыз аузымызға жеткенінің бір хиуазы жылдар бойы халықтан жасырын ұсталып «өте құпия» деген тылсымның астында жатып келген кеңестік жазалау органдары – ОГПУ – КГБ – МХБҚ-ның архивімен танысуға жол ашылды. Бұл сайып келгенде өткенімізге өміршеңдік сипат беріп, тарихымызды жаңа тұрпатта негіздеудің бастамасы еді. Сол архивтен осы оқиғаға қатысты табылған құнды құжат – Атырау облыстық Ұлттық қауіпсіздік комитетінде сақталған «Құрмаш Қосжановтың ісі» деп аталатын жалпы көлемі 5 томдық іс. (Ескерту: Мұнда және басқа да құжаттарға Құрмаштың фамилиясы Қощанов деп жазылған. Бірақ біз оны қазақ тілінің грамматикасының заңдылығына орай Қосжанов деп алдық. – Ә.С.) Осында Құрмаштың өз қолымен жазылған төмендегідей арызы бар.



Адай округтік атқару комитетінің
Маңғыстау болысы Тоқабай ауылының
азаматы Құрмаш Қосжановтан

Арыз

Осы арызым арқылы төмендегіні мәлімдеймін: 1927 жылдың қысында қыстауым жоқтықтан Маңғыстау жеріне көше алмадым да Қарашағыл жерінде қалып қойдым. Осы жылы шамамен ақпан, қаңтар айларында мұнда күшті боран соғып, тұруға мүмкін болмады. Сол себепті Ақтайлақ дейтін жерден түн ішінде Ақтайлақ мешіті жеріне көшуіме тура келді. Солай көшіп келе жатқанымда маған 14 қарулы жігіт Қойлыбаев Жұмағали дегеннің бастауымен шабуыл жасап, винтовкадан оқ жаудырды. Менің:

– «Бұл не шу, бұлардың не?» деген сауалыма олар жақында Маңғыстау облысынан Табынай руының Қарабасовтар дегендері көп сиырымызды барымталап әкетті. Енді соны сендерден алуымыз керек, – деп жауап берді. Мен бұдан соң оларға «Менің Қарабасовтармен ешқандай қатысым да, байланысым да жоқ. Олар менің аулымнан емес. Бұл мәселеде менің кінәм жоқ», – дедім. Менің бұл жауабым қанағаттандырмаса керек, олар 100-150 қадамдай жерден оқ жаудырды. Сол атыстан екі түйеге оқ тиіп жығылды да жерге құлап астында қалып 3 жасар балам өлді, өзімнің оң қолыма оқ тиді. Атыс кезінде азаматтар Мұңалбай Қосымбаев пен Мұңалбаев Тасболат киімсіз қашып кетіп еді оларды бес күннен соң далада үсіп өліп жатқан жерінен таптым. Жоғарыда айтылған себеппен азамат Көшенов Түрікменбайдың үйі де жоғалып кетті. Оның қазір қайда екені белгісіз. Жеткен хабарға қарағанда өлім аузында болса керек. Көшіп келе жатқанда менің ізіммен ауылдастарым азамат Мұсатаев Нысан, Досқараев Шындақ та келе жатыр еді. Оларды шабуыл жасаушылар ұстап әкетті. Бұдан басқа олар тағы азамат Қаржаубай Қосжанов өзінің қарт шешесінде қалдырған ер-тұрманды екі ат пен шешесі мініп




келе жатқан түйені, тағы темендегідей қымбатты заттарды – бір жібек халат, бір жібек көйлек, 50 сом күміс ақша, өзге де бағалы нәрселерді алып кетті. Және менің бір атымды ер-тұрманымен тартып алды да неге екені белгісіз өзімді қалдырды. Мен бұған қатты таң қалдым. Сол себепті мен: «олар Құныскерей бандысының адамдары, оларға осы жерде Құныскерей басшылық жасады» деп ойладым. Сондықтан үкіметтің жоғарыда аталған адамдарға тиісті шара қолданып, маған алынған малдарым мен дүние-мүлкімді, ұсталған азаматтарды қайтаруына көмектесуін сұрадым. Олардың мені барымтаға басшылық етті деуі жалған. Бұл мәселеде өзімді ақтау үшін куәм бар. Тексеру жүргізуіңізді өтінемін.

Қ. Қосжанов.

28 жыл. 10 ақпан. (2 том, 577-б.).

Араб әрпімен таза әдемі етіп жазылған арыздың соңына Құрмаш Адай таңбасын салып қол қойыпты. Көріп отырғандай бұл құжатта жазылғандардың жоғарыдағы Молдекеңнің айтқандарынан айырмасы шамалы ғана. Арыздың Адай округтік атқару комитетіне жазылу себебі, Құрмаш азаматы болып есептелінетін Тоқабай ауылы қарайтын 1 Маңғыстау болысы бұл кезде соған қарайтын. Ал оқиғаның болған жері осы күнгі Жылой маңы Жематырау болысы Гурьев округіне әкімшілік бағыныста еді. Бірақ көшпелі ел баяғысынша сапырылысып, аралас-құралас көшіп жүре беретін де үкіметке қатысты арыз-шағымдары болса өз округтеріне шығуға мәжбүр болатын. Бұл да болса үкіметтің халықтың баяғыдан бергі қалыптасып қалған саяси бірлігін бұзған солақай саясаттың бір көрінісі. Мұны ең алдымен ер арасын бүлдіруші, соқтықпа, сотқарлар пайдаланып бақты. Құрмаштың бұл арызы сонау ит арқасы қиянда жатқан Форттағы оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын үкіметіне жеткенше, одан тексеру келіп істің анық-қаңығына жеткенше не заман. Жұмағалилардың салған жерден қанқұйлылыққа барып, баса-көктей жөнелуінің бір себебі де осы.

Құрмаш ісімен мұқият таныса келгенде оған тиісудің сынаққа



сылтауы болған жайт та шаң бергендей болды. Ол атақты заңгер Бақытжан Қаратаевқа жазылған төмендегі хат. Бұл хат та араб әрпімен жазылған. Қасына орысша орашалақ әрі қысқа – аудармасы тіркелген.

«Ақсақал жиен ағамыз Ханзада Бақытжан Қаратаевқа нағашыларыңыз Қондыбай, Жүніс әм басқаларынан. Сіздің өткен януардың ішінде жазған бір хатыңызды біліп қалдық. Бұл уақытқа дейін ойдан қалдырмай жүргеніңізге рахмет. Бұл не себепті деген сұрауға бұл асылзада ақсүйек ауылынан екендігіңізден деп білдік. Енді Сізге өз көңілімізден хабарымыз. Өткен күзден бері Табынай деген ауылдағы нағашыларың бір іске шатылулы. Мәнісі көршілес Гурьев, Қызылқоға болысындағы Шеркеш ағайындарымыз өткен 23-ші жылы жоқ болып кеткен бір адамын біздің елдің ұрылары деп біздің көшпелі ағайындарға хабар берулі. Жақын тумаластары Табынайлар болатын еді. Бұл туралы адайлар күн сұрады. Көшпелі елдің аты-жөнін білмеген себепті әлгілер бастығын біз екеуміз қылып 20 шақты адамды қаралап, мекемелерге көрсете беріпті. Ол уақытта Қызылқоғаға Жоғарғы сот адамдары да келіп жатыр еді. Адамдарымыздың екеуі ұсталып, екеуі үйінде міндетте. Басқаларымыз жауаптала қойғанымыз жоқ. Осының хақында көп өтінеміз. Тар жол тайғақ кешуде талай-талай кіріптар пендеге ат сауырын беріп едіңіз. Күн жаумай су болып жүрген нағашыларыңызға да сөйте көріңіз. Көкжарға келіп, жүзбе-жүз сөйлесіп, осы қызметті міндетіңізге алып кетсеңіз, иншалла, қадалған тікеннен құтылсақ керек.

Жазушы Жүніс Есжанов, Қондыбай Қойсойғанұлы.

1928 жыл, 7 шілде.

Хат сыртына әлдекімнің Б.Қаратаев хақында берген анықтамасы іспетті орысша төмендегідей ескертпесі соғылыпты. «Офицер царской армии. Обжалован. Бывший присяжный царской юстиции. Ныне защитник – Уральской. Сын его Шамиль Каратаев инструктор политсекретарь Крайвоенкомата». Бұл сөздер сөз жоқ ОГПУ органдарының Б. Қаратаевқа да сенбестікпен қарағандығын білдіреді. Күдікшілердің бұл пікіріне



жауап ретінде халқының біртуар перзенті Б. Қаратаевтың шын мәнісінде кім болғандығына тоқтала кеткеннің артықтығы жоқ.

«Қаратаев Бақытжан Бисәліұлы 1860, қазіргі Орал обл., Қаратөбе ауданы, Ақбақай ауылы, 26.08.1934, Ақтөбе қаласы – қазақ юрисі, ағартушы демократ, 1905-07 ж. кадет партиясы қатарында болған. 1917 ж. май айынан большевиктер партиясының мүшесі, 1890 ж. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген. 1890-1907 ж. Петербург, Кутайси қалаларында, Орал облысында заң қызметінде істеген. 1907 жылы Орал облысынан мемлекеттік 2 Думаға депутат болып сайланған. Оның 1907 ж. 16 майда Дума мәжілісінде қазақ халқының жер-су мүддесін қорғай сөйлеген сөзіне В. И. Ленин назар аударып, өзінің «Социал-демократияның 1905-1907 жылдары болған бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» атты мақаласында одан үзінді келтірген. (Ленин В. И., шығ., 13 т., 215-6.)

1907-16 ж. ағартушылық жұмыстармен айналысып, «Қазақстан» газетін, «Айқап» журналын шығаруға көмектеседі. 1917 ж. Ұлы Октябрь Социалистік революциясына белсене қатынасқан. 1918 ж. март айында Орал облыстық Совдепке мүше және заң істерін басқаратын комиссар. 1918 жылғы 15 апрельден 1919 жылдың 24 январына дейін Алашордашылар үкіметі түрмесінде тұтқында болған. 1919 ж. январь айының соңғы күндерінен бастап Орал облыстық ревкомының мүшесі, ұлт істерін басқаратын коллегияның бастығы. Сол жылы даңқты Чапаев дивизиясында атты әскер бригадасының саяси бөлімінің меңгерушісі және командирі болды. 1919 жылы 2 июльде Қазақ өлкесін басқаратын революциялық комитеттің мүшелігіне тағайындалды. Қ. мандатына В. И. Ленин қол қойған. Б.Б.Қаратаев – Қаз. АССР І-ІІ съездерінің делегаты» (ҚСЭ 6-том, 500-бет) Сондай, жаңа үкіметтің орнауы үшін осылай тер төккен Бәкеңе ОГПУ тергеушілерінің пікірі, көзқарасы әлгіндей. Бұған ту бетіңе дейсіз бе, жоқ, әлде «сорпа, саған сөз жоқ» деген осы дейсіз бе.

Ал Шәміл (еркіндік сүйген әкесі баласының атын сірә



Кавказдағы ұлт-азаттық қозғалысының басшысы Шамильдің құрметіне қойған тәрізді – Ә. С). Кеңес үкіметі орнаған күннен бастап-ақ оның баянды жеңісі үшін күрескерлер сапынан табылды. (1899, Орал уезі – 1938) – Совет әскери қайраткері, полк комиссары, Қазақстандағы азамат соғысына белсене қатысушы, КПСС мүшесі. Оралдағы гимназияда, реальды училищеде оқыған. Орынбордағы Борислоглебск әскери училищесін бітірген. 1919 ж. өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып, қазақтың тұңғыш атты әскер бригадасының құрамында Орал облысын ақтардан азат етуге қатысты. 1920 ж. Ырғызда, Темірде т. б. елді мекендерде революциялық комитет ұйымдастырды. 1921-22 ж. Ә. Жанкелдин басқарған Қызыл керуеннің саяси қызметкері болып Ақтөбе, Гурьев, Маңғыстау жерлерінде Советтердің жұмысын жандандыруға көмектесті. 1922 ж. Мемлекеттік саяси басқарма бөлімінде істеді. 1923-33 ж. қазақтың ұлттық атты әскер дивизионының комиссары, 1929 ж. осы дивизионның Қызылордадан Алматыға дейін жасаған саяси жорығын басқарды. 1933-38 ж. Оңтүстік Қазақстан облысының әскери комиссары болды – ол туралы ҚСЭ-да осылай делінген. Бұдан көретініміз. Ш. Қаратаев тіпті ОГПУ-да жасаған, хат сыртындағы бұрыштама авторының әріптесі болып шықты ғой. Ендеше «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» қағидасы бұл органға жүрмейді екен. Осындай елеусіз бұрыштамалар арқылы бұлар Шәмілге де қазған аран орын терендете берген сияқты. Ақыры жауыздар мақсатына жетіп тынды. Оны 1938 жылы 39 жасында халық жауы ретінде атып жіберді. Сөйтіп қыршын ғұмыр үзілді. Жалпы ОГПУ-дің сол жылдардағы қаламы түрткен жерден қан шаптыра берген бе деп қаласың осыған қарап.

Арыз иелерінің оны жиен деп іштартып отырғаны тегіннен тегін емес. Бәкеңнің арғы шешесі Бопай ханым – Әбілқайыр ханның әйелі, Адай елінің қызы. Бәкең сол тұрғыдан келіп Адай елін кәрі нағашы тұтып қатты жақын тұтқан. Көкжар жәрмеңкесіне келгенде ел азаматтарымен жиі жүздесіп, сырласып отырған. Бұл жайт жазушы Берқайыр Аманшиннің



«Көкжар» повесінде жақсы баяндалған. Ал хатта айтылған Шеркештер мен Адай арасындағы жанжалдың болу себебі бізге ауызша жеткен деректер бойынша былай. Орынборға қала шығып бара жатқанда руы Адай бір кісі кенеттен қаза болады. Оның жаласы Шеркештерден болды деген қаңқу таратады. Сөйтіп, құн талап етеді. Оған жауап ретінде Шеркештер жоғалған бір адамын Адайлар өлтіріп, сүйегін тығып тастады деп қарсы дау салады. Осы қаңқу ақыры ушыға келіп барымтаға ұласып Адайдың Табынай руының бір топ адамдарының Шеркештердің малын айдап кетуімен тынады. Оның арты сірә жуық арада бітпейтін шатақ. Ақыры көріп отырғанымыздай, сол «соқырдың таяғы сорлыға тиедінің» кебіне келіп, құдайдың жіберген зауалы қыстан қысылып жүрген Құрмашты келіп шырмайды. Құрмаш ісіндегі ең бір маңыздысы Құрмаш пен Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық», «Жүнісовтер трагедиясы» романдарынан белгілі Құныскерейдің бір бақырдан дәм татып, жарты малтаны жарып талмаған жорықтас болғандығын айғақтайтын мына құжаттар. Оның бірі 1928 жылдың алғашқы бес күнін қамтиды. Өмірлері қыл үстінде дерлік жүрген екі арыстың жай-күйімен, ереуілді күндерімен толық қанығу үшін оны орыс тілінен аударып қысқартусыз сол күйінде беріп отырмыз.

Гурьев ГПУ-іне Жылойдан ЖЕДЕЛХАТ

Кеше кешкісін бандит Құрмаш пен Құныскерей Қожахметовтың қастарында 10 адамы бар Жылой маңында 7 шақырым жерде болғандығы туралы нақты мәлімет алдық. Олардың қаруланған үй-іштері 10-шы ауылдағы қыстауға тоқтап, бізді Ақжол, Жем-Атырау, Жем болыстарының бір бөлігінен оқшаулап тастады және науқанды өткізбеу қаушін төндірді (әңгіме сайлау науқаны туралы болып отыр – Ә. С.).

Жем болыстық атқару комитетінде патронсыз төрт бесатар ғана болуына байланысты тез қарулы көмек жіберуді өтінемін.



Урал ГООГПУ бастығына МӘЛІМДЕМЕ №1

1927 жылдың 31 желтоқсанынан 1928 жылдың 5 қаңтарына дейінгі уақытта.

1927 жылдың 31 желтоқсаны күні 10 сағатта Жылой поселкесінен Советтердің қайта сайлауы науқанын өткізуге шыққан ЦИК хатшысы Келімбетов пен басқа өкілдер телеграфпен Жылой поселкесінен 7 шақырым жерде қарулы екі бандит Құрмаш Адай (фамилиясы белгісіз) пен Құныскерей Қожақметовтың пайда болғаны туралы хабар алдық. Олар екі-үш қырлы бесатармен, наганмен қаруланған, патрондары жеткілікті. Құрмаштың үйелмені мен шаруашылығы Жем болысының 10-шы ауылына тоқтаған. Олардың жанында қарулы төрт бандит – Құрмаштың серіктері бар. 31 желтоқсанда күндізгі сағат 4-те мен екі көмекшімен Жылойға беттеп, 1928 жылдың 1 ақпаны күні таңертеңгі сағат 10-да Жылойдан 120 шақырым жерге барып жеттім. Құныскерей Қожақметов көмекшісімен екеуі бірінші ақпанда таңертең ерте белгісіз бағытқа шығып кеткен. Жылойда бар үш милиционермен, атап айтқанда Ақжол, Жем, Жематырау болыстарының милиционерлерімен қолымызда бар 30 патрон аз деген сылтаумен Қ. Қожақметовты ұстауға шара алынбаған.

Жем болысының 10 ауылында, яғни Жылойдан солтүстік-шығысқа қарай 55 шақырым жерде жатқан Құрмаштың 4 көмекшісін ұстау үшін мен үш көмекшіден және ВИК пен ЦИК-тің төрт жауапты қызметкерлерінен тұратын өкілдің көмекшісі Чапурин жолдастың басқаруымен отряд ұйымдастырдым. 8 винтовка, 230 дана патрондармен және 6 наганмен қаруланған отряд төрт шанамен 1 ақпан күні күндізгі сағат 2-де жолға шықтық, Қарлы боранға байланысты 1-нен 5 ақпанның күндізгі сағат 11-іне дейін отрядтың қайда жүргені және іс әрекеті туралы мәлімет түскен жоқ.

2 ақпан күні күндізгі сағат 4-те Жылойдың шығыс жағындағы 50 шақырым жердегі Қаратон мұнай кәсіпшілігінен келген кәсіпшілік меңгерушісі Қаратоннан 3 шақырым жерде қарулы екі



бандиттің кездескенін мәлімдеді. Олар өздерін Адай уезінің милиционерлеріміз деп таныстырған. Ал білетін тұрғындардың айтуы бойынша олардың бірі Құныскерей Қожакметов, ал екіншісі белгісіз. Кездескендерге олар өздерін көргендіктері туралы ешкімге айтпауды ескерткен. Бұдан басқа әлгілердің мәліметі бойынша көрсетілген бандиттер ауылдардан жылқы барымталап жүрген көрінеді. Сөйтіп, Ақжол болыстық атқару комитетінің төрағасынан, сол болыстың салық агенті бөлімінің бастығынан, тағы да басқа азаматтардан төрт ат тартып алған. Және Қаратон кәсіпшілігі мен ондағы адамдардың қалай қаруланғаны жайлы қатты қадағалап сұраған. Және Жылойдан Қаратондағы кәсіпшілікке екі атпен ақша әкеле жатқан көшірді екі рет тоқтатқан. Көшірдегі қазына ақшасы бандиттер тінтпегендіктен алынбаған. Ал кәсіпшілік аттары туралы «ат семіз екен, тек союға ғана жарамды. Сондықтан біз үшін қажетсіз» деген.

Тексерілмеген қауесетке қарағанда екі бандит тартып алынған 4 атпен Жылойдан Каспий теңізінің жағасына қарай 100 шақырым жердегі Прорва поселкесіне қарай кеткен. Күш пен құрал-жабдықтың жоқтығынан 3 ақпанда Қаратон бетке қуғын ұйымдастыра алмадым. Кәсіпшілік меңгерушісі «Эмбанефть» басқармасынан екі милиционер сұрады. Менің жіберген жеделхатыма басқарма таяу күндерде Қаратонға ағаш шеберлерінің тобы барады, сұратқан милиционерлер солармен жіберіледі деп жауап берді. Қаратонда құрал жоқ, қолдағы екі бердеңке бұзық және патроны жоқ. Жылойдан құралмен жабдықтауға бар винтовканы (8 дана) жолдас Чапуриннің отрядына бергендігім себепті мүмкіндігім жоқ. 1927 жылы 31 желтоқсанда 5 милиционер жіберу туралы менің жіберген телефонограммама Доссор аудандық милиция бастығының орынбасары «Эмбанефть» басқармасына толықтай бағынатынын және Доссор кәсіпшілігін қорғайтыным себепті милиционер жібере алмаймын деп жауап берді. 5 ақпанда күндізгі сағат 11-де оралған Чапурин отряды мынаны мәлімдеді: 1 ақпанда күндізгі сағат 2-де шыққан отряд Жем болысының 10-шы ауылына сол күні түнде сағат 11-де келіп жетті. Көрсетілген ауылда Құрмаштың

үйелмені болмай шықты. Тек бір жер үйден оның бір серігі ұсталды. 1 ақпаннан 2-сіне қараған түнде отряд боранға байланысты сонда Құрмаштың серігі ұсталған жер үйде қонып қалды да 2 ақпанның кешкі сағат 9-ына дейін ауа райының жақсаруын күтті. Көрші ауылдарға Құрмаш туралы сұрау салынғанда ондағы сенімді адамдар ол туралы ештеңе білмейтіндерін айтты. 2 ақпан күні кешкі сағат 9-да постыда тұрған милиционер Құрмаштың екі белгісіз серігімен 3 ат, 40 түйеден тұратын керуеннің таяу келе жатқандығын хабарлады. Хабарды алысымен отряд Құрмаш керуеніне қарсы ұрысқа кірісті. Құрмаш қарулы тосқауылды көрген бойда атыс салып, керуенді басқа ауылға қарай бұрды. Құрмаш пен отряд арасындағы 15-20 минутқа созылған атыс нәтижесінде Құрмаштың немере туысы мен тағы бір серігі, бір түйе, бір жүйрік жылқы құлынымен, тағы бір қарабайыр ат қолға түсті. Құрмаштың бастауындағы керуен 10-шы ауылдан 5 шақырым жердегі жер үй жанына аялдады. Соңынан қуған отрядты көрген Құрмаш қолайлы бекініске орнығып, керуенін жер үйден 40-50 қадамдай жерге қалдырды да атыса жөнелді. Отрядтың ұйымшылдығы жоқтығы мен адамдардың ұрысқа қабілетсіздігінің салдарынан Құрмаш ұстатпай кетті. Отряд 4 ақпан күні кері оралып, күндізгі сағат 11-де Жылойға келіп жетті. 5 ақпан күні сағат 2-де мен екі көмекшіммен Жылойдан Ракушаға қарай онан әрі Доссорға бару үшін шықтым. Жылойдан Ракушаға барар жолда Жылойдан 25-30 шақырым жерде жүргіншілерден осы жолмен Ракуша бағытына жетегінде екі аты бар, мойындарына бесатар асынған екі адамның өткенін айтты. Олар қарсы ұшырасқан қарулы керуеннен Қосмола дейтін жерді сұраған. Белгілеріне қарағанда бұлар Ақжол болысынан алған аттарымен кетіп бара жатқан Құныскерей мен оның серігі болып шықты. Біз бір ауылдан Қосмоланы сұрап алып жегіп келе жатқан екі атымыздың жүрісін тездеттік. 4 атты екі қарулы адамның осылай қарай кеткені анықталды, бірақ ауылдардағы жер үйлерден ондайлар табылған жоқ. Ракуша поселкесінен 15 шақырым жердегі жолдың үш тарам айрығына келгенде із мүлдем жоғалды. Құрмаштың алғаш қолға түскен




серігінен оның тағы да винтовкалы үш серігінің Мақат кәсіпшілігінен 30 шақырым жердегі үйде үйелмендерімен жатқандығын білдік. Бұдан басқа Құрмаштың қолға түскен серігінің (Айдарханов) сөзінен Құныскерей Қожақметовтың 10-шы ауылда Құрмашпен келісім жүргізуге тиіс болғандығын, бірақ неге екені белгісіз екі рет келмей қалғанын білдік.

Сірә, Қожақметов 10-шы ауылда отряд барлығын біліп қалған болса керек. Құрмаштың ұсталған үш серігі мен үш ат Жылой поселкесіне жеткізілді. Онан әрі олар үш милиционермен Гурьевке жеткізіледі. Олар Жылойдан 6 ақпан күні таңертең шығады.

**УРГООГПУ-дің Гурьев уезі бойынша өкілі,
(қолы түсініксіз). өкілдің көмекшісі
(И. Чапурин)
(істің 553-555-беттері, 2 том)**

Осы істен Құрмаштың қолға түскен серіктері Айдарқан Жанғазиев, Нысан Мұсатаев, Шырдақ Досқазиевтар екенін білдік. Және бір байқағанымыз отряд бастығы ақыры жасақтың Құрмашпен ұрыста дәрменсіздік көрсеткенін мойындауға мәжбүр болған.

Құрмаштың жоғарыдағы хаты осы мәлімдемеден соң 5 күннен кейін, яғни ол Құныскереймен бірге сапарлас болған сол күндерден кейін жазылған. Ендеше оның арызында өзіне шабуыл жасағандар туралы «Олар Құныскерей бандасының адамдары, оларға осы жерде Құныскерей басшылық жасады» – деп ойлады», – деп жазуы неліктен. Жала деуге Құрмаш бастас серігіне жала жабар кісің емес. Біздіңше осы арыз қашты-қудыны көп көріп әдіс алған әккі Құныскерейдің ақылымен, айтылуымен жазылған сыңайда. Сірә, Құнысекең серігіне «мен сірә артыма қоңырау байлаған адаммын, жұғыссаң қарам жұғар, дұшпан көзге іргенді аулақтауға тырыс та үкіметке көрген зәбір-жапанды арызданып көр. Бәлкім, олар құдайына қараса есенді алып берер» деген сөзін айтқан сияқты. Біздің бұлай қорытындыға келуіміздің бір себебі де бар. Құныскерей ақыры жазалаушылар құрығына



түспей Хорезм ойына барып жетіп аты-жөнін өзгертіп ғұмырының қалғанын бейбіт өткізеді. Өзінің кім екендігін көз жұмар сәтінің алдында ғана ашыпты. Сонда «Шіркін Құрмаш, азаматым-ақ еді. Ондай ердің жуық маңда тууы екіталай шығар» деп Құрмашқа бағасын да бере кетсе керек. Бұл деректер бізге Құныскерейдің ұрпақтарымен көп жылдар Түрікменстанның Кушка қаласының маңында аралас-құралас көрші отырған көнекөздер арқылы жетті. Жоғарыдағы мәлімдемені оқып отырғанда есте ұстайтын екі жайт бар. Оның біріншісі ОГПУ қызметкерлерінің жазғандарында жаптым жала, жақтым күйенін де болмай қоймайтындығы. Көп ретте олар өздерінің қауқарсыздығын ақтау үшін қарсыластарын қаралаңқырап, Ақтауды айырып, Қаратауды қайыра да берген сыңайы бар. Екінші басы ашық жайт, жалпы Құрмаш жауы болса да адам қанын төге беруге көп онша құлық таныта қоймаған. Әйтпесе құралайды көзден атқан мергенге жер үй алдында бас көтеруге қорқып жер иіскеп жатқандарды сол жерде ұзынынан сұлатып кете беру бұйым болып па? «Отрядтың ұйымшылдығы жоқтығы мен адамдардың ұрысқа кабілетсіздігінің салдарынан Құрмаш ұстатпай кетті» – ОГПУ мәлімдемесін қаншама сылап сырласа да тап осыны ашық мойындап тынды емес пе?!

«Таз өшін тырнап алады» демекші Құрмашты ұстай алмаған ызасын ОГПУ енді қолға түскен үш серігінен алуға кіріседі. Бұлар да оңай жау болмай шықты. Үшеудің ішіндегі бас көтерері Жанғазиев Айдархан 1893 жылы туған. Сауатсыз. Орта шаруа. Әйелі өлген. 1922 жылдан ұсақ сауданы кәсіп қылған, тері-терсек жинаған. 1922-25 жылдары Адай уезі Маңғыстау болысында милиционер, 1925 жылдан малшы. Тергеушінің барлық сұрақтарына «Бандитизмге ешқандай қатысым жоқ. Өзімді кінәсізбін деп есептеймін» деп жауап береді.

Мұсатаев Нысан – 1894 жылы туған, малшы-балықшы, үйленген, баласы жоқ.

– Құрмаш Қосжановты білгеніме бір ғана жыл. Яғни оған түйе бағуға жалданғаннан бері. Онда винтовка барлығы маған мәлім, бірақ ол оған не үшін қажет болды білмеймін. «Винтовка маған

қасқыр ату үшін керек дейді» маған оның өзі, – Нысекең тергеушіге берген жауабында осылай бір төбенің шаңын бір төбеге қосып жостырта береді, – Менің жалданып жұмыс жасап жүрген кезімде ол ауылдан бірнеше күнге кетіп қалатын да артынан әлдебір іс жөнінде сөйлесуге бардым дейтін. Ал оның қандай істер екенін білмеймін.

Сұрақ: Сен Құрмаштың түйесін бағуға қандай кесімді бағамен жалдандың.

Жауап: 6 ай үшін одан 6 қой алдым. Тағы да берем деп айтып еді. Онысын бере ме, бермей ме білмеймін.

Сұрақ: Сен Айдархан Жанғазиевті білесің бе? Ол Құрмаш аулында жиі болатын ба еді. Сондай-ақ оның аулында өзге адамдар болды ма?

Жауап: Азамат Айдархан Жанғазиевті білмеймін. Бірақ оның бірде Құрмашқа қонаққа келгенін көрдім, артынша қонып қалды. Ал олар Құрмаш екеуі не туралы айтты – оны білмедім.

Сұрақ: Құрмаштың жолдастары Құдабаев Ізтұрғанды, Байзақов Шүкірді, Оразбаев Ізтұрғанды білесің бе?

Жауап: Жоқ, білмеймін.

Сұрақ: Сенімен бірге тұтқындалған Досқазиев Шырдақ деген кім өзі? Ол Құрмаштың керуеніне қалай тап болып жүр, жалпы ол не істеді?


Жауап: Досқазиев Шырдақ Құрмашқа жамағайын болып келеді, Құрмашқа жалданып жұмыс жасайды, отын әкеледі тағысын тағы дегендей.

Сұрақ: Құрмаштың азаматтарды тонайтынын білесің бе? Саған оның бірде Жем болысының бір азаматының әйелін алып кеткені мәлім бе? Ол әйел қазір қайда?

Жауап: Жоқ, білмеймін. Жалпы ол менің көзімше ешкімді де тонаған жоқ.

Аударған: Гурьев Орталық атқару комитетінің нұсқаушысы. (қолы қойылған) Хисматуллин.

Жауап алған ОГПУ өкілінің көмекшісі (қолы қойылған) И.И. Чапурин. Жауапталушы Н. Мұсатаев сауатсыз болуы себепті бармағын басқан. (2 том, 368-369 беттер).



Айыпталушының тағы бірі Досқазиев Шырдақ – 1897 жылы туған, үйленбеген, кедей. Құрмаштың 6 айға 4 бойдақ ақы алып қойын бағуға жалданған.

Сұрақ: Құрмаштың шаруашылығында Мұсатаев Нысан қандай қызметтер атқарды? Олар Құрмаш екеуі ауылдан ұзап сапарға шығып тұрды ма?


Жауап: Мұсатаев Нысан да Құрмаштың мен сияқты жалшысы. Ол бір жағынан оның ағайыны болып келеді. Мен Нысанның бір жаққа ұзап шыққанын көрген жоқпын.

Міне, тергеушілер қанша мошқап сұраса да бұл үшеуі осы жауаптарынан танбайды. Құрмаштың бандасында болдың, ел шаптың деуге дәлел жоқ. Доңайбат бопсаға қырдың қырқар түлкілері өтірік аңқаусып тағы көнбейді. Әбден шарасыз күйге түскен тергеу орындары енді тұтқындарға ашықтан ашық қоқан-лоқы жасауға көшеді. Бұл әлі кеңестік жазалау органдарының ұрып-соғуды қолдана қоймаған кезі. Олай етуге ұлықсат жоқ. «Ноқталы басқа бір өлім» деп бекінген тұтқындар бұған қыңа қоймайды. 1929 жылдың 1 сәуірі күні үшеуі Ойыл түрмесінде аштық жариялайды. Аштық жариялау – дала жағдайына әлі сіңісті бола қоймаған дәстүр. Сондықтан тұтқындардың мұнысы Кеңестік әділ заң сақшыларын едәуір абыржытып тастағанға ұқсайды. Соның бір дәлелі істе тігілген төмендегі 6 сәуірде берілген жеделхат.

Құпия – шұғыл.

ГПУ-дің Адай округтік бөліміне

Сіздердегі бас бостандығынан айырылып тергеліп жатқан тергеу астындағы тұтқындар Жанғазиев және басқалар 15-16 айға жуық уақыттан бері ұсталып отыр. Тергеудің ұзақ уақыт аяқталмауы және өздеріне айыптаудың берілмегені үшін олар аштық жариялап, 5 тәуліктен бері нәр татпай жатыр. Сіздер тарапынан процессуальдық нормалар әлдеқашан бұзылған. Бұл туралы біз сіздерге ҚазНҚЮ-дің нұсқауына сәйкес оқшаулау шарасын өзгер-туді сұрап 19/II-да 133 санды қатынаспен еске салу



болды. Тұтқындармен болған жайды қаперге ала отырып, прокуратура бұл істі олардың аштық жариялауды доғаратындай етіп реттеуді ұсынады. Немесе оларды оқшаулау шарасын өзгертіңіздер. Нәтижесін дәл бүгін бізге хабарлаңыздар.

*Округтік прокурор: қолы қойылған.
(Сонда 515-бет).*

Заң талабына қарсы тұруға шамасы жоқ тергеушілер тұтқындарды аяқ үстіне шығаруға мәжбүр болады. Алайда олар үшін бостандықтың аулы алыс еді. Көп ұзамай оларға мынандай айып тағылды.

«...Азамат Мұсатаев Нысан бандит Құрмаш Қосжановтың туысы бола жүріп, оның шаруашылығында жұмыс жасады. Сол арқылы Құрмашқа бандиттік әрекеттері үшін үйінен ұзап кетуіне мүмкіндік берді. Сондай-ақ Құрмаштың тонап әкелген малын қабылдап алып бақты және өзін ұстаған кезде атысып жатқан бандит Құрмашқа қосылып кетуге әрекеттенді. Мұсатаевтың осындай әрекеттері оның бандитизмге тікелей қатыстылығын яғни қылмысты істер кодексінің 59 бабының 3 тармағы бойынша қылмысты іс жасағанын сипаттайды.

(Сонда 571-бет).

Айыпталушы Досқазиев Шырдаққа да осындай айып тағылған. Үкім – Н. Мұсатаевқа дүние-мүлкін тәркілеп 5 жыл, Ш.Досқазиевқа дүние-мүлкін тәркілеп 3 жыл концлагерь жазасы. Бастапқысының жазасын ауырлатынқырап тұрған жағдай оның тұтқынға алынған кезде Құрмашқа қосылып кетпек болып тырысқандығы. Айдархан Жанғазиев өзіне кесілген айыпты үзілді-кесілді мойындамағанына қарамастан дүние-мүлкі тәркіленіп ең ауыр жаза – атылуға кесілді. Шырдақтың мұнан арғы тағдырынан хабарсызбыз. Ал Нысан Архангельск маңындағы концлагерьге тап болады. Жұмыс ауыр. Ертеден қара кешке дейін ағаш кесіп, сал байлау. Түрмедегі өмір қашанда күштінікі мен тістінікі болған десек бұл заң кеңестік «Еңбекпен түзеп, қайта тәрбиелеу» орындарында тіпті дәуірленкіреген ғой. Қыр қазағы әрі сауатсыз

Нысанға бұл тәртіп пен тәрбие бастапқыда сірә жұмбақ. Құдайдың басқа салғаны осы шығар деп көнбістік танытып бағады әуелі. Жоқ, көзі үйрене келе өзіне тиесілі аз тамақтың өзі білектінің аузына алдымен тиетінін байқайды. Жуас түйе жүндеуге жақсы деген мұнда да бар сияқты. Жұмыстың қайдағы бір ауыры түптеп келгенде соған тиесілі болып шығады екен. Жөргегінен кісі хақын жеме, қасқыр да қас қылмайды жолдасына тәрбиесін бойына сіңіріп өскен Нысекеңнің бір күні шыдамының шарт сынатын жері ғой. Әлсіздің нанын тартып жеп жатқан бір дәуді құлақ шекеден қонжитады. Онысы әңгірлеп барып өкіре құлаған екен. Қасындағы жандайшаптары өре түрегеліп тарпа бас салыпты. Ұрыста тұрыс жоқ. Алласының аманат қылып берген жанын енді аяп қалып харқаллази болмасына көзі жеткен біздің батыр енді шындап мінеді қайратқа. Қолына жан дәрмен күн ілінген барақтың тіреу ағашын бір ырғап жұлып алып оңынан келгенді оңынан, солдан келгенді сольнан соғып сұлата береді. Төбелес солай мұның толық жеңісімен аяқталады. Сәті түскенде кісі өлімі жоқ. «Аюды үйреткен таяқ», осыдан соң әлгі кеудемсоқ әупірімдер өздерінің сорына тап болған «Черный дьявол» – «Қара періден» аяғын тарта жүретін болыпты. Қайта мұның дегеніне бас ұрып, өздерін бағыныста ұстаған. Тасы осылай дәуірлеген Нысекең маңындағы әлсіздерді де ешкімнің зәбіріне бермей сол топта өзінше «коммунизм» орнатады. Бір қызықта Мұсатай баласы Нысан сол бес жылғы сапарынан бесауыз орысша үйренбестен қайтыпты. Онысына өзінің қарап жүрген жерімнен ит жеккенге айдаған осы ит үкіметтің тілін үйренбей-ақ алламның алдын көрермін деген серті себеп болса керек.

Арып-ашып елге оралса әйелі отын өшірмей өзін күтіп отыр екен. Өлді деген хабары келмеген соң «Кебенек киген келедіге» сеніп екі көзі төрт болып күні жолға қараумен өтсе керек. Жалғыздікті әйелге ол кездегі күнкөрістің қиындығын айтпағанда шолақ белсенділердің «банданың әйелі» деп көзге шұқуы сірә бар. Күйеуімен аман-есен қауышып, көрген бейнеті бір күнгідей бөлмай ұмытылған әйелі араға бірер жыл өткен соң бір тосын шешімге бет бұрады. – Құдайым саған менің етегімнен бала сүюді жазбаған



екен деп ұрпақсыз өтпе, үйлен, – дейді күйеуіне. Нысекең азар да безер боп бет бақтырмаған екен, әйелі жеңістік бермей ақыры айтқанына көндіреді. Өзі көздеп жүрген бір орамалдасын үйге кіргізіп күйеуіне некелеп қосады. Ақыры шаңырақтың тілегі қабыл болып дүниеге сәби келеді. Тұңғышты бәйбіше әже болып бауырына басады. Қуанышта шек жоқ. Қырсыққанда қымыран ірігі, тап осы кезде тағы бір пәленің жолықпасы бар ма. Кешегі тап жауы бандит Мұсатаев енді екі қатын алды, феодал деген айыпқа кезігеді. Онсыз да Архангельск жұқартқан жүйкенің тағы да шарт үзілер жері осы. Ызаға булыққан Нысекең бір күні – Маған қимай жүргендерің осы қатындар болса өздерің-ақ алып қарық болындаршы. Әйтеуір өсімінде дауларың жоқ. Бала өзімдікі ғой, – деп екі кемпірін түйеге мінгестіріп Форт-Шевченкоға апарып аудандық атқару комитетінің ауласына тастап кетеді. Бұлтсыз күнде нажағай ойнап, көңілдеріне қауіп кірген екі әйел дауыс салып жылап, айналаны азан-қазан етіпті де жөнеліпті. Бұл «концерттен» мезі болған «ел ағалары» «ойбай, мыналарыңның үнін өшіріңдер. Ауылына апарып салыңдар» деп азар да безер болса керек. Әбүйір болғанда мұнан соң ешкім бұл шаңырақтың мазасын алмаған. Нысекең екі кемпірінің қасында, бала-шағасының алдында аман-есен айранын ұрттап, қойын құрттап, ал Кеңес үкіметі «бесжылдық белестерін абыроймен алып» дегендей екеуі ендігі жерде бейбіт қатар өмір сүрген.

Қазір Ақтаудан Бозашыға қарай беттеген жол бойындағы төбе басында шағын зират тұр. Соның шетіндегі кереге молада екі кемпірі екі жағында Нысекең жатыр. Құрмаштың аман-есен туған жерге табаны тиіп, сәнімен қартайып барып бақилық болған бір серігінің мәңгілік мекені осы. Ұрпақтары Ақтау қаласында тұрады.

Енді Жем сағасында ОГПУ-дің қанды қақпанынан сытылып кеткен Құрмашқа оралайық. Ол жақтағы ағайынмен шығысқан ол қасындағы ағайындарымен, қоңсы-қолаңдарымен бірге Маңғыстау ойына құлайды. Бірақ мында оны жаңа бір дау күтіп тұрған-ды. Маңғыстауда да Құрмашқа «қап бәлем» деп жүргендер жеткілікті болатын. «Құланның қасуына мылтықтың басуы» солар Құрмаш үкімет тарапынан қудалау көре бастаған соң баяғы көтен



өкпесін қоздатып, әлдеқашанғы дауларының қоламтасын көседі. Құнаньындағы тісеуін шығарды. Оларға ескі ауылдың айқайға аттан қосатын ызғыштырғыштарының да септігі тимей қалған жоқ әрине. Сондай шаласы қайта бықсыған даудың бірі Ескелді руы мен Тоқабайлардың арасындағы кісі өліміне байланысты ескі бір жанжал еді. Бұл өзі о баста Ескелділердің Тоқабайдың бір кісісін өлтіруінен өрістеген. Далада бұрынғы әдет-ғұрыптың бұлжымай тұрған кезі болуы себепті ол билер сотында қаралып Ескелділер құн төлейтін болып келіскен. Бірақ олар одан жалтарып бір түнде дүрк көшіп қашады. Тоқабайлар қуады. Екі жақ тоқайласқан жерде ұрыс болып енді Ескелділер жағынан адам өледі. Бұл қазаға өз руының намысын жыртып, сөзін ұстаған Құрмаш жазықты болып табылады. Бұл кейіннен де біраз айтақшылға ермек болған оқиға. Соның соңы атақты Сәттіғұл ақын Жаңғабыловтың бір шамырқануына себеп болды. Жеңіл ауыздар елдің екі қадірменді қариясы Сүгір жырау Бегендікұлы мен Сәтекеңді шағыстырып екеуін айтыстырады. Сонда Сүгірдің бір сөзін ауырсынып қалған Сәтекең былай десе керек.

*Аққуыс, Шөжік жер емес
Аққуысты жайлаған.
Ескелді, Бәли ел емес
Ескелді Сүгір, абайла,
Болмаспын саған келемеш.
3 жарым кісіңді өлтірген
Тоқабай Құрмаш мен емес, —*

осы өлеңде айтылғандай оқиғаның болған жері Үстірт ернегіндегі Аққуыс, Шөжік шыңырауының басы. Құрмаш басын шатқан екінші дау Тоқабай ауылының Бәли ауылына тұрмысқа шыққан қызының өліміне байланысты. Бәлилер келіндерінің қазасы кісінің қолынан яғни Бәли, қолынан болды деген айыптан арыла алмайды да құн төлеуге мәжбүр болады. Құн алуға келген топ басшысы болуы себепті Құрмаш бұл жерде де қарауылға алдымен ілінеді. Осыларға қосымша малын жоғалтқан әркімдердің жоғын Құрмаш пен оның серіктерінен көруі ақыры 1927 жылдың көктемінде ауданнан арнайы тергеу комиссиясының шығуына себеп болып еді. 1927



жылы 25 сәуірінде халық тергеушісі Байтілеуов Нұрбаулы басқарған құрамында аудандық милиция бастығы Тасболатов Мұрат тағы басқалар бар комиссия куәлер Қосжанов Қаржаубайдың, Өтегенов Сайпылдың, Төлегенов Досбосынның қатысуымен Құрмаш Қосжанов үйінде мылтықтың бар-жоғын тексеріп ештеңе таба алмайды, (Бұл туралы акт істің 240-бетіне тіркелген – Ә. С.).

Комиссия 3,5 тамызда, 28 маусымда малын жоғалтқан Болғараев Тұраш, Елдесов Ахмет, Мұқтаров Нұрбайларды да шақырып жауап алады. Бірақ бұлардың да талабы негізсіз, Құрмаш бұл жаладан таза деп табылады. Арыз иесінің бірі Болғараев тіпті жоғалған түйесі кейіннен Қаржау ауылының өрісінде жайылып жүрген жерінен табылып өзі ұятты болып қалады.

Ендігі қалғаны негізгі айып-құн. 1927 жылдың 27 сәуірі күні тергеуші Н. Байтілеуов құн төлеуші Төлеубергенов Нұранияздан жауап алады.

Сұрақ: Өткен 23 жылы күзде Тоқабай руының қазақтары Сіздің ауылға келді ме?

Жауап: Біздің ауыл Қарақұмда отырған жерде бізге Тоқабайдан бір топ адам ақсақалдардың шақыруы бойынша келді. Қанша адам екені есімде жоқ. Бірақ бәрі құралсыз еді. Ақсақалдардың соты мен біздің құдайына қараған заңымыз бойынша Ақжан дейтін әйелдің өліміне қатысты мәселе бойынша олар мал алды. Келісушілер арасында ешқандай ұрыс-керіс болған жоқ.

Сұрақ: Сіздер қанша бас мал бердіңіздер.

Жауап: Менің есімде қалғаны шамамен 300-дей қой. Бірақ олар 150 қой мен екі ірі қара алды да қалғанын қазақ ғұрпы бойынша ошақ басына тастады. Тоқабайлар жағынан Құрмаш Қосжанов бастап, Бекмұханбетов Отарбай, Дәуенов Серғазы т.б. болды. (Сонда 247-бет).

Осы жауаптан соң тергеуші төмендегідей қаулы алады. «Қосжанов Бәли руынан зорлықпен құн алды деген айып дәлелденбеді. Талапкер Тілеубергеновтың көрсетуі бойынша бұлар құнды өз еріктерімен Қосжановқа малдай бергені анықталды. Бұған қосымша Тілеубергеновтың Қосжановқа құн берген кезінде



Құн туралы декреттің әлі болмағандығын, тек құн туралы статьяның ғана 25 жылдан бастап жүзеге асқанын қаперге ала отырып, УПК 2 статьясының бірінші бабын басшылыққа ала отырып құн жөніндегі айып тағуды доғарамын».

Осыдан екі күн бұрын Қ. Қосжанов тергеу орнына шақырту бойынша өз бетімен келгендігі ескеріліп, азаматтар Төлебаев пен Есетовке жауапкерді бірінші шақырту бойынша жеткізу міндеттеліп кепілдікке берілген еді. Енді оны біржолатта босатты. Кеңес үкіметінің құн туралы декретінен бұрынғы оқиға болуы себепті Құрмаш Ескелділердің дауынан да ада күде ақталып шықты.

Міне, арада бір жыл өтіп Қ. Қосжанов Жем бойынан артына қоңырау байлап оралған соң қайта өршіген осы даулар еді. Бұл жерде Форттағы жергілікті өкімет қолында жоғарыдан оны қайткенде де ұстау туралы нұсқаудың да болғанын еске ала кеткен дұрыс. Және бұл кезде қыр халқына бұрын да сырттай қарап келген Кеңес үкіметінің сайқал саясаты кәріне енді міне бастаған. Елді ішкі жаулардан тазарту науқаны – бір сөзбен айтқанда алда таяп қалған зұлмат жаппай коллективтендіруді қарсылықсыз жүзеге асыруға соңғы дайындық мәреден өкше көтерген еді. Ал мұндай кезде ел арасында беделі, салмағы бар, алысқанмен алысуға, жұлысқанмен жұлысуға бейім Құрмаштардың болуы тіпті де тиімсіз еді.

Қазақ халқының сталиндік нәубетке қарсы бұлқынысын белсенділікпен зерттеп жүрген белгілі ғалым Талас Омарбеков Маңғыстау өңіріндегі халық қозғалысы – «Адай көтерілісі» жайлы «Айта кету керек бір нәрсе, бұқаралық көтеріліс басталмастан бұрын да бұл өлке мазасыз күй кешіп, мұнда Қосжанов Құрмаш, Оразбаев Естұрған (дұрысы Ізтұрған – Ә. С.) Өмірбаев Айзақ деген кісілер ұйымдастырған, ұзын саны 50-ге тарта қарулы топ, 1922 жылдан бері қарай барымтамен айналысып Кеңес үкіметінің жаңа тәртібін орнықтыруға орасан зор кедергі келтіріп келді» дейді. (Қараңыз «Ақиқат» журналы, 1993 ж. 4 саны. 64-бет). Ғалымның бұл жерде барымта деп отырғаны Қ. Қосжановтың жоғарыдағы даланың ғасырлар бойы қалыптасқан байырғы әдет-ғұрпына, салт-санасына сай әрекеттері. Оны бір сөзбен барымта деп бағалау



біржақты болған болар еді. Автор бұл жерде, сөз жоқ, бұрынғы марксизм-ленинизм университетінің архивінде сақталып келген партиялық құжаттардың ыңғайымен кетіп отыр. «1928 жылы ғана Қосжанов бастаған осы топтың қолынан 5 адам өлді. Оның үшеуі жергілікті бейбіт тұрғындар болса, ал екеуі Қосжановқа қарсы сәтсіз соғысқан Коммунистік отряд мүшелері, яғни коммунистер еді.

1922 жылы (бұл жерде соңғы цифр қате кеткен. Дұрысы 1928 жылы болуы керек. – Ә. С.) наурызында бұл топты мүлде жойып жіберу үшін арнайы жазалаушы отряд жасақталды. Оған Дағыстаннан алдырылған құрамында 20 қызыл әскерлері бар дивизион, Ойылда және Форт-Александровскіде 11 қазақ коммунистері жасақталған коммунистік отрядтар кірді. Операцияны Қазақстан ІІІ ОГПУ-інің жетекші қызметкерлері Кручинин, Рязанцев және Байбосынов деген кісілер басқарды». (Сонда).

Сол 11 кісі коммунистің бірі Алшын Меңдалиев еді. Мысықтабандап ақырын жылжыған жазалаушылар сәуірдің басында Оңтүстік Маңғыстау өңіріндегі Құрмаш ауылы отырған маңайға жақындайды. Ереуіл аты белдеуінде, бес қаруы белінде отырған ауылға бірден тарпа бас салып шабуыл жасауға бата алмаған жазалаушылар елшілікке жолбасшылары А. Меңдалиевті жұмсайды. Талап біреу – банда қаруын тастап қолға берілуі керек. Алшекеңнің бұл елшілік сапарының қалай болғанын өз аузынан естіп бізге жеткізушісі немере інісі Ізбасар Шыртанов әңгімесі арқылы түгел келтірелік.

– Сәлем беріп кіріп бардым. Құрмаш төрде құс жастықты шынтақтап жатыр екен, – дейді Алшекең.

– Е, төрлет, аға баласы.

Әйелі орнынан тұрып шұбат әкелді. Үнсіз ауыз тидік. Қазақтың әдеттегі ұзыннан шұбақ аман-саулық сұрасуы болған жоқ.

– Балам қайтыс болғанын білесің, Сендердің коммунист боларда берген анттарыңның ішінде қайыр болсын айтпау да бар ма еді? – деп бір қойды үй иесі. Жөн сөзге қапелімде ұтырлы жауап таба алмаған Алшекең сол жерде бір тосылды. Есіне өлген сәбиі



түсіп кеткен әйел жаулығының шетін көзіне апара береді. Үнсіздікті Құрмаштың, – Уай, сыртта қайсың барсың? Қонақасы қамдандар. Қой емес тай сойындар. Аға баласының сыбағасына лайығы сол болар – деген дауысы бұзды.

– Үкімет құрығын ұстап жүрген белсендісің. Менің Шеркештен көрген зәбір жапама не айтасындар! Олардікі дұрыс, менікі бұрыс дейсіңдер ме? Алшекең бұл сауалға жартымды жауап бере алмайды. Шынында бұл ол оқиғаның мән-жайына онша қанық емес еді. Фортқа хабар Құрмашты кінәлі ғып жеткен.

– Шай келді. Әй, бүйтіп көрген сыйым да, жеген қонақасым да бар болсын деп іштей пұшаймен күй кешіп мен отырмын. Әңгімеміз жараспаған қалпымызда шай іштік. Сол үндемес ойнап, іштей арбасқан қалпымызда ет жедік. Сорпа іштік.

– *Саназардың қойын бер,
Айдарбайдың ойын бер,
Алшынның бойын бер, аллау акбар.*

– Құрмаш осылай ас қайырды да «сендер коммунистер, аят ауылынан ауа жайылған немесіңдер аятты да өзім оқымасам болмас» – деп алып аятын да өзі оқыды. Құрмаштың бұл батасында айтылатын Саназар есімі кезінде Маңғыстау ойына малының көптігімен мәлім болған бай. Айдарбай Тобанияздың оң қолы болған, Құрмаштың Ескелдімен арадағы дауында төбе билік айтатын би. Алшекең марқұм ересен зор ұзын кісі еді ғой. Құрмаш ас қайырғанда соны меңзеген.

– Иә, Алшын, келіс барысыңды айта отыр. – Сүт сұрай келген соң ыдысыңды жасырып не керек. Елші отряд бастығының тапсырмасын айтады. Құрмаш әуелі оскырына бір мырс етіп алады.

– Менің Кеңес үкіметінде алты аласы, бес бересім жоқ. Ізіме қару алып түсіп індететіндей жазығым тағы жоқ. Қайта күн жаумай су болып, қолды болып, қорлық көріп жүрген кісімін. Бұл Кеңесің сөзінде тұратын әділ үкімет болса менің сол кеткен есемді түгендеп берсін. Онсыз менің келіске келуім қиын. Бастығыңа сәлем айт. Ауылымның сыртынан ат ойнатуын қойып жолықса жөнімен, жолымен жолықсын. Елді дүрліктіріп еруліге қарулы іздемесін.



Алшекең осы жауабын альш ілгері қайтады. Бірақ бақайшағына дейін қарулы, соғыс тәңірісі пулеметпен жарақтанған жазалаушылар келіссөз жүргізіп уақыт оздырып жатуға онша құлық таныта қоймайды. Атқа қонады. Сөйтіп, 16 сәуір күні таңғы елең-алаңда Қараой жерінде отырған Ізтұрған мен Айзақтың аулына тарпа бас салады.

– Таң ұйқымызды мылтық даусымен аштық, – деп еске алады екен сол сәтті Тайбағаров Шәуен. (оның бұл естелігін айтушы баласы Шәуенов Тілекбай – Ә. С.). Әйел, бала-шаға, кемпір-шал жағы ауыл алдындағы жыраға барып тығылды. Біздер бас көтерер ер азаматтар бесатарларымызды кезеніп қарсы атысуға кірістік. Бірақ күштің тең емесі байқалып-ақ қалды ә дегеннен. Әсіресе екі төбенің басынан қиғаштай орап атылған пулемет оғы бас көтертер емес. Ізтұрған марқұм еңгезергей денелі жігіт еді. Бір сәтте соның «Шәуке, орын алмастыралықшы. Менің мына бекінген шұқыры түскірім тарлау екен. Қол-аяғымды жаза алмай жатырмын» дегені. Екеуміз орын алмастырып бола бергенімізде бір оқтың Ізтұрғанның қақ маңдайынан келіп тигені. Басшымыз өлген соң қарсылығымыздан береке қашты. Түске салым берілдік.

Істе осы ұрыстың финалы іспетті төмендегі құжат тіркелген.

АКТ

16 сәуір 29 жыл. Қараой мекені, Үстірт-Сам ауданы. Біз төменде қол қоюшылар комиссия төрағасы КССР бойынша ПП ОГПУ-дің айрықша отрядының командирі Л. В. Кручинин, мүшелері – осы отрядтың взвод командирінің көмекшісі Дьячков, отряд командирінің оперативті бөлім бойынша көмекшісі Байбосынов осы актіні жасадық. Себебі, осы жылдың 16 сәуірі күні Адай округі, Үстірт-Сам ауданы Қараой мекенінің оңтүстік-шығыс жағында Оразбаев Ізтұрған мен Өмірбаев Айзақтың банды тобымен болған ұрыста банда жағынан мыналар өлді.

1. Оразбаев Ізтұрған
2. Рысқұлов Лұқпан
3. Қарақасов Үкібас



4. Қарақасов Жолдасбай

5. Ордабаев Жолман

6. Қуаньшбеков Қостұрған –

өлгендердің денесі ұрыс болған жерге көмілді.

(Сонда 3 том, 600-601-беттер).

Істе сондай-ақ ұрыс алаңының түрлі-түсті қарындашпен сызылған жазалаушылар мен қарсыластарының бекіністері, шабуыл барысы да дәл көрсетілген картасы бар. Екінші бір картада осы жасақтың Форттан Хорезмге дейінгі сапар бағыты түсірілген.

Бұл ұрыста жазалаушылар қолына 15 ер адам, 15 әйел, 14 бала түсіп айдалып кетеді. 15 винтовка (1 кескен винтовка, 1 жапон винтовкасымен 17) 1 пистолет, 1 смитвиссон пистолеті, 1 кавказ қанжары, 347 винтовка патроны, 6 симтвиссон патроны, 19 түйе (ботасы 7), 21 жылқы (үшеуі құлын) алынады.

Бұл жерде тартып алынған мал санының аздығына қарағанда Құрмаш тобының барымтамен айналысқаны туралы әңгіменің атымен жалған екендігіне көз жеткіземіз.

Айта кету керек, ел аузында Құрмаш өзі біреудің ала жібін аттамаған, қарауындағыларға да бұл мәселеде өте қатал болған деседі. Қайта жасағындағы жазықсыз елге жәбір көрсеткендерді жазалап, алғандарын айып айбанасымен апарғызып беріп отырған. «Қосжанов тобын түгел талқандау туралы тапсырма алған жазалаушылар қатары мамыр айында Қоңыраттан келген милиция отряды мен және ОГПУ-дің 62 және 48 дивизиондарымен толықтырылды» (Қараңыз: «Ақиқат» журналы, 1933 жылғы 4 саны. – Осылай қатарын әбден нығайтып алған жазалаушылар 7 шілде күні Нақышбай, Жылқыбек құдығының маңында Құрмаштың аулына шабуыл жасайды. Ұрыс екі сағаттан астам уақытқа созылады. Бұл ұрыстың да нәтижесін құжат тілімен баяндалық.



АКТ

8 маусым 1929 жыл. Үстірт-Сам ауданының Нақышбай құдығы.

Біз төменде қол қоюшылар ІІІ ОГПУ-дің КССР бойынша айрықша отрядының командирі Л. В. Кручинин, отряд командирінің айрықша отряд бойынша көмекшісі Рязанцев және отряд командирінің сап бөлімі бойынша көмекшісі В. М. Иванов осы актіні жасадық. 07/VI-29 жылы Нақышбай құдығының қасында Қосжановтың банда тобын жою кезінде отряд төмендегі бандиттерді қолға түсірді.

1. Қосжанов Қаржаубай – топ басшысы, Қосжанов Құрмаштың туысы.

2. Отарбаев Жылқыбай

3. Жұмабаев Құтжан

4. Шабаров Қожабай.

Отряд мұнан басқа бірнеше күн өткен соң бандаға оралып қайтып келе жатқан Қосжанов тобының мына бандиттерін де ұстады.

1. Бекмағанбетов Нөкер

2. Бекмағанбетов Тыныбай

Сол үшін осы акт 4 дана болып жасалды. (Сонда 111-бет).

Осы актіде аты аталған жазалаушылар қол қойып жасаған екінші акт Құрмаш жағынан Бекмағанбетов Сағызбай мен Жұмажанның (әкесінің аты белгісіз) өлгенін, мүрдесі сол жерге көмілгенін заңдандырады. Ауылдан жырақта малына өріс қарап жүрген Құрмаштың өзі қасындағы шағын тобымен қолға түспей кетеді. Осы екі ұрыста жазалаушылар ер азаматтардан басқа 78 адамды тұтқындап, 135 түйе мен 35 жылқыны, киіз, кілем, текемет, киім-кешек, күміс бұйымдарды – шамамен 27000-30000 мың сом мөлшеріндегі дүние-мүлікті олжалайды. Бұйымдардың бас басын түгендеп түстеп жасалған құжатпен танысқанымызда күміс бұйым деп әспеттеп жүргендерінің жадағайға, бешпетке, қыздардың телпегіне тағылған патшаның теңгелері, шолпы, сырғалар екеніне қанықтық. Тағы бір қызықты құжат – ОГПУ органдары жергілікті орындарға жазған қатынас қағазында бұлардың өздеріне тиесілі

занды олжалары екендігін айтып, есеп қорына аударуды ескертеді. Соған қарағанда төңкеріс сақшысы саналатын бұл мекеменің күнкөріс көзінің өзі осындайлардан жиналады екен ғой. Құрмаш тобын талқандауға жұмсалған шығынның 11598 сом 06 тиын болғанын ескерсек ОГПУ бұл сапарынан олжасыз болмаған сияқты. Аузы мықтап майланыпты.

Бірінші ұрыста қолға түскендер ол кезде Қазақстанға қарайтын Хорезмге – Қарақалпақстанға әкелініп түрмеге жабылады. Одан кейін тергеудің басталатыны өзінен-өзі түсінікті. Бұл құжаттармен танысқанда да аңғаратынымыз – мұндағылардың бәрі де жазығы Құрмашпен қоңсылығы демесең жөнімен жүрген жандар. Соның бірі Шамғұл Ибрагимов. Шәкең бүкіл Маңғыстаудың әдеби, мәдени өмірінде кеңінен танымал тұлға. Есір, Арал, Өскенбай, Абыл сынды дәулескер күйшілердің мұраларын бізге насихаттаушы, жеткізуші. «Ол жырдың да ағар бұлағы еді» дейді көзі көргендер. Бұл бағада қателік жоқ. Абыл, Ақтан, Нұрым, Қашаған сынды алыптардың көп қазыналары қағаз бетіне Шәкеңнің айтуымен түсті. Оның есімі белгілі ғалым Қабиболла Сыдиықовтың еңбектерінде жиі-жиі ілтипатпен аталады. 1992 жылдың жазында Маңғыстау жұрты өнерпаздың 100 жылдық торқалы тойын дүбірлі түрде атап өтті. Тергеу құжаттарына Шәкеңнің есімі Шамғұл деп жазылыпты. Оқырмандар назарына бұған қатысты құжаттардың да негізгі бөлімін ұсына кетуді жөн көрдік.

Тергеу протоколы
1929 ж. мамырдың 12 күні.

Қоңырат

Аты, әкесінің аты, Шамғұл Ибрагимов.

Туған жылы. 38 жаста.

Мекен тұрағы. Ибраимның көшпелі ауылы жазда Ойылда, қыста Форт-Александровскінің Қаратау жерінде болады.

Ұлты. Қазақ, Адай оның Шоңай бөлімінен.

а) Февраль төңкерісіне дейін: Каспий теңізінде жұмысшы.

б) Октябрь төңкерісіне дейін: тағы да сонда.



в) Қазіргі кездегі кәсібі. Бұған «песенник» деп жазылған да жақшаның ішіне «бродящий артист» деп түсінік берілген.

Шала сауатты.

Үйленген.

Екі түйесі бар.


Сұрақ: Құрмаш Қосжановтың бандасына қалай топ болдың?

Жауап: 1928 жылдың қазанында күзде табыс табу үшін басқа бір ауылға бара жатыр едім. Жолшыбай Қарақұм жерінде қасында бәрі винтовкамен қаруланған 40 салт аттысы бар Құрмаш Қосжанов ұшырасты. Қосжанов мен баламды өлтіріп, малымды тартып алған Шеркеш руына бара жатырмын. Сол себепті сен менің қасыма еруге тиіссің, мен сені жасаққа аламын, мұндағылардың бәрі солай алынғандар деді. Мен одан өзімді жіберуін өтіндім. Ол жібере алмаймын бізбен жүресің деді. Содан соң сен мылтық ата аласың ба деп сұрады. Мен жоқ деп жауап бердім. Ол сонан соң оқасы жоқ, осы күйінде де жарайсың деді. Бәріміз Шеркештерге қарай жүріп кеттік. Ауылға таяп келген соң Қ. Құрмаш бәрімізді тоқтатып аттан түсірді де мені бірнеше кісімен бірге аттардың қасында қалдырып, өзі көп кісімен ауылға кетті. Біраз уақыттан соң олар ауылдан бір әйел мен қызды алып кері оралды. Ауылда атыс болып, соның салдарынан бір кісі өліпті. Өлген кісіні мен көргенім жоқ. Ол туралы қатысқандардан естідім. Содан соң Қосжанов мені ауылыма жіберіп, өздері бір жаққа кетіп қалды...

Протоколдың аяғына араб әрпімен анық етіп Шамғұн Ибрагимұлы деп қол қойылған. Содан соң жауап алған тергеуші ККООГПУ өкілі Максименконың қолы бар. (Сонда 3 том, 634-бет).

Міне, Шәкең де Құрмаш пен серіктерінің атын ұстап тұрып ауыл тонауына қол ұшын бергені үшін, оның артынан бірге көшіп жүріп Құрмашқа өнерімен қызмет еткені үшін бандитизмнің белсенді бір мүшесі ретінде айыпталып, үй-мүлкі тәркіленіп, 3 жыл концлагерь жазасын алған.

Шәкеңнің бір серігі Тайбағаров Шәуен. 1897 жылы туған. Сауатсыз. Кәсібі етікшілік. Үйленген, екі баласы бар. Мұның кінәсі



өзгелермен салыстырғанда ауырлау. Өйткені ол Құрмаштың малына бас-көз болғанының үстіне етік тігіп берген. Сөйтіп, банда басшысының ел тонауына баға жеткісіз үлес қосқан. Себебі, Құрмаш Құрмаш бола тұрып жалаңаяқ жүрмейді, жалаңаяқ жүріп жорыққа шықпайды емес пе. Сол себепті Тайбағар баласы үй-мүлкі тәркіленіп 5 жыл концлагерь жазасын алды. Шәкең сол сапарынан оралған соң көп жыл Қаракалпақстанда қалып қойған жанұясын іздеді. Бірақ таба алмады. Артынан соғыс басталып, майданға аттанып Қалмақ даласында контузия алып тұтқынға түседі. Осылайша оған енді немістің түрмесінің дәмін татуға тура келеді. 1945 жылы бұл тозақтан босаған оны енді тұтқынға неге түсті деп тергеп қайтадан Кеңес әскері тұтқындайды. Сәті түскенде оның неміске өз еркімен берілмегендігі және жауға қарсы ерлікпен соғысқандығы анықталып босайды. 1946 жылы ауылға келсе тумаластары оны әлдеқашан қара қағазы келген соң өлдіге жорып, садақасын тарқатып, тие берсінін айтып жерлеп қойған болып шығады. Үмітсіз шайтан деген Шәукең елге келген соң жоғалған жанұясына қайта іздеу салды. Бірақ табылмады. (Олардың табылуы да қиын еді. Оның себебіне кейін тоқталамыз). Өлгеннің артынан өлмек жоқ, іздей-іздей күдер үзген соң екінші рет үйленіп, ол әйелінен де бала сүйді. Өле өлгенінше тұла бойы тұңғышы – Қалампыр дейтін қызын аузынан тастамай өтті. Шәкеңді осы жолдар авторы да көре қалды. Кейін құда-жекжат болып кеткен де жеріміз бар. Оның інісі Шәңкейден алып бауырына салып тәрбиелеп өсірген баласы Шәуенов Шоғы біздің сүйікті ұстазымыз еді. Еліне қадірлі азамат ретінде танылып осы бертінде сырқаттанып дүние салды. Біз білетінде Шәуен қария қатты өнерпаз, домбырашы кісі еді. Сол өнерін балаларына мирас етті. Шоғы өле өлгенінше домбырасы мен әнін серік етіп кетті. Тілекбай да домбыра ұстайды. Өкінішті жері, баларақ болуымыз себепті Шәукеңнің Құрмаш оқиғасына қатысты әңгімелерін өз аузынан естудің мүмкіндігі болған жоқ.

Неміс фашистерінің бейбіт халыққа жасаған қиянатының шарықтау шегі іспетті «Есіміңді ұмытпа, ұлым» атты көркем фильм есімізде. Сондағы жайттар айна-қатесіз болған оқиға. Жау басып



алған аймақта қалып, шешесімен бірге концлагерьге тап болған сәби Геннадий Воробьевты немістер туған шешесінен айырып әкетеді. Сөйтіп, оны есін енді білер-білмес шағында поляктың бір мейірбан әйелі бала қылып алады. Туған шешесі байғұс (әкесі соғыста өледі) лагерьден босап елге келген соң ұлын шарқ ұрып іздеп, бүкіл өмірі өксікпен өтеді. Ақыры көз жасын құдай көріп, ержетіп басқа бір елдің азаматы болып жүрген ұлымен ғайыптан ғайып табысады. Бақсақ бақа екен демекші, зорлықшы атаулының әрекеті егіз, қылығы ұқсас болады екен. Немістер сол анадан туған баласын барымталап алып көз жаздырып кетуді басқа емес біздің кеңестік чекистерден үйренген бе дерсің. Жазалаушылар Ізтұрған мен Айзақ тобының барлық адамдарын Қарақалпақстанға апарған соң мына қатігездікке кіріседі.

ҚАУЛЫ

1929 жыл. 20 шілде. Төрткіл қаласы.

Мен ККОООГПУ өкілінің көмекшісі осы күні Адай округіндегі соғыста қолға түскен басмашылардың балалары Дәулетова Күләй, Дәулетова Загтина, Дәулетова Серғабыз және тағы басқаларды мемлекет асырауына алу туралы мәселені қарап таптым:

Көрсетілген балалардың осы уақытқа дейін тұтқынға алынған ата-аналарының жанында болуы кәмелетке жасы жетпеген олардың онан арғы тәрбиесіне ықпал етуі мүмкін. Сондықтан жоғарыда айтылғандар мен ПП ООГПУ-дің балаларды басмашы ата-аналарынан оқшаулау туралы ұсынысын қаперге ала отырып, Қаулы еттім:

Ата-аналарының жанындағы барлық балалар, барлығы 19 адам, облыстық балалар комиссиясына беріліп оған балаларды тез арада басмашы ата-аналарынан оқшаулап мемлекеттің асырауына тағайындау ұсынылсын. Осы қаулының көшірмесі қажетті шаралар алу үшін облыстық прокурор мен облыстық балалар үйіне жолдансын.

Қосымша: Айтылған балалардың, барлығы 19 адам, тізімі.
Өкілдің көмекшісі Валиев

«Келісемін» КРО бастығының орынбасары Яковлев
«Бекітемін» ОГПУ облыстық бөлімінің бастығы Белоногов
Қолдары қойылған.
(Сонда 3 том, 686-бет).

Бұл қаулы аздық еткендей ОГПУ артынша облыстық балалар комиссиясына төмендегідей қатынас жолдайды.

Құпия.
Облыстық балалар комиссиясына
Осы жерде

Осы арқылы ОГПУ облыстық бөлімі Сіздердің қаперіңізге береді, тұтқындалған басмашы жанұяларының ішінде басмашы ата-аналарынан тез арада оқшаулауға қажетті жас балалар бар. Сондықтан ОГПУ облыстық бөлімі осы мәселені облыстық балалар комиссиясының президиумында шешуді немесе оларды мемлекет асырауына тағайындайтын арнаулы комиссия құруды, сонымен бірге балаларды тез арада ата-аналарынан оқшаулап олардың тәрбиесі үшін қолайлырақ жағдай жасауды ұсынады.

Алынған шаралар туралы бізге осы жылдың 25 шілдесінен қалдырмай хабарлаңыздар.

Қосымша: айтылған балалардың, барлығы 19 адам, тізімі.

ОООГПУ бастығы Белоногов
Өкілдің көмекшісі (қолдары қойылған) Валиев


Бұл қатынас қағазға Қарақалпақстан облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісі Қаңтарбаев пен іс жүргізуші Смирнова қол қойып, қазіргі уақытта Төрткіл қаласында тұрақты немесе уақытша балалар бақшасының жоқ екенін хабарлап жауап қайтарған. Демек тірі жетім балаларды асырайтындай мемлекеттік мекеме ол кезде бұл өңірде болмай шықты. ОГПУ-дің жоғарыда арнаулы комиссия құру керектігін меңзеуі осыған байланысты болса керек. Осы қиыншылықтарға орай балаларды Қоңырат, Шымбай, Хожелі қалаларының балалар коммуналары мен комиссияларына



таратқан. Кейбірін асырап алушыларға таратып берген де олардың тұсына «қолға берілді» белгі соққан. Аты-жөндерінің тұсына жасы көрсетілген. Сонымен сол тірі жетім боп жат жерде, жат елде қала барған бақытсыз балалардың тізімі мынау:

1. Дәулетова Күләй 14 жаста балалар комиссиясына берілді.
2. Дәулетова Загтина 11 – »—
3. Дәулетова Серғабыз 13 – »—
4. Дәулетов Шуак 8 – »—
5. Шұғаева Әбила 11 – »—
6. Шұғаева Ақбөпе 14 – »—
7. Үгебасова Мағжан 9 – » —
8. Қостұрғанова Еншілес 14 – » —
9. Нұрниязов Құтыбек 11 – » —
10. Нұрниязов Сүйебени 5 – » —
11. Тұрниязов Урунхуша 2 қолға берілді.
12. Түреқалиев Алшенбет 3 – » —
13. Айрапова Базарқай 12 Балалар комиссиясына берілді.
14. Айрапова Арзабек 3 Қолға берілді.
15. Оразбаева Алман 6 Балалар комиссиясына берілді.
16. Ізтұрғанова Панды 5 Қолға берілді.
17. Шаунова Қалампыр 4 – » —
18. Шаунов Жамглат 2 Балалар комиссиясына берілді.
19. Оразбаева Тұрма 1 – » —

Көріп отырғандай, осылайша ағалы-інілі, апалы-сіңлілі балалар бір-бірінен ажырап кете барған. Бұлардың аты-жөндерінің сол кезде қате жазылғаны да көрінін тұр. Мысалы Мағжанның фамилиясы Үгебасова емес Үкібасова яғни ол соғыста өлген Үкібас марқұмның қызы болуы мүмкін. Сондай-ақ Шәукеңнің балаларының фамилиясы бір әрпі түсіп қалып «Шаунов» болып жазылып кетіпті. Бірақ біз құжатта қалай жазылса солай келтірдік. Егер байғұс балалар тобын жазбай бір жерде қалса естиярлары кішкентайларына қамқор болып, есін білген соң кім, кімнің баласы екендіктерін айтар еді ғой. Сөйтіп, ата-аналарымен бәрі болмағанымен біреулерінің табысуына жол ашылар еді. Өкінішке орай, қараниеттілер бұл мүмкіндікті де болдырмады. Жоғарыда



аталған Тайбағарұлы Шәуеннің бауыр ет балаларынан мәңгілікке көз жазуының сыры міне осы еді. Ел құлағы елу, біздің бұл жазғандарымыз бұл балалар бүгіндері тірлікте болса қариялардың барынан жоғының ұрпақтарына жетсе қандай ғанибет болар еді. Онда еңбегіміздің аз да болса қайтқаны деп білер едік. Жамағат, құлақтарыңыз түрік жүрсін.

Осы мұңлық 19 баланың туған топырағына оралған біреуі ғана. Ол Ізтұрған қызы Пәнди. Ізтұрғанның жазалаушылармен атыста өліп, Қараойда қалғанын білеміз. Осы ұрыста Ізтұрғанның інісі Әби қолға түседі. Кейіннен ол үй-мүлкі тәркіленіп 5 жылға сотталған. Солтүстіктегі лагерьде жазасын өтеп Красноводскіге оралған соң ағасының жанұясын іздейді. Табанынан таусылып жүріп жеңгесі Базарды табады. Артынша Пәнди де табылады. Әби содан жеңгесіне үйленіп, одан бала сүйеді, осы бертінде дерлік қайтыс болды. Баласы Әжен жоғары білімді мал маманы. Қарақалпақстанда мектепте оқып, білім алған Пәнди артынан педагогикалық училищені бітіреді. Бұл сол кездің жағдайындағы үлкен білім.

– 1947-50 жылдары Шайыр орталау (жеті жылдық) мектебінде мектептің директоры әрі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып Пәнди Ізтұрғанқызы Оразбаева дейтін әйел жасады. Күйеуі Көшбаев Әлжан ауылдық Кеңестің хатшысы еді – деп хат жазыпты бізге Шайыр ауылынан Ф.Жайсаңбаев, журналист Есберген Іңірбаевтың «Маңғыстау» газетінің 1994 жылғы 4 ақпандағы санында жарияланған «Құрмаш ісі» атты мақаласына орай. – Ол ақжарқын, ашық мінезді, ер көңілді жан еді. Оң жақ көзінің қарашығында болар-болмас ақ дағы бар аққұба ажарлы адам болатын. Ауылдың білем деушілері «Пәнди Құрмаштың не қызы, не қарындасы. Сол себепті де «халық жауының тұқымы» деп партияға алмай жүр» десетін. 1950 жылы қаңтар айында өкпе ауруынан қайтыс болды. Зираты Шайырда. Құлпытасында «Пәнди Ізтұрғанқызы Оразбаева 1923-1950 жыл» деген жазу бар. Шайырға дейін ол Жармыш, Оңды мектептерінде мұғалім болыпты. Баласы болған жоқ».

Ендігі сөз күйеулерінен бір, балаларынан екі айырылған сол 19 баланың бейшара аналары туралы.

ОГПУ балаларын алған соң бұларды этаппен орталыққа –

Алматыға айдайды. Бұл жерде күйеулерінің жазығы банда болғандығы, бандаға қол ұшын бергендігі дейік, ал байғұс әйелдердің жазығы қанша деген сауалдың шаң берері хақ. Бақсақ банда болған күйеулеріне олар банда болмастан бұрын әйел болып бірге көшіп, бірге жүргені үшін жазықты екен. Бар ақиқат осы. Бейімбеттің әйелі Күлжамал, Сәкеннің әйелі Гүлбаһрам, Мағжанның әйелі Зылиқа, олар аз болса АЛЖИР-дің (Акмолинский лагерь жен изменников Родины) бүкіл контингентінің жазықтары қандай болса бұлардың да жазығы сондай. Дегенмен ол жазалау диірменінің барлық тегершігінің әлі айналмай тұрған кезі ғой жоғарыдағы әлдекімнің бұл бақытсыз бейшараларға мейірімі түссе керек, ОГПУ төмендегідей шешімге келіпті.

Қаулы

12 қазан 1929 жыл.

Алматы қаласы.

...Бұлар Қосжанов шайқасының бандиттерінің әйелдері және басқа да туыстары ретінде олармен аталған шайқаны 16.IV және 7.VI.1929 ж. арнаулы отрядтың әскери қимыл арқылы жою кезінде бірге болды. Соның нәтижесінде П. П. отрядына қарсылық көрсетуге қатысушылар яғни өздерінің бандит ерлеріне окоп қазып тағы да сондай көмектесуші ретінде ұсталып жабылды.

Тергеу жүргізу барысында олардың бандит ерлеріне П. П. отрядына қарсылық кезінде қару алып көмектескендері ресми түрде анықталған жоқ. Бұған қосымша жоғарыда аталған бандиттер жанұяларының мүшелері өмір сүру салты бойынша көшпелі болуы себепті өздерінің, бандит ерлерімен тұрақты түрде бірге болуға мәжбүр. Осының негізінде УПК 4 статьясының 5 тармағын басшылыққа алып

Қаулы еттім:

Алматы еңбекпен түзеу үйінде отырған мына тұтқындарды:

1. Дәулетова Ибалы – 35 жаста, өлтірілген бандит Дәулетов Үкібастың әйелі.
2. Бекарыстанова Базар – 28 жаста, Бәйімбет-Жанбоз-Матай руынан шыққан, өлтірілген шайқа басшысы бандит Оразбаев Ізтұрғанның әйелі.

3. Досымова Төлетай – 64 жаста, қазір Алматы тұтқын үйінде отырған бандит Қостұрғанов Тұрғанияздың шешесі.

4. Лұқманова Буланша – 30 жаста, тұтқындағы бандит Қостұрғанов Тұрғанияздың әйелі.

5. Есниязова Сәби – 44 жаста, банда шайкасының басшысы Алматы тұтқын үйінде өлген Өмірбаев Айзақтың жесірі.

6. Боранбаева Ұлмаш – 30 жаста, күйеуі бандит Тайбағаров Шәуен Алматыда тұтқындар үйінде отыр.

7. Көпшабаева Әліп – 24 жаста, күйеуі Өмірбаев Айзақ Алматыда тұтқындар үйінде осы жылдың қыркүйегінің басында өлді.

8. Өтеулиева Зайда – 37 жаста, Алматыдағы тұтқындар үйінде отырған Өтеулиев Оразбайдың әйелі.

9. Қостұрғанова Темірхан – 30 жаста, бандит Бекназаров Төребайдың әйелі. Алматыда тұтқындар үйінде отыр.

10. Өтегенова Нұрке – 42 жаста, бандит Қостұрғанов Тұрғанияздың әйелі.

11. Бекжанова Мақтым – 42 жаста, бандит Базылбеков Ордабайдың әйелі, Алматыда тұтқындар үйінде отыр.

12. Бірімова Демше – өлтірілген бандит Дәулетов Жолдасбайдың жесірі.


13. Батырова Кенже – 70 жаста, бандит Қостұрғанов Тұрғанияздың шешесі.

14. Тұйғынбекова Мәрия – 30 жаста, өлтірілген бандит Дәулетов Жолдасбайдың шешесі.

15. Тұрашева Сагида – 50 жаста, бандит Шөкеев Оразбайдың шешесі. Алматыдағы тұтқындар үйіндегі қамаудан Алматыдан ешқайда кетпеуге қолхат алып босатуға.

(Сонда 3 том 752-753-беттер).

Бұл жерде Оразбаев Ізтұрғанның әйелі Бекарыстанова Базарды өте-мөте түптеп-түгендеп тәптіштеп жазылуында да мән бар. Осы кездің қарсаңында Базардың әкесі Мәдеминов Бекарыстан бай деп қудаланады. Бертінде Бекарыстанның үлкен баласының үстінен осы жылдары жасақталған қылмысты іспен



танысқанымызда оның бар жазығы Қашаған, Ақтан, Нұрым, Әбубәкір Керделі сияқты ақындардың өлеңдерін жинап, қойын дәптеріне жазып, насихаттап жүріпті. Сол жазбалар іске айыптау деректері, бұлтартпас дәлел ретінде тіркеліп, байды, құдайды мақтап, үкіметке қарсы шықты деген үкімге негіз болған. Сөйтіп, әкелі-балалы екеуі келмес сапарға кете барған. Бекарыстанның бір әйелімен бір баласы үркіп қашып Түрікменстанға барып, одан Иран асқан. Маңғыстауда қалған бір баласы Зердебай Бекарыстанов байдың баласы деген қикудан соғысқа сұранып кетіп барып құтылып, елге аман оралған соң жоғары білім алып өнегелі ұстаз болды. Есімі халық мұрасын жинаушы ретінде «Қазақ әдебиеті» оқулығына енді. Көп жыл Жетібай поселкесінде тұрды. Қазір марқұм. Көріп отырсыздар, сталиндік жымысқы тергеу органдарының назарынан еш нәрсе тыс қалмаған. Олар бүгінгі құрбанын талмап жатып, ертеңгі жалмайтынын да күнілгері қамдаған.

Біз осы еңбекті жазуға дайындық барысында Түрікменстанның Балкан облысы, Күлы маяк поселкесінде тұратын Өмірбаев Айзақтың немересі аяқтай келіп хабарласты. Сондағы орта мектепте мұғалім екен. Жазалаушылармен соғыста жараланған Айзақ ақыры сол жарақатының зардабынан Алматы түрмесінде өледі. Ол әлі түрме қызметкерлерінің иман, сауапты ұмыта қоймаған кезі болса керек. Еріксіздікте отырған әйелдерін уақытша босатып, күйеулерін жерлеуге ұрықсат етеді. Байғұс жесірлер марқұмды қала маңындағы бір зиратқа жерлеп өліп-талып бір қара қой сатып алып садақасын тарқатады. Әйелдер түрмеден босаған соң табанынан таусылып Түрікменстанға – ағайындарының ортасына жетіп ел қатарына қосылады. Ізтұрған мен Айзақ тобынан соң қолға түскен Құрмаш тобының жанұяларының тағдыры басқаша шешілді. Ол жылдары округ орталығы Форт-Александровскіде балалар үйінің барлығына қарамастан топ тұтас күйінен бөлшектенген жоқ. Мұның мәнісін де түсіну қиын емес сияқты. Себебі, жазалаушылардың түпкі мақсаты қарсыластарын жойып қана қоймай олардың тұқымдарын да әрісі тұздай құртып, берісі ата тегін ұмыттырып, жадын жадылап мәңгүрт ету болған



гой. Ал тұтқындардың балаларын ел ішінде, қалың Адайдың арасында қалдырса, ол ниеттері жүзеге аспайды. Кезеңі келгенде қарға тамырлы қазақ Құрмашқа аз Тоқабайы түгілі ырғандай бес Зорбай, түгел Тобышы, қала берді бүкіл Адай ағайын жанашыр болып шыға келмесіне кепілдік қайда? Сондықтан да бұларды тобын жазбастан Алматы асырды. Істе оны айғақтайтын мынандай маңызды құжат бар.

ҚАУЛЫ

1929 жыл шілденің 9 күні

Өте құпия

Гурьев ОГПУ-інің бастығына.

Маңғыстау ауданы Форт-Александровск

ПШОГПУ-дың телеграфпен түскен 30, VI.-дегі 2155/4 санды бұйрығына орай осымен сіздің қарамағыңыздағы бөлім арқылы Алматыға – П. П. қарауына П. П. айрықша отряды жойған бұрынғы Адай округіндегі Құрмаш Қосжановтың банда тобының қатысушылары мен ағайынды Құрмаш, Қаржаубай Қосжановтардың және Отарбай Бокмағамбетовтың жанұя мүшелері жіберіліп отыр.

Бандиттер

Қосжанов Қаржаубай – 45 жаста, Маңғыстау ауданының азаматы.

Бекмағанбетов Танабай – 30 – » –

Отарбаев Жылқыбай – 19 – » –

Бекмағанбетов Нөкер – 35 – » –

Шабаров Қаунабай – 55 – » –

Жұмабаев Құтжан – 18 – » –

Жанұя мүшелері

а. Қосжанов Құрмаштың:

Қосжанова Қарақыз – Құрмаштың шешесі, 83 жаста.

Құрмашева Жұпар – оның әйелі 35 жаста.

Құрмашева Мыңша – оның қызы 18 жаста.

Құрмашев Сембай – оның ұлы 5 жаста.

Құрмашев Омар – оның ұлы 1 жаста.

б. Қосжанов Қаржаубайдың:

Қаржаубаева Қарақыз – Қаржаубайдың әйелі 40 жаста.

Қаржаубаев Жолдыбай – ұлы 18 жаста.

Қаржаубаева Мапия – қызы 8 жаста.

в. Бекмағанбетов Отарбайдың жанұясы:

Отарбаева Бәлкен – Отарбайдың әйелі 40 жаста.

Отарбаева Сәбия – Отарбайдың қызы 16 жаста.

Отарбаева Қаздыкей – Отарбайдың қызы 10 жаста.

Отарбаева Жаңыл – Отарбайдың қызы 9 жаста.

Отарбаева Ақбала – Отарбайдың қызы 5 жаста.

Отарбаев Бисенбай – Отарбайдың ұлы 2 жаста.

Отарбаева Сәну – Отарбайдың қызы 15 жаста.


ПП ОГПУ-дің Қазақстан бойынша өкілі

Рязанцев

(Сонда 3 том, 756-757-беттер).

Бұл жерде әйелдердің күйеулерінің атын фамилия қылып алуының мәнісін бір себепшеп түсіндіруге болады. Қазақ ғұрпында келін ата-енесінің атын атамайды ғой: сол үрдісті сақтаған әйелдер сірә фамилияң кім деген сұраққа күйеулерінің атын айта салған болуы керек. Бұл салттан бейхабар тергеу орындарына әрине, бәрі бір. Айтқанды айтқан күйде жаза қойған. Аты-жөнде тұрған не бар. Ең бастысы, жауапқа тартатын адам бар ма – бар. Сол кездегі заң, тергеу орындарының бұл да жұмыс сиқының бір көрінісі.

Ауызекі әңгімеде Құрмаштың Мыңша дейтін бойжеткен қызы бар екен. Оның мергендігі әкесінен де өткендігі соншалық, мылтықты Құрмаштың өзі оқтап беріп қызы атады екен дейтін



әңгіме бар-ды. Сол Мыңшаның аты міне осы құжатта шаң береді.

Жоғарыдағы құжат жазылған ертесіне яғни 10 шілде күні айдауылдар Құрмаш тобын қаладағы түрмеден осы күнгі Баутин поселкесі тұрған аймаққа алып келеді. Күні бұрын ұзынқұлақтан хабарланып үлгерген қала халқы жағада қара құрымдай қаптап тұрды. Айдауылдардың ақырыш жекіргеніне қарамай жолшыбай тұтқындағыларға ақша, тамақ, киім-кешек лақтырып беріп жатқандардың ел де есебі жоқ. Елінің бұл пейіліне көңілі босаған мұңлықтар көздеріне жас алады. Мыңша шыдай алмай тіпті дауыс салады. Оның дауысы кемеге мінген соң да тынған жоқ. Сондағы Мыңша қыздың елімен, жерімен қоштасқандарын тыңдағанда жағадағы елдің сай-сүйегі сырқырап, көздерінің жасын тия алмады.

– Дәл сондай оқиға 1942 жылы майданға аттанып бара жатқан көп боздақтардың ішіндегі Маңғыстаулық атақты әнші Өскенбайдың Хамитының елмен қоштасу әнін тыңдағанда қайтalandы, – деп аңыз қылады елдің көнекөздері. Ел аузында «Мыңша қыздың зары» деп аталатын сондағы әні сақталып қалған дегенді құлағымыздың шалғаны бар. Кезінде заман талқысы айтқызбаған сол мұра табылса ғой, шіркін!

Бұлар сол кеткеннен Гурьев, Орал арқылы Алматыға апарылады. Содан кейін әрине, жауап алу басталады. Мұнда да сол баяғы асыра сілтеу, жаптым жала, жақтым күйе, басқа басқа ғой, бәрінен бұрын әйелдерге қатысты мына құжаттың сорақылығын айтсаңшы.

ҚАУЛЫ

1929 жыл 8 тамыз

Алматы қаласы

Мен КРО ПП ОГПУ-дің КССР-дағы өкілі Ж. Байбосынов осы күні Құрмаш Қосжанов бандасының белсенді қатысушыларымен олардың Қосжанов бандасының қылмысты әрекеттеріне қатысқан жанұя мүшелері



1. Құрмашева Жұпардың (Құрмаштың әйелі) 35 жаста.
2. Құрмашева Мыңшаның (Құрмаштың қызы) 18 жаста.
3. Отарбаева Бәлкеннің 40 жаста.
4. Қаржаубаева Қаракөздің 40 жаста.
5. Отарбаева Сәбираның 16 жаста.
6. Жылқыбаева Сәнудің 15 жаста.

тергеу материалдарымен таныса келіп
Таптым.

Қолда бар мәліметтер бойынша аталған Қосжанов бандасының тікелей және жанама қатысушылары Адай, Гурьев, Орал округтерінің бейбіт тұрғындарына үнемі басқыншылық шабуыл жасады деп айыпталады.

(Сонда 3 том, 756-бет).


Әттең, сол жерде бұл «тапқыш» неме Байбосыновқа «атаңның қақ басын таптың» дейтін біреудің болмағаны өкініш. Ау, туды – бітті Қарақұмнан әрі асып аяқ басып көрмеген бұл әйелдер ит арқасы қияндағы Гурьевке, онан да әрмен Оралға қайда, қашан барып жүр? Ол жақтың қай бейбіт тұрғынының басын жарып, көзін шығарып, қанша малын барымталапты? Өзгесін айтпағанның өзінде айыпталушының соңғы екеуі Сәбира мен Сәну біреуі 16, біреуі 15 жастағы әлі бесік табы белінен кетпеген бала емес пе? Заң бойынша олар тіпті қылмысты жауапкершілікке тартылмауға тиіс қой! Амал қанша, ол кездің тоқ ішегін тік ішекке тағудан басқаны білмейтін томарбас «тапқыштарына» заңдылықты тап басуды кім үйретіпті.

Жақсы, бұларды осылай қалдыра тұрып, енді бір сәт Маңғыстаудағы Құрмашқа оралалық.

Үзеңгілес серіктерінен бір, жанұясынан екі айырылған Құрмаш енді дала төсінде бөлтірігін алдырған бөрідей өгей күй кешеді. Ауызекі жеткен деректерде ауылы шабылған соң үш күннен кейін қоныс қарап оралған ол ойраны шыққан жұртын көрісімен қабағын түйіп біразырақ тұрып қайратына қайта мінді дейді. Сол бетімен жазалаушылар артынан қуып жетіп жастығын ала өлмек болады. Бірақ өйтуге жанындағы



жолдастары жібермейді. – Батыр, аңысын аңдалық. Балашағаны алып кеткені – бізді аяққа жығып пенде етпек болған далбасасы шығар. Оларды тұтқын демелік. Кепіл деп есептелік. Бұлардың да телі мен тентегін тезге салатын тектісі бар шығар. Түптің түбінде мәмілеге келерміз, – деген басалқы сөзін айтады Отарбай. Осы ақылға тоқтаған бұлар Оңтүстік Үстірттің бұл кезде ел сирек отыратын, сұқ көзден сыртқары Булыойық, Қырықтеппе жерлеріне қарай шегінеді. Осы төңіректе шашырап отырған Мамыртай, Жақау ауылдарында мейман болып біраз жүреді. Қазақтың бір жақсы қасиеті бауырмалдығы ғой. Бұрын да көп ішінде шоқтығы биік Құрмашты қара орманы күйреген соң елі бұрынғысынан да көбірек құрметтейді. Бұл пейілдің негізгі себебі әлгіндей қазақылық қасиет болса, екінші бір себебі бұл кезде қалың жұрт жаңа үкіметтен әбден түңіліп, сырт айналып болған еді. Даланы «Кеңесің бұл бағытымен ұзаққа бармас. Мынау салық жинап сабылуы тұяқ серпер алдындағы тыпырлауы» деген қауесет әбден жайлап алған-ды. Көзі қарақтының көкейкөзі үкімет пен халық арасында әйтеуір бір қақтығыстың таяп келе жатқандығын, қазіргінің дауыл алдындағы үнсіздік екендігін ішкі түйсігімен сезінулі еді. Міне, сондықтан да олар Құрмашқа тілектес, ниеттес болды. Одан қол көмегін аяған жоқ. Бізге Ұлттық қауіпсіздік комитеті Маңғыстау облыстық басқармасы берген анықтамада Құрмаш Қосжанов туралы анықтамада айтылғандай 1929 жылдың 30 тамызында Ізген Өтебаевтың үйінде Балқиев Сағындық, Құдаманов Сағындық, Қалдыбаев Ағыбай, молда Баймұрзаев Оспан, Әбдірахманов Сәбит, Аманиязов Ағыбай, тағы басқалар бас қосып Құрмашқа заттай және қаржылай көмек көрсету мәселесін шешкен делінген. С. Әбдірахманов Есбосын Төлегенов арқылы Құрмаш аулына – 350 сомның тауарын жіберген. Ақтау қаласында Есбосынның туысы Досбосынның баласы марқұм Рзабек қарияны көре қалдық. Досбосын мен Есбосын Құрмаш бандасының белсенді мүшесі ретінде сотталып ҚазССР ОГПУ үштігінің 1929 жылғы 17 желтоқсандағы Қаулысымен атылды. Рзекең осы күнге дейін



банданың баласы деген атақтан арыла алмай жүр. Арыла алмайтыны – қолында әкелерінің ақталған қағазы жоқ.

Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің өте құпия архивінде «Адай контрреволюциялық тобын әшкерелеу» деп аталатын көлемі қалың 12 томдық №011377 іс бар. Сол іспен танысқанда көзіміз жеткені Құрмашпен аралас-құралас болғандардың бәрін сынаққа сылтау іздеген ОГПУ аман қалдырмаған. Мысалы, жоғарыдағы Балқиев Сағындық белсенді контрреволюцияшы ретінде Тобанияз Әлниязов, Оспан Көбеевтермен бірге атылды. Құдаманов Сағындық үй-мүлкі тәркіленіп 10 жыл түрме жазасын алды. Қазір Оңтүстік Маңғыстаудың ел ортасынан шеткерілеу жағында «Құрмаш бұлақ» дейтін жер бар. Төңірегi кең жазық. Соның ортасында қазан шұңқыр ой. Ой түбінде жылымшылап аққан бұлақ. Осы су көзі Құрмаштың сол жылдың қоңыр күзіндегі мекені болуы себепті кейін соның атымен аталып кеткен. Содан қара көрінім жерде Сұлутөрткіл дейтін биік төбе бар. Төбесіне шыққанда жан-жақтың бәрі көрінеді. Жазда ертеңгісін, кіші бесінде сағым отырғанда Сұлутөрткіл жер кіндігі іспетті екі-үш көштік жерден көзге ұрып мен мұндалап тұрады. Күндіз осы биік басына қарауыл қойған Құрмаш бұлақ басында серіктерімен алаңсыз болады екен. Қауіп төне қалса ту сыртың Үстірт, Арқа алдың құмды, шағылды жықпыл, әрі ассаң Қарабұғазға дейін елсіз құба жон. Даланың жырынды бөрісі бекінер жерін білген емес пе? Айтушылар Құрмаш осы жерде жалғыз жатырға жорып күшіне сеніп келген отряд басшысының басындағы шошақ бөркін атып түсіріп сытылып кетті деседі. Осы Құрмаш оқиғасын егжей-тегжейлі зерттегенімізде оның өзінің де, қасындағы серіктерінің де жалпы адам қанын төгуге үйір болмағандығы. Мықтағанда жеңіл жаралап, не астындағы көлігін атып кетеді. Бір сөзбен айтқанда бұлардың әрекетінде қанқұйлылық жоқ. Өйтпесе құралайды көзге ататын қырдың қырағы көздеріне ат үстінде қоқандап келе жатқан әскерді жалп еткізу бұйым болып па?! Жанұясы мен серіктері қолға түскен соң Құрмаш қарсыластарын жасқап қою үшін ғана оқ атқаны болмаса, қарауылына тірі пендені іліктірмеді. Өзі мұнысын «бұл



қызыл иттер өлгенінің өшін менің туыстарымнан ала ма деп қауіптенем» деп түсіндіреді екен. Даланың берісі күн, әрісі қанға қан, жанға жан алып тынатын заңынан өзге заңнан бейхабар мәрттің мұнысын түсінуге болады, әрине.

Құрмаш серіктерімен қысқа қарай үкімет құрығы жуық маңда жете қоймайтын Солтүстік Үстіртке ығысады. Оған дәлел – Тобанияз Әлниязов тұтқында отырып тергеушіге 1930 жылдың 14 сәуірінде берген мына жауабы:

– Осы жылдың 27-28 ақпанының бірінде біз үш адам жолда келе жатып кездейсоқ белгілі бандит Қ. Қосжановпен кездесіп қалдық. Ол атты екен, онан әріректегі ойдан тағы да 4-5 бандиттерін көрдік. Осы кездесуде мен Тобанияз Әлниязов өз жолдастарым Тәжіғариндердің көзінше Құрмашқа оның кесірінен кінәсіз адамдардың азап шегуде екенін, оларды босату үшін Құрмаштың қаладан шыққан отрядқа құралын тапсырып, Кеңес үкіметіне солай өз еркімен берілу арқылы кінәсіз адамдарды босатуға тиіс екендігін айттым. Құрмаш Қосжановқа сол жерде ГПУ отрядына еркімен берілу үшін маған еріп жүруге болатындығын ұсындым. Құрмаш менің бұл сөзіме «Сен де солай дейсің бе?» деді де басқа ештеңе айтқан жоқ. Орнында тұрып қалды. Біз өз жөнімізбен жүріп кеттік. Біздің бұл кездесуіміз Қос қызыл құдығының жанындағы Сексеуілді сай деген жерде болды. Құрмаш Қосжановтың астында баран аты, винтовкасы, наганы бар еді. Ал оның жігіттерінің қандай қаруы бар екенін көре алмадық, (Жоғарыда айтылған 12 томның 9-томы 263 бет). Бұл жерде олардың бұлай ұшырасқанына шүбә келтірмесек те дидактасудың тап осылай қағазға түскендегідей өткеніне сену қиын. Бұл екеуі бірі Тобанияз, бірі Құрмаш бастас, тұстас, бір-бірінің қадірін білетін кісілер кездескенде ат үстінен амандасып, сөйлесердей не көрініпті? Состиып, келеге кірмей айдаладан көз сатып тұрар Құрмаштың серіктері де өңшең бір кеңкелес емес шығар. Тап сол жерде тірлігінен қию қашып иті қырынан жүрген Құрмаш сынды азаматқа жөн-жосығын дұрыс айтып, ата жоралғысымен бір қонақасы беріп жібермейтіндей Тобанияз тобасынан жаңылып па?! Тобекеннің сол жерде Құрмашқа



күштімен тіреспе, қолға өз еркіңмен берілді айтқанына шүбә келтірмесек те, тергеушінің алдында оның Тобанияз бола тұрып көзі жоқтың сыртынан кезеп, Құрмаш атына белгілі бандит деген анықтаманы тіркемегені анық. Бұл сөз жоқ тергеушінің өз сөз саптасы, өзінің шатып-бұтқаны.

Сол тергеуші Тобаниязға 1930 жылдың 10 сәуірінде жауап алғанда «Банда басшысы Құрмаш Қосжановтың әрекеті туралы не айта алар едіңіз» деген сұрақ қойыпты. Оған Тобекең былай деп жауап береді?

– 1927 жылдың жазында шілде мен тамыздың бірінде бұрынғы Адай округінің Қайнар жерінде бай Ықыласов Қуаттың асы болды. Асқа көп адам қатысты, соның бірі бандит Құрмаш Қосжанов және Қызыл отау қызметкерлері Жүнісов Өтесбай мен Орақов Қали тағы басқалар да бар еді. Бұл соңғы екеуінің алдыңғысы қызыл отаудың жас қызметкері де, екіншісі мен қателеспесем меңгерушісі болатын. Бұл екеуі асқа бәйге, күрес, басқа да қазақ ойындары басталып жатқанда келіп өзгелермен бірге бәйгеге басшылық етті. Бандит Құрмаш Қосжанов қызметкерлер Орақовпен және Жүнісовпен бірге болды. Бұлардың соңғысы-онымен өз адамындай етене сөйлесті. (Сонда 268 бет). Бұл оқиға 1927 жылы, яғни Құрмашқа бандит деген жаман атақ жабыспай тұрғанда болған жайт. Сондықтан Тобанияздың жауабын «ештеңе білмеймін» деп ауызды күшпен сүрткеннен гөрі әйтеуір жауап бердім атақпен ешкімге залалы тимейтін жайтты айта салған деп пайымдаған ләзім.

Мұнда айтылатын Жүнісов Өтесбай Кеңес кезінде оқыған Маңғыстаудың алғашқы көзі ашық азаматтарының бірі. Құрмаш ісінде Өтесбайдың Қ. Қосжановпен шынында да ағайынгершілік, дос-жар қарым-қатынаста болғандығын айғақтайтын мынандай құжат бар.

*Алматы қаласы.
01.08. 1929 жыл.*



П.П. ОГПУ Қаз. ССР.

Адай округтік атқару комитетінің
мүшесі және әскери комиссары қазіргі
Каздивизионның аға политруті
Ахмет Малдыбаевтан

АРЫЗ

1928 жылдың қазан айының соңғы бір күні жолдас Ералиевтің өліміне байланысты Гурьевке жүрер алдында мен Малдыбаев Ойылдағы балалар үйінің директоры Жүнісов Өтесбайдың пәтеріне одан насыбай сұрау үшін бардым. Кіре бергенде Жүнісов Өтесбайдың өзіне келген бір хатты оқып отырғанын көрдім. Мені көрген соң Жүнісов хатты тыққысы келіп еді, бірақ мен ешқандай бөтен ойсыз жолдас ретінде қалжыңдап хатты жұлып алдым. Жүнісов әуелі менің хатты оқуыма мүмкіндік бермегісі келгенмен артынан бірнеше сөзбен төмендегі мазмұнда жазылған хатты оқуға ұрықсат етті: «Менің шайым таусылып қалды. Тез арада шай жіберің. Құрмаш». Сол жерде менің Құрмаш кім деген сұрағыма Жүнісов былай деп жауап берді: «Ахмет, сен менің жолдасымсың, хат авторы Құрмаш ол бүкіл Адайға белгілі бандит. Маған жақын ағайын болып келеді. Өткен бір кездерде жолдасым болды. Енді міне, бар кезде осылай хат жазып, шай, басқа да қажеттерін сұратады». Сол жерде мен одан «бандитпен неге байланыс жасайсың» деп сұрап едім Жүнісов тура жауаптан жалтарды. Бұл туралы отряд шығар алдында Байбосынов жолдасқа жеткізіп оның Жүнісов мәселесінде абай болуы керек екендігін ескерттім. Бұған қосымша тек Жүнісов емес бандит Құрмаш Қосжановпен осы уақытқа дейін байланысып жүрген басқа да коммунистер бар деп есептеймін. Сондықтан айтылған мәселені байыбына жан-жақты барып жете зерттеп шешу үшін Жүнісов Өтесбайды мұқият тергеген дұрыс болады.

Ахмет Малдыбаев (Сонда 5 том, 34-бет).

Бұл арыз емес, ақ дәмін татып аралас-құралас жүрген жолдасын көрер көзге оққа байлау еді. Қазақ «күле кіріп күңіренсе шыққаннан



без» деп осындайдан айтса керек. Кезеп көрсетушінің айтқаны қабыл болып О. Жүнісов мұқият тергелді. Адай контрреволюциялық тобының белсенді бір мүшесі ретінде танылып Тобанияз тобымен бірге сотталды. Одан жазасын өтеп келген соң да құлағынан қиқу кетпей жүріп бертінде әйтеуір өз ажалынан көз жұмды. Өтесбайға тағылған айып әйеліне де салқынын салып 20-жылдары Орынборда оқыған қазақ қыздарының бірі оның қызметтен шеттетілуіне тура келді. Өтекеңнің ұрпақтары қазір Форт-Шевченкода, Ақтауда тұрады. Бір немересі Садат Өтесбаев Маңғыстау облыстық теледидарында редактор.

Өлмеген құлға, құдай-ай

Больш қалды енді жаз, – Төлеген айтпақшы, 29-дың жазы да шықты. Құрмаш қасындағы серіктерімен бірге Маңғыстау ойына құлайды. Қар кетіп жер аяғы кеңіген соң ОГПУ қайткенде де оны ұстаудың қамына мықтап кіріскен еді. Сол мақсатта бұлар қолдан келгендерінің бәрін істеп бақты. Біз білетінде мұндайдағы жымысқы тәсілдің бірі ұстағысы келгенді еріксіздіктегі жанашырдың атынан хат жазып шақырып арбау еді ғой. Өзге шарасынан қайран болмаған соң ОГПУ соған дейін барған. Құрмаш ісінің 5 томының 113-бетінде қызыл сиямен анық етіп араб әрпімен жазылған төмендегі хат тіркеліпті.

Құрмаш пен Отарбай

Біздер 10 ай бойы балалар Мыңаш (Мыңшаның еркелеткен аты ғой – Ә. С). Сембай, Өмірәлі, Сәби, Қаздыкей, Ақбала, Бейсенбай және Сәнулармен бірге Қазақстан түрмелерін адақтап жүрміз. Қазір Алматыда қамауда отырмыз. Сөз арасында біз бастан кешірген тауқыметті көтере алмай құрметті шешеміз Қарақыздың қайтыс болғанын хабарлаймыз. Өлім алдында тіршілік етіп жатырмыз, бәріміз де аш-жалаңаш, түрменің төрт қабырғасынан өзге ештеңе көрмейміз. Сіздер осы күнге дейін Адай даласында жасырынып жүрсіздер, біздің тағдырымыз жайлы қам жемейсіздер. Біз сіздермен жасарымызды жасадық. Бірақ біздің



қымбатты балаларымыз, әсіресе Мыңаш пен Сәбидің болашақ тағдыры жөнінде ойлану керек емес пе. Олар бойжеткен қыз, ал күндерін осындай сұмдық жағдайда өткізуде. Біздер сіздер үшін қасірет шегудеміз. Балалардың төгілген көз жастары сендердің аруяттарыңа жүк. Үкімет органдары бізге Сіздер кінәларыңды мойынға алып келгенше отырасыздар дейді. Осы туралы ойланыңыздар. Біз сіздердің кінәларыңды мойындарыңа алып, үкімет органдарына келіп, бізді құтқарғандарыңыз жөн деп ойлаймыз. Сонымен қатар біз сіздердің өз еріктеріңізбен келіп, шын жүректеріңізден өтініп, кінәларыңызды мойынға алуларыңыз өмірлерінді сақтайтынына сенеміз. Үкімет органдары сіздерге тым қатты қарап, ғұмырларыңызды қияды дегенге сенбейміз. Тіпті болмағанда ешқандай кінәсі жоқ балаларды құтқару үшін кез келген құрбандыққа баруға болады ғой. Біз Сіздер солай етеді деп үміттенеміз. Біздің түрмедегі халіміздің ауырлығы соншалық, оны тіпті суреттеп жазудың өзі мүмкін емес. Түрме тауқыметін Адай даласына үйренген бізден гөрі жергілікті тұрғындар көтергіш екен. Бәріміз де аурулымыз. Еш жақтан ешқандай көмек алмаймыз. Аш, жалаңашпыз. Құдай үшін құтқара көріңіздер.

Бұл хатқа түсінік берудің ешқандай қажеті жоқ сияқты. Ол ОГПУ қызметкерлерінің өз қолдарымен жазылған. Ескерте кету керек, Құрмаш пен Отарбайдың әйелдерінің хат жазардай сауаты болмаған, сірә олар бұл хаттың жазылуынан да бейхабар қалуы. Тіпті Жұпар бізге жеткен деректерге қарағанда қосағына біздің шыбын жанымыз үшін басыңды өлімге тік дейтін әйелдің сойынан емес. Хаттың ОГПУ қызметкерлерінің қолымен жазылғанының бір айғағы төмендегі құжат та іске тіркелген.

Өте құпия.

**Қарақалпақ облыстық ОГПУ бөлімінің
бастығы Белоногов жолдасқа**

«Құрмаш Қосжанов пен Отарбай Бекмұхаметовтың әйелдерінің хаттарын жолдай отырып, оны адресаттарға агентуралық жолмен бұл іске біздің қатысымыздың ашылмауын



қамтамасыз ете отырып, тез арада жеткізудің шұғыл шарасын алуды сұраймыз. Сонымен бірге қажетті адамдар арқылы адресаттарды біз ойлағандай нәтижеге келуі үшін үгіттеудің мүмкін болған шарасын алыңыз. Алынған шаралар мен оның нәтижесі туралы хабарлаңыз».

Қосымша: хат пен оның орысша аудармасы.

СОУ ПП ОГПУ бастығы
ВО бастығының орынбасары

Альшанский
Сергеев

Іске Қарақалпақ облыстық ОГПУ-інің бұл нұсқау жөнінде алған шаралары туралы жауабы тіркелмеген. Соған қарағанда олар мұны адресатқа жеткізе алмаған болуы керек. Олай деуімізге тағы бір себеп кейіннен қолға түскен Отарбайдан мұндай хат табылды деген дерек жоқ. Құрмаш өлімінен кейін оның нәрсе мүліктеріне жасаған актіде бұл туралы айтылмайды. Егер олар хатты алған күнде жанұяларынан келген жақсы хабарын шамалы болса да жәдігер ретінде бойларында сақтап жүрмес пе еді. Біздің қолымыздағы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті берген анықтамада 1929 жылдың қыркүйегінде жоғарыдағы айтылған Балқиев Сағындыққа Тоқабай руынан Қоңырбай деген кісі келіп Құрмашты Каспий теңізі арқылы Бөкей ордасына жеткізіп салуды өтінеді.

Құрмашты бұл сапарға итермелеген не? Бәлкім, көз көрмес, құлақ естімес, таныс емес жерге барып бой тасалағысы келді ме? Жоқ, әлде жергілікті жердің қатігез үкіметінен көңілі қалған соң жоғарырақ барып, әділдік іздегісі келген ойы болды ма екен? Тіпті содан Гурьевке барып өз еркімен қолға берілгісі келді ме? Мүмкін ұзынқұлақтан Құныскерей досы сол бетте жүр деген хабар естіп, құдайдың ендігі басқа салғанын сонымен бірге көруді шешті ме? – Не де болса Құрмаштың бұл бетбұрысы бізге жұмбақ. Бірақ қашқын тағы да бізге белгісіз себептермен Бөкей даласына өте алмайды.

Жер жағдайын жетік білетін, елден таянышы мықты Құрмаштың шамалыға алдырмайтынына көзі жеткен ОГПУ 1930 жылдың жазында Форт-Александровскіден аудандық ОГПУ бастығы А. И. Фетисов басқарған бір отряд, Қоңыраттан бір отряд

шығарады. Бұл екі отряд та жолшыбай жергілікті халықтан аңшы, ізшіл жігіттерді мобилизациялап қатарларын көбейте жүреді. Жұрттың көбі әрине, көбінесе Құрмашқа жақтас деген пәлеге қаламыз деп қорыққандығынан ғана отрядқа ереді. Солардың бірі Шегем руынан Қаңғабай мерген еді. Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивінде (қор 214, тізбе 2, іс-8) өте бір қызықты құжат бар. Ол 1923 жылы Тұрар Рысқұловтың тікелей басшылығымен Адай мен түрікмен арасындағы даулы мәселелерді шешу үшін құрылған одақтық бағыныстағы төтенше комиссияның іс қағаздары. Содан Қаңғабайға да қатысты төмендегі құжаттарды кездестірдік.

23 тамыз 1923 жыл.

Форт-Урицк.

Өте құпия.

Адай төңкерісі комитетіне

Комиссия екінші рет сіздерге осы жылдың 13 маусымында Көкдере жеріндегі түрікмендерге соңғы рет шабуыл жасалған қырғыздардың кінәлі басшылары – Әли Бәйімбет болысының азаматтары Қошқар Қыдыровты, Ноғай Есқуатовты, 2 Адай болысының азаматтары Шоңғыров Қаңғабай мен Сабыр Өтегеновты тез арада тұтқындап,

Форт-Урицкіге жеткізуді ұсынады.

КирЦИК пен Турцик республикалық комиссиясының мүшесі

(қолы қойылған)

27 тамыз. 1923 жыл.

Алманов

Шұғыл

Республикалық комиссия мүшесіне

Сіздің 23 тамыздағы Әли Бәйімбет болысының азаматтары Қошқар Қыдыровты, Ноғай Есқуатовты, 2 Адай болысынан Қаңғабай Шоңғыровты, жолдас Сабыр Өтегеновты жедел

тұтқындап, Форт-Урицкіге жеткізу туралы №1 қатынасыңызға Адуревком төмендегіні мәлімдейді.

Жоғарыда көрсетілген азаматтар қазір Хорезм республикасының шекарасында жүр және жақсы қаруланған әрі өздерін түрікмендерден жәбір көрдім деп есептейді. Оларды тұтқындап Форт-Урицкіге жеткізу үшін қарулы отряд немесе милиционерлер отрядын жасақтау керек. Басқару бөлімі қазір штаттың аздығынан милиционерлер командасын жасақтаудың мүмкіндігі жоқтығын хабарлайды.

Басқарманың бөлім меңгерушісі

(қолы қойылған)

(Бекбаев)

Бұл құжат бойынша сол кездің өлшемімен Шоңғырұлы Қаңғабай Құрмаштың сыңары. Яғни нағыз баскесер бандит. Бар айырмасы Құрмаш өз қазағымен жауласса бұл түрікменмен жұлысып жүр. Қаңғабай да сол 1923 жылдан бері үкімет құрығына түспей жүр екен. ОГПУ елші салып егер Кеңес үкіметіне көзқарасының дұрыс екендігін Құрмашты ұстауға көмектесіп дәлелдесе өткенді ұмытуға уәдесін береді. Келіспегенде көретін күні сірә белгілі. Құрмаштың кебін келтіре қояды. Қаңғабайды жазалаушылар легіне ерткен осы тығырыққа тірелген жағдай еді.

Құрмаш қанша жылыстағанмен жан-жақтан жау қамалып келгенде дала төсі тарлық етті. Ақыры Қаратұран деген жерде Қоңырат отрядымен кездесіп екі арада атыс болды. Осы күші тең емес ұрыста бұл жақтан Отарбай Бекмағанбетов, Ерқұлов, Еділқанов, Есенов, тағы басқалар қолға түседі. Құрмаш қуғыншылармен атысып алдыртпай құтылып кетеді. Шын мәнісінде оның құтылып кетуіне қуғыншылардың оқ жетер жерге жақындамай қорқасоқтауы себеп болады. Бұл жолы қолға түскендердің онан арғы тағдыры белгісіз. Біз танысқан істе олар туралы ештеңе жоқ. Бәлкім, оларға қатысты құжаттардың бір жерде шаң басып жатуы. Әзірге қолда бар бір деректің ұшығы мынау. Осы мәселені зерттеп, сұрау салу нәтижесінде Қарақалпақстанда тұратын қарт шежіреші Өмірзақ Қалбаевтан хат алдық. Өмекен Отарбайды көріпті. Жазасын өтеп келген соң мұрап, бригадир болып еді дейді. Өмекен берген тағы бір маңызды дерек



Қарақалпақстан қазақтарының арасында бұл оқиғалардың жаңғырығы әлі сөнбепті. Қариялар жағы Құрмаш атын аңыз қылып, ол өлген соң жазалаушылар басын кесіп әкеліп базардағы бағанаға іліп көрініске қойған екен деп аңыз қылатын көрінеді. Бұл әрине ақиқат ауылынан алыстау. Шектен тыс әсірелеп әкетушілік. Жалпы алғанда бұл большевиктер өлік қорлаудың нағыз қас шеберлері. Генерал Корниловтың сүйегін қазып алып қала көшесіне дарға асып қою, Николай патшаның жанұясын түгелімен атып, кислотамен күйдіріп, оған да місе тұтпай мылтықтың дүмімен жентектеу, Капланның өлі денесін темір күбіге салып қуыру – тізе берсе бұл жарықтықтардың бұл мәселедегі тағылықтары жетіп артылады. Сәтін салғанда Құрмаш денесі мұндайдан аман.

Қашқын сол кеткеннен жылыса-жылыса Мырзайыр ойына құлайды. Сол жерде бір ауылға тоқтап алдына шай ала бергенде қуғыншылар да көрінеді арттан. Әлгі ауыл бұл келген бойда өрістен бір белді ат әкеліп қосағына байламақ болған екен, бірақ үлгіре алмапты.

– Әлі елу оғым бар. Жастығымды алып өлуіме жетер, – деп Құрмаш тағы атқа мінеді.

Мырзайырдың құбыла бетінде «Әуреннің үйігі» дейтін төбе бар. Ереуіл күннің тағы бір таңын осында атырған қашқын ертеңгісін ізіне түсіп желдіртіп келе жатқан қуғыншыны дүрбімен көріп әрі асады. Қара көрініп жер ұзай бергенде талай жол серігі болған қызыл тазы бұдан әрі жүре алмай бір бұтаның түбінде жатып қалады. Енді бір қыраң асқанда азаматтың бағына емес сорына біткен қанатты жануар жирен ат та талай күнгі сүргінді көтере алмай, зорығып әрі шөлден қаны кеуіп жығылады. Осы жерде қуғыншылар да жетіп оқ атып, Құрмашты иығынан жаралайды. Бірақ мерген қашқын жыра-жықпылды паналай қарсы оқ жаудырып бұл жолы да сытылып кетеді. Сөйтіп, жаяу-жалпылап келе жатқанда бір төбе басында қой жайып тұрған Мақсым дейтін баланы ұшыратады. Жағдайды бірден түсінген Мақсым алдынан шауып келіп атын алдына тосады.

– Ниетіңе ризамын, қарағым. Ана жаналғыштар атын берді деп басыңа пәле салар. Кесірім саған тимесін. Үйіңнен талай дәм



татып едім. Атыңды аударып мініп кеткені несі деп күстаналаушы бұл қазақтың ішінен де шығар. Ауылды сілтеп жібер. Мен аяқ артар көлік сол жерден де табылмас деймісің, – дейді мына баланың қарлығаш қанатымен су сепкендей көмегіне көңілі босаған Құрмаш. Осылай деп Мақсымның торсығындағы шалаптан шөлін қандырып алып әрі жүреді. Қырсыққанда қымыран іріп бұл ауылда тұрған жөнді көлік болмай шығады. Бары бір құнан мен нар. Ауыл адамдары – осы нар аман болса сені бір қараға жеткізеді. Шамалы аттыға шалдыра қоймас, – деген екен. Қашқын «Менің Құрмаш атыммен түйеге мініп қашқаным болмас», – деп ыңғай бермейді. Амалсыздың күнінен әлгі құнанға ер салынады жалма-жан.

Ауыл төңірегінен ұзап жайыла алмай тұрған қолау құнанда не қауқар болсын. Қозы өрісіндей жердегі Шұқыр-ойға құлай бере тұрып қалады. Өзі де әбден шөлдеп діңкелеген Құрмаш енді не де болса жастығын ала өлмек болып бір жыраға бекінеді. Амал не, әбден әдіс алған қуғыншылар оқ жетер жерге беттемей алыстан қаумалап қоршап тұрып алады. Ойлары белгілі, бастарын құр тәуекелге тігудің қажеті қанша. Бұл бәрібір талқаны таусылған адам. Көп ұзамай шөл азабын тартып өзі-ақ беріледі, не өледі. Құрмаш Алласы аманат қылып берген жанын қай күні алса да еркі біледі дейтін мәрттің бірі болғанмен тағдыры алдында тап бұлай шарасыз күйде татар дәмі таусылуды тілемеген де, күтпеген де еді. Мұның берік ұғымында қолына қару алғанның ажалы, ер өлімі қарудан келуі керек. Бұл қырсық құдай ең болмағанда сол тілегімді берер ме екен деген үмітпен орнынан тұрып, бір мылтығын кезей ұстап дұшпанға қарсы жүрді. Бір мылтығы мойнында. Қақпа шекпеннің омырауы атсаң мінеки деген көзсіз ерлікті аңғартып айқара ашылған. Иығы жаралы қолы аттың тұсауымен мойнына асылған. Амал не, көзіне қан толған бұл ілгері басқан сайын қоршағандар мысықтабандай шегініп арасын алшақтата берді. Бұл қартаң қу жазмыш шіркіннің мазағын қойсаңшы-ау. Жаңағы бір әзірдегі қашқын енді қуғыншыға айналды. Бірақ қашушылар аттылы, қуушы жаяу әрі жаралы. Олар көп, бұл жалғыз. Олардың қағанасы қарқ, сағанасы сарқ. Ал мұның аңқасы кеуіп барады.

Ақыры көптің еркі жеңіп тынды. Жаяу қатқыл жерге бой сала



алмай ескен бір түп бұтаның тал түстегі болмашы көлеңкесіне басын төсеп жата кетті...

Құрмаштың мына күйін көріп тұрып әліптің артын баға беруге сол топтың ішіндегі бір адамның ғана дәті шыдамады. Атын сауырлата бір тартып жіберіп ілгері ұмтылды. Бұл Шегем Қанғабай еді.

– Ең болмаса шіркінмен бір ауыз сөзге келіп бақұлдасып қалайыншы, – мергеннің сол сәттегі көңіліне қонақтаған ниет осы. Оның ойынан бейхабар отряд бастығы бұл шалт қимылды қапелімде неге жорырын білмей абдырып қалды. Бірақ өзіне өзі келіп қасындағы пулеметшіге ым қақты. Ол түсінгенін аңғартып анадай жерде қабақтарын жерге салып тұрған жолдан қосып алынған жасақшыларды көзінің итімен бір түйреп өтіп қол пулеметін оңтайлап қойды.

– Қанғабай-ай, адамға жазығым болса болған шығар. Бірақ құдайға жазығым жоқ сияқты еді. Өзіме өзім қол жұмсап жаратқанның алдында жауапкер болғым келмей жатыр. Бастас азамат ретінде айтқан бір өтінішім болсын – маған бір оғынды қи дағы, – жанына таяу, шылбырын сүйрете келіп торсығын аузына тосқан Қанғабайға Құрмаштың бар айтқаны осы болды. Ғұмыры тірі пенде алдында күнін түсіріп, кішірейіп көрмеген мәрт жанның туды-бітті айтқан өтініші еді бұл. Соны орындау туды-бітті кісі меселін қайтарып көрмеген, қайтармаспын да деп жүрген Қанғабайдың пешенесіне жазылған екен. Торсық түбіндегі бір адамның атау кересіне айналған шалап таусыла бере... мылтық даусы тарс етті...

«...Бойы ортадан жоғары, елу жас шамасында, шоқша қара сақалы бар, қара шашына аздап ақ түскен, ұлты қазақ. Басына оқ тиіп өлген. Оң жақ иегінің астынан тиген оқ сол жақ қарақұсынан шыққан. Бет сүйегі әбден пәршаланған. Мылтық жақын жерден атылған. Өлікте 491521 нөмірлі бір үш қырлы винтовка, ВАС/1901 маркалы 32897 он оқты бір винтовка, дүрбі, 14 дана патрон болды» – 1930 жылы 5 маусым күні Шұқырой жерінде Құрмаш Қосжанов өлігі жайлы жасалған осы акт ақыры бұл оқиғаның осылай соңғы нүктесін қойды. Көлденең көздің көруіне онша



құштарлық танытыла бермейтін бір құжатта «атқан жасақшы қазақ Андрей» екендігі де қағазға түскен.

Осылайша маң дала тағы бір марқасқа перзентін жатсынбай да жатырқамай бауырына алды. Маң дала демекші...

«Бас сауға сұрап әлдекімге телмірмей, берер жанды маң даланың төрінде, жалғыз тораңғының түбінде көсіліп жатып бір тәңірінің өзіне бергенді байлық көрдім» – жазушы Хамза Есенжановтың – «Ақ Жайығындағы» Құныскерей оқиғасының финалы осылай аяқталмаушы ма еді. (Х. Есенжанов, «Жүнісовтер трагедиясы» Алматы, Жазушы, 1990 жыл, 9 бет) Құныскерей мен Құрмаш. Бірінің әкесінің аты Қожахмет, бірінің әкесінің аты Қосжан. Аты-жөні қандай үндес болса, тағдырлары да сондай ұқсас Атыраудың екі басында бір-бірінен айырып алғысыз дерлік талапайлы тағдыр кешкен бұл екі арыстың одан бергі соқпағын сораң басқан жылдардағы тағдыры да ұқсас. Екеуінің де сайқал саясат берген бағасы – банда.

Тағы да сол маң дала дегеннен шығады-ау...

Сол атың өшкір отызыншы жылдар ойрандаған бұл даладан мезгілсіз жолы кесілген боздақ жалғыз бұл емес. Жүз, мың, дәл санын айту қиын, әйтеуір өте көп олар. Сонда сол мұңлықтардың жат жерге жанбасы тиер алдында соңғы аһ ұрған әттең-айы «Сүйегім ең болмаса боз даламның төсінде, боз жусанымның түбінде де қалмады-ау» болмағанына қайсың кепілдік бересіңдер?! Олардың дерегі көмескі, белгісі сірә жоқ өлімімен салыстырғанда Құрмаш өлімі – құдай алдында мың жерден күпір болып айтсақ та бақытты өлім.

Бұлар хақында әлі талай томдар жазылар. Ел жады талай тұтылған пердені сыпырып, қыран шындықтың тұмылдырығын алар. Талайлы тағдырдың аңызак аптабы кебір даланың кенезесін қанша кептіріп, аңқасын қанша қаңыраттым дегенмен қызыл тіл орнында кесілген жоқ. Оның тоқсан толғары әлі алда. Келешектің ол несібесімен салыстырғанда біздің бұл шатпағымызға сол арманда кеткен арыстарымыздың рухына бағышталған дүмше молданың дүмбілез аятындай болып қалу мәртебесі бұйырса арман не?!

Бері кеткенше Жетібай мен Өзен жолының бойындағы Шұқыр-



ой шетінде шағын кереге мола тұр. Мұны беріректе заман ызғары сынған соң Құрмашты көзі көре қалған аталас ағайыны Олжа ақсақал қалатқан. Молада «Құрмаш батыр» деген жазу бар. Бұл алмағайып кезеңі алған бағытынан адастырғаннан басқа айыбы да, жазығы да жоқ ерге берген елінің бір ауыз бағасы.

Заман ызғары деп те қойдық қой, сол құрғырыңның ерте көктемдегі құрым үйдің етегінен соққан өкпек желдей әлі жонарқаңнан қадалуы қалмай келе жатқан сияқты ма қалай. Ұтыры келгенде айтпаған сөздің атасы өледі. «Маңғыстау» газетінің 1994 жылғы 4 ақпандағы санында жақсы әріптесім, қаламдас серігім Есберген Іңірбаевтың «Құрмаш ісі» атты мақаласы жарық көрді. Жарық көргені көрген-ау соның алдында газеттегі әлдебір чиновниктің мақаланы біраз ұстап созбайға салғаны аздай авторды анаусы қалай, мынауы қалай деп тәптіш тергеудің астына алғаны. Сондағы қимай жүргені Құрмашқа берілген «атпал азамат» деген бір ауыз жақсы лебіз екен. Оқиға онысымен тынса да құба-құп. Сол тергеудің дәл ертесіне «Спанов кезінде ел шапқан банда атаулының бәрін дәріптеп жатыр» деген қауесеттің ресми орындарға дейін жетіп қаулай жөнелмесіне бар ма. Біз пақырыңыздың бұл жаладан арылып, ісінің ақтығын дәлелдеу үшін тағы біразырақ терлеуіне тура келді. О, құдайдың құдіреті-ай, тап сол чиновникпен екеуміз бір ұжымда біраз жыл бірге болғанбыз. Қаншалықты қабілет иесі екенін бәріміз де білетін едік. Колбин тақсыр билеген кездегі науқанда осы мықтыңызға ұжымның берген мінездемесі нашар болып, құлағымызға маза бермеген соң құтырғаннан құтылған – екінші рет жиналыс ашып, әлгі мінездемесі түскірді «түзетіп» бергенбіз. Күндердің күнінде қолына тізгін тиіп тікірейіп шығып жүрген жігітіміз осы. Шүкір, баяғы 37 мен 38-ші жыл емес. Олай болғанда сол мақаладан соң Есберген екеуміз әрісі Құрекеңнің артынан, берісі «Маңғыстау – Магадан» маршрутымен тарта баратын ба едік, қайтер едік. Бұл мың болғыр Елбасымыз – Нұраған – Нұрсұлтан Назарбаев Құрмаш сынды мың сан құрбандықтарды арнайы заң, жарлық шығарып ақтаған мына мамыражай кезде болып отырған жайт. Соған қарағанда бұл тарих қаншама дертінен айыққысы келіп



талпынғанмен екі аяқты пенденің аласына дауа болмайды екен-ау өзі. Демек қалғып қамсыз қалуға әлі ерте. Е, жұртым, ата-бабаң күле кіріп күңірене шыққаннан сақтанса, сен сықпытыңда сиқыр ойнап, көзі мөліп, қатын бөксесі шөміп қол ұсынатын өзәзілдерден айылыңды жи!


Әлқисса, хикаямызды осымен тамамдай салсақ оқырманның Құрмаштың өрен-жаранының, мұндастарының, сол іс бойынша жапа шеккендердің тағдыры не болды деген сауалы жауапсыз қалғалы тұр. Сондықтан білгенімізше ол түйінді де шеше кетелік.

Құрмаштың көз жұмар соңғы сәтінде қасынан табылып, қали-қадарынша иманын үйірген Қаңғабайдың қазасы қасындағы жазалаушы отрядтан болды.

Ел ішінен ұзап, Хорезм ойына жақындаған соң ел шабушы, кеңес саясатына қарсы бандитсің деп атып тастады. Ұрпақтары қазір Жетісай бетте тұрады.

Қаңғабайдың Құрмаш рухы риза болатын бір қызметі бар. Жазалаушылар өліктің басын кесіп алғысы келген екен Қаңғабай «Имансыздар, кектерің әлі де қайтқан жоқ па? Менің өлігімді аттап барып кесесіңдер» деп кесе-көлденең тұрып алып ешкімді жолатпайды. (Жоғарыдағы Өмірзақ Қалыбаев ақсақал айтқан ел аузындағы алыпқашты әңгіменің шығу ұшығы осы). Содан соң отряд басшысы ол онынан амалсыз бас тартқан. Үстіндегі шекпенін шешіп өліктің бетін жапқан Қаңғабай қасындағы ауылға хабар беріп, марқұмды мұсылман ғұрпымен жерлеуді тапсырады.

1930 жылдың көктемінде ОГПУ Алматы түрмесіндегі тұтқын әйелдерді босатып жібереді. Тек үш адамды – Қосжанова Жұпарды, Қосжанова Қарақызды, Бекмағамбетова Бәлкенді ғана өзгелерінен бөліп алып ІІІ ОГПУ үштігінің 25 мамырдағы мәжілісінің арнаулы қаулысымен Қарақалпақ автономиялық облысында, Гурьев, Орал, Қызылорда округтерінде тұруға тыйым салып түрмеден шығарады. Көріп отырғандай, бұларды сонда да таныс-біліс жерлерінен оқшау ұстау саясаты болған. Құжаттарда Мыңшаның аты ұшыраспайды. Ауызекі мәліметтерге қарағанда ол шешелерінен сәл ертерек бостандыққа шығыпты. Оның босауына Әліби Жанкелдин қол ұшын беріп, түрмеден соң үйіне әкеліп паналатқан көрінеді. Жалпы



Әлекең бір кезде интернационалдық отрядына баға жеткісіз көмек, қолдау көрсеткен Адай еліне өле-өлгенше риза болумен кеткен. Ұтыры келгенде көмегін аямаған. Оның бері келіп заман түзеле бастаған соң айтқан «Адай алдындағы бір кінәм Тобаниязды аман алып қала алмағаным. Қайтейін, қолымнан келмеді ғой» деген сөзін ризашылықпен еске аламыз. Мыңша Әлекең үйінде жүріп соның руласы, не жерлесі бір жас жігітпен танысады. Соған тұрмысқа шығады. Кейіннен осы күйеу енесі Жұпарды, Қарақызды, Бәлкенді балаларымен жасырын түрде Қарақалпақстандағы қалың ағайынның ішіне әкеліп орналастырып кетеді. Артынан қызметі Жамбылға ауысып сонда біраз жыл тұрып, одан қайта Алматыға барыпты. Сонда Ұйғыр көшесі, 69 үйде тұрған Мыңшаны осы бертінде дерлік көріп, кездескендер бар. Елді сағынатыны соншалық Маңғыстаудан барғандарды жылап қарсы алып, жылап шығарып салады екен. Көңіл түкпірінде наласы көп болмағанмен тұрмысы жаман болмапты. Бірнеше бала сүйген.

Ағайын арасына жеткен Жұпар кейіннен Көрпе Шәдікүл дейтін кісімен тұрмыс құрады. Шәдікүл қақ-соқпен ісі жоқ, момын, кісілігі мол адам болған. Жұпарды әрі тәңір қосқан қосағым деп, әрі бұрынғы ел таныған азаматтың жесірі, көз көрген бастас жеңгем деп қатты қадірлеп өткен. Құрмашқа қатысты көп әңгімелерді өзге емес қайта осы Шәдікүл айтып отырады екен. Сондайда үрейге жеңдіргендер «Қасқа, босқа шатылып кетесің, абайла» десе «Құрекеңнің жесірін алып, баласын өсіргенде дым қылмаған үкімет әңгімесін айтқаным жазықты қылса көріп алдым» деп жауап береді екен. Жұпар бұл қосағынан да бірнеше бала сүйген.

Өмірдің осындай талай тауқыметін бастан өткерген Жүпекен де дүниеден озды. Зираты атамекені Қамысбай қауымында. Ал Қарақалпақстанға шешесінің бауырында келген Омар бала ержетіп, азамат болып осы бертінде қаза тапты. Артында ұрпақ қалған жоқ. ОГПУ құжаттарында Алматы түрмесіне шешесімен бірге қамалған 5 жастағы Құрмашев Сембай дейтін де бала болғандығы көрсетілген. Одан дерек жоқ. Тәжекең де ол туралы ештеңе білмейді. Ол Жүпекен Омарды алып Қарақалпақстанға кеткенде Мыңшаның қолында қалғанға ұқсайды. Одан бергіде қилы-қилы



кезеңдер Сембай дерегін белгісіз етіп кеткендей. Үмітсіз емеспіз. Егер Құрмаштың еркек кіндікті әулеті болса осы Сембайдан болуы мүмкін. Әзірге Құрмаштың ағасы Қаржаубай жанұясының онан соңғы тағдыры туралы да ештеңе айта алмаймыз.

Түрікменстанның Түрікменбашы атырабы Қулы Маяк поселкесінде тұратын Қаржау Өмірбаев Рзабектен әуелі хат алдық. Бұл Айзақтың ұлы болып шықты. Әжемнен үш жасымда қалдым дейді. Кейіннен түрмеден босаған шешесі екеуі сол жаққа барып жерленіп қалыпты. Құжаттарды тағы да шұқшия зерттеп қарағанымызда Өмірбаев Рзабек баланың есімін еш жерден кездестіре алмадық. Қарақалпақстандағы 19 баланың ішінде 3 жастағы Айрапов Арзабек деген бала бар ғой. Біздіңше қазақша білмейтін тергеушілер Айзақов деген фамилияны Айрапов деп, Рзабек деген атты Арзабек деп жазып жібергенге ұқсайды. Сонда балалар комиссиясына берілген 12 жастағы Айрапова Базарқай, егер олай болып шықса, бұл Рзабектің туған апасы.

Бұл отбасы артынша Ақтауға көшіп келді. Рзабектің баласы Өмірзақ кентінде орта мектеп директоры болды.

ҚазССР ПП ОГПУ үштігі 1929 жылы 17 желтоқсандағы қаулысымен «Құрмаш ісіне» қатысты 42 адамды соттап 22 адамды атуға, қалғандарын әртүрлі мерзімге бас бостандығынан айыруға үкім шығарды. Істе атылуға тиіс 22 адамның 20-сына үкімнің орындалғаны жайлы мынандай құжат тіркелген.

Серия «К»

Москва қаласы ОГПУ ОцР бастығына

30 жылғы 31 қаңтардағы № 155212 сұрауға

ОГПУ комиссиясының №96310 іс бойынша 1930 жылғы 10 қаңтардағы Қаржаубай Қосжанов және басқалар бәрі 20 адамды ең жоғары жазаға кескен үкімі осы жылдың 12 ақпанында ату арқылы орындалды.

Үкімді орындауға 60 патрон жұмсалды.

КССР ПП ОГПУ РСО бастығы

Өкіл (қолдары қойылған Русанов, Торопин)

Демек Үштік қаулысымен атылуға тиіс екі адамға коллегияның рахымы түскен. Олар кімдер екен? Істен бұл сауалға жауап таба алмадық.


Осы Құрмаш ісіне қатысты жергілікті газетке жазып, теледидардан сөйлеуіміз нәтижесіз болған жоқ. Жетібай поселкесінде тұратын Зибба Озғанбайқызы келіп хабарласты. Бұл әлгі үштік үкімінде ату жазасын алған Қосжанов Озғанбайдың қызы болып шықты. Демек көрер жарығы таусылмай қалған екеудің бірі белгілі болды.

Зибаның айтуынша әкесі бір ажалдан қалып 10 жыл арқалап Архангельск түбіндегі Соловки лагерінен бірақ шығады. Алайда артында қалған ұсталмастан алты ай бұрын үйленген әйелі, туған-тумаластары оның тірі қалғанын білмейді. Атылды деген хабар алған соң Қарақалпақстанға көшіп кетеді. Үй ішінен жаза-жаза хабар ала алмаған соң Озғанбай енді Оралда тұратын құдасы жеңгесінің ағасы Бектұрғанов Құраққа хат жазады. Үй ішінің қоныс аударып кеткен хабарын осы Құрақтан естиді. Бірақ Құрақ та құдаларының, қарындасының дәл мекен тұрағын тауып айта алмайды. 10 жыл тозақ азабын артқа салып, арып-ашып елге жеткен Озғанбай ақыры сұрай-сұрай аулын табады. Келсе мұның өлген хабарын естіген әйелі әменгерлік жолмен қайнысына тиіпті. Үбірлі-шүбірлі болып отыр...

— Жазмышқа жасар шараң жоқ. Ошақтарыңнан отын сөндірмей дұрыс жасаған екенсіңдер. Бақытты болыңдар. Тамұқты тіріде көрген мен өлмес күнімді көрермін. Қапаланбандар. Осылай деп туған інісімен келіні бұрынғы әйеліне батасын берген Озғанбай басқа ауылға барып мекен тебеді. Үйленеді.

Бұл әйелінен екі қызды болады. 1946 жылы 42 жасында бұл пәниден өте барады.

Құрақ құдасы одан келген хаттарды сақтап жүреді екен. Кейіннен қыздарына табыс етеді. Көп хаты қазір Шардарада тұратын үлкен қызы Рабиғада екен. Зиббада біреуі ғана сақталыпты. Бірақ оқын көргенімізде одан бізге белгілі есімдерді ұшырата алмадық. Бәлкім, мұның басқа адамдарға, басқа біреулердің жазғаны немесе сақтанып бүркеншік атпен жазылуы да. Зибаның айтуынша қолтаңба анық әкесінікі. Дегенмен мұны араб әрпінен аударып қапастан жеткен жәдігер ретінде беріп отырмыз.



Сәлем хат

Ардақты Қабдол, Қатираға сәлем. Әм Малбатырға, Төгейге, Шодырға, Әм Жаңайға, Ұбасқа және бізді білетін сұраған адамдарға көп-көп сәлем. Біз мында сондай аман жатырмыз. Деніміз сау. Енді сәлем соңында айтар сөз мынау: Осы жоғарыда айтылған адамдар баршаңызға айтамыз: бізге бар күйіңізше қаржы ақша жібере көрің. Қаржы-қаражат жоқ болып күйсіздеу болып тұрмыз. Осы хатқа жолыққаннан кейін почта-телеграф арқылы хат жазып хабарласыңыз. Амандық білдіріп жаздым: Ордабай әм Өтепбай.

30.11.1930.

Ордабайдан сәлем

Ділімұханбетке: алғаннан кейін осы хатты Төгей, яки Қабдолға тапсырыңыз деп өтінемін».

Хат соңына орысша «Проверено» деп жазылып цензураның қолы қойылған. Зибә Рабиға апасымен хабарласып, онда сақталған хаттарды алдыруға уәде берді. Сол уақытта Соловки лагерінде Мағжан Жұмабаев сияқты қазақтың небір жайсандарының отырғаны белгілі. Бәлкім, Рабиғада сақталған хаттардан олар туралы да деректер ұшырасар.

Жалпы жазалау органдарының 30-жылдардағы бізге әлі белгісіз қитұрқылары жетіп артылады ғой деймін. Ақтау қаласында тұрған Досбосынов Рзабектің қолында әкесі Төлегенов Досбосынның 1930 жылы 18 ақпанда атылғаны туралы анықтама болды. Ал 1950 жылдардың орта шенінде Владивосток маңындағы лагерьлердің бірінен оралған Жаңай Қарағұл деген кісі сол жақтан Досбосынды да, атылды делінген оның туысы Есбосынды да дін аман кездестіргенін ант-су ішіп отырып Рзабекке, атасы Төлегенге айтқан.

Тарихшы ғалым Талас Омарбеков Құрмаш ісі бойынша отбасыларын есептегенде 78 адам тұтқындалды дейді («Ақиқат» журналы 1993 ж. 4 саны 62 бет). Біздіңше жапа шеккендер одан да көп. Жоғарыдағы Зибә Озғанбайқызы өз әулетінен «тұқымың банда болды» деген айыппен 9 адам ұсталғанын айтады. Осындай

деректерді өзгелер де береді. Жазалаудың осындай жаппай сипат алғанын Құрмаш оқиғасына бір жағынан саяси баға да бере кеткен ОГПУ-дің айыптау қорытындысы да жоққа шығармайды. Олар сонда ұсталғандардың шыққан руларын да көрсетіп, бұл белгілі бір рудың келесі бір рудан кек алу әрекеті емес керісінше көп рулардың басын біріктіріп Кеңес үкіметіне, оның саясатына ұйымдасқан түрдегі қарсылық дейді. Мұнымен әбден келісуге болады. Қосарымыз бұл сол кездің саяси жарапазаншылары қақсап баққандай байлар мен молдалардың үгітіне еріп бас көтергендер емес. Керісінше теңдік іздеген, Кеңес үкіметінің белден басып, аяқтан шалған солақай саясатын мойындағысы келмеген еңбеккердің бұлқынысы. Соның дәлелі ретінде осы іс бойынша сотталғандардың қолдағы құжат бойынша жасалған бір тобының тізімін беріп отырмыз. Мұның ішінде бірде бір молда немесе бай жоқ. Тіпті біреуі (Абдулов Шаубай) бұрынғы ВЛКСМ мүшесі. Біразы «Қосшы» одағының мүшелері. Бұлардың мүшелік жарналарын, әртүрлі салықтарын төлеген құжаттары, бір-екеуінің ұйымға мүше билеттері іске мұқият тіркелген. Істегі ең бір бағалы нәрсе бірнеше адамның фотосуреттері. Базылбек Ордабайдың, Өтеулиев Оразбайдың, Өмірбаев Айзақтың, Достанов Құттының, Оразбаев Жүністің, Ибрагимов Шамғұлдың, Тайбағаров Шәуеннің суреттерінің сыртына аттары жазылған. Қалған адамдардың кім екендігі жазылмағандығы себепті белгісіз. Бірақ ел ішінен танытындар табылар деген есеппен ол суреттерді де беріп отырмыз.

Міне, жұртым, Құрмаш оқиғасының әзірге бізге мәлім ұзын ырғасы осы.

Түптеп келгенде кемеңгер Әбекеннің – Әбіштің қасиетті қаламы бір түртіп өткен жерінің астарында осындай көл-көсір тарих жатқан болып шықты-ау өзі.

Біздің бұл еңбегіміз әуелі шағын кітапша болып шығып артынша ағайын елі жиналып Шұқырой жеріндегі Құрмаш басына зәулім (биіктігі 9 м. 40 см.) дүмбез көтеріп, ас берді. Қазір ол Ақтау – Жаңаөзен асфальт жолының бойында көрініп тұр. Жұрт басына барып өтетін бекет, белгілі орынның бірі.

Төменде «Құрмаш ісіндегі» тіркелген құжат көшірмесі.



№	Аты-жөні	Туған жылы, жасы	Туған жері, тұрағы	Шыққан тегі, руы, ұлты	Немен айналысқан	Берілген жаза
1	2	3	4	5	6	7
1	Қощанов Қаржаубай	1884 ж. 45 жас	Адай округі Маңғыстау	Қазақ, адай, бай	Малшы, сауатсыз	Үй-мүлкі тәркіленіп, атылуға
2	Чабатов (Қощанов) Қожабай	1874 ж. 55 жас	Адай округі Маңғыстау	Қазақ, адай	Малшы, сауатсыз	- »-
3	Базылбеков Ордабай	1885 ж. 44 жас	Адай округі Маңғыстау	Қазақ, адай, бай	Малшы, сауатсыз	- »-
4	Бекмағанбетов Нөкер	35 жас	Форт- Александровск	Қазақ	Малшы, сауатсыз	- »-
5	Бекмағанбетов Таңбай	1899 ж. 30 жас	Форт- Александровск	Қазақ	Малшы, сауатсыз	- »-
6	Жұмабеков Құтжан	1902 ж. 22 жас	Адай округі Маңғыстау	Қазақ, адай	Малшы, сауатсыз	- »-
7	Қостұрғанов Тұрғанияз	1905 ж. 24 жас	Адай округі Маңғыстау	Қазақ, адай, «қаржау»- бай	Сауатсыз	- »-
8	Өтеулиев Оразбай	1872 ж. 57 жас	Адай округі Маңғыстау	Қазақ, адай, орта шаруа	Малшы, сауатсыз	- »-
9	Абдулов (Келбатыров) Шаубай	1908 ж. 21 жас	Форт- Александровск	Қазақ, адай	Дихан, сауатты, ВЛКСМ мүшесі 1926 жылдан	- »-
10	Айбеков Ұлду	1896 ж. 33 жас	Форт- Александровск Қайнар-Исағыс	Қазақ	бақташы	Үй-мүлкі тәркіленіп, атылуға
11	Төлембетов Мақсым	1899 ж. 30 жас	Адай округі Маңғыст. ауд.	Қазақ, адай	Малшы, сауатсыз	- »-
12	Аранжанов Адил	1904 ж. 25 жас	Маңғыстау Адай округі	Қазақ, адай	Малшы, сауатсыз	- »-

13	Өмірбаев Досан	1871 ж. 58 жас	Маңғыстау Адай округі	Қазак, адай	Малшы, сауатсыз	- »-
14	Арыстанов Сүйержан	1874 ж. 55 жас	Төлепқарау аулы, Адай округі	Қазак, адай	Көшпелі малшы, сауатсыз	- »-
15	Сүймағанбетов Қадыр	1897 ж. 32 жас	Форт- Александровск	Қазак, адай	Сауатсыз	- »-
16	Төлегенов Еспосын	1890 ж. 39 жас	Форт- Александровск	Қазак, адай	Малшы, сауатсыз	- »-
17	Сатыбалдиев Ташен	1897 ж. 32 жас	Форт- Александровск	Қазак	Сауатсыз, малшы	- »-
18	Білалов Жұмағали	1891 ж. 38 жас	Ақтөбе ауылы, Адай округі	Қазак	Көшпелі малшы, сауатсыз	- »-
19	Төлегенов Доспосын	1893 ж. 36 жас	Маңғыстау	Қазак	Малшы, сауатсыз	- »-
20	Қошанов Озғанбай	1911 ж. 18 жас	Маңғыстау	Қазак	Малшы, сауатсыз	- »-
21	Жанғазиев Айдархан	1896 ж. 33 жас	Форт- Александровск	Қазак, адай	Етікші, сауатсыз	- »-
22	Жұматов Әлжан	1901 ж. 28 жас	Маңғыст. ауд. Адай округі	Қазак, адай, бай	Сауатсыз	- »-
23	Байзақов Шүкірбай	1900 ж. 29 жас	Маңғыст. ауд. Гурьев округі	Қазак, адай, күшік- қосбармак	Бақташы, сауатсыз	Үй-мүлкі тәркіленіп 10ж. Конц- лагерь
24	Махамбетов Манак					
25	Мусатов Нысан	1901 ж. 28 жас	Үстірт Сам аймағы	Қазак	Бақташы, сауатсыз	Үй-мүлкі тәркіленіп 5 ж. Конц- лагерь

26	Тайбағаров Шауен	1897 ж. 32 жас	Маңғыст. ауд.	Қазақ, адай	Етікші, сауатсыз	- »-
27	Оразбаев Жүніс	1909 ж. 20 жас	Маңғыстау	Қазақ, адай	Сауатсыз	- »-
28	Оразбаев Әби	1903 ж. 26 жас	Маңғыстау	Қазақ, адай	Сауатсыз	- »-
29	Жарылғапов Спан	1887 ж. 42 жас	Үстірт Сам 5 ауыл Гурьев округі	Қазақ	Сауатсыз, малшы	- »-
30	Есқазиев Тұрсынғали	1905 ж. 25 жас	Форт- Александровск	Қазақ	Сауатсыз	- »-
31	Ыбыраев Өтебай	1900 ж. 29 жас	Төлепқарау ауданы Адай округі	Қазақ	Бақташы, сауатсыз	Үй-мүлкі тәркіленіп, 3 ж. конц- лагерь
32	Қашенов Серғали	1895 ж. 34 жас	Адай округі Маңғыст. ауд.	Қазақ, адай, Кедей шаруа	Сауатсыз	- »-
33	Жанғазиев Мадемхан	1896 ж. 33 жас	Адай округі	Қазақ, адай,	Етікші, сауатсыз	- »-
34	Көшкенов Шах	1904 ж. 25 жас	Үстірт Сам Адай округі	Қазақ, адай,	Сауатсыз	Үй-мүлік тәркіленіп, 3 ж. конц- лагерь
35	Досқараев Шардек	1898 ж. 31 жас	Маңғыстау Бексаубет- Қандыбек- Алатөбе	Қазақ	Малшы, сауатсыз	- »-
36	Отарбаев Жылқыбай	1910 ж. 19 жас	Маңғыстау 7 ауыл	Қазақ, адай	Малшы, сауатсыз	- »-
37	Достанов Құты	1893 ж. 36 жас	Маңғыстау Адай округі	Қазақ, адай	Сауатсыз	- »-

38	Бекназаров Төреқали	1897 ж. 32 жас	Маңғыстау	Қазақ, адай	Сауатсыз	- »-
39	Шакеев Оразбай	1903 ж. 26 жас	Ойыл ауданы Адай округі	Қазақ, адай, кедей	Сауатсыз	- »-
40	Ибрагимов Шамғұн	1891 жыл 38 жас	Адай округі	Қазақ, адай, кедей	Сауатсыз	- »-
41	Балетов Асар	1879 ж. 50 жас	Маңғыстау	Қазақ	Малшы- аңшы, сауатсыз	- »-
42	Төремұратов Әбді	1897 ж. 32 жас	Төрде ауылы Маңғыстау	Қазақ	Малшы, сауатсыз	- »-

ҚҰНЫСКЕРЕЙ

Құрмаштың қиын кезеңде бірге жүріп, дәмдес болған серігі Құныскерей жайы кім-кімді де бейжай қалдырмасы анық. Хамза Есенжанов қаламы арқылы ол әуелі халықтық кейіпкерге, беріде заман түзелген соң ұлттық батырға айналғаны және бар. Марат Мәжитов ағамыздың ол жайлы жазған романы да сәтті туынды. Құныскерей тақырыбына бұрыннан да қызығып жүрген менің Құрмаш ісімен танысқан «істес» болғаннан кейін тіпті «емешемнің кұри» түскені сірә кұпия емес. Құдай қаласа, Құныскерейді бөлек желілі әңгіме қылу ойымда бар. Ол келешектің жоспары. Бұл жолы «Сабақты ине сәтімен» деп аңғартпа ретінде Құнысекең басына, соңғы мекеніне, үй ішіне арнап барған жолсапарымен ғана шектеле тұрамын.

1960 жылдардың басы. Қазіргідей күнді жалғап жағы сенбей жататын теледидары, киносы жоқ ауыл баласының сабақтан соңғы бар алаңы кітап. Кітаптың да көзі көп емес. Іздеп оқимыз, таласып оқимыз. Оқығанның оқиғасын әңгімелеп, әсерін ортаға салу – ол енді кішігірім жәрмеңке. Сол бір алыста қалған қамсыз балалық шақ бүгінде сондай естеліктермен сағыныш, сонысымен де қымбат. Сол уақытта талай балаң оқырманның ықыласын баурап, қиялын қырық құбылтып тамсантқан шығарма Х.Есжановтың «Ақ Жайығы» еді. Біз әрине онда романның негізгі идеясына, басқа да қалтарысына ой



жіберетін пайымнан мақұрымбыз. Көбіне еліктіретіні жалаң оқиғасы. Басты кейіпкер Құныскерейдің кесек қимыл әрекеттері. Әлі есімде ауыл сыртында қаптаған әскерді насыбай атқан болып алдаусыратып қоршаудан сытылып кеткен, Жолмұқанды жолдан торыған Құныскерей болып талай ойнадық. Бейне біздің бала тілегімізді қабыл алғандай жазушы «Ақ Жайығын» жалғастыра берді. Оны ілесе оқыған біз де естияр тарттық. Құныскерейді арғы Үстірттің қырына аяғын іліктіріп тастап, қимай-қимай қоштасып тындық ақыры. Кейіпкердің онан арғы тағдыры қалай болды, ол жұмбақ болып қала барды. Ел аузындағы қауесетке қарағанда ол аман-есен әлде Өзбекстан, әлде Түрікменстан не Тәжікстан әйтеуір «станның» біріне барып, үйлі-баранды болып қоңырқай шаруа тірлігін кешіп, бертінде өз ажалынан бақилық болыпты-мыс.

Бала күнімнен етене қымбатты Құныскерейімнің ақырын ондай «дейді екен» қауесетке «қиып» қалдыра қоятын оқырманыңның сойы мен емес. Оның үстіне «алтын шыққан жерді белден қазып» түбіршіктейтін журналистік кәсіби әуесқойлығы түскірім тағы бар. Әлгі құлаққа талып жеткен қауесет түбін індеттім келіп. Қанша дегенмен баяғыда сұрай-сұрай Меккеге барған Бөлебай қажының ақтығы деген атағым бар емес пе, таптым ақыры іздегенімді! Дәлірек айтқанда Құныскерейдің өзін емес, ол мен ізін шығарғанда бақилық болып кеткен екен, көзін соңғы жанұясы, қосағы Марияны, қыздары Шолпан мен Айманды, олардан өрбіген ұрпақтарын көрдім. Сөйтіп, бұл да бітіп кеткен шаруа болды. Және менің мен болғалы бітірген бір үлкен шаруам екен десем артық айтқаным болмас. Оларды қайтіп іздедім, қалай таптым – ол үлкен хикаяның желісі. Оны баяндауды әзірге сәтті күннің еншісіне табыстай тұрып, көген түпке көшейін.

1996 жыл. Шіліңгір шілде. Түрікменстанның Кушка қаласына жақын темір жол бекеті. Сиыр сәскеде соған келіп түстім. Күні бұрын хабардар ауыл адамдары күтіп тұр екен. Қарсы алып үйге бастады. Үй болғанда ат маңдайын тіреп келе жатқан Құныскерей шаңырағы. Алдында Мария шешеміз сал ауруы соғып сырқаттанып қалды дегенді естіп көңілім күпті еді, оны сауыққан, сәлемат күйінде көрген соң жағым жайлау болды.



Екеуміз әңгімелесіп отырмыз. Мария шешеміз ашаң келген, аққұба, ширақ кісі екен. Татар қызы. Бірақ қазақша еркін, тіл бұдырынсыз, шешен, көсем сөйлейді. Онысына тәнті болып «Бәсе Құнысекең тегін адамды әйел қылмайды ғой» деп мадиықтанып отырмын іштей.

– Мен Татарстанда туып-өстім, – деп бастады Мария әңгімесін, – әкем үлкен молда кісі еді. Қажы – молдаға қатерін тіге келген Кеңес үкіметі 1931 жылы тәркілеп соттап жіберді. Сөйтіп, 18 жастағы мен қиырдағы Новосибирскіден барып бір-ақ шықтым. Барысымен жұмысқа жекті. Лагерьде болмағанмен еріксізбіз. Комендатурамен есептесеміз. Айына екі рет тексеруден өтіп тұруымыз керек. Ол заң. Бұзсаң түрменің төрінен бір-ақ шығарады. Жасымнан орысша оқыған соң орыс арасында пәлендей өгейлік көргенім жоқ. Сауаттылығым әжетке жарап жеңілдеу жұмысқа қолым жетті. Бір меймандос, мейірімді орыс кемпірдің үйінде пәтерде тұрдым. Әндекеңмен сонда ұшырастым.

– Әндекеңіңіз Құнысекең ғой, – деп пысықтап жатырмын мен.

– Мен үшін оның есімі Әндірей – Әндекең. Марқұмның азан шақырып қойған Құныскерей атын көз жұмарының алдына дейін естімей де, білмей де келдім, – деп түсінік берді шешеміз.

– Сіз Новосибирскіге жер аударылып бардыңыз. Ал Құнысекең қалай барыпты?

– Ол жағын білмедім. Сірә, аласапыран уақыттың селбеуімен болар. Жалпы ол уақытта онда қазақтар көп еді. Тіпті бөлек ауыл болып отыратын. Мен білгенде әуелде Әндекеңнің басында бір әйел болыпты. Артынша Әндекең әлдебір бұзықтармен шатысып қалып жұмысы ауыр басқа бір жерге ауыстырылды. Бұрынғы мекенде қалған әйелі отын жағып отыра алмады. Артына сөз ерді. Әндекең келген соң онымен ажырасып тынды. Онан соң ол әйелдің қайда кеткенін білмеймін. Шалымның бір айтқанынан құлағымда қалғаны – мен оның төртінші рет жұптасқан төмен етексімін. Жә, бірді айтып бірге кетіп қалдым ғой, Новосибирскіге оралайын, – деп алды да шешеміз әңгімесін әрі жалғады.

– Салтбасты Әндекеңнің көзі бір күні маған түсті. «Сен қызды әйел қылып алам» деді. Онысын қалжыңға жорыған мен «Сендей



шалға зар болып жүр едім» деп қалжыңмен жауап бердім. Ол қарқылдап күліп «Бұл шалың әлі сендей он сұлуды қартайтады» деді. Кездескенде, ұшырасқанда әңгімеміз осылай болып келіп жүрді әуелде. Мені мұсылман деп ондағы қазақтар іш тартатын. Новосибирскінің іші ол уақытта жаман, ұры-қары көп. Күндіз кісі тонау, өлтіру, зорлау. Көшеге түн баласына аттап шыға алмайсың. Күндіз де қауіпті. Кейде кешігінкіреп қалғанда Әндекең үйге әкеліп тастайтын. Жалпы Әндекең кісілігі мол, өте мейірімді адам еді. Мені аламын дегенмен оғаш әрекетке барған жоқ. Қайта оңашада өзін менің қамқоршы ағамдай ұстайтын. Тіпті ұялшақ деуге сыятын биязы болатын. Мен тұратын пәтер иесі жалғызбасты. Қарасар ешкім жоқ. Қыста ауланы қар басып қалады. Екі әйелге отын қамдау да оңай емес. Осы күнімізді көрген Әндекең мықтап қол ұшын берді. Осынысымен пәтер иесіне де ұнады. Айтпақшы, Әндекең орысша өте жақсы білетін. Мүдірмей сөйлейтін. Бір күні анамдай бауыр басып кеткен орыс кемпірім: «Қызым, заман болса мынау. Жалғыз жалқы жүрген саған сүйеніш керек. Кез келген бөрікті күйеу болып тағы келістірмейді. Және осы ортада дені дұрыс еркек те доқ. Көбі баукеспе, соғылған. Менің ақылмды алсаң мына Әндірейдің етегінен ұста. Мен адам танысам бұл нағыз азамат. Алтын басыңды қор қылмайды» деген ақылын айтты. Шынын айтсам, маған керегі де осындай еді. Әндекеңді іштей ұнатып қалғанмын. Келістім. Пәтершім сөйтіп бізге батасын беріп қос қылып отау тіктедік. Бас еріксіз болғанмен көңіліміз сергек. Екеуміз жұмыс жасаймыз. Әндекең шалымды, қайратты. Сонысына орай табыскер. Бірақ дүние жинап, тұрмыс түзейік дейтін кісінің сиқы емес. Шашпа болғанда босына тасып төгілмейді. Жоқ-жұқанамен бөліседі. Мен әрине қолынан қақпаймын.

Бір күні Түрікменстаннан жұмысқа адам алуға өкілдері келіпті. Ол жақта тұрмыс жақсы, молшылық, ауа райы жылы деген хабар естілді. Барып анығын біліп келген Әндекең:

– Япыр-ай, өзі өзен бойы, халқы да өңшен мұсылман, әсіресе қазақтар дейді, – деп ауаланып оралды.

– Ендеше көшелік. Бәрібір туған жерден жырақпыз. Мына қарлы боран Новосибирскіден жаман болар дейсің бе?



– Көшу оңай болмай тұр-ау, Марияш. Мына документім жарамсыз, түбі шикі, бір ауылсовет ағайыннан сүйкектетіп жазғызып алған мынау не документ болып жарығтар дейсің, – деп күмілжіп бір қағазды алып көрсетті. Оқып қарасам Әбілқайыр Жамановтың атына берген анықтама екен.

– Иә, осы, менің құжат жүзіндегі заңды аты-жөнім Әбілқайыр Жаманов. Өзгесін сен сұрама. Андрей деп тарта бер, – деп түсінік қосты оған Әндекең. Мен тап ол жерде ештеңенің байыбына барғаным жоқ. Көшпейтін болдық қой дедім де оны-мұнымен айналысып кеттім. Арада екі-үш күн өткен соң Әндекең үйге ерте оралды. Артынып-тартыңған нәрсесі азық-түлік, арақ-шарап.

– Тезірек дастархан қамда. Үйге қонақ келе жатыр.

Қонақсыз сірә болмайтынбыз. Әндекеңнің достары көп. Солардың бірі шығар деп іске кірістім. Жалпы мұсылман әйелдерінде ерінің ісін тігіп, мошқап сұрап жату ерсі ғой. Кешікпей күткен қонақтарымыз да келді. Оларды көргенде көзім атыздай болды – комендант пен екі көмекшісі. Тапаншалары белінде, былғары белбеу, тартпалары сықырлап кіріп келді. Асқа отырды. Бөтелкелер босап қалып жатыр. Біздің Әндекең арақ көтергіш. Картаға да кет әрі емес. Шай артынан карта ойнау басталды. Ұзақ ойын болды да, арақ та ұзақ ішілді. Бөлме іші көк түтін. Мен елпектеп қызмет қылып жүрмін. Бірақ біртүрлі көңілім алаң. Апырай-ай мына қызыл көздермен қайдан ұшыраса қалып еді. Арты жақсылықпен бітсе игі деп қауіп ойлаймын. Ақыры ойым айнамай келді. Әндекең ұтыла бастады. Әуелі ақшадан айырылды. Артынша киім-кешек кетті. Кезек үйдегі іліп алар нәрсеге жетіп, олар да ұттырылды. Сырттай комендант пен көмекшілері әйелқұмар, маскүнем, паракор дегенді естуші едім. Сол рас болып шықты.

– Бір уақытта коменданттың «Бәлкім, енді әйелінді саларсың» демесі бар ма. Әндекең көнді. Мені картаға салды. Сол жерде не болып кеткенімді білмеймін, тарс жауып шығып дәліздің бұрышына барып ағыл-тегіл жылай бердім. Сөйтіп отырғанда иығымнан біреу келіп тұрткенде қарасам – Әндекем. Жымиып күліп тұр.



– Өй, күлмей күмірә кет сен!

– Жә, Мәрияш, ашуыңды бас. Бәрі оңынан оралды. Жүр, әлгі иттердің басына ақ құйып шығарып салалық.

Әндекеңе еріп бөлмеге енсем, қонақтарымның аптығы басылып қалыпты.

– «Тебе повезло» дей берді комендант бас шайқап. Кетерде ол немең тіпті Әндекеңе жалпоштанап қолын қайта-қайта қысып әлдебір уәдені пысықтап жатты. Олардың қарасы батуын күтіп отырған мен өзді-өзіміз оңаша қалған соң зікірді салмаймын ба енді келіп.

– Жат ел, жат жерде тентіреп жүрісіміз мынау. Қасындағы жалғыз серігің, етегіңнен ұстаған жарың мені картаға салғаның не көргенсіздігің. Мұны көргенше менің өліп кеткенім жақсы еді. Әлі де кеш емес.

– Әй, Мәрияш-ай, сен дым да білмейтін шикі екенсің ғой. Тіпті мені картадан ұтатындай кім болыпты олар. Бәрін жорта жасадым. Солай ету қажет болды.

Артынан білсем Әндекең әлгілерді басында өтірік ұтылып арандатыпты. Мені салғаннан кейін ұтылғанның бәрін қайта ұтып алған. Оған қоса қонақтардың ақшасын да ұтқан. Қыздықыздыра келгенде Әндекең «енді сендер қаруларыңды киім-кешек, документтеріңді салыңдар. Мен әйелімді салдым ғой. Сендердің тәуекелдерің соған жетпей ме?» деп қарайды ғой. Ұтылғандар келіседі. Әндекең оларды да сыпырып алады. Қонақтар тығырыққа мықтап тіреледі. Жалынуға көшеді. Әндекең сол жерде құжаттарын жөндеп беруді шарт етіп қояды. «Оны орындамайынша документтерің мен құралдарың берілмейді. Қысастық ойласандар бұл жоғары басшыларыңа жетеді» деп қорқытады. Коменданттың келіспеске лажы жоқ. Сол күні түс қайта көмекшісінің бірі біздің жаңа құжаттарымызды, Түрікменстанға барып жұмыс істеуге берілген ұлықсат қағаздарымызды қосып әкеліп тапсыртып, ұттырғандарын алып кетті. Өтірік айтқан жерде көп тұрма деп ойлаған біз ертесіне анамыздай болып кеткен орыс кемпірімен қоштасып, Түрікменстан қайдасың деп поезға отырдық. Айтқандай жаңа



жеріміз жайлы қоныс екен. Мургаб өзенінің жағасы. Көкорай шалғын. Егістік. Байырғы тұрғындарды – түрікмендер қашықта мал соңында. Мұндағы ел табаны Қазақстаннан қоныс аударған қазақтар, аздап ұйғырлар, орыстар бар. Қазақтардың бәрі дерлік Маңғыстаудың Адайлары. Орыс жерінде қоңылтақсып жүрген біздер бейне ағайын-туманың ішіне келгендей болып бір жасап қалдық. Осында Әндекең өзін «руым шеркеш. Әкем баласы тұрмаған соң атымды Әбілқайыр қоюын қойғанмен Әндірей деп атап кетіпті» деп таныстырды өзін. Содан соң жұрт оны шеркеш Әндірей деп атап кетті. Ол егіске бригадир болды. Ашық, мол қол еңбеккер күйеуім жаңа ортаға тез сіңіп кетті. Осында байқағаным ол шебер ұста екен. Қолынан келмейтіні жоқ. Колхоздың темір-терсекке қатысты шаруасын өзі бітіріп жүрді. Осында келгелі бір ұл балалы болып едік, ол жастай шетінеді. Артынан Шолпан, оған тете Айман келді өмірге. Екеуі де әкесіне тартқан бойлы, сойлы боп өсті. Әкесі оларды еркелетіп Шолпанды «Сары нарым», Айманды «Қара нарым» дейтін. Шолпан сабаққа алғыр болды. Есеп техникумын бітірді. Айман шаруаға бейім болды да үйден ұзап шыққан жоқ.

– Құнысекең бұл бетте басшылық жұмыста болды дегенді естіп едік. Ол рас па?

– Иә, бастық болып та көрді. Орысша білетін, сауатты, адал, еңбекқор кадр ретінде қадірленді. Басшылар көтеруге құлық таныта берді. Сөйтіп, соғыс кезінде колхозда басқарманың орынбасары, ауданның майданға ат дайындайтын маман өкілі болды. Бірақ Әндекең басшылыққа онша құлық танытпады. Бірде ауылдық кеңеске депутат қылып сайлағанда қатты ренжіді. Аудан, облыс орталығында өтетін әртүрлі жиналыс, озаттардың слеті дегеннен ат-тонын ала қашатын. Әйтеуір бір сылтау тауып бармай қалатын. Тіпті мына тұрған облыс орталығы теміржол бойының жөндеу жұмысына басшылық жасады. Броны болғандықтан әскерге алынбады.

– Біз естіп білгенде ол асқан мерген еді делінеді.

– Қаншалықты мерген екенін білмеймін. Үйде мылтығы болды. Оны бір көршіміз қол үздік қылып алып кетіп еді. Ол



көршіміз қазір Алматы облысында тұрады. Жазда ауылды етсіз қылмайтын. Есімде бірде ертеңгісін атпен аңға шығып кетті. Түске тармаса біз сілтеген жерге арбамен барсақ – көлеңкеде атқан киіктерін үйіп отыр. Ат дегеннен шығады, белдеуден аты үзілген емес. Және бәрі шетімен шалымды жүйрік болатын. Бұл ел жылқы етін жемейді. Соятындары қой, түйе, сиыр. Осы төңіректе қыста соғымға қосарлап жылқы соятын біздің үй ғана. Жылқыны сойып, етін қақтап, қазысын айналдыратын отағасының өзі. Ет – жалпы ол кісінің негізгі асы. Ұзақ сапарға шыққанда тұзын ащы қылып қуырған майлы қуырдақ пен ащы құрт алатын. Ең сүйікті сусыны қымыз еді. Ауылда Мургабдан орыстармен бірігіп балық аулап, қақтап жүретін өзі. Бұл жердің онан өзге қазақтары балықты тағам деп танымайды.

– Қара қайраты қандай еді?!

– Сұрама қарағым, айтатыны жоқ. Өте-мөте қайратты болды. Бірде таңсәріде үйге малмандай болып алты түрікмен келіп тұр. Бір жауынды, лайсаң күн еді. Ауыл сыртындағы сорға аттары батып қалыпты. Әндекең түрікменше білмейді. Енді осыларша былдырламай-ақ қойдым, керек болса менің қазақшамды түсініп алар деп үйренбей қойған. Әлгілердің хабарын естіген соң «алтауың бірдей аттарыңды батырып жүрген өздеріңе болайын» деп ұрысып алып, төтеннен бір қозыны бауыздап тастап маған етін сала беруді тапсырды да өзі арқан, жіп, бір жалпақ тақтай алып кете барды. Қасына екі жас түрікменді ертті. Шай ішіліп бола бере үшеуі аттарды алып келіп тұр. Түрікмендер таңқалып басын шайқай береді. Айтыстарына қарағанда қарнымен тіреліп батып тұрған аттардың бауыры астынан шұңқыр қазып табан астына тақтай салған. Әндекең алтауын иығымен көтеріп қорқ-қорқ еткізіп суырып-суырып алып шығыпты. Ал мінезіне келсек жұмсақ, биязы еді. Бірақ, басынан сөз асырмайтын. Төбелес, жанжал дегенінді білетін кісі емес. Сонысына қарай төңіректің қазақтары да, түрікмендері де қатты сыйлайтын. Бәрі бір ауыздан «Әндекең» деп қалт тұратын. Қайраты дегенде еске түседі, тағы бірде колхоз шаруаға бақшалық жер беріп жатыр дегенді естіп, шалыма «соңыра балалар кімге көзін сатып жүреді. Сен де қамдансаңшы»



дедім. Ол «е» деді де қойды. Күз болды. Бақша пісті. Әндекең бірде арбасын сүйретіп келді де бәрімізге өзімен бірге жүріңдер деді. Бір қыр асып келсек, бүтін бір ой толы бақшалық. Шетінде талдан қосы тігулі тұр.

– Ал сендер мынаны жинай беріңдер. Мен аң қағып келейін. Балалар көптен қызылсырап жүр еді, – деп кетіп бара жатқанда шалғайына орала кетейін:

– Тал түсте біреудің бақшасын қалай үптейміз. Беті аулақ.

– Е, мұны біреудікі деп кім айтты? Біздікі.

– Жазған-ау мына атшаптырым ойды қалай, қашан жыртып үлгергенсің.

– Сен анада жер алмайсың ба деместен бұрын-ақ мен бұл шаруаны тындырғанмын.

– Шамаласаң да болатын еді ғой. Мынаның бәрін қайтеміз, қалай тауысамыз?

– Е, көршілер бар емес пе? Олардың аузы жоқ деп кім айтты. Жинап үлгере алмасаңдар соларға айтыңдар. Келіп қол ұшын берсін де, керегінше алсын.

Шалымның сол егісінің игілігін бүкіл көрші-қолаң көріп мырғамға бір батты.

Әндекеңнің шын мәнінде кім болғанын сезген, білген ешкім болған жоқ па? Жалпы күдік алған жоқсыздар ма? Бәлкім, оның бірде болмаса бірде өткені жайлы жақ ашқан, сыр берген сәті болған шығар.

– Соңғы кезге дейін ештеңе сезген жоқпыз. Тек 1960 жылдардың басында көрші ауылға Қазақстаннан бір туысы келді. Бәріміз сәлем бергелі бардық. Әлгі қонақ менің отағасымнан көз айырмай қараумен болды. Кісі сиреген аракідікте барып:

– Заңғарым-ай, бар екенсің ғой, – деп келіп қолын алды. Артынан екеуі оңаша кетіп, дария жағасында ұзақ отырып әңгімелесті. Содан оны үйге әкеліп қонақасы берді. Басқа қонақасыдай емес, бұл дыбыр-дыбырсыз өтті. Екеуі оңаша болды. Түнде төргі бөлмеге төсек салдырып тағы ұзақ әңгімелесті.

– Бұл кім, бұрыннан таниды екенсің ғой, – дедім мен ертесіне сыр тартып. Оныма алған жауабым: «Көп білсең тез қартаясың»



деген жалғыз ауыз сөз болды. Осы оқиғадан кейін отағасымның назары біраз уақытқа дейін пәс жүрді. Көп күрсінді.

– Сол қонақ келіп кеткен соң көп ұзамай, – деп есіне алады Шолпан, – әкем екеуміз жер жырттық. Мен түйені жетелеп келе жатқанмын. Дамылдауға аялдаған жерде қарасам әкем ағыл-тегіл жылап келеді екен. Оның көз жасын бірнеше рет көргенім еді қатты абыржып қалдым.

– Не болды, көке?

– Е, есіме қай-қайдағы түсіп. Бұл көкеңнің көрмеген құқайы бар ма?! Тек аман-есен жер басып жүргеніме шүкіршілік.

Жалпы мен әкемнің тегін кісі емес екенін бұрын да бір рет сезгенмін. Техникумды бітірген соң ауылда есепші болдым. Алғашқы рет есеп-қисабымды өткіздім. Бірақ көңілім алаң. Бүлдіріп алған сияқтанам да тұрам.

– Сары нарым, біртүрлі көңілсізсің ғой. Не болды, – деп сұрады көкем. Мен мән-жайды жасырғаным жоқ.

– Қағаздарыңды бері берші, мен қарап көрейін, – деп менің есептерімді алды да бір шай қайнаттымдай уақыт өткен соң, – Е, бәрі дұрыс қой. Тіпті сен нағыз есепші екенсің ғой өзі, – деді көңілі көншіп.

– Ойбай-ау, көке, сенің сауатсызбын дейтінің қайда?

– Қажет жерінде сауатты бола қалу қиын емес, – деп күледі көкем. Мен онан әрі сауал бере алмадым. Жалпы көкем бірдеңені мошқап мыжи бергенді ұнатпайтын. Бізді де соған баулыған.

– Қазақстанмен хабар-ошар алысып тұрды ма?

– Жоқ. Баяғыда Новосибирскіден келе жатқанымызда басып өткенімізден кейін олай қарай ат ізін салған жоқ. Бізге сірә жол түскен емес. Бірақ Қазақстанға қарай құлағы түрік жүретін. Радиодан ол жақ көркейіп жатыр дегенді естігенде қатты көңілденіп қалатын. Маңғыстаудан мұнай табылыпты дегенде қатты қуанды. «Адайлардың асығы алшысынан түсті-ау» деп күліп домбырасын күйледі. Ол аракідік көңілі келген кезінде домбырамен қосылып әнде салатын. Әндері көбіне мұңды келуші еді. Ән салғанда сергу орнына мұңайып, жабырқап қалатындай болатын.

– Қазасы қалай болды?

– Бәрі сол қайырымдылықтың, көңілшектіктің кесірі, – дейді



Мәрия шешеміз, – 1965 жылдың көктемінде Мургаб тасыды. Қатты тасыды және анау-мынау емес. Соны тамашалап жағада тұрғанбыз. Көршінің бірі жамандатқыр өгізі бар еді. Үлкен атан өгіз. Бір уақытта сол өкіріп суға кетіп барады. «Ұста, ұста» болып жатыр. Бірақ ешкім орнынан тапжылар емес. Мұзы деп беріп кеткен Әндекем жандәрмен күйі әлгі өгізді мүйізінен тартып жағаға шығарды. Сол түні қызулап ұйықтай алмай шықты. Артынша жөтел пайда болды. Ол тіпті үдеп кетті. Ол аз дегендей қуығы байланып мезгіл-мезгіл несембі де жүрмей қалатын болды. Қараған дәрігерлер Ашхабадқа апарып операция жасау керек дегенді айтты. Әндекең оған ыңғай бермеді. Сондағы айтқаны: «Бұл қу жанды шүберекке түйіп біраз седеттеп сақтадым ғой. Енді маған өкпесі жоқ шығар. Шығып кетсе жолы болсын».

– Кесегі өзгермейтін кісі еді. Бұл жолы да сол дағдысынан жаңылған жоқ.

– Елде ат үстіндегі үш үзенгілес азамат едік. Қу заман оларды қыршынынан қиды. Мені сең соққан балықтай жағасына қайырлатты, – деген бір сөзі тағы құлағымызда қалыпты. Ол серіктері кім, ол жағы бізге сірә жұмбақ.

Шыдамды кісі еді. Ауру зардабына шыдап бақты. Күзге салым қатты меңдеді. Қан түкіретін болды. Салдырап қу сүйегі ғана қалды. Күндіз көлеңкеге төсек салдырып жататын. Аракідікте жел Арқа-Атырау беттен соқса «қайран туған жердің ауасы-ай» деп қошуақтанып, қунап, кеудесін кере дем алып бір жасап қалады. Сондайда көзіне жас алады.

Бірде үшеумізді жанына шақырып алды.

– Тайсойған, Бүйрек деген жерім бар еді. Ысық деген елім бар еді. Қазір оны Гурьев облысы Қызылқоға ауданы дейді. Атамекенім сол. Түсімде көрдім – қора жай, үйімнің орны да сақталыпты. Көзімнің тірісінде соларды сендерге көрсетіп, ағайынмен таныстырып кетейін деп жүр едім, құдай ол тілегімді хош көрмеген екен де. Әйелім, 2 ұлым, қызым қалған. Қызым түсіме кірмей кетті – жастай қайтыс болған болуы керек. 2 ұл тірлікте бар. Біреуі туған жерден ұзамаған шығар. Әкемнің моласының қасында түсімде бір бәйтерек өсіп тұр екен. Соған жорыдым. Іздеп сұрау салындар. Туысым деп бауырын ашып келсе келер.



Бұл шалымның арыздасқаны екен. Артынан мені оңаша алып қалды.

– Мәрияш, артық-кем кеткен жерім болса кешім ет. «Қара нарымның» қасында боларсың. Ол қара шаруаға бейім. Соған сол қолайлы. «Сары нардың» бұйдасын түріп қалаға жібер. Ол қала үшін жаратылған адам. Қала әрі балалардың оқып, ілгері басуына да қолайлы.

Шалымның бұл тапсырмасын мен кейіннен бұлжытпай орындадым. «Қара нарыммен» қалып қара орнымды суытқам жоқ. Мынау отағасымен отбасы, өз қолымен тұрғызған құтханасы. Кәрі саулықтың жасындай жасым қалды. Осы босағадан үш буылып шықсам арманым жоқ.

Құнысекең – Әндекең – Әбілқайыр қайтар алдында ауылдың өзі тұрғылас дос-жар шалдарын шақыртып алады. Сол күні қунақ болды дейді.

Әндеке, тіфә, тіфә, түлеп қаялшың ғой. Ауру бетін әрі салған сияқты ғой. Құдай қаласа келесі жазда екеуміз атпен баяғыша аң қағармыз әлі, – дейді мұнымен өзгелерге қарағанда етене әрі әзіл-қалжыңы жарасатын Қалабұзар молда. Ол ежелгі қоңсы. Руы кедей жеменей. Қалабұзар – лақап аты. Баяғы 1931 жылы Адай көтерілісінде Фортқа басып кірген жүздікті бастап, көтеріліс жеңілген соң осылай қарай бой тасалап кеткен. Сонда қала шапқан дақырты өзінен қалмай мұнда да ілесіп жетіп жеңгесі Қалабұзар қайным деп атап, содан Қалабұзар атанып кете барған. Иесінің жаңа есіміне етене болып, бауыр басып алғаны соншалық көлденең кісіге өзін солай таныстырады.

– Сол ажалы түскір алыстап кете алмай тұр-ау. Бұл бойы жазғаным шығар. Срогім санаулы. Қалабұзар, жаназамды сен оқы, – дейді сырқат, – Аты-жөнімді кім деп шығарасың сонда?

– Е, айтпақшы сонысы бар екен ғой. Ал кім деп шығарғанды қалайсың?

– Қожахметұлы Құныскерей деп шығар. Руым ысық, оның тоғызбайы, сағын парсы.

– Білем ғой, Құнеке. Тек алдыңнан өтіп жатқаным-дағы.



– Сенің білетініңді өзім де білетінмін. Заңғар, ішіңе бие түгілі түйе де сыя береді-ау. Талай бірге жүргенде сол білетініңді ең болмаса өзіме бір сездірмей келдің ғой.

– Бұл мақтауыңды ана Тобанияздың Зәкіржанына, Демесіннің Жөнақышына да айтқаның абзал. Сенің Құныскерей екеніңді олар баяғыдан бері дөп басып келді. Бірақ ешкімге тіс жарған жоқ.

– Оларыңа мың да бір рахмет. Баяғыда Сібірден келгенде осы ауылды солардың тектілігіне арқа сүйеп таңдағаным бекер болған жоқ.

– Сырқат өз жағдайын өзі дұрыс шамалаған екен. 1965 жылдың 27 январы күні бақилық болып кете барды. Сөйтіп кезінде Атыраудың екі бетін дүрілдеткен атышулы азаматына топырақ қиырдағы Түрікмен жерінен бұйырды. Зар заманы, талайлы тағдырға мойынұсындырып жеңе алмаған ерді жазмыштағы жалғыз жеңімпаз ажалы ғана ақ жолымен келіп жеңе алды.

Денесі өз өсиеті бойынша ауыл сыртындағы Саршөп дейтін зиратқа жерленеді. Басына ел қызыл кірпіштен кереге там тұрғызады. Біздегідей емес құрылыс материалы қат ол жерде қызыл кірпіштен өріп там салу кез келгеннің пешенесіне бұйыра бермеген. Бұл да болса елінің арда ұлына баға, қадір-құрметінің бір жоралғысы. Айман кейіннен ақ мәрмәр тасқа әкесінің туған, өлген жылдарын көрсетіп, құжаттағы атақ-жөнімен «Жаманов Әбілқайыр» деп жаздырған екен. Бірақ шын есімі басқаша, оны қалай қоюдың ретін таба алмай тасты үйінде сақтап отыр екен. Менен қалай ету керек деп кеңес сұрады.

– Әуелі «Қожахметұлы Құныскерей деп жазып астына жақша ішіне «Шеркеш Әндірей – Әбілқайыр Жаманұлы» – деп жазған дұрыс болар. Құнысекеңнің тағдырлас үш досының бірі Ерғалидың Аязбайынан қалған жалғыз тұяқ Геннадий Шульга – Мұрат Ерғалиұлының басы солай деп ақыл бердім мен. Кедей Жеменей ауылының келіні Айман маған жеңге болып саналады. Соған сайып:

– Өзімнің Әбілқайыр атыма осы қазір қатты риза болып тұрмын. Жарықтық Құнысекеңді 35 жыл бойы қанатының астына паналатқаны үшін дегенді үстеп қойдым. От тіл, орақ ауыз неме



менің ол сөзімнің: «Атының өтеуін менен дәметсең әуселенді көрермін», – деп қарымтасын сол бойда қайтара қойды. Мықтап қайтарды. Күліп жатырмыз.

– Іздеп келген атаң осы. Өзі жат жерде, екі қызбен мені де жат жерде қалдырып жатысы мынау. Жай жатқан жоқ мені күтіп жатыр. Анау оң жағындағы менің орным, – дейді Мәрия шешеміз сөзінің делбе ұшын қалжыңға беріп.

Тағы да бір ұзақ дұға оқылды. Кетіп бара жатып молаға қайтарылып қарау мұсылман дәстүріне шетін. Молданың баласы бола тұрып, мен сол жерде сол дәстүрді бұзып алдым. Дауыс естім жер шыға артыма қалай бұрылғанымды білмей қалыппын. Құмақ төбе басындағы еңселі бейітте бейне қимасым қалып бара жатқандай көрінді. «Жатқан жерің жайлы болсын, арыс қазағымның кесекті ер ұлы!» дедім күбірлеп.

«ДОС МЫЛТЫҒЫМЕН КЕЛМЕЙДІ»

Марқұм Қаршыға Сүйербаяев ақсақал заманында Маңғыстаудың белгілі адамдарының бірі болған кісі. Менің ол ағамен таныстығым 1985 жылдан. Облыстық аурухананың көрші екі палатасында қатар аз күн жаттық. Көзі ашық, әңгімеші адам екен. Тез шүйіркелесіп кеттік. Әңгіме орайының реті келіп Көрпе Размағанбет атымен танымал геолог Оразмұханбет Тұрмағанбетұлына келіп тірелгені. 1931 жылы Түрікменстан асып, одан Иранға өткен «халық жауы» ол туралы көп айтыла бермейтін уақыт. Бірақ құлақ түрік. Біле жүрейік деп сұрағыштап жүреміз. Сөйтсек те сақпыз. Сырттай әуесқойлық рәуіште сауал жағалатқанымызбен іштей қажеттілігіміз барырақ. Оны қали қадарымызша көлкештеп жасырып баққан боламыз.

– Оразекенді мен көрген, алдынан дәріс алған, тіпті маңдайыма аз-мұз шапағаты тию жазылған адаммын, – деп салғаны бірден мың болғыр Қаршекеннің. Бұрын Оразмағанбетті көргені түгіл ол туралы естігенін айтуға қорқатын талай көнекөздерден «аузы күйіп, запы болған» мен сол жерде «алтын шыққан жерді белден қаза» жөнелейін енді.




– 1931-дің қысында біздің ауыл Қызылсуға жақын бір қабат құмның ішіндегі көнді қыстады, – деп Қаршекең әңгіме тиегін ағыта жөнелді. – Оразекең үйі Қызылсуда. Сондағы ортасын пешпен бөлген тас үйде. Әлі бүтін тұрған мектеп үйін білесің ғой. Ол уақытта оның аты – мешіт. Тұрмағанбет ахун – Орекеңнің әкесі салып бала оқытыпты о баста. Қазіргі молдасы, Кеңес үкіметінің саясатына қарай оны енді мұғалім дейтін болғанбыз, Орекеңнің өзі. Аяқ жетер жердің балалары соған қатынап оқимыз. Үлкендердің айтуынша біздің оқуымыз бұрынғы молданың оқуы емес жаңаша. Төтеше оқып, жазуды, есепті, жағырапия, тарих сабақтарын оқимыз. Көбіміз есейіп мектеп есігін ашқандікі ме, әлде мұғаліміздің оқытуы күшті ме, сірә екеуі де бар шығар, әйтеуір бір жаз, бір қыс оқығанда әжептәуір білім алып қалдық.

Бала болсақ та естіп, шетін көріп жүрміз қар көбесі сөгіле-ақ ел ішін мазасыздық кеуледі. Мешіт – мектептің бір бөлмесі толы кітап еді. Олар қандай кітаптар – білмейміз, тісіміз батпайды. Сыртынан көргенімізге мәзбіз. Сосынғы бір таңсық нәрсе сырт қорабы жылтыраған қара қобди. – Орекең соның құлағын бұрап қойып жер-жермен сөйлесіп отыратын еді, қазір ол үнсіз тұр. Бірденесі жетпейді. Жаз шыға сонысын әкеліп беретін орыс достарын асыға күтіп жүр-міс, – дегенді естиміз үлкендердің айтқанынан. Бір күн түнде көп кітап, әлгі қобди «жоғалды». Пыш-пыш әңгімеден білгеніміз – Орекең оларды апарып бір жерге жасырыпты-мыс. Жұртты аузына қаратып ұйытқан Орекең бойын бұлай қауіп билегенде былайғы елге не жорық. Онан сайын дүрлігісіп кетті. Тек оның өзі ғана сыртқы сабырын жоғалтар емес. Сабағын оқытып жатыр.

Бір күні «ел ішіне әскер шықты. Қолдағы бар малды тартып алып ортақ қазанға тоғытады-мыс. Қарсыласқанды сол жерде атып тастап жүре береді екен» деген хабар жетті. Мал қарасы барырақ ауылдардың алды жылыстап көшіп кете бастады. Тек Қызылсу басындағы он шақты үй ғана әзірге орнымызда отырмыз. Онымыз – ауыл басшысы Орекеңнің ыңғайына қарағанымыз.

Бір күні ертемен тұрғанда көрдік – ауыл әскер қоршауында. Сірә



басшылары болуы керек 3-4 адам мешіт-мектепке келіп орналасты. Тілдеріне түсінбейміз. Бірдеңе-бірдеңелерді айтып ымдайды. Мен дәу де болса басшымызды сұрап тұрған шығар деп ойлап, Орекен үйіне барсам ол өз үйінің төрінде отбасымен отыр екен. – Есік аузында екі солдат бір ожаумен кезек-кезек қазандағы піскен сүтті қылғытуда. Мен Орекеңе басшылардың іздеп жатқанын айтып, ол орысша бірдеңе дегенде әлгі екеуі әуелі бір-біріне таң қала қарасып алды да, ауыздарын асығыс жеңдерімен сүрте салып сыртқа беттеді. Мен әуесқойлығым жеңіп Орекеннен қалмай еріп келдім. Орекен бөлме ортасында состиып тұрған 3-4 орыстың ішіндегі маңдайында қызыл жұлдызы бар бас киімді, иығынан асыра тартпа белбеу буынған біреуіне әлдене деп тіл қатып еді бұлар да әуелі бір-біріне қарап таңқалған сыңай танытты. Сосын әлгі киім киісі бөлектеуі күліп әлдене деп қолын ұсынды. Екеуі кішкене әңгімелескен соң Орекен мені үйіне жұмсап осында шай әкелуді тапсырды. Тездетіп бір мал жайғап қуырдағын шаймен бірге әкелу қажеттілігін үстеді. Біз айтқанды орындап, бар мәзірімен дастархан жасап жатырмыз. Шақырусыз тосын қонақтардың аузы үй иесімен әңгімеден босар емес. Әлден уақытта қабырғадағы ілулі тақтаға бастық орыс, жаңағы киімі сыптығыр, етігі жаңа орыстың басшылары екенін біліп алғанбыз, әлдебір таңбаларды бормен жазып, үй иесіне сұраулы пішінмен қарап еді – бұл күле сөйлеп барып жанына тағы бір таңбаларды сала қойды.* Сосын жұмбақтап жылжып өз кезегінде тақтаға енді бір таңбаларды жазып бастық орысқа қарап еді ол даусын шығарып күліп, әлдене деп басын шайқады. Сосын бор жұққан алақанын әуелі бір-біріне жанып тазалап алып ризальқ пішінмен Орекеннің иығынан қақты. «Кәпір алақанымен қақса жаманшылықтың басы» деп білетін біз тіксініп қалдық, шай көңілді жағдайда ішілді. Қонақтар құтыларынан иісі жаман әлдебір мөлдір сұйықты кесеге құйып үй иесіне ұсынып еді ол әлдене деп бас шайқаған соң өздері кезектесіп тартып-тартып жіберісті. Ішкенде ашырқанғандарына қарап әлгі арақ деген пәлесі осы болды ғой деп отырмыз. Алға буы бұрқырап ет келгенде арақ ішу бірнеше рет қайталанды. Орыстар ішкен сайын көңілдене, Орекенді жақсы көре түскендей көрініп отыр бізге.



Ас артынан бәрі далаға шығысты. Бұл кезде көп әскер ауыл іргесіндегі мола ішіне жапырлай орналасып, бұрқыратып қазан асып, қолы бостары моланы көлеңкелеп ұйқы соғып жатыр екен. Екі-үш әскердің мола қабырғасына қаратып шаптырысып тұрғанын көріп денеміз түршігіп кетті. О заманда бұ заман тірі дені дұрыс жан иесінің өлі әруақты бұлай қорлағанын кім көріп, естіпті?!

Бұларды көрген Орекең қабағын шытып, қасындағы бастыққа әлденелерді айтып еді ол мың болғыр жанындағы серігіне даусын қатты шығарып әмір бергендей болды. Онысы сол бойда молаға қарай жеделдете жүріп барып, зіркілді сала жөнелгені.

Сол-ақ екен әскер орындарынан ошарыла дүрк көтеріліп әрі асты. Әрірек барып орнықты. Бөтен еш оқиға жоқ. Қол әр күн сайын шағын топ болып әр жаққа аттанып кетеді. Басшылары мешіт-мектеп ішінде. Орекең орталарында. Ауыл адамдарына ұзап шығуға ұлықсат жоқ. Күніне бір рет Шопан ата құдығынан бірнеше түйеге бар ыдысты толтыртып тұщы су алдыртады. Керуеншілер ауылдың ішінде мен де бар адамдарды, бәрімізді барған қайтқан жолдарымызда атты әскер қарауылдап жүрді. Бізді бір пәлеге ұрынып қалар деп емес, олары – сенбегендері. Сірә осы төңіректегі жалғыз тұщы су көзінің осы құдық екенін білгендері ғой. Мұның басында да он шақты солдат күндіз-түні күзетте. Обалдарын босқа көтеріп қайтейін, біздің аз үйдің мал-қарасына тиген жоқ. Сойыстықтары өздерінен. Шамасы он шақты семіз қойды бір жақтан иіріп айдап әкеліп шетінен пышаққа жығып жатыр. Бір-екі сиыр да қасапқа түсті. Біздің таң қалғанымыз бұлар бас, сирақ үйту, ішек-қарын аршу дегенді білмейді екен. Бәрін, тіпті іш майына дейін далаға лақтырып жатыр. Сосын бір жерге жинап көмеді. Оларын біз ауыл итінен қызғанғандары деп ойлаймыз.

Ит демекші, мал сойылып басталғанда-ақ қан-жын иісін көш жерден сезетін Орекеңнің жүйрік тазысынан басқа иттердің бәрі солай қарай салған. Оларының еш әбестігі жоқ. Мал сойылуы және ол біреу емес ірісі, уағы аралас бірнешеуі сойылуы жеті қазына мүшелері ас пен той. Бауыздау қан, без, тағысын тағы оны-мұны бөлек-салақтар бұлардың таңда тәңір алдында тиесілі ешкімнің



ортағы жоқ несібесі. Мына келімсектер оны білмейді екен. Білмегені ғой мылтықтарын ала салып топ иттерге қарай оқ боратты. Ол жазғандардың жығылғаны сол жерде омақасып, жараланғандары қаңсылай қашып маңайды азан-қазан қылды. Әскерлер оған мәз болып қарқ-қарқ күліп жатыр.

Оқ ату түгілі, алдынан абалай шыққан итіне қамшы сілтеген қонақтың онысын үлкен оспадарлық, ауыл иесін сыйламағандық, көргенсіздік санайтын қазақ сұраусыз меймандарының мына басынуларын көргенде қандары басына шапты. Бірақ қылар лаждары жоқ. Сол түні Орекеңнің құмай тазысы ұлып шыққан. Ырымшыл ел бұған кәдімгідей іш жиып қалысты.

Осылайша әскер қосыны Қызылсуда 5 күн еру болып аттанып кетті. Аттанар алдында Орекеңмен не туралы сөйлескендері белгісіз. Мұғаліміміз де бұл жайлы ауыз ашқан жоқ.

Міне, Қаршекең куәнің айтуынша Қызылсудағы қыр елінің басқа жақтан келген түрі, тілі, діні бөлек қызыл әскерлермен алғашқы кездесуі осы. Одан алған әсерлерін сірә әркім-ақ шамалап отырған болар.

Қазақ Совет әдебиетінің біз мектептің хрестоматия оқулығынан оқыған шығармаларында қазақ аулына келген қызылдар өңшен бір иман жүзді, биязы, тәртіпті, әлсізге болысқыш мейірімді, несін айтасың, нағыз періштелердің өздері болып келетін еді ғой. Ол шығарма авторлары, қайтсін жазғандар, бастығы «қызыл сұңқар» Сәкен Сейфуллин болып күні үшін саясат аужайына жағып солай жазған болар. (Оларынан опа такқан жоқ. Басы сол Сәкеніңнің өзі болып атылды, атылмағаны түрмеге тоғытылды). Ал ақиқаты жазғандағыдай болды дегенге де сену қиын. Қазақ біліп айтқандай, «қара орыс, сары орыс – бәрі бір орыс». Арқаға келген қызыл әскер мен Адайға келген қызыл әскердің арасында айырма болмағаны анық. Отаршылдар ешқашан ешкімге опа бермеген.

Әскерлерден соң іле-шала ел адамдары келді топ-тобымен. Бұл елдің алды жылда осы уақытта жайлауға беттейтін. Қысқы қонысында су көзі аз Тайғырдың дөңіндегі, Ақсу, Кендірлі, Қызыладыр беттегі ауылдар наурыз туа өкше көтеріп, төлінің алдын бергі Өзен, Талақ, Бесікті, Шынжыр, Қарамандыбас



маңында алып, жылдағы көш жолымен, қашаннан қалыптасқан ыңғай, ретімен Сынды, Бесбұлақ, Қызыладырға қарай жылжитын. Биыл ол жай жоқ. Кешегі әскер тегіннен жүрмеген болып шықты. Көш жолын бөгеушілер екен. Ұлықсат жоқ дейді. – Бұларың қалай? – дегендерге қамшы үйіріліпті. Оған да қарамай қаша көшкендерді істі қылып, малдарын тәркілеп алып жатыр. Бәсе, анаукүнгі есепсіз сойылып, еттері асылып, қуырылып жатқан көп малды көріп бұл не қылған молшылық деп ойлағандары тегіннен тегін емес екен. Сондай ретпен қолды болған мал болып шықты олары. Ол бұл ауыл адамдарының көргендері. Ал көрінбеген көп малды отар-отарымен айдап әкеткен. Айдаушылар, жолшыбай малды суарып, бағушылар да ел ішінен зорлықпен алынған осы жердің адамдары. Бәрін қарулы әскер күзетеді. «Мал ашуы – жан ашуы» дейді қазақ. Ашудан бұрын ол мал қазақтың бар күнкөрісінің көзі де ғой. Айдың күні аманында әлдекімнің алдына бар жиған-тергенің барымтаға түсіп бара жатса қалай шыдарсың?! Қалай қарап қаларсың?! Шыдамағанда жасанған қарулы жауға (енді қызыл әскерді бұл ел солай атайтын болып алыпты) не қайрат қылмақсың?! Содан бәрінің ошарылып ақыл-кеңес сұрауға Оразмағанбет ғұламаларына келген беттері екен. Сірә бұл оларға көңілге жұбаныш, медет болардай өнжеулі ештеңе айта алмаған болуы – бәрі келген іздерімен бастары салбырап қайтысты.

Жаманат хабар жата ма және ол далада қандай жүйрік. Артынша-ақ Үстірт үстінде қарулы әскер мен мал иелері арасында қақтығыс болып, әскер жағынан бес адамның өлген хабары жетті. Сірә, дала жағдайына жетік жырындылар айласын асырған болулары керек бұл жақтан шығын жоқ. Өз малына қосып, оған қоса өлген қызыл әскерлердің қару-жарақтарын, ат-көліктерін тағы олжалаған ол топ бүкіл ауылымен Елтеженің түлейіне сіңіп жоғалыпты. Түлейге аяқтары бір ілінді – енді олар жоқ. Оңайлықпен ешкімге алдырмайды.

– Ай, қан төгілгені болмаған екен! – десті ауылдың көнекөзері. Осы жерде алға 30 жыл салып озып кетіп, болған бір жайды айта кетелік. Үстіртке шыққан сушылар бригадасы әлдебір белгісіз шыңырауды аршу кезінде тереңнен шығыр ағашты



шығарған. Жай ағаш болса таңы жоқ қой, ондай-ондай бола береді. Мынау өзгеше – ер адамның жыныстық мүшесінің сұлбасына келтіріп жонылған ағаш. Және ұзына бойына араб әрпімен әлдене деп жазылған жазу бар. Сушылар ішінде ешкім арабша оқи алмайды. Сосын «бұл тегін шығыр ағаш, тегін жазу болмады» деп ойлаған сушылар ерінбей ауылдағы ескіше сауатты шалға апарыпты әлгіні. Ол оқып қараса, «Қызыл иттер енді ... ның суын ішерсіндер» деген жазу... Сосын пәлесінен аулақ деп әлгі шығыр ағашты өртеп жіберіпті. Сол зобалаңда ел табаны ауған соң көп жер атауы да белгісіз болып қала барды емес пе?! Ұлы жол бойындағы әлгі жалғыз шыңыраудың бұрын қалай аталғанын бұл сушылар сірә білмейді. Бар белгі бедері тек тебінен сәл сыртқары бір төмпек. Кейіннен басына ел қонып, мал аяғы тапталған соң әуелі тегістеліп артынан ашылған ол төмпешік жай ғана алда төмпек емес мола болып шықты. Ішіне 5 адам мүрдесі жерленіпті.

Қызылсудағы ауыл адамдарының таң қалған бір нәрсесі «Бай мен молданы қойдай қу қамшымен» дейтін большевиктердің жан алғыш әскерінің дүниенің оқуын тауысқан ахун молда Оразмағанбетті аман қалдырғаны, оған тию былай тұрсын, дос-жар пейіл білдіргені. Бұлар әрине, Орекеңнің әскер басшысына өзін ауыл мұғалімімін деп қана тапсырып, Стамбулда, Бомбейде оқып білім алған жоғары білімді геолог әрі геолог-діндар білімдар екендігін бүгіп қалғанынан бейхабар. Орекең оның үстіне соңғы бірер жаз мұғдарында да Маңғыстауға келіп зерттеу жұмыстарын жүргізген М.Баярунас бастаған геологтармен дос болып, тілмаш ретінде бірге жүрдім дегенді де үстеп қойған-ды.

Мал орталап төлдемей жатып-ақ бір бүйірде момақан тірлігі иелері қызылсулықтардан да маза кетті. Алдымен қозғалған Оразмұханбеттің көпке айтқаны:

– Түрікмен жерінде де достарым баршылық қой. Солар қол қайырым етуімді сұрап шақырады. Бірер жыл араларында болып оралатын ойым бар.

Ғұламаның анау күнгі әскер болып кеткеннен кейінгі тұнжырап отырып айтқан үш ауыз «Дос мылтығымен келмейді» деген сөзін санаулы адамдар ғана естіген екен.




ЖАҢАШАДА ЖАНАЗАСЫЗ ҚАЛДЫ ОЛАР

Батыс Қаратаудың күнгеі беті ат тағасындай иіріле біткен көлдеу, қазаншұңқыр ой, адырлы, қолқатты өңір болып келеді. Биігі алыстан мен мұңдалап тұратын Көксеңгірдің үсті ақ шөбі, жусаны, бұйрығын, күйреуігі туырылып, араласа өскен жазық та, асты жылы бауыр, жылы қолтық, жылы кең қора. Бір сөзбен айтқанда, бұл өзі жер ана жарықтықтың шаруа баққан ел үшін арнап жасап қойған қамсау, қамқоры іспетті аймақ еді. Осы жер ежелден қақ-соқпен ісі жоқ, момын, байлығымен айбын асырмағанымен кедей болып көштен қалмаған Бәубек ауылының қыс қыстауы болатын. 1931 жылдың көктемін де жылдағы үрдісі бойынша қыстауда көрген төл алдын қыр асып жылжи қонып аяқтандырып алған бәубектер үйреншікті көш жолымен Жаңаша, Тереңше суларының басына еру қонған. Бұл екі құдық Үстірттің Кертті, Сынды асуының өкпе тұсы, Қауынды, Қорғанбай, Өзен, Талақ ойын қыстаған елдің Солтүстік Үстірттегі жайлауына көшер жолының түйісер жері. Жылда бұл уақытта осы жерде тоғысып, бірер күн көліктерінің белін суытып, әрі қарай аттанған ел ақсақалдары көрісіп бас қосып, алдағы қоныс жайы, өткізілер дүбірлі ас, той, ағайын арасының дау-дамайы сияқты бірсыпыра мәселелердің басын қайырып, ортақ пәтуаға тоқталып дегендей, үлкен бір іс тындырып қалатын. Биыл сол үрдіс үзілгендей. Жаңаша алқабын қаумалаған ел қарасы сирек. Әйтсе де түйе шөгеріліп, жаба салмалар тігілген соң әр ауылдың бас көтерер азаматтары қозы көшіндей жердегі Қызылсудағы Көрпе Размағанбет ауылына ат маңдайын түзеді.

Разкең – осы Оңтүстік Маңғыстау өңірінің қала берді исі Адайдың сөз ұстар кісілерінің бірі. Медреседе оқып, одан кейін Үндістандағы Бомбей университетін тәмамдап, жеті қат жер астының құпиясына ой бойлатып, жеті жұрттың тілін үйренген кәтгә ғұлама. Заман ағымын да аңғарар көкей көзі бар алымды адам.

– Бұл қалпында атамекен Маңғыстау бізге әзірге жайлы болар түрі жоқ. Кеңес алдымен қолды қотанға салды. Ал қазақтың малсыз күні қараң. Қазаны қаңсып, ошағы ортасына түседі. Әскері



әлекедей жаланған үкіметке қарсы шығу – босқа арандау. Сондықтан осындайдағы ежелгі машығымызға басып қаша көшелік. Әзірге барар бағыт – Түрікмен елі. Сонда бір жетіп әліптің артын бағып көрелік. – Разекең айтқан тоқтам осы болды. Түгендей келгенде, бұл көктемде Жаңаша маңына 72 үй тоқайласқан екен. Ақсақалдардың ақылдаса отырып келген ортақ мәмілесі – соның 48 үйі ертеңнен бастап өкше көтерсін. Оларды Разекең бастап жүрсін. Ал қалған 24 үй араға бір жұма салып қозғалсын. Әйтпесе осыншама елдің мыңғырған малы бірге көшсе жолшыбай судан тарығады. Көштің соңғы легіне бас-көз болу Бәубек ауылының бас көтерер азаматы Сисенбайұлы Нұржанға тапсырылды. Нұржан 1895 қой жылы туылған, еті тірі, алымды, шалымды жігіт еді. Әкесі 80 жастағы Сисенбай әлі тірі, қасында жас әйелі, екі баласы бар. Соңғы перзенті осы айттан дәл он күн өткен соң дүниеге келген. Бір жағынан 80 селкілдеткен қарияның, жас босанған әйелі мен сәбиінің жайын ойлап, көш артында қалып отырғаны. Онымен бірге ұзағырақ еру болатын 24 үйдің әрқайсысының да тап осы тақылеттес жай-күйі бар.

Осы пәтуа бойынша Разекең бастаған ел бір күні ертеңгісін дүрк көтеріліп кете барды. Құдай қосса Жаңғақтың ойының арғы шеті Қошобада көрісерміз дескен. Өттең, ол тілекті құдайы бермеді. Талапайлы тағдыр екі ауылдың пешенесіне енді қайтып қоңсы қонуды жазбаған екен де. Жел аударған қаңбақтай Жаңғақ ойына тұрақтай алмай, Қошобада да мылтық кезенген Бекежанына жолығып Балқан тау барған ел – 48 үйдің сілемі ақыры ала баған асып, Иран жерінен бір-ақ шықты. Басшылары Размағанбет – Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының қайғылы тағдыры өз алдына дербес әңгіме. Ал Жаңашада қалған 24 үйдің жайы қалай болды дейсіздер ғой...

...1993 жылдың жазы. Бейнеуден Нұржанұлы Алқабай жазған хат келді. Бұл жоғарыда аты аталған Сисенбайұлы Нұржанның баласы екен.

– Анам маған 1931 жылы айттан дәл он күн өткен соң тудың дейтін, – деп жазады Алекең – Есептеп келгенімізде сол жылы айт жаңаша сәуірдің 1-ші күні болған екен. Сонда мен 10 сәуір




күні туылған болып шықтым. Ал әкем Сисенбайұлы Нұржан 1895 жылы туылған. Мен туған соң дәл 27 күннен кейін, яғни 7 мамыр күні қызыл әскердің оғынан өлген. Бұл деректерді маған шешем Айбибі 1985 жылы 75 жасында көз жұмар алдында айтып, естелігін қағазға түсіртті.

Марқұм Айекеңнің баласына айтып жаздырған естелігі бойынша оқиғаның ұзын-ырғасы былай болған.

Размағанбет бастаған ауыл көшіп кеткен күннің ертесіне таңертең мұздай қаруланған 12 әскер қалған ауылды жан-жақтан қоршап алып ешқандай ескертусіз оқ жаудырған. Қарап отырып жан беру оңай ма? Ауылдың бас көтерер азаматтары қолдағы бар қарумен қорғаныс ұрысына көшкен. Сондағы бір қарулары 2 винтовка – оны Нұржан мен атақты ақын Елбай Қосымбаев ұстаған. Өзге 39 азаматтың құралы құс мылтық, аузынан оқталатын шиті, қанжар, дойыр. Сол аз мылтықтың да оғы аз. Осы күні тең емес ұрыста Нұржан өледі. Елбай ортан жілігінен оқ тиіп ауыр жараланады. Ол осы жараның салдарынан тамыз айында өледі. Айта кету керек, бері келгенше ақын Елбай бандалар қолынан қаза тапты делінеді. Бұл әрине уақыт, кезең талабына орай әдейі бұрмалап айтылған дерек. Ақиқатында оған ажал болып жабысқан оқ қызыл әскер қолынан атылған. Сол жерде ауыл азаматтарынан руы Күшік Құлтуған деген жігіт оқ тиіп табанда жан тапсырады. 17 адам жараланады. Атыс басталғанда кішкентай сәбиін көтеріп қашып бара жатқан Мамық деген келіншек те оққа ұшады.

Таңертеңгі дауыс қандай естілгіш. Кеше Размағанбет көшіне ілесіп өкше көтерген ауылдың соңғы легі мылтық даусын естиді 4-5 қарулы азамат хабар алмақ болып шауып жетіп алдымен құм төбенің баурайында қанға бөгіп жатқан әйелді көреді. Тани кетеді – Мамық, Күйік Көрпе ауылының қызы, Тілеген деген кісінің зайыбы, Бауырындағы сәбиі – Таңатар өлі анасының емшегін ауық-ауық еміп қойып, шешесінің тұрмағанына назаланып жылап отыр екен дейді. Жағдайға қаныққан, мұздай құрсанған дұшпанға жасар қауқары жоқ әлгі жігіттер көздерінің жасын көлдетіп жүріп Мамықты жерлеп, баласын орап алып кете барады.

1990 жылы Ақтауға Ираннан бір топ қонақтар келді. Біраз уақыт



аудан, қалалардағы ағайын-тумаластарында аунап-қунап қонақ болып ата күлдігінде арқайын демалды. Сұраса келгенде соның ішіндегі Ахмет деген жігіт баяғы марқұм Мамықтың ұлы Таңатардың баласы болып шықты. Әжесінің қазасын Алқабай ағасынан естіген. Ахмет сол жерде – әттеген-ай, ана жылы қайын атам бір қызымның атын «Мамық дейтін бір жақсы шешен болыпты. Аты жаңғырсын жарықтықтың. Мына балаға соның атын қоялық» дегенде келісім бермеп едім. Оным дұрыс болмаған екен. Құдай енді бір қызды болуды жазса сол қатемді түзеймін, – деп көзіне жас алады.

Күн түске тырмыса ауылдың қарсылығы тоқтайды. Әскерлер жағынан шығын жоқ. Мылтық, найзасын кезеніп, қаһарын шаша келген әскер онсыз да үрей құрсауында қалған қаралы ауылдың келе сала астын үстіне шығарды. Қәдімгі бітіспес жаугершіліктегідей туырлығын тіліп, тоқым, керегесін қиратып отын қылуға көшеді. Бір әскер құндақтаулы жатқан қызыл шақа Алқабайды мылтық, найзасымен түйреп алып лақтырған екен. Әйтеуір жазықсыз сәбиге Ғайып Ерен, Қырық Шілтен жар болып найза баладан қағыс жөргекті көктей өтіп, лақтырғанда үюлі көрпе-жастықтың үстіне түсіп тағы аман қалады. Соғыста жаралы болған Дүйсенбайұлы Нұрмағанбет, Байжан, Сейітұлы Бұлтуған (қазіргі Маңғыстауға белгілі жыршы Жеткізген Сейітовтің әкесі) Кенжеғара, Естуған, Арықбайұлы Әбубәкір, Аязбай Әбілұлы, Нұржанның әкесі Аманжолұлы Сисенбай мен Елбай Қосымбайұлдарын ортаға иіреді. Сау адамдарға ауылдың жүгін түйеге арттырып алып кері көшіреді. Өлген Нұржанды сол жатқан күйінде туғандары аманат қылып жерлеп кетеді.

Қаза рәсімін орындауға рұқсат етілмейді. Нұржанды сол қойып кеткен соң ағалары Жұбан мен Нұрмағанбет қазан айында барып, түнде жүріп, күндіз жатып жасырын түрде ата қауымына әкеліп жерлейді.

Әскерлер мылтық астында зорлықпен көшірілген ауылды Емір ойының бір пұшпағы Көксеңгір астына әкеліп қондырады да 41 ер азаматын айдап Форттағы түрмеге апарып қамайды. Алып жүруге жарамағаны себепті Елбайды қалдырып кетеді.



Атамекенінде ашық аспан астында қалды демесек ауылда қалғандар күнін итке бермесін күй кешеді. Ошаң етіп шығуға рұқсат жоқ. Айнала қамаулы. Сырттағы елден айран, шалап әкелгісі келгендер тағы жіберілмейді. Осы жағдай қара күзге дейін созылады. Ал Форт түрмесіне қамалған 41 адамның үшеуі сонда жатып аурудан, соққыдан өледі. Қалғандары Елбай ақынның Ленинге шығарған өлеңі себеп болып босады дейді Айбибі әженің дерегі. Қарға адым жер мұң болып өлім мен өмірдің арасында жатса да қайран ақын Елбай еріксіздікте жатқан ауылдастарының қамын ойлаумен болады. Бір қатынасқан адамнан түрме бастығы Серікұлы Шаңытбайға өлеңмен төмендегідей хат жолдайды:

Жолдастар, жаздым өлең етіп ермек,
 Көңілді қапалаған сөзбен делбеп,
 Жабығып ішің толып кетеді екен,
 Жатқан соң күндіз-түні бірдей көлбеп.
 Іштегі шығармасақ қасіретті
 Дерт болар көкірекке қайғы кернеп.
 Құдайым, салдың алдап тұтқын үйге,
 Тап қылдың жауыз тағдыр мұндай күнге,
 Кеңестің әділ заңы бірдей екен,
 Еңбекші, кедей жалшы, бай мен биге,
 Жатырмыз қараңғы үйде елден асып,
 Кеудені мұң мен наза, қайғы басып,
 Гаухардай жарқыраған алтын көңіл,
 Тот басты күннен-күнге жездей жасып,
 Қараңғы үй кетірдің бе күшімізді,
 Қайғы етіп өртедің бе ішімізді
 Қайырсыз қараңғы үйге қойдай қамап,
 Айырмай ақ пен қара ісімізді.
 Қараңғы үй қабатталған торың берік
 Тұрады көңілің сүймей денең жеріп.
 Сайрандап сахарада жүретіндей,
 Туар ма бұл пендеге енді жарық.
 Салған соң күнде басқа амал нешік,
 Терезе темір торлы алқалы есік



Біз пенде тұтқын болып мұнда жатқан.
 Көре алмай жарық сәуле күндер көшіп,
 Аяққа андаусызда түсті қақпан,
 Белсенді ер жау атанды елге жаққан.
 Айта бар еңбекшінің баласына,
 Біз болдық қайратынан пайда тапқан.
 Босқа күйіп дұшпанның жаласына,
 Қала бардық жаулардың табысына
 Өкінсек өзі қылып арманы жоқ,
 Бейкүнә кеттік қосақ арасында.
 Бұйырып дәм мен тұзым бүгін түзбен,
 Арасын сұрамады анық бізден
 Еңбекші, кедей жалшы балаларын,
 Үкімет жат санар деп үміт үзбен.

Айта кету керек, Елбай ақынның Айбибі әже баласына айтып жаздырып қалдырған бұл өлеңі бізге осыған дейін белгісіз болып келді. Ал Серікұлы Шаңытбай көп жылдар ЧК-да, Ішкі істер органдарында қызмет етіп полковник шенін алып 70-ші жылдары Ақтауда қаза болды. Орынсыз қаталдық жасап еліне әй кәпір атанбаған азамат. Қайта асыра сілтеу жылдарында жазықсыз жазалы болғанға ара түсем деп қуғын көріп, көп жылдарын Тәжікстанда өткізуге мәжбүр болған. Елбайдың осы хатын алған соң Шаңытбай түрмедегілерді босатуға қызметтенсе керек. Жерге қырау түсе аман қалған 38 адам арып-ашып, жаяулап-жалпылап елге жетеді. Солардың бірі 80 жастағы Сисенбай қария ауылға келгеннен кейін түрмеде «олжалаған» сырқатынан айыға алмай, 3 айдан соң дүние салады. Қарияның артында сол азапты сапары туралы «Кенестің сотына түскенше тозақтың отына түс» деген қанатты сөз қалыпты.

Міне, Айбибі әжесінің хатқа түскен естелігінің ұзын-ырғасы осы.

Осы оқиғаны жазу үстінде сол қырғынды көзімен көрген тірі куәнің де бірімен дидарласудың сәті түсті. Ол жоғарыда есімі айтылған Сейітұлы Бұлтуғанның зайыбы 1913 жылы туған Ибаш әже. Ол кезде Шетпе кентінде тұрады. Сырттан мылтық оғы жауып қоя бергенде қамсыз отырған Ибаш күйеуі Бұлтуған екеуі күркеден атып шығады. Жұртпен бірге сексеуіл, дүзгені



қалың өскен құм төбе басына қарай қашып бара жатқанда Бұлтуғанға оқ тиеді. Сірә талып жеткен оқ болса керек балтырының көк етін көктей өтеді. Шөкелей құлаған күйеуінің қасына етпеттей жығылған Ибаш енді бас сауғалаудың басқа қамына кірісіп жатқан күйі құмды қолымен шұңқырлап жан бағыстайды. Сол әрекет үстінде Бұлтуғанға тағы бірнеше оқ тиіп жаралайды. Құдай сәтін салғанда жараның бәрі жеңіл. Ибаштың үстіндегі жадағайының етегін тесіп өтеді. Көрші күркеден жүгіре шыққан Тәжібай деген кісінің кемпірі бел омыртқасынан жараланып ол жатыр анадай жерде. Барып қол ұшын беруге дәрмен жоқ. Жауған оқ бас көтертер емес. Енді бір сәттен кейін төбе-төбенің басынан мылтықтарын кезенген шошақ бөрікті қызыл әскерлер андыздап шығып бері беттейді. Сол жерде оғы таусылған Нұржан мылтығын тастап екі қолын көтеріп әскерлерге қарсы жүреді.

– Әй, найсаптар, болсандар ер азаматтармен болыңдар. Қатын, баладан аулақ, – деп дауыстай бергенде таяп келген қызыл әскер тісін ақсита күліп тұрып бірдеңе деп тура маңдайынан атып салады. Есіл ер Нұржан осылай қаза болады.

Ибаш әженің айтуы бойынша күйеуі Бұлтуған сондағы алған жарақатынан көп азап шегіп зорға айыққан. Банда болып үкіметке қарсы шығып жараландың деген жаманаттың өле-өлгенше құлағын сарсылтып өткені сірә бар.

Арада жылжып жылдар өтеді. Жөргегінде жатып өліммен беттесіп, әкеден айырылған Алқабай ержетеді, 1948 жылы «банданың баласы» деп комсомолға өткізбейді. «Әкесі үшін баласы жауап бермейді» дейтін заңы бар елде осылай көзтүрткі көру оның одан арғы тағдырын да шешіп еді. Комсомолға өтпеген кісіге оқу орындарының есігі тарс жабық. Ал оның арты ауылда бетегеден биік, жусаннан аласа, қойдан жуас қоңыр да құбақан тірлік кешкенінді қанағат тұт деген сөз.

1969 жылы Ақсеңгір тұмсыққа жерленген әке басына ескерткіш көтереді. Әке алдындағы ендігі бір перзенттік парызы оны әкесінің банда болғанын дәлелдеу жолында жұмыстануға мәжбүр етеді. Әуелі арыз ауданға, одан асып облысқа, Алматыға, Мәскеуге



жазылады. Бірақ бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай берген жауабы біреу – Сисенбайұлы Нұржан туралы ешқандай дерек жоқ.

– Ендеше мен неге «банданың баласы» атанып қудалау көремін? – осы сауалдың жауабын алу үшін мен Самнан жер түбіндегі Гурьевке (ол уақыттағы облыс орталығы) үш рет бардым, – дейді Алқабай аға.

– Бірақ ондағылар мардымды ештеңе айта алмайды. Ең соңында сол уақыттағы әкімшілік орталығы болып еді деп, Форт-Шевченкоға сілтеді. Олар жоғарыға қайта жұмсады. Осылайша менің бетіме қарғыс таңбасындай болып басылған «банданың баласы» деген атпен алпысты артқа салдым. Енді сол жексұрын ат ұшпағыма «банданың немересі» түрінде мирас болып қала ма деп қауіп ойлап жүргенде әйтеуір заман өзгерді, – дейді Алекең.

Сөз соңында Жаңашада ажал оғын жабыстырған Елбай ақын туралы бірер сөз. Сол бір қашты-қуды кезеңде ақын өлерінен аз күн бұрын бір топ жазбаларын бір жерге көмдірді деседі. Сірә, ондағы жазылғандардың дені өлеңдер болса керек. Ақын өлген соң іздегендер ол көмбені таба алмай қалған. Айбибі әженің жоғарыдағы естелігімен танысқан соң сол жазбалар қолды болмады ма екен деген күдік қашады көңілге. Себебі, ақын тек өлең емес, Жаңашада болған оқиғаны егжей-тегжейлі қағазға түсіруі, тіпті кейінге арызшағым түрінде жазып қалдыруы да әбден мүмкін ғой. Ал оның ол күйінде тергеу, тексеру орындарының қолдарына түспеуіне мүдделі еместер жетіп артылатын. Басқа – басқа сол бір танда қарулы әскерді бейбіт ауылға бастап әкеліп оқ ататын жолбасшы екі адам болатын. Алқабайды 1948 жылы «банданың баласы» деп комсомолға өткізбейтін сол екеудің біреуі. Ақынның өмірбаянын бұрмалап көрсетіп оның қазасы банда болған ағайындарынан келді деген жалған қауесет таратушылар да осылар. Айбибі әженің деректерінде бұл екеуінің толық аты-жөні көрсетіліпті. Бірақ белгілі себептермен олардың атын атап, түсін түстеп жатуды хош көрмедік. Жасыра алмайтынмыз – Жаңашада жаназасыз кеткендер мен артында көз жасына бұлар да ортақ. Мұндайда жазасы Құдай алдында дейді қазақ. Біз де осы үкімге тоқтадық.



БАТЫРДЫҢ ДА БАСЫ САУДАҒА ТҮСТІ

Шығыс Қаратаудың шығысқа қараған тұмсығы Тамды деп аталады. Баяғыда түрікменге елшілікке келетін Бердалы батырдың нақақ қаны төгілетін, кейіннен қазақ батырларының Бердалының кегі деп әрі Хиуа ханымен елінің келісімінсіз астыртын жымысқылап сөз байласып опасыздық жасағаны үшін түрікменнің Құтлық Сейіт ханының басын алатын жер осы. Қазақ ауылдары сол оқиғалардан соң жаппай келіп қоныстанғанда бұл қоныс Төлеп атаның бір баласының иелігіне өтулі. Қаратаудың батыс бетіндегі ең биік жері осы тұста. Бесшоқы деп аты айтып тұрғандай қатарласа біткен бес биік шоқы тау. Солардың шығыстан екіншісінің басында бұлақ. Ел оны Төлеп батырдың қарауыл қарап жататын биігі екен дейді.

Тамды – тау іргесінен ағып жатқан мол сулы бұлақ. Қасында құдығы және бар. Оған іргелес тағы бір бұлақ аты Үшкөз. Кейде екі су көзін біріктіріп ел жер атын Үшкөз – Тамды деп те жібереді.

Біздің бала кезімізде Тамды бұлағы басында ақ тастан қиып салынған әдемі мешіт бар еді. Төбесін бұзып алып, бел ағаштарын қора құрылысына пайдаланған. Содан тек төрт қабырғасы ғана тұратын. Қазір орны ғана жатыр. Жұрт оны Жұмабайдың мешіті дейтін. Өткен ғасыр басында салыныпты. Төлеп батырдың Үсен немересінің баласы Жұмабай өзге қандастарындай найза не қауға ұстамай жасынан дін жолын қуған. Дәл қайда оқып білім алғанын білмейміз. Әйтеуір бір болыс елдің имамы атануына қарағанда недәуір білімі бар болғанға ұқсайды. Төңкеріс алдындағы тірлігі қысы-жазы мешітінің басында отырып бала оқыту. Күнкөрістігі орташа. Мешітті ағайындарының көмегімен бір жаз ішінде салыпты. Жазда бұлақ сағасына егін егіп, күнкөрістігінің бір жағын дихандықпен септеген. Егіс орындары осы бертінге дейін көрініп жататын.


Отырықшы жатақтығынан ба, әлде басқа бір себебі болды ма білмейміз – әйтеуір Төлеп батырдың сауыты, семсері осы ауылда сақталыпты. 1931 жылы боса көшкен ұрпақтары сауытты мешіт тұсындағы тау қуысына құрым киізге орап көміп кеткен екен. Содан табылған жоқ. Семсер де сауыттың жолын құшты.



Жұмабайдың молдалықтан, дихандықтан өзге кәсібі аздаған саятшылық. Қақпанмен, мылтықпен аң аулаған. Атқанын жібермейтін мерген. Сөзге шешен, ділмар болса да алқа алдына түсіп билік құрмаған. (Жалпы Төлеп ата ұрпақтары шетінен сөзге ұста болғанмен Мәмбетнияздан басқасы сөз ұстамаған). Кісілігі мол, әділ адам болған.

Жаңа үкіметті бұл ауыл да пәлендей жатырқамай қарсы алады. Айранын ұрттап, қойын құрттап, сен тимесең мен тимен саясатын ұстанып отыра берген. Қайта бұлардың көшпелі тұрмыстан қол үзіп отырықшы бол, егін сал деген үгіті көңілге қоныңқырап, егіс көлемін ұлғайтса керек. Бастапқыда салық саясаты да онша абыржытпайды. Ол патша тұсында да болған. Дін жолына да қайшы емес. Бастан – пітір, малдан – зекет, егіннен – ғұшыр. Бірақ жаңа үкімет тізесін бірте-бірте батыра берген, 1927-нің 28-ге қараған қысынан қысылып шыққанмен қамбалы жер тау ығын сағалаған бұл беттің ауылдары көп жұтамаған. Күнілгері қамданған Жұмабай өзі бас болып жаз ортасынан бастап маңайдағы көлдеу ойлардың шөбін шотпен жауып маялап алып, тау беткейінен қарағаны мен баялышын отап қора-қопсы жанына түсіріп еді десетін үлкендер.

1928 жылғы 27 тамыздағы Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы мен өлкелік атқару комитетінің «Аса ірі бай шаруалар мен жартылай бақуатты шаруаларды тәркілеу және оларды жер аудару туралы» декретінен басылымдарды үзбей алдырып отыратын Жұмабай әрине хабарлы. Ол декрет ол жылы Адай уезінде қолданылған жоқ. Келесі жылдан барып басталды мұндағы зобалаң. Жұмабай, тек бұл емес жалпы Төлепке қараған ауылдар бай емес. Көбі мықтағанда орта шаруа. Бірақ оған қарап жатқан қызыл көз белсенділер жоқ. Жұмабайды бай деп тапты. Мешіт ұстаған молда, имамдығы тағы бар. Ауыл-аймақтың бәрі жабылып еккен егіннің түсімі тең бөлінетіндігін есепке алмастан мұны алпауыт жер иесі қылып шиге шаншып шығарды және. Көзі ашық Жұмабай бұдан соң өзі мен ауылының естияр азаматтарын қандай тозақтың күтіп тұрғанын жақсы білді. Батыр ата қанының ойнап шыққан жері осы болды. Ел азаматтарының жер-жерде



жасақ құрып жатқан хабары жеткен бойда Тамдыдағы ауыл да бір-бір ереуіл аттарын іргеге байлады. Тау басына қарауыл шықты. Төлептің бір ұрпағы Отпан басында Ұран отын жаққан түні Бесшоқыда да соған ілесе алау жалындаған. Оған тіркесіп Күйек жол, Құрттының төрткілі, Бесоқты, Шопан атаның бастарынан да от көрінеді.

Баяғыда Хиуа ханның басқыншы жасағы ел шетіне ілінгенде солай болатын. Тұғырлы-тұғырлы биік бастарынан Ұран отты аттандаған түннің ертесіне сиыр сәскеге жетпей-ақ күнілгері белгіленген ұрымтал тұсқа жасақ алды келіп жететін. Бұл жолы солай болды да қойды.

Бұл өңірдің жиналар бекеті Жармыш. Ол қашаннан ел табаны. Ескелді ауылының мешіті бар. Сарықауықта бірнеше жатақ Беріштің үйлері. Айғара деген бақалшы саудагердің дүкені. Қазір ол кооператив кеңсесі. Елдің бас көтерерлері мешітте бас қосып пәтуаласты. Бата жасалды. Қол ру, ата жігімен ондыққа, елулікке, жүздікке шоғырланды. Қоңсы отырған екі ел Ескелді мен Бәйімбеттің жүзбасылығына Төлеп батырдың бел немересі Өмірзақ тағайындалды. Бұл ешкінің асығындай шымыр, шағын денелі, қимылы жылдам кісі еді. Әруақты батыр атасының атын алға салып азық қылып ептеп аса сөйлеп кетуден де құралақан емес. Өмекең бұған дейін жорық жолына шығып, топ бастап көрмесе де көкейкөзі жітілігіне бағып, қосын тез түзеп алды. Қолы ұсынақты жігіттерді жинап елдегі бар темірден найза, істік соққызды. Жоқтан бар, әйтеуір құр қолдан жақсы. Соларды құрыққа, уыққа саптатқызады. Әркімнің азығы тұзын ащылау етіп қуырған бір-бір қарын қуырдақ. Өзгесі «бөрі азығы жолынданың» кебі болмақ. Қапелімде асығыс атқа қона салған көптің көгенде дайын тұрған қозысы бола қоймаған екен Өмірзақ жүзбасы оның ретін тіпті оңай келтірді. Маңайдағы коммунист, ауылдық кеңес белсенділерінің көгенін кесіп барын ортақ қазанға тоғытты. Оған бұл ретте «Мұның қалай» деген ешкім болған жоқ.

Кеңесте жалпы ақсақалдық орын Жұмабайға тиген. Оның ең алдымен алған шешімі Бозашыдағы, Үстірттегі, Оңтүстік Маңғыстау беттегі көтерілген елмен байланыс жасау болды.



Нысана белгілі – уезд орталығы Кетік. Соны басып алулары керек. Онан арғысын көре жатар. Барлық пәленің басы жергілікті жерде. Ондағы үкіметті құлатып, билікті қолға алса арғыдағы орыстың ит арқасы қиян Маңғыстауда не алмағы бар. Өз жайымен қала бермей ме деген ой бәр-бәрінің көңілінде.

Жұмабай сияқты аздаған көзі ашықтар басқаша пайымдайды. Ел құлағы елу, бұл кеңесіннің өз ішіндегі жайы тіпті мәз емес деседі. Жер-жерде қарулы көтеріліс. Қап бәлемі ішіндегі сыртқы жаулары да тісін басып, тарпа бас сала кетуге әзір отыр-мыс. Әнуар паша деген қолбасы пайғамбардың көк ала байрағын көтеріп қызыл кәпірлерге қарсы ғазауат жариялап, Азияның бүкіл мұсылман елдерін бастап бері беттеп келе жатқан көрінеді. Оған бір табан жақын көрші түрікмен елі қазаққа елші салып, өткен өлеует, қалған салауат, арадағы аз-мұз өкпені ұмытып ортақ жауға қарсы соғысайық депті. Олар жіберген қару-жарақ артулы керуен жарты жолда келе жатқан көрінеді. Бір сөзбен айтқанда Адай бұл жолы баяғы Иса, Досан кезіндегідей жалғыз қалмақ емес.

Шығыс Қаратаудың алақандай теріс бетінің атқа қону реті солай бола кетулі.

Бірақ еңбек еш. Бастау қалай тез болса, аяқталуы онан да тез болды. Ел сабасына түсті. Дұрысы айналадан адым аштырмай құрсаған қарулы әскер түспесіне қоймайды. Іле-шала тергеу, тексеру. Жұмабайдың ақсақалдығының кесірі тиді, не болмаса тегінде теке атқандардың көзін жою мұрат болды. Әйтеуір қызылдардың көз сұғы Төлеп батыр тұқымдарына көбірек қалады. Үсенұлы Жұмабай бастаған бұл әулеттен Ахметұлы Сисен, Жексенұлы Сүлеймен, Кеңесбайұлы Ботай, Көжбенұлы Жандай мен Саназар, Құдайназарұлы Ақмырза, Үсенұлы Саралтын, Найзағұл көтеріліске қатысып еді. Бұлардың ішінен Ботай қызыл әскерлермен соғыста оққа ұшып өлді. Өрт ішінде аман қалған бір түп шидей Өмірзақ әйтеуір Құдай сақтап қалды. Ел ішінен сырғақтап кетіп жүріп тергеуден де аман. Қалғандары Гурьев түрмесіне айдалып апарылып қамалған. Ақмұрза сонда өкпе ауруына шалдығып, түрме басшылары бәрібір өледі, ауылына барып өрем қапсын деген есеппен шығарып жіберген соң сүйегін



сүйретіп Тамдыға жетіп, сонда бақилық болды. Үсенұлы Жұмабай «Үштік» үкімімен атылды. Найзағұлдан басқа туыстары әртүрлі мерзімге сотталып, концлагерьлерде өлді. «Ең болмаса ішімізден біреу аман қалып, елге хабарымызды жеткізсін» деген есебі болуы керек Жұмабай Найзағұл інісін «туысым емес менің қасыма күні үшін еріп жүрген жалшым, атқосшым» деп көрсетулі. Содан ол босаған. Ит мініп, ирек қамшылап, жаяулап-жалшылап, қыста Өлі Қолтықтың мұзы үстінен жаяу өтіп ел қарасына ілінген Найзағұл осы бертінде дерлік өмірден озды. Бетегеден биік, жусаннан аласа тірлік кешті. Естіп-білгеніміз Найзекеңнің бір өнері сейістік екен. Бірақ онысын бәйгіге ат қосып емес, үйірге салатын айғырларды, міністік аттарды сұрыптаумен ғана шектеген. 1962 жылы ол жуасытқан «Найзағұл қара» дейтін ат біздің үйдің көлігі болды. Сол кезде тоқтасып қалған жануар еді. Орскінің ет комбинатынан осы атпен Найзекең үш рет мал айдап апарып келді деп отыратын ел. Келесі жылы, әлгі жануар сол Орск сапарына төртінші рет кетті. Бұл жолы өзі ет болып, қалбырға түрілуге. Найзағұл шалдың негізгі сыбызғышылық өнерінің болғандығын артынан барып білдік. Ол анау-мынау емес сыбызғының таңдайы тіліне кез түсірген, бүкіл ел сазына ден қойған, ел жатқанда ұстаған сыбызғысын таң сарғая тастайтын нағыз қас өнерпаз болыпты. Бірақ не пайда сол 1931-дің қайырсыз жазынан соң бұл өнерімен топқа түспеген. Талантын өз отының басында өз қолымен өшірген де тынған. Өмірзақтың да, Найзағұлдың да ұрпақтары қазір Өтес теміржол бекетінде тұрады.

Ақмырза баласы Мырзағалидың өмір жолы да өзінше түзілді. Ол біздің ауылдан Сарайшықтағы ауылшаруашылық мектебінде оқып арнаулы мал маманы атанған алғашқы адам. Бірақ әкесінің көтеріліске қатысқаны себепті сенімсіз атанып арнаулы есепте тұратын оған жауапты жұмыс берілген жоқ. Колхозда көмекші шопан, шофер болған Мырзекең совхоз құрылып, қолына паспорт тиген соң Өтеске көшіп кетіп теміржолшы болып, содан зейнетке шықты. 4-5 жыл бұрын бақилыққа озды. Қазіргі белгілі өлке зерттеуші, ұлағатты ұстаз Мұрат Ақмырзаев осы Мырзекеңнің тұңғышы.



Төлеп батырдың түбі тамдылық енді біраз ұрпағы сол зобаланда көрші республикаға бассауғалап боса көшіп кеткен. 60-шы жылдардан кейін бастап Жетібай, Өзенге келіп орналасты. Батырдың дулығасы солардың бірінің үйінен табылды. Бұл ұрпағы қанша тауқыметті көре жүрсе де қасиетті жәдігерді жоғалтпай аман сақтап еліне, жеріне жеткізді. «Қилы-қилы заман болар...» демекші солай ел қорғаны жарықтық Ер Төлеп батырдың да ғаріп басының саудаға түскен кер кезендер де өтулі бұл елдің өткен баянында.

ШАБАР ИШАН ЕСЕНҰЛЫ

Кеңес үкіметі 20-шы жылдардың басында-ақ ел ішіндегі дін өкілдерін көз қырына алып, белгілі діни қайраткерлер түрмеге тоғытулы. Ол қиырдағы Маңғыстауға 1929 жылы жетіп, 1931 жылы Адай бүлікшілерін талқандау деп аталатын үлкен жазалау науқанында тіпті шарықтау шегіне жетті. Сонда нақақ жазалау құрығы қыл сағақтан қылғындыра ұстаған пірадар зиялының бірі Есенұлы Шабар еді. Ол Жаңай Қожаназардың Түнқатарынан тарайтын ұрпағы. Ауызекі мәлімет бойынша күйші Өскінбай Қалмамбетұлымен құрдас екен делінеді. Сонда ол шамамен 1860 жылдары туған болып шығады. Әдетте қазақ 3 жасқа дейінгі адаммен де құрдас бола береді ғой. Соған сайғанда бәлкім 2-3 жас айырмашылық кетуі. Ел аузында Өскінбайдың Шабар құрдасына арналған төмендегідей өлең жолдары сақталған.

Арғы тегін сұрасаң
Шапағаты мол тиген
Жетім менен жесірге
Қаріп пенен қасірге.
Бас пенен дәулет тең өскен
Саназар шыққан әулие
Қайырымды болған халыққа.
Төбедегі үркердей
Мен Адайға белгілі
Үш назардың біреуі



Қожаназар ұрпағы.
 Үстінен Қыдыр үңілген
 Тас табаны түрілген
 Түнқатар мен Шонтысын
 Айта алмаған ешкім де
 Осалы мен олқысын
 Сол атадан тарайтын
 Естіген халық құлағы.
 Медресе, мешіт, мектеппен
 Маңғыстаудың ойында,
 Бірі айыр, бірі нар,
 Бірі шекер, бірі бал.
 Бес ащы Құйылыс бойында
 Қағиын Борлы тұрағы
 Сусындатты біліммен
 Есеннің Шабар ишаны..
 Қайнаған білім бұлағы.

Өскінбай күйші, композиторлығының үстіне мықты ақын да болған ғой. Осы өлеңде айтылғанда Шабардың туған жері қазіргі Ақтау қаласының маңы. Әуелі ауыл молдасынан хат таныған соң Бұхарада оқыды дейді. Бұхара шәрі – қасиетті Бұхара ол уақытта Кіндік Азиядағы ірі діни орталық. Ондағы медреседе оқу екінің бірінің маңдайына жазыла бермеген. Себебі, ол үшін үлкен зейін, зерде керек. Ел арасының бір ұнамды дәстүрі көзге түскен талапты жасты рулы ел болып орталарынан қаражат жинап жіберетін болған. Бұхара медресесін бітіргендер «он екі пәнді тәмамдаған ғұлама білімдар» саналған. Бұхарадан оралған Шабар атамекеніне келіп Қарақия ойының Құйылыс жақ шетінен мешіт-медресе салып бала оқытады. Таңдаудың мұнда түсу себебі – бұл әр уақытта ел қонысы. Қыс қыстауға оралған ел жылы, шөбі қамбалы осында отырады. Жазда маңайдағы жарлы-жақыбай сай тұйығындағы көлдеу ойларға егін салады. Орта шаруалар да ұзап көшпейді. Мықтағанда медреседен қозы өрісіндей жерде ғана. Балалардың қатынап оқуына қолайлы. Шабекең осында біраз жыл еңбек еткен соң ишан атағын алады. Ишандық та екінің біріне



беріле бермейтін діни жоғары лауазым. Шабекен медресесінен бізге атағы жеткен белгілі шәкірттер: Мәкен, Қалмақ, Темірхан, Әбдір, Бекбосын, Есбосын, Өтеғұл, Жұмаш, Әбу, Қыдырша, Ақмырза, Сейтназар, Ерманұлы Илаймағанбет. Бұл шәкірттерінің айтуымен жеткен деректе Шабар ишан, момын, өте инабатты, кісіге дауыс көтеріп сөйлеуге жаны қас – бір сөзбен айтқанда хақ жолына жан-тәнімен ұйыған адам болыпты. Ауызша әңгімеде Шабекен төңкеріс алдында Меккеге барып, қажы болып келіп еді делінеді. Маңғыстау ол уақытта орталығы Красноводск – Шағадам Каспий сырты облысының қарамағында Ашхабадқа бағынған. Сол себепті біздің жерден Меккеге барған қажылардың көп жазбаша деректері Ашхабад архивінде. Оны зерттеу келешектің ісі.

Адай елінің басына зобалаң 1928 жылдан бастап-ақ түскен. Сол жылдың жазында-ақ көп ел Түрікменстанға ауа көшкен. Екінші рет 1930 жылдың көктемінде қоныс аударған. Әліптің артынан қайыр күткен ишан бұл екеуінде де қозғалмай отыра берген. Оның ыңғайын баққан маңайдағы ел де Алланың салғанын көрермізге сайып отыра береді. Ақыры шыдамның да шегі бітіп, қызыл көз белсенділердің әңгір таяғының теперішінен әбден қажыған қалың ел 1931 жылдың сәуірінде төл аяқтанған соң үдере көшті. Бағыт Сенек – Сұмса үстімен Көгесем барып әрі қарай Хорезм ойына құлап кету. Ырғалып-жырғалған қазақ көшінің жағдайы белгілі. Күніне қозы көш жеріндей ғана ұзай аласың. Сөйте-сөйте Сенек ойына жақындады. Бұл кезде үкімет те қамданып үлгеріп еді. Бұларға елдің үдере көшіп кетуі тиімсіз әрине. Қу медиен далаға коммунизм орнамасы белгілі. Айтқанға көніп, айдауға жүретін, саясатты жүзеге асыратын, салық төлейтін халық керек. Ал ол болса жергілікті жердің қуаяқ белсенділерінің өтірік үгітінен әбден зәразап болған. Намысқа шыдай алмағандар қолға қару алып та үлгерді. Бірақ қамшы, дойыр білеген қаймана қазақ қару құрсанған қалың әскерге не істей алмақ. Кіріптар болып түрмеге қамалды. Қамалмай қалғанның жан далбаса тірлігі қаша көшу. Бұл қуарған үкімет олардың да аяқ жолын кесті. Жан-жақтан қаумалап әскер шығарды. Сол жасақтың бірі Сырма бастаған 8 жүк, 2 жеңіл машина, 39 атты, 2 қол, 3 станокты пулеметті қол еді. Олар да



көш артынан тіркесе Сенекке құлады. Олардың ізін баса көмекке Клигман дегеннің жазалаушылары да жетті. Сөйтіп, осында баяғы 1873 жылы Хиуа жорығынан соң екінші рет әскер күші шоғырланған.

Мұнан кейінгі оқиғаны 1903 жылы туған, Шабар ишанның батасын алған келінінің баласына айтып кеткен естелігі арқылы баяндалық.

– Мезгіл сиыр сәске еді. Мылтық асынған қарулы әскер алдымен көш алдын кесе оқ атты да артынша көшке қарай мылтық аузын туралады. Менің 5 жастағы Апуза дейтін қызым қомда келе жатқан. Ақ киізге оқ тимейді деген бар еді деп соны жалма-жан ақ киізге орап бауырыма алдым. (Апуза Жамбоз Айым Түйешіұлы Маңғыбай зайыбы 1977 жылы бақилық болған). Әскер көшті әкеліп Сенек құдығының басына иірді. Күн батқанша иіріп ұстап жауаптады. Күйеуім Наурыздың аты қаңтарулы күйі әскерлерге қарай өтіп кетіп еді – оны қайтармады. Қайтару түгілі олай қарай ешкімді қия аттатар емес. Екі бойжеткен қызға деп жасау артқан екі түйесі түскір де солай өтіп кетіп алдырмады. Әскерлердің басшылары елді көшірің келе жатқан бастаушы сенсің деп ишан атамды желкелеп айдап бөлек шығарып алды. Шабекең тілге келіп, «Мына жұртқа қысым жасамандар. Не қылсаңдар да бізге қылыңдар. Біз Алланың салғанын көріп алармыз» деп еді әлгі әупірімдер құлақ аспады. Ақыры шарасы таусылған ишан әйеліне жүк артылған түйені шөгерткізіп ішінен ақыреттігін, иман шарт кітабын алып үй көлеңкесіне барып жүрелеп отыра кетті. Кешке қарай ишанды туысы Балсейітпен бірге арқасы қырдай қоспақ үстіне екеуін екі жаққа қаратып мінгізіп, аяқ-қолдарын байлап аулаққа алып кетті. Үш күннен соң аудан орталығы Фортқа одан Гурьевке әкеткенін білдік. Елді улатып-шулатып кері шұбыртты. Малдың жілігі татитындарын қалың әскер сойып жеп қызығын көрді.

Шабекең сол кеткеннен мол кетіп Гурьев – Үйшік түрмесінде айлап жатып қалады.

Шабар ишанның ақырғы күндері жайлы түрме қабырғасынан жеткен бір әңгіме.



Ишан еріксіздікте де намазын қаза жібермеген. Камерасында басын шәждеге тигізіп жатқанда жас, есерсоқ түрме қызметкері боқтап, балағаттап теуіп жіберулі. Сол жерде өмірінде аузынан ғайбат сөз шығып көрмеген жарықтық пірәдар «нәлет соққырай» деп қалса керек.

Әлгі ноқай жігіт үйіне барған жердегі несебі жүрмей, ол жайы ертеңге ұласып көр азабын тартады да қалады. Әкесі үлкен қарт кісі қайта-қайта мошқап сұрап, – «жұмыста бір аяғы көрде отырса да бүкшеңдеп намазынан жазбайтын молданың сазайын бергенін» – естіп, баласының бұл әбестігіне жаны дызғып кетеді. Сірә, ортасына салмағы бар шал болса керек, түрме бастығына келіп жағдай айтып ишанмен кездеседі.

– Жалғыз балам еді. Заманының бұл да талқысы шығар осы қызметке жүрді. Дұрысы еркіне қоймай жүргізді. Бастасым, баланың бір білместігін, ағаттығын кеше көр, – дейді көзіне жас алып.

– Ойбай, ол не дегеніңіз. Пендешілікке қайта мен жол беріп, аузымнан жаздым, – деп ишан жік-жапар болып, дәлізде енді болмаса несебі бойына тарап кетіп жан тәсілім еткелі бебеу қағыш жатқан балаға келіп дем салған екен. Сол бойда жүрмей тұрған несеп шаптыра жөнеледі.

Шал әйтеуір бір есебін тауып, ишан бастасын үйіне әкеліп жақсылап тұрып қонақ қылады.

– Не де болса нар тәуекел. Қашып бой тасала. Нарында туыстарым бар.

Соларға жеткізіп табыстаймын. Ол жақтан еш жау ала да алмас, таба да алмас.

Шалдың бұл ұсынысымен ишан «жалғыз балаңа зияным тиеді, обалына қалам деп азар да безер болып келіспейді. Шабекең сонда бата артынан – Мұсылманның үйінен татқан дәмімнің ақыры осы болар. Бұған да шүкір, – деген екен. Сол айтқаны болады.

Шабар ишанның атылған хабарын жақын-жуығына хабарлап, қали қадарынша басын белгілеп, өлгенше соны қадірлеп, сенімді деген адамдарына осы әңгімені айтып өткен сол шал болыпты.


Үйшік түрмесі қазіргі облыстық МАЙ кеңесі тұрған үй. О баста



бір байшігеш қазақ орыстікі болған да кейіннен тәркілеуге түсіп түрмеге берілген. 70-тен асқан қарт Шабекең түрме азабын көтере алмаса керек. Ақыры осында аманат жанын Алласына тапсырады. Ишанның қайын жұрты Беріш екен. Қарға тамырлы қазақ емес пе, сол жерден кемпірі Балғараның ағайындары табылады. Солар мәйітті ашып, қал қадырынша ақ жуып, арулап жер қойнына береді. Бұрынғы ескі аэропорт маңындағы қойымдықты Атыраудың көнекөздері бері келгенше «Адай мола» дейді екен. Себебі, сол жылдары түрмеде, еріксіздікте өлген көп Адайлар осында жерленген сыңайлы. «Шабекең зираты соның ортасында, басында балшықтан соқпалап салған белгісі болды. Жарықтық, содан от шығып тұратын еді» деген әңгіме бар. Өкінішке орай, ол маңайға қазір құрылыс салынып кеткен.

Шабар ишаннан туған жерінде қалған заттай айғақтама қазіргі Құйылыстағы мешіт-медресе сұлбасы. Әрине оның бүгінде баяғы сән-салтанаты жоқ. Қабырғаларының қирандылары ғана қалған. Бірақ бұл төңіректің көзі қарақты үлкендері оның «Жарықтық аталарымыздың білім алған құтханасы» деп әлі құрмет тұтады, қастерлейді.

Енді Шабар ишанның қандай ұрпағы бар – соған келейік. Біздің қолымызда бір құнды құжат бар. Ол Республика Әділет министрлігінің Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің архивінде сақталған №672 санды қылмысты іс бойынша 07.04.1993 жылы шығарылған қорытындысы. Онда 15 жасар Шабаров Сырымның СССР ОГПУ коллегиясының 05.04.1932 жылғы үкімі бойынша РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-2 және 59-3 бабымен 5 жылға сотталғандығы. Көріп отырғандай Шабаров Сырымның сотталуға жасы жетпейді және оның ісінде қылмыс құрамы қайта тексеру кезінде жоқтығы анықталды. Жалғыз Сырым емес бұл іс бойынша сотталып жазаланған 373 адамның бәрі қылмыссыз болып табылады. Құжатта кезінде жазалау органдарының Адай еліне жала жауып, елге зобалаң, бүліншілік әкелгендігі тайға таңба басқандай дәлелденіп көрсетілген. Осы Сырым Шабекеңнің ұлы. Сырым жазасын өтеп келген соң Түрікменстан бетіне кетуге мәжбүр болған. Сырымның қызы Дәмелі Ақтауда тұрады, тағы



бір қызы Ұлболсын Қызылтөбе кентінде. Шабекеннің Абад деген тағы бір перзентінен қыз немересі Шәміе Маңғыстау ауданы, Оңды ауылында. Ишан атының жоқшысы болып жүрген бір ұрпағы Қалиқызы Шекерхан Ақтау қаласында. Жақсының аты өлмек емес. Зар заманы қанша талқыға түсіргенмен Шабекен есімі ел аузында әлі жаңғырады, ұмытылар емес. Ұмытылу былай тұрсын жаңа деректермен кемелдене түсуде.

КЕНЖЕ ӘБДІРАХМАН ИШАН

Аты айтып тұрғандай бұл Өрдектің Кенже ауылынан. Діни лауазымы ишан. Солтүстік Үстірт ернегіндегі Қосақыр, Шилі бұлағының басында тастан қиып мешіт салып, бала оқытқан. Қасындағы бұлақ көзін аршып, маңайын таспен қоршап, көкөніс еккен. Жаз айында іргедегі Қайдақ шығанағына ау салып, қазандық балығын аулаған. Күнкөрістігі орташа, мешіт үйін ағайындары ортадан мал шығарып салған. Жалпы ол уақыт үрдісінде мешіт пен жанындағы молда, шәкірттер жататын үйді сауап үшін деп ірі байлар не ағайындар, ауылдастар қауымдасып қана сала алған.

1931 жылдың жазындағы зобалаңда көш жолынан бір бүйірдегі бұл ауыл, іргедегі Қызылтастағы мешітті ұстап отырған Дүйсенбай ахун ауылы аман. Қолда сауындық деп ұстап отырған 4-5 ірі қара, аз ғана жандығымен қала барған. Жайлаулары Бесөгіз, Тәңкедегі малды қызыл әскерлер айдап алып кеткен.

Қазақтың шүкірлігі көп. «Бұл да бір Алланың салғаны болар. Бастан құлақ садақа. Мал орны толар. Бас аман болсын» деген Әбекең отырған жерде отыра береді. Боса көшкен ағайындарына ермей қалады. Ел табаны сиреуіне байланысты мешітте оқитын бала саны азаяды. Ендігі қалғандары көрші-қоланның әр жастағы қара сирақтары. Бірі өз баласы Ыбырай. Солардың «тілін сындырып» бұрынғыша қоңырқай тірлігін күйттеген ишан да, ауылы да алаңсыз. Уезд орталығы Фортта «ел ішіндегі бай құлақтардан әлі арылып біткен жоқпыз. Олар іштен тынып, қолайлы сәтін күтулі» деген қаңқудың жүріп жатқанынан хабарсыз. Сол қаңқу себеп болып қырға тағы жасақ шығарады.



Бұл жасақ құрамы негізінен милиционерлер, жергілікті белсенділер мен солардың шашбау көтерушілері. Бұлар арғы Үстіртке ішкерілеп бармайды. Өйтуге мойындары жар бермейді. Бір жағынан ол бетте ел қалмағанынан, бәрі көшіп кеткенінен хабарлы да ғой. Сонда қармағына іліктіргендері ернектегі бұлақ-бұлақты сағалап отырған аз жатақ ауылдар.

Қазақтың маң даласында құпиялық жоқ. Тырнағын іштеріне бүккен жолаушылар кез келгеннен сұраса да Әбдірахман ишан ауылының қай жерде екенін біліп алады. Олай етпеген күнде де үй қасындағы мешіт мұнда дін өкілі барлығын әйгілеп тұр. Сосын да келгендер шұғыл іске кіріседі. Бақшалығын суарып жүрген ишанды тұтқындап, көлеңкеге отырғызып қояды да үйді тінтуге кіріседі. Бұл байлық жинамаған адам. Бар байлығы жадағайдың, бешпенттің өңіріне таққан күміс теңгеліктер. Қару-жарақ сірә жоқ. Қауіп ойламаған ишан кітаптарын ашық ұстайтын. Олар мешіт ішінде, үйде. Әртүрлі діни кітаптар. Араб, парсы, шағатай тілінде. Көбін Қоңырат, Хиуаға барған керуен арқылы алдырған. Қазақ тіліндегілер төтеше жазумен жазылған қиссалар. «Қазақ» газетінің тігіндісі бар. Бірақ барлық саны түгел емес. Келген милиция да, белсенділер де араб, парсы кітаптарына тістері батпады. Шұқшиғандары қазақша кітаптар. Солардың ішінде бір дәптер бар еді. Ішінде көк сия карандашпен әдемілеп, анық етіп жазылған Абай өлеңдері. Олардың бұл ауылға жетуі бір хикая.

Осы елдің имамы Айрақтыда мешіт ұстаған молда Қаржауұлы Бөлебай ағайыны Дүзжан молда екеуі жұт иттің алдыңғы жылы Меккеге қажылыққа барып келген. Түрікмен, парсы жұртының үстін басып қыр жолымен жүрген бұл топ әбден арып-ашып келді.

– Жарықтық Мекке жері ыстық болады екен. Біздің аспан айналып жерге түскендей деп жүргеніміз оның қасында далада қалады. Баруын бардық-ау. Бірақ басында далаға түнеп, дұрыс шай-су іше алмай берекеміз кетті. Құдай қарасып, сонда оқып жатқан қазақ шәкірттері кездесіп, қазақ қажылары түсетін тәкие үйге апарып жанымыз қалды. Ол үйді Арқадан қажылыққа барған Құнанбай деген мырза салдырған екен. Құдай Қүнекеңе сол пейіліне орай бергендей-ақ беріпті. Ибрагим деген баласы лебізіне



жұрт ұйыған ділмар, шайыр, өте бір кісілікті адам болыпты. Өлең кітабын Петрбордан бастырып шығарыпты. Ел құрметтеп оны Абай деп атап кеткен екен.

Бөлебай хажы солай Арқаның әкелі-балалы екі қазағын аузынан суы құрып мақтап, қолы ұзын старшын баласы Ербай арқылы Көкжардың жәрменкесінен бір кітабын сатып алдырады: Жалғыз кітап кімге жетсін. Шәкірттерге көшіртіп аяқ жетер жердегі мешіттерге таратқан. Дәптердің мұнда келу баяны сондай. Қызылкөздер соған етке үймелеген көк шыбындай жабыса қалды.

– Міне, көрдіндер ме, мына біреусінің екі сөзінің бірі Құдай, Алла. Сосын жаздың шілінгір шілдесінде қымыз ішіп, самалдап жатқан кезін армандайды. Ой, атау керенді ішкір, боржой.

Солай деп алып дәптер ішінен тағы бір өлеңдерді бірінің басын, бірінің аяғын шатып-бұрып оқыған болды.

«Есіл Абай-ай, өленің тантаған пәлекеттердің аузымен оқылды-ау. Ай, қуарған қу заман!» деп Әбдірахман ишан іштей таусылып тұр.

Қайырсыз қонақтар сол күннің кешінде бір тушаның етін тоя жеп, бір марқаның етін майына қуырып қарнына салып алып жүріп кетті. Жай кеткен жоқ Әбдірахманды ала кетті өздерімен. Ши ішінде үйездеп тұрған 2-3 құр атты алдарына салып тағы қуып кетті.

Маңайдағы елдің ең жақыны Айрақтыдағы Олжашылар. Бәрі Өрдек атадан тарайтын ағайын. Қолда бар аяқ артар жалғыз көлік есекпен онда барып хабар айтқанша да араға 2-3 күн түсіп кетті. Айрақтағылар да тәркіге түсіп бар малдан қол көтерген. Сосын бір жола балық кәсібіне көшкен. Көп ауылдан ондағылардың айырмасы ризығын ертеден теңізден айырады. Кеме жүгіртеді. Төңкеріс зобалаңы әуелі Астраханға жеткенде сондағы аралас-құралас тамыр орыстары қайық кемелерін, ау-құралдарын көз таса қылып осылай асырып, сатқанын сатып, сатпағандарын сақтауға қалдырып бұл жағаны жарылқап тастаған. Мал тәркіге түскенде теңіздегі кемелермен, аумен ешкімнің жұмысы болған жоқ. Бұл ауылдың бас көтерер адамдары кәсіпте болып шықты. Біреулері Қаракешуге тұз әкелуге кеткен. Енді біреулері Өлі Қолтықтың



үлкен теңізбен астасқан жеріндегі қылтада. Олар айналып ауылдарына соққанша тағы бір жеті өтті.


Әбдірахманды түрмеге жапқаны анық. Бұл ел білетін түрме екі жерде – уезд орталығы Кетікте, Үйшік – Гурьевте. Жазда босқан елдің біразын Бұрыншықта, Кендірліде, Прорвада лагерь ашып қамаған. Ол бейбақтардың өлі-тірісі белгісіз. Маңайлары қарулы күзет, ешкімді жолатпайды.

Үкімі шықпаған адамды әуелі тергеу қамағында ұстайтынын ел адамдары да біледі.

Басына күн туған ағайынның артынан барып хабарын алмау, қол көмегін көрсетпеу рулы елге сынықтық. Айрақтыдан 3 адам бел буып шықты. Көліктері желкенді кеме. Кетікке ең төтесі су жолы. Бұл уақытта құбладан соғады жел көбіне. Бұрыншыққа дейін желкен аудармай-ақ барады. Одан әрі ірейлеп жүзеді. Үйренген сапарлары. Заманның түзу уағында ең жақын базар Кетікке Айрақтыдан айына кемі 2 рет кеме қатынасы болатын. Мұндағы ел табанының бірі Ақботалар. Содан қуып Айрықтылардың Кетікте түсетін үйі Ақбота Ыдырыстікі еді. Ол осы өңірге белгілі тасшы шебер. Ол өнері әкесі Серікбайдан жұғысты. Тасорпа түбектен күн көріс қамымен Кетікке келген Серікбай осындағы көп үйлерді салған шебер. Енді ол кәсібін баласына мирас екен. Қол еңбегімен күн көрген, сауатты, көзі ашық Ыдырыс жаңа үкіметке жағымды деген хабары қырға да жетіп жатады. Ол жазында Шүйлі бұлақ басын сағалап бағбандықпен айналысатын, бақша егетін. Оның жемісінің дәмі айрақтылықтардың да талай таңдайына татыған.

Жолаушылар жағаға әдейі қараңғы толық түскесін келіп тоқтап, Бөгет жақтағы Ыдырыс үйіне түн ортасына таман келген. Ұйқысы сергек үй иесі кең ауласы ішінде жатыр екен. Аяқ тықырынан-ақ оянды. Терезесі қараңғылаулы төргі бөлмеге бастады. Биылғы көктемнен бері жүз көрістіріп тұрғандары еді. Қазақтың амандық сұрасуы ұзақ болады ғой. Бірақ бұл жолы ол шолақ қайырылды. Қырдағы жағдайды үй иесі айтпай-ақ біліп отыр екен. Келіс мәселесін де жобалап отырған болып шықты.

– Әбдірахманды енді іздемей-ақ қойыңдар. Ол кешеден бері бұл дүниелік емес.



– Қалай? Қалайша?

– Атып тастады. Себебі, сол баяғы – байсың, молдасың деп шату. Жалғыз ол емес бірнеше адам. Мен кездесіп, хабарласам ба дегенмін – ештеңе шығара алмадым. Түрме күзеті тіпті қатты. Хабарларын сонда жансыз болып жүретін жұрағатым арқылы біліп отырмын. Қолдан келері сол-ақ болды.

– Сонда сүйегін де бермей ме? Ең болмаса ақ жуып, арулап көметін.

– Жоқ. Қарабөкеже жаққа машинамен алып барып ататын көрінеді үкімге кесілгендерді. Қайда көміп тастағандары тағы белгісіз.

– О заман да бұ заман деп мұны да көрдік. Баяғы ақ орыс Досанның сүйегін сатып берсе де берді десетін. Мына қызыл орыс ондай адамшылықтан да ада болып шықты ма?! Әй, өзімізге де обал жоқ. Ана жылы осылармен соғысқан атаман Толстовпен жауластық-ау.

Бұл уәжге ешкім ештеңе деместен қалды.

Келгендер ақыры марқұмға жел баталарын оқып, қайтуға бет алды. Асыққан себептері мұнда қалу да қауіпті екен. Жағаға келген бейсеубет кемелерді де тексеретін болыпты. Ыдырыстың ақылы бойынша кеме маңдайын әуелі жолдан қиыс аралдардың біріне қарай бұрды. Күндіз сонда қамыс арасында жатып көлденең көзден бой тасаламақ. Естулерінше қызылдардың жолтосарлары ашық теңіз үстінде де қатерлі көрінеді.

Әбдірахман ишанның қайғылы қазасының хабары әуелі Айрақтыға жетті. Ертесіне ауыл үлкендері отбасына барып естіртті. Қаралы үйге сүйеу боламыз деп бір-жар үй Қосақыр Шилі басына көшіп келді. Мұндағы бірінші жасалған сақтық қамы кітаптарды тығу болды. Айрақтыдағы Бөлебай, Дүзжан қажылардың, Әбдірахман марқұмның тінтуден аман қалған кітапханасы бір түйеге жүк болды. Екі бөлініп, таудың су бармайтын қуысына қойылып, бергі аузы тас қаланып бітелді.

Әбдірахман, сол ернектегі тағы басқа бірнеше отбасы кейіннен зорлықпен ойға көшіріліп әкеліп, колхозға кіргізілді. Ауданның жер бөлімінің бастығы, бұрыннан көжетамыр таныс-араластығы бар



Алшын Мендалиевтің ақылымен Бөлебай қажының немересі менің әкем Спан бұрын өзін білетін көрші-қолаңынан бөлектеніп, ешкім танымайтын Бозашыдағы Чапаев атындағы колхозына келеді. Мұнда молдалығын жасырып, ата-тегін де құпия ұстап жүріп амалдайды. Әбдірахманұлы Ыбырай 1937-1938 жылдың зобалаңында жас бала болуы себепті аман қалады. Қосақыр, Шиліден көшерде «әкемнің көзі» деп екі кітапты мешіт табалдырығы астына көмген екен. Кейіннен өзінің аяғы жетпеген соң Бөкен Қартқожақ молдаға аманаттап, сол барып қазып алған. Ыбекең бертініректе Өзенге көшіп келді. Екі отбасы – біздің үй мен екеуі баяғыдан соң сонда қайта табысты.

Ана бір жылы Ыбекең ағам екеуміз арнап Қосақыр, Шиліге барғанбыз. Мақсатымыз баяғы кітап көмбені алу. Ыбекең соны көмгенде қолқабыс тигізген бала екен. Сол уақытта көзі тірі қалған куә өзі. Амал не, іздегенімізді таба алмадық. Жер бедері мүлдем өзгеріп кеткен екен. Өкінішті. Бәрінен бұрын сол кітаптар ішінде Абайдың 1909 жылы Санкт-Петербургтан шыққан алғашқы өлеңдер жинағы да болуы керек еді. Кәкем (Спан) «оны өте-мөте ықтияттап былғарыға орап тығып едім» деп отыратын. Ыбекең ағаның едәуір молдалығы да бар еді. Өне бір молдаға зәру жылдары жаназа оқып, Құран шығаратын.

– Әкемнен сауат ашып қалғанмын. Қалғанын өз бетімше тырбынып үйренгенмін ғой, шырағым, – дейтін.

Бертінде өзінің Қызылсайында бақилық болды жақсы аға. Ұрпақтары сонда тұрады.

Ыбекең марқұм жаратылысынан солай ма, әлде әкеден жастай қалып заманынан қағажу көріп запы болғандыкі ме дәті берік кісі еді. Шешіліп сөйлемейтін. Көп сырды өзімен бірге алып кетті. Ең азы әкесін жазықсыз ұстап жетіп, түбіне жеткен әшәддінің де атын аузына алмастан өтті. Дегенмен тәңір жазасы құтқармайды екен. Ол пенде ертеректе көр азабын тірісінде көріп ауыр сырқаттан өлді.

АЙРАҚТЫНЫҢ АДЫРА ҚАЛУЫ

Солтүстік Үстірттің Өлі Қолтық пен Қайдақ шығанағының астасқан тұсына еңкейе берісінде Ақшабас атты тұмсық бар. Осы тұмсық арғы беттегі Бозашыға қарай қиыстап ұмсына түседі де ортасынан қақ бөлініп, қалған жері теңіз ортасындағы бөлек аралға ұласады. Осы бөлек құрлық аты Айрақты. Үстіртпен екі арада жіңішке жота. Дәл тұсында Татан тауы. Әйгілі Аралбай ақын Оңғарбекұлының «Айрақты, Татан екі тау Қияқты, Сасық екі су», – деп жырға қосатын жері осы. Татаннан әрі Манашы ащы – ағары, оның оң қолтығында Күйкен шыңы. «Қырымның қырық батырындағы» жырланатын Манашы батыр мен Күйкен анаға қатысты оқиғалар осы жерде өрбіді дейді ел аузы. Шыңның ұшар басында елінің қырық биінің опасыздығына шыдай алмай суға кетіп өлген Күйкен ананың моласы бар. Екі карталарға шың астындағы айлақ Күйкенақты болып түскен.

Тұрған жерінің қолайлығына, суы тұщы бұлақтарының мол, ең басты су жолының бойы болуына байланысты Айрақтыдан қысы-жазы ел арылмаған. Арлы-берлі өткен саяхатшылар, белгілі жолаушылар да мұнда ат ізін салып тұрған. Мысалы, жер ауып келген поляк революционері Бронислав Залесский өткен ғасырда Үстірт арқылы Маңғыстауға беттеген сапарында осында соғып таудың бір жотасының суретін салып, Айрақты туралы әсерін жол жазбасына түсірген. Оның бұл жазғандары 1854 жылы Парижде «Қырғыз даласына саяхат» деген атпен жинақ болып шықты. Сол шамада Қашаған ақын мен атақты Құрманғазы күйші де осында бірнеше күн болған. Қашағанның Аралбайдың баласына көңіл айтқан жыры 1905 жылы осы жерде дүниеге келген. Аралбай жалғыз баласы Берекетті осы жерде жер қойнына беріп, келіні Меңішке айтқан, арнаған шығармаларын осында жебеген.

Біздің үлкен бабамыз діни орта дәрежелі білімі бар Бөлебай деген кісінің де кіндік кесіп, кір жуған мекені осы Айрақты екен. Бабамыз сондағы Қияқты деген судың басына мешіт салып бала оқытады. Бірінші жиһангер соғысынан бір жыл бұрын, яғни 1913



жылы Меккеге барып қажы атанып қайтады. Сол уақыттағы патша үкіметінің бір жақсылығы қажыға барушыларды қолдап отырған. Тіпті Одесса порты арқылы арнаулы кеме ұйымдастырған. Меккеге барып келгендерге кейбір жеңілдіктер де жасаған. Айтушылар Бөкең Мекке сапарынан 1 жылдан соң оралды, оған Түрікменстан, Иран арқылы барып қайтты дейді. Келген соң уезд бастығы Калашников белгілі бір кезеңге салықтан босатып, атамекені Айрақтыны дербес меншігі етіп куәландырып бекітіп беріпті. Бір қызықта Калашников аты 1907 жылы Маңғыстауға мұнай іздеп келген академик Н.И. Андрусов жазбаларында кездеседі. Ол демократиялық көзқарастары үшін осында жер ауып келген офицер еді делінеді.

Мал жерге бітеді, Айрақтыны қыстап, жайлаған соң бұрын да орта дәулетті қажының тұрмысы бұрынғыдан да түзеліп, іргесінің көңі қалындайды, көгені ұзарады. Мекке сапарынан ала қайтқан бір олжасы – жол бойындағы елдерден егіншілікті үйреніп, Қияқты бұлағының басына әртүрлі жеміс ағаштарын, тары, жүгері, қауын, қарбыз егеді. Сонда бір еккен дақылы күнбағыс екен. Күнбағыстың сабағы күнге, яғни құбылаға қарап өсетіні белгілі. Қажының Меккеден әкелген дақылының мұнысын қасиеттілікке жорыған қараңғы ел біразға дейін оны әулие санап, дәнін «піссімілласын» айтып ауыз тиіп, маңдайына басып тәу етіп жүріпті. Бөкеңнің үш баласы болған. Кіші ұлы Ербай ел билігіне араласып старшын болып жүріп қайтыс болған. Біздің әкей – Ербайдың баласы Спан – қажының немересінің алды. Жастайынан атасының тәрбиесінде болып, мұсылманша орта дәрежелі білім алған Бөкең қажы 1919 жылы қайтыс болған. Жасында жетім қалып Бөлебай қажыны паналап, кейіннен оның жақын інісінің қызын алып күйеу баласы болған Бөкен Шуақбай бертінде қайтты. Ол кісінің айтуынша 30-шы жылдары Спан мен еншісі бөлінбеген ағасы Шәмкел екеуінде 500-ге тарта қой, 20-ның үстінде жылқы, 40-тан астам түйе, он шақты сиыр болыпты. Бұл сол кездің көзімен қарағанда әлім-берім күйі бар ғана орта шаруа. Оған қосымша бір қайық ұстап (біздің, Атырау елінің ауызекі тілінде кеме жүгіртіп дейді – Ә.С.) балық аулаған. Жылына екі мезгіл Астрахань, Үйшік асып барып,



малдарының жүні мен терісін затқа, ұн, мата, шай, цекерге айырбастап тұрған. Бар жұмысты өз күштерімен атқарған. Бір сөзбен айтқанда, бұлар нағыз таза еңбегімен күн көргендер.

Сондықтан да біздің ауыл малы көп бай ағайындар үдере көше жөнелгенде орындарында қалып қояды. Олардың қамсыз қалуына бір жағынан Айрақтының көш жолынан қиыс, ұзын-құлақ хабардың тез арада жете алмайтындығы да себеп болса керек.

Солтүстік Үстіртке көтерілген Еналиев басқарған тұрақты армияның жасағы екен. Қырғынсайда қанға құныққан, Маната асуының аузында тағы қан төккен бұл жасақ қашқан ел ізімен Бесқалаға қарай жүруге тәуекел ете алмайды да енді өшін ернекте көшуге көлігі жоқ әр бұлақтың басын сағалап отырған жатақтардан алады. Бесбұлақ, Қызылтас, Қосақыр, Шилінің үстімен жолшыбай қолға түскен ұзын аяқты мал атаулыны «бандалардан тартып алынды» деген ақпармен ойға айдатып жіберіп келіп Айрақтыны қапыда басады.

Біздің әкей (1967 жылы дүниеден озды), мамам Кінәш (1968 жылы дүниеден озды), Шәмкел әкеміздің кемпірі Қибат (1986 жылы дүниеден озды), Маңғыстау ауданы Оңды селосында тұрған Аманқалиұлы Қани (1990 жылы дүниеден озды) сол Айрақтыдағы ойранның біз көріп, әңгімелерін естіп қалған тірі куәлары еді. Олардың айтуынша (Қанекеннің жазбаша естелігі осы жолдар авторының жеке архивінде сақтаулы) оқиға былай болған.

Ертеңгісін мал өргізіп жатқанда ауылды құрлық беттен келіп қоршап алған әскерлер жұртты сескендіру үшін аспанға мылтық атады. Кейбір есерсоқтар алдарынан үріп шыққан иттерді атады. Күнкөрісінің бір тіні аңшылықпен сабақтас елдің көп үйінде аңшы мылтығы, бесатар бар екен. Бірақ еркектер қаруланьш үлгере алмай қалған. Тек шеткі үйдегі ағайынды екі жігіт қана (аттарын өкінішке орай ұмыттық) бесатарларын алып үлгіріп ауыл сыртындағы сайға барып бекінеді.

Жасанып келген әскер қойсын ба, ауыл адамдарының барлығын бір жерге иіреді де қастарына күзетші қойып тастап, қалғандары үй-үйдің сандығын ақтаруға кіріседі. Қажет дегендерін алып қоржындарына бөктере береді. Желіні қиыш ұзын аяқты



малды бір шетке айдап шығарды. Енді біреулері 4-5 қойдың басын қылышпен шауып түсіріп қазанға салу қамында. Қысқасы, кәдімгі жаудың қылығы. Жұмысшы – шаруа қызыл армиясының бейбіт елмен алғашқы жүздесуінің сиқы осылай болған. Әскер басшысының назарын Қияқты бұлағының басында жайқалып өсіп тұрған бақ, егін аударса керек. Бірақ бұл кезде бас алып қалған егінді біреулердің ақ адал еңбегі, маңдай тері екен-ау деп жатпаған. Келген бойда аттарын жайылуға жіберген.

– Мынау егін кімдікі? – дейді біреуі татарша шүлдірлеп. Сірә мойнында асынған дүрбісі, тапаншасы, тартпа белбеуі, жылтырақ етігі болды әрі татарша сөйлейді деуіне қарағанда бұл жасақ басшысы Еналиев болуы керек.

– Мен, – дейді әкей ілгері шығып. Сол жерде мән-жайға қаныққан сұрақ иесі – Сен бай-құлақ болуыңның үстіне жер иеленуші де екенсің ғой. Қане үйіңе бастап жүр, – деп дігірлеп ала жөнелді. Ол кездегі үйдің қонағына сақтаған бір жеңсік асы үлкен бас қант болады екен. Кебежені ақтарғанда соның бірнешеуі, қалта түбінен аздаған өрік-мейіз табылады.

– Сен, бай-құлақ, алтын, күмісінді қайда тықтың, – деп зікір салады енді басшы. Әкейдің ондай қазынам жоқ дегеніне нанбай, сырттан мамамды да алдырады. Енді екеуі қазынасы жоқтығын айтып ант-су ішеді. Бірақ оған сенбеген басшы екеуін үйілген тезек үстіне отырғызып «Біразырақ ойлан. Егер қазыналарыңды тауып бермесендер атыласыңдар» деп басқа үйлерге қарай кетеді.

Сөйтіп жүргенде күн түс болады. Қамалғандардың ішіндегі әйелдер жағы түзге отырмақ боп сырттаған екен, күзетшілер мылтықтың дүмімен жасқап кері қайырады. Осы жерде шаруанды тындыра бер дегенді аңғартып келемеш қылады.

Қоршаудағылардың ішінде соның алдында ғана бір ай бұрын мамамның Қорған дейтін жалғыз сінлісіне үйленген Ақбота Бостанбай есімді жігіт те тұрған. Қызба ер көңіл Бостанбай мына қорлыққа шыдай алмай тап сол жерде шарт сынады. Жерден бір тасты алады да әйелдерді өте-мөте көбірек келемеш қылып тұрған әскердің бірін құлақ шекеден қондырады. Ұрыста тұрыс жоқ, шекеден қан бұрқ етіп құлап түскен әскердің мылтығын жұлып



алып, тізгінінен ұстап тұрған атының үстіне бір-ақ қарғиды. Бостанбай қағылез, жылдамдығының үстіне шабандоз да екен. Ер үстіне етпеттеп жатып алып, Үстірт үстіне қарай ағыза жөнеледі. Бағына қарай, тақымына тиген ат жүйрік болып шығып қуғыншыларға жеткізбей кетеді. Қуалай атылған оқ тимейді.

Бостанбай жездеміз сол кеткеннен мол кетті. Үкіметке қарсы шығып, қол көтерді (ол басын жарған әскер сол бойда жан тапсырады) деген айып елге оралуына мүмкіндік бермейді. Ұзын құлақтан жеткен хабар ол сол қашқаннан салып отырып Хорезм ойына асқан. Есіл ер ол жақтан да байыз таба алмай Иран асып кетіпті-мыс. Қорған апай ерін біраз жыл күтіп, банданың әйелі деген айыптан еңкіш тартып, кеткеннің келмесіне көзі жеткен соң барып соғыстан кейін Мейір дейтін бір мейірбан кісімен тұрмыс құрды. Бала сүйді. Ұзақ ғұмыр сүріп, сәнімен қартайып 80-ші жылдардың басында көз жұмды.

Әскер өліп, Бостанбай қашқан алас-қапаста манағы үйілген тезек үстінде әлі «ойланып» отырған әкейге жасақ жолбасшыларының бірі, бұрыннан көжетамырлығы бар Үлкенбай деген кісі таяп келіп: «Сорлы Спан-ау. Не қып отырсың? Қашып кет. Бұларда иман жоқ. Қазір атып тастайды. Босына өлесің» дейді.

Бұл ақылды құп алған әкей маманның қолынан жетелей-метелей 5 жасар баласын көтеріп сай ішіндегі жыңғыл аралас өскен қалың қамыстың ішіне қойып кетеді.

Бұл кезеңде мана ертеңгісін бесатарларын алып аңғарға бекініп үлгірген ағалы, інілі екі жігіт әлі атысып жатыр екен. Жер ыңғайын жақсы білетін мерген жігіттер алдырмайды. Бір-екеуі оққа ұшып, бірнешеуі жаралы болған соң әскерлерінің де аптығы басылып аңдысып атысуға көшеді. Күн болса тас төбеден шыжғырып тұр. Жігіттер бекінген аңғарда су жоқ.

– Қарақтарымның кенезесі кепті-ау, – деп қамығады қоршау ішінде отырған жігіттердің анасы. Соны естіп қалған әлгі шегір көз татар басшы әскердің бірін шақырып алып әлдене дейді. Бастығының айтқанын құп алған әскер кемпірге келіп қолынан жетектеп босатып қоя береді. Оның мұнысын кәрі кісіге жасаған мейірімі деп ұққан ана байғұс алғысын жаудырып үйіне жөнеледі.



Онда да көп аялдамай торсыққа су құйып алып елеусіздеу түрде балалары бекінген аңғарға қарай қиыстайды. Аңғардың арғы тұйығынан баспалдақтап құлап баратын арқар соқпақ бар екен. Кемпірдің діттегені сол. Құлығына құрық бойламайтын жаңағы татар басшы қасына екі-үш әскерін ертіп алып кемпірдің ізімен баспалап жетіп әкелген сусынын балаларының аузына тоса бергенде оқ жауып қоя береді. Сұлап түседі екі арыс. Екеуі де әлі үйленіп үлгірмеген қыршын жас екен. Арттарында қалған ұрпақ жоқ. Төтен қайғыны көтере алмаған кемпір сол күннен бастап-ақ есі кіресілі-шығасылы күй кешеді.

Бейбіт ауылды осылай талан-таражға салған жасақ қолға түскен ірілі-ұсақты малды алға салып, мылтық атаулыны тағы тәркілеп, ең азы қыз баланың мойнына таққан шолпысына дейінгі ілінген жылтырақтың бәрін қоржынына тоғытып тартып отырады. Арада үш күн өткен соң барып ертеңгісін бұлақ басына бір топ ешкі шұбырып келіп тұр дейді. Артынан білсе арттағы елге жаны ашыған жолбасшы Үлкенбай түнде ебін тауып отардан бөліп жіберіпті. Шекшек ата баласы жануар басына бостандық тиісімен үйренген суына қарай шұбырыпты. Үлкенбай азаматтың сол үлкен азаматтығын Айрақтыдағы ауыл өле-өлгенше ұмытқан жоқ. Олар тұрсын олардың содан бері үшінші, төртінші рет жаңғырған ұрпағы біздер де оны бүгін ілтипатпен еске аламыз.

Есіл Айрақтының басындағы бақ құсы сол зобалаңда ұшқаннан-ақ қайта қонған жоқ. Артынша бар күнкөрістік малынан қол көтерген ел аштық аранына тоғытылды. «Құдай қарғағанды пайғамбар желкесінен нұқиды» демекші, аштықтың өкшесін баса әртүрлі індет келді. Одан аман қалғандар босқынға ұшырады. Сөйтіп, маңынан 60-тан астам түтін ризық айырған, айдынында қаз қонып, аққу ұшқан қайран Айрақты айналасы бір жылда адыра қалды да барды. Бүгінде бір кездегі Айрақтыдағы 60 үйден көрер жарығы түгесілмей алғы күнге аман жетіп тірлік желісін жалғаған шаңырақ саны саусақпен санарлық. Біздер – Спан әулеті, Шәмкел әкемізден қалған жалғыз перзент – Ізтұрған ағаның отбасы, Бөкен қажының немере інісі Елеусіннен қалған екі отау. Дүзкен қажыдан өрбіген бір-жар түтін, жоғарыда есімдері аталған Бөкен Шуақбай



ақсақал мен Қани аға Аманқалиұлының төңірегі. Қазақтың қазаға айтар бір тілегі «артының қайырын берсін» ғой. Айрақтының 31-ші жылғы жазындағы қалған тұрғындарына талай тағдыр жұтағанның шүкіршілігі дерлік осы тілекті де көп көріпті. Өйткені олардың артында атаның әруағынан қайыр дәметер ешкім қалған жоқ.

Айтпақшы, Айрақтыдағы талан-тараждан өрт ішіндегі бір түп қамыстай аман қалған бір жәдігер бар. Ол мамамның саф күмістен сомдап, асыл таспен әшекейлеп соққан үш тақта өңіржиегі. Әйел көзі қызылшыл, мамам жау келіп қалғанда оны керегенің басынан алып, көйлегінің ішінен мойнына сала қойыпты. Сөйтіп, ол қарақшы Еналиевтың қоржынына түспеген. Бір әулеттің бір кездегі ешкімге тәуелсіз өмір сүруге жетерлік дәулетінен сақталған жалғыз жұқана осы. Қазір ол біздің үлкен шаңырақта сақтаулы. Жергілікті жерден бастап Алматыға дейінгі талай музейлердің қолқасынан тағы аман қалды. Өйткені бұл өңіржиек біз үшін тек зергерлік бұйым емес, әке-шешенің көзі. Бәрінен бұрын ата күлдік Айрақтыдағы қасіреттің тақсіретін ата-анамызбен бірге басынан өткерген жалғыз ескерткіш.

Елдегі жұп тұяқтыдан қалған мал жарықтық Шекшек ата болғанда тақ тұяқтыдан қалғаны жалғыз жылқы Ақбота Аймұрат сейістің торы төбел құнаны. Әскер қарасын алыстан көріп, бір жаманшылықтың боларын күнілгері сезген Аймұрат құнанына жайдақ мініп, теңіз жағасындағы қалың қамыс ішіне сіңіп бойтасалап қалады.

Ауылдан әскер кетіп, абыр-сабыр басылған соң күнкөрістігі малға ғана қараған сейістің мұнда енді жағдайы болмайды. Күзге салым төсек-орнын бөктерген әйелін шиеттей баласымен үстіне мінгізген құнанын өзі жаяу жетелеп ол да босқан ел ізінен кете барады. Кәкемнің берген еншісі үш қоян қақпан, бір оқпантай толы оғымен құс мылтық.

Сол Аймұрат сейіс хабары кейінге соғыстан соң барып жетулі. Онда да жүйрігі арқылы. Шаруа жайымен Құлсарыға барған Ақбота Зақан (атамекені Ақшымырауда бертінде қайтыс болды) жол-жөнекей арып-ашып тұрған бір кәрі лақса жылқыны көріп



– Жануар-ай, мынау баяғы Айекемнің торы төбелінің көзі ғой, – деп жылап жабыса кетулі. Ол Айрақтыдан кеткен торы төбел құнанының өзі ме, көзі ме – ол жағы беймағлұм. Бірақ әйтеуір тектінің сойы екені анық. Зақан сол жерде әлгі лақсаны астындағы үйірдің айғырына айырбастап асып, аз күн жемдеп бағып, диландырып Бозашыға жеткізулі. Өзі айғыр екен, қыстай қорада ұстап бағып жемдеп, көктемде алдына 2-3 бие салып, тұқым алып қалған.

Бозашының Ақшымырау Қызанында баяғы атбегі сейіс аталардың жолын ұстана қалған Мұқырбай, Бекқожа, Зәкөс сынды шалдардың қарасы болыңқырады. Беріге дейтін шаруа тізгінін ұстаған солар әрине жүйрік қадірін, оның ішінде арғы түбі Олжашы Толыбайдың жылқысынан тараған торы төбел тұлпардың қадірін біледі. Содан да Бозашыда жақсы жылқылар тұқымы бүгінге дейін сақталып қалған. Содан да ол бетте қосылған жүйріктің бағы жанғыш.

Ана жылы Жаңаөзенде Ұлы Жеңістің 60 жылдығы құрметінде болған бәйгеде өзге аттардан оқ бойы қара үзіп келген сәйгүлік талайдың таңдайын қақтырды-ақ. Сонда «бәсе, бұл жануар сойдың да сойы болып шықты. Баяғы торы төбел тұлпардың тұқымынан екен ғой» десіп кетті жұрт. Нағыз сейістер өзінің жеті атасын түгендеп кеткенде бір жерден жаңылысса жаңылысар, қателесер. Ал енді жүйрік мәселесінде мүлт кетуі тіпті мүмкін емес. Дөп басады. Бұл жолы да солай.

Жануарым-ай, ұрғының әлі бар екен, кекіліңнен жел сүйіп жүр екенсің ғой, – дегенмін сонда мен.

Айрақтының басынан сонда ұшқан бақ қайта қонбады. Әлі күнге елсіз. Сағынып, алыстан ат маңдайын тіреп баратындар да санаулы-ақпыз.



«КӨКМОЙНАҚТЫҢ ҮЙІРІ-АЙ»

Жыр қазығы Үстіртте қағылыпты

Қазақ поэзиясының қазіргі Ілиясы Есенғали Раушановтың 1990 жылы «Қазақ әдебиетінде» (23.03.) «Көкмойнақтың үйірі-ай» атты шығармасы жарияланды. Есенғали өзі түсініктемесінде мұны баларақ кезінде ауылының күймақұлақ қарияларынан естігенін жазады. Уақыт озып, ол қарттар бақилық болып, жыр ұмытылған. Ұмытылуына жад пен зерде емес, заманы кінәлі. Өйткені шығарма 1931-1932 жылғы зобалаңды айыптаушы. Соның ащы шындығын ашушы. Содан «болат қанжар қап түбінде жатпайдының» кебі келіп арқалы ақын бала кезінде естіп, «жүрегінің түбіне терең бойлатып» алған жырды өз мақам, нақыш сарынымен қайта жырлап шыққан ғой. Онысын Құдайы құп алып, әдебиетіміз тағы бір жақсымен толықты.

Жалпы қазақ қазір «көк мойнақ» дегенді жатырқап қалғандығы себепті әуелі соған аз-маз анықтама бере кетелік. «Мойнақ» деп қазақ бұрын түйені айтқан. Біз тіл маманы емеспіз, дегенмен оның түбірі әу баста «мойын-ақ» дегеннен шыққандай. Содан ол жер бедерін кейіптейтін анықтауыштық мағынаға да ие бола кеткен. Мысалы асудың, қыраттың, шығанақтың қылталау жері мойнақ делінеді. Онда да бәрін емес. Ат жайын білетін көнекөз сейістердің айтуынан құлағымызда қалыпты. Ондай жылқы түрін шығару оңай шаруа болмағандай. Ғылым тілімен айтқанда селекциялық ізденістің шыңы. Бірнеше жылдарға созылатын жұмыс жемісі. Солай алынған тұқым «көк мойнақ» деп мадақталған. Бұл жердегі «көк» сөзі әдеттегі қылаң, баран сияқты жылқының түсін емес, тегін анықтайтын мәнге ие. Бұл түліктің көзге толымды қарасын «көк ала, көк алалы» дейміз ғой. Соған қарағанда, «көк» жылқыға дербес телінген сандық анықтауышқа келеді. Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы көк мойнақтың үйірін алға салған қазақ бар қазақ, шаршысына толған қазақ саналған.

Жыр сүйер қагілез қазақ шығарманы бірден аяғын жерге тигізбей «қағып алып» қабылдап әкетті. Бір күміс көмей әуенін де



оңынан орайластыра қойыпты. Солай аталған шығарма көп жыршылардың репертуарында талай алқаның сәні мен мәнін үстеп айтылудай-ақ айтылып жүр. «Көк мойнақтың үйірі» өлең өрісімен солай қайта табысты.

Қош, кезінде «бұл үкіметтің өлеңі емес» деген айыппен айтылмай қалуы салдарынан дастан авторы ұмытылған екен. Ал оның желісіне негіз болған оқиға ше?! Жоқ, ол жоғалған жоқ. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деп қызыл қырғын қанша асыра сілтеп, асыға төпелесе де, ел жадының ол естегісін өлтіре алмапты. Дастан жарияланған бойда-ақ көп жұрт «Өй, дүние-ай, бұл баяғы Жұлдызбай ғой, Кірбас қой» десіп кеткен. Сол көптің ішінде біз де бармыз, аты аталған әкелі-балалы кісілермен жерлес болғандығымыз себепті етенелігіміздің салқыны тиген де болуы керек.

1992 жылы облыстық «Маңғыстау» газетінің бетінде «сөз арасында» меңзеп те жіберіппіз. Оқиғаның олай «ерін емеуріні» деңгейінде айтылуы да тегіннен тегін емес. «Заман ағымы қайтіп кетеді» деген үргелек халден әлі арылмаған кезіміз. Одан да бұрын Жұлдызбай немересі, Кірбас баласы Балбай ағамыз ол уақытта іс басында. Бұл тақырыпты әріден қаузап кетуге соның өзі ыңғай бермеген. Артынан білсек, оның «қайтіп кетеді» қаупі бізден де мықты болып шықты. Қайтсін, байдың, тап жауының баласы ретінде көрген теперіш құқайы әбден запы қылып тастаған ғой... Ағамыздың сыр сандығын ашпақ болған одан кейінгі бірер ниетіміз «бір реті келгенде...» деген ұзын арқан кең тұсауға түсе берген соң, бұл мәселені жылы жауып қойып кеткендей болып жүргенбіз. Жуырда Бәкең ағамыздың күтпеген жерден қолқ ете түскені. Сексеннің сенгірі аз жас па, және оған көптен мазалаған сырқаты түскірі қосылып шаршаңқырап жатса да, білетіндерін қағазға түсіріп жіберіпті. Сөйтіп, ағамыз ақыры бізге «көк мойнақтың» жалынан «ұстатты-ау» ақыры. Ол үшін әрине, алғыс, рахметіміз шексіз.

«Көк мойнақтың үйірі» Бәкеңнің Жұлдызбай, Кірбастардың ақ адал малы болғандығы үшін емес, Есенғали ақын айтқандай, елдің 1931-1938 жылдар аралығындағы саяси, әлеуметтік,



экономикалық жай-күйінің өлеңмен өрілген шындығы, өрелі шығарманың басын бекіткен көгентүп қазығы болғандығы үшін қымбат әдебиет сүйер қалың қауым үшін!

Жұлдызбай Адайдың ескелді атасынан тарайды, алдыңғы екі ғасыр тоғысындағы белгілі адамы. Түп атасы Адай елінің атақты кісісі Саназар бай болғанда, одан бергі бір атасы 1832 жылы Хиуа ханының басқыншы қолына қарсы ұрыста қазақ жасағының туын ұстап, ереуіл атының үстінде шейіт болған батыр.

Жұлдызбайдың ұстанған негізгі тұлғи – жылқы. Айтушылар: «оның жылқысы 500-ден асып көрген жоқ. Яғни, атағы шыққан бай емес. Бірақ жылқысы шетінен асыл, тұқымынан жүйрік көп шыққан жануарлар болатын», – дейді. Қыл құйрықтыға қоса, әрине көшіп-қонуына, қысы-жазы сауынына, сойысына мольнан жететін түйесі, мың қаралы қойы да болған. Қонысы Үстірттің Маңғыстау жақ ернегі, Манатаның үсті, Ұзынбас, Керітті, Сынды шыңырауларының маңайы. Кірбас, Маябас дейтін екі баласы болған. 1930 жылы Жұлдызбай үлкен баласы Кірбаспен бірге Жылойға жайлауға барған жерден тәркіленеді. Маябас аздаған уақ малмен Маңғыстау ойында қалған екен. Өгізге туған күн бұзауға да туып, мұнда мұның да бар малы, дүние-мүлкімен қоса тәркіге түседі. Өзі тұтқынға алынып, Гурьев түрмесіне қамалады.

Жаманат хабар жата ма, тықыр таянған соң, сақтық ойлаған Кірбас жылқысының ішінен тұқымы асыл екі-үш айғыр үйірді бөлек өрісте сыртқары ұстауға көшкен екен. Ауылға тәркілеуші әскер келген де жоқ, сол малымен жүр. Жұлдызбайдың о бастағы ойы жат жерде бой тасалай тұру болса керек.

Сондағы діттегені Хорезм ойы, қарақалпақ, түрікмен арасы. Бірақ онда да Кеңес үкіметі орнаған хабар жеткен соң, кідіріп, аңыс аңдап жүргенде уысқа түскен ғой. Тәркілеушілер Жұлдызбайды тұтқындап, мұны да Гурьев түрмесіне жабады. Солай өзге барар жер, басар тауы қалмаған Кірбас алдындағы көк мойнақтарымен бұл ел түлей деп атайтын елсізде кісі киік хал кешіп, бір жылдай өмір сүреді. Ол бір жағынан аңшы, мерген де жігіт екен. Бесатар мылтығы бар, оғы жеткілікті. Баспанасы – жер үй. Бұл уақытта Үстірт аңылжыған елсіз. Боса алғаны босып, боса алмағаны аштан



қырылған. Жем бойы, Шың ернегіндегі аз жатақ ауылдар ат аяғы жетер жерден қашық. Шетел асып кетті деп жорыған қызыл белсенділер мұны іздемесе де керек. Содан қуғыннан ада. Бірақ адам пақыр қайда барса да, өзінен қашып құтыла алмақ емес. Ал өзі болса жалғыз, жалқы, қу қара басты. Сөйтіп, мұның серігі жалғыздық қана болып шыға келеді. Ол мұндар аздан соң нағыз жауға айналып сала береді екен. Одан қашып құтылу қиямет-қайым болып шықты. Қиямет-қайымдығы қараға ергеннің жолы осы екен деп барған ортанның қай-қайсысы да туған еліңе, жеріңе жетпейді.

Көкала орда, көк орда,
Қалы кілем толы орда.
Адыра қалғыр жетпейді-ау
Маңғыстаудың тасына.

Дастанда жалғыздың шері осылай ақтарылады. Жерін олай өгейлейтін, сағынатын тек адам пақыр ғана емес екен. Жануар екеш жануардың жанының бір тіні де сонда болып шықты. Соның ішінде осы Көкмойнақ.

Аса шапқан, тыз етпе,
Текежәуміт қаз мойын.
Байласаң да ол-дағы
Жетпейді екен тіпті де
Көкмойнақтың шеніне.

Сол Көкмойнақ, сондай Көкмойнақ күз түсіп, қара бауыр пырылдап ұшып қайтқанда, ізінен құбылаға қарап кісінегенінің мәнісін иесі ғана түсінді. Ебелектінің елу аңғарының сай-саласындағы жабағыдай ұйысқан ебелектің дәмі келгені ғой таңдайына жануардың.


Сонда да ат басын елге тураламаған Кірбас сол жылдың қысын Сам құмының төріндегі тепсеңде өткізеді. Көктем келіп, бие құлындаған соң барып құмның бергі бір қабат далдасына жақындап барып, жараулы атына ер салады. Жылқысын козғамайды. Шөп сөлі әлі бойында. Тақыр тақырлар суға толы. Елге барып хабар алып оралғанша судан тарықпасы анық. Жараулы Көкмойнаққа Сам қашық жер емес. Салып ұрып



атамекен Жармышқа жетеді. Сырт орай жүріп барлау салады. Бірер ағайынның үйіне бас сұғып, киімін ауыстырып, кір-қоңын жудырып дегендей тірлігін күйттегені сірә белгілі. Бірақ ел құлағы елу. Жұрт құлақтанып қалса керек. Қуарған құдайы жұртын да бірнеше ұдай қылып қойған заманға шараң қане, әлдекім қызыл көздерге хабар берген ғой. Содан қашқын артына қуғын түседі. Амалсыздан ат басын кері бұруға тура келеді. Бірақ көп аңдушы ақыры жалғызды алып тынады. Кірбасты Көкмойнағымен қосып ойға алып келеді. Бозашыдағы Көккүмбет моланың қасына иіріп тәркілейді.

Ел егемендік алғаннан кейін ҰҚК архивін парақтап отырғанда, Жұлдызбаев Кірбасты тәркілеген құжатты да кездестірдім. Онда хатқа түскен жылқы саны шамалы. Соған қарағанда, көп жылқыны белсенділердің өздері қолды қылып сіңіріп кетті деген ел сөзі расқа шықты. Тәркілеушілер сіңірі шыққан кедей деп Сәлменұлы Төлесінге бір құнан берген екен. Төкең соны алып, моланың көлеңкесінде аяғы кісендеулі отырған Кірбасқа келіп, айдауылдың көзін ала беріп қолында бары 3 сомды жең ұшынан жалғастырып кетулі. Ол уақытта кеңес ақшасының құны шырқап тұр. 3 сом жақсы бір қараның пұлы болса керек. Өле-өлгенше хақ жолын ұстанып, басын сәлдеден алмай осы күні кеше бақилық болған Төкең марқұм соны Балбай інісіне бертінде заман түзелген соң айтулы.

Кірбастың жылқысын айдай қашқандағы қаупі «Қайран, Көкмойнағым, мұжық пен сарттың соқасы мен арбасына жегіледі-ау» болса керек. Жылойда тәркіленген көп жылқының онан арғы тағдыры белгісіз. Ал Көккүмбетке жеткені жегілуден аман. Соғыс жылдарында Маңғыстаудан майданға – атты әскерге жүздеген ат алынып, алғы шепке айдалып жеткізілді. (Ол туралы құжат облыстық архивте сақталған). Сонда солардың көпшілігі Көкмойнақтар болған. «Қасқа айғырдан төбел туады» дейді қазақ. Сол ып-рас. Күні бүгінге дейін Бозашыдағы оның ішінде Қызан мен Ақшымыраудың жылқылары жақсы деп бағаланып келді. Біз көрген Бекқожа, Мұқырбай сейістер жаратқан сәйгүліктерінің бірі тінін баяғы Көкмойнақтарға апарып тіреп дәріптейтін. Ал енді



Көкмойнақ тұқымын өзгеріссіз, қоспасыз сақтап қалды ма? Әй, қайдам?! Оның жауабын беру қиын. Дәтке қуаты әйтеуір тұқым теберіксіз еместігі. Көкмойнақ жылқы өзалда қалай шықты. Ол, сірә, иелері аңа дүниеге алып кеткен құпия болып қалды. Біз естіп-білген Көкмойнақ үйірлер баяны осы. Айтпақшы, Жұлдызбайға құдайы қарасып, түрмеден қашып шығып, елге жетіп, топырақ Манатаның үстіндегі көзі тірісінде салдырған тамының ішінен топырақ бұйырды. (Ол туралы Сәбит Әбішұлы ағамыз екеуміздің авторлығымызбен шыққан «Досым туралы толғаныс» атты кітапта кеңінен сөз етілді).

Кірбас сол 1932 жылы кеткен қайырсыз сапарынан оралған жоқ. Оның ақталған қағазын 1960 жылы ғана Маңғыстау аудандық МҚК басқармасы баласы Балбайға табыс етулі. Халық жауының баласы деген қалжуыры Сталин өлгенше қалмаған Бәкеннің, 1932 жылы түрмеден босап елге келген Маябас пен оның ұрпақтарының тағдыры бөлек бір тарих.

ҚЫРҒЫНСАЙ ҚЫРҒЫНЫ

АКТ

1931 жыл, сәуір. Аманқызылит мекені, №13 ауыл. Біз төменде қол қоюшылар ОГПУ құрама отряды №2 оперативті тобының бастығы, екінші жақтан Маңғыстау аудандық атқару комитетінің төрағасы Беркінбаев, осы ауданның бюро мүшесі Неталиев, Маңғыстау аудандық тұтынушылар қоғамының аға малшысы Дыбысов осы актіні жасадық.

Мен оперативтік топ бастығы Еналиев, осы күні жергілікті үкіметтің көрсетілген өкілдері Беркімбаев, Неталиев, Дыбысов жолдастарға биылғы жылдың жиырмамыншы сәуірі күні Боздақ жерінде бандалармен болған қақтығыста менің тобым тартып алған малды тапсырып, олар қабылдап алды. Аталған мал санау кезінде мынадай болды:

1). Жылқы – 389 (үш жүз сексен тоғыз), оның ішінде бандиттердің өзінікі 46 жылқы.

2). Түйе 195 (жүз тоқсан бес)



3). Ірі қой 1650 (бір мың алты жүз елу).

Жоғарыда көрсетілген ірі малдан басқа тартып алған отарлардағы төл төмендегідей пайыз құрайды.

Жылқыда – 10%

Түйеде – 2-3%

Қойда – 70%

Бұл аталған жалпы мал ішіндегі бандиттердің 46 жылқысы тәркіленіп, Маңғыстау аудандық Совет атқару комитетіне беріледі. №2 оперативтік топ пен №3 оперативтік топқа уақытша пайдалану үшін 75 ат пен 25 түйе беріледі...

Тапсырдым: ОГПУ құрама отряды 2 оперативтік тобының бастығы Еналиев.

Қабылдадық: аудандық атқару комитетінің төрағасы Беркімбаев, РКП (б) бюро мүшесі Неталиев, тұтынушылар одағының өкілі Дыбысов.

Қатысқан оперативті қызметкерлер қолдары бар.

Актінің екі данасын алдым: Беркімбаев.

*(Маңғыстау облыстық архиві.
Фонд 185, опись 1, іс-236, 6-бет)*

Міне, бар-жоғы осы. Бас-аяғы бір ғана беттік жұқа қағазға машинкамен басылған құжат. Осыншама мал кімнен алынды, қалай алынды, не қылған банда – ол жағы жұмбақ. Банда деп аталған соң әрине олар қарулы топ болуға тиіс қой. Қолдарында қаруы болған соң, олар осыншама малын қажығыссыз қалай бере салды – бұл жөнінде де ләм-мим сөз жоқ. Тек істе осы құжатқа жалғаса тігілген құлақша қағаз – актінің жолданғанын айғақтайтын қолхатта ғана оқиғада болғандар аты. Боздақтың орнына «Қаратүйе» деп көк қарындашпен жазылыпты, осылайша жасалған құжат іске тіркеліп, ол «ОГПУ органдарының жазысқан іс-қағаздары» деген атпен жылдар бойы былайғы бейсеубет әуесқойдың көзінен тысқары облыстық партия архивінде саржанбас боп жата берген, жата берген. Қазақта «сыбырлағанды құдай естімей ме?» деген сөз бар ғой. Қанша көлжештегенмен ақиқат түптің түбінде кезеңі келгенде ашылмай қалмақ емес. Қағаз

бетінде бар-жоғы бір бет болып жазылып, шаңға көміліп қалған бұл құжат астарында өлке тарихының бетіне төгілген көл-көсір қан мен қайғы-қасірет жатыр.

Әңгімені алдымен жер атауынан басталық. Қаратүйе – бұл Маната асуымен жалғасып жатқан шың аты, Үстірттің ернегі. Боздақ – соның шығысындағы қозыкөш жердегі төбе басындағы қойымдық аты. Аман-қызылит – соның батысындағы тағы бір кештік тұстағы елді мекен. Кейінірек Маңғыстау ауданындағы Чапаев атындағы колхоздың орталығына айналды. Бәрі де осы жолдар авторының кіндік қаны тамып, тайға мініп, қозы қайырған ғазиз атамекені.

Боздақ моласы тұрған төбенің етегін көмкере өтетін ағыс аяғы Қырғынсай делінеді. Оңды-солымызды танып қалған кезіміз. Қырғынсай атының құлаққа қатқылдау естілетіндігіне байланысты мәнісін көп сұрастық. Сондайда әр моладан аңыз, әр төбеден хикая өрбітетін сұңғыла қариялардың өзі ол жайлы ештеңе айтып жарытпайтын.

Мұның сырын соңынан ұқтық. 1937 мен 1938-дің нәубетінде елу төрт боздағының айдалуынан көзі қорқып қалған қайран қарттарымыз білгенінің бәрін сыртқа сарқа бермейді екен ғой. Сөйтіп біз Қырғынсай хақында «Үкімет әскері көшкен елге тигенде қаза болғандардың қырғын тапқан жері» деген бір ғана болмашы дерекпен қанағаттанып қала барғанбыз.

Одан бері де біраз су ақты. Шие байланған талай тастүйіннің күрмеуі шешілді. Сәті түскенде сол оқиғаны көзбен көріп, тіпті ішінде болған тірі куәлермен кездесіп, сырласудың реті келді. Солардың бірі – Төребай Сарманов. 1990 жылы марқұм боп кеткен бұл кісінің ширек ғасырдан астам еңбек жолы ішкі істер органында өткен, күні кешегінің тілімен айтқанда байырғы чекист. Жауынгерлік Қызыл Ту, Қызыл жұлдыз орденімен, бірнеше медальдармен наградталған. Отызыншы жылдардың басынан бастап бұл органда істегендерге жатырқай, тіпті жеке көре қарайтын жұрттың Төкең дегенде тіпті ықыласы бөлек-ті. Себебі бұл кісі сонша жылғы органдағы қызметінің ішінде ешкімге қылдай қиянат қылмаған. Қолдан келгенше қайырым жасауға тырысқан



және елге жақсы атанам деп заң жолынан да ауытқымаған. Бір сөзбен айтқанда, көбінесе белден баса беретін «Советтік әділ заңға» адамгершілік заңымен өзінше түзету енгізе отырып қызмет қыла алған кісі.

Менде Төкеңнің сол бір жылдар туралы жазған естелігі сақтаулы. Тағы бір куә – Жармыш ауылының байырғы тұрғыны марқұм Ұзақбаев Жиенбай деген қария еді. Бұл кісі жоғарыдағы құжатқа қол қойған Еналиевтың отрядында аз уақыт жолбасшы болған. Бір қызығы Жиекең бандалардың мобилизациясына күшпен ілігіп, Фортты қамауға қатысып, бұдан соң Түрікменстанға күнкөріс қамымен барып жүріп, В. Куйбышев армиясының қатарында да болған кісі. Осылайша, біздің Жиекең екі майданда да бірден қызмет етеді. Осы бертінде Жармышта сәнімен қартайып, немерелерін қарақанат қылып барып дүние салды. Қырғынсай оқиғасы жөнінде маған тұңғыш рет мол мағлұмат берген осы Жиекең еді.

1931 жылдың 5 наурызында аудандық ГПУ бастығы И.Ефименко, атқару комитетінен Б. Мақанов, аң аулау тресінен Қорғанов, милиционерлер О. Сабақбаев, А. Нысанов, Қ.Тоқманбетов, Ш. Мамасейітов, Т. Сарманов болып, сегіз адамдық отряд ел ішіне шығады. Мақсат – елдің Үстіртке дүрліге көшіп кетуінің алдын алу, түсінік жұмысын жүргізу. Жолшыбай елге үгіт-насихат айтқан отряд 14 наурыз күні Ауыздыбасқа келіп тоқтайды. Бұл жерде жауын суынан түскен көл жатады. Күткендегідей-ақ отряд осы жерде көшіп келе жатқан көп ауылды кездестіреді. Алдарында қырық шақты қарулы салт атты. Ойдағы қарулы жасақты көріп, олар да іркіледі, саны өздерінен басым күшке салып-ұрып жетіп баруға Ефименко да тәуекел ете алмайды. Ақыры Төребай Сарманов елшілікке баруға тәуекел етіп, рұқсат сұрайды. Ефименко ойлана келе рұқсат береді. Төкеңнің елшілікке сұрануында да мән бар еді. Бұлар – Бозашыдан өкше көтерген ауыл.

Көбі Жары руынан. Ендеше ағайын арасында жолшыбай дұрыс түстеніп, пышақ қандата аларлық беделге ие Төкеңнің әкесін бұлардың бірі болмаса, бірі білмеуі мүмкін емес. Осы



ағайынгершілікті алға тартып, мына жұртқа босқа арандамауды ескерту мұның осы елдің перзенті ретіндегі азаматтық парызы емес пе? Солай ұйғарған Төкең атын аяң жүрістен асырмай жүріп келіп, топ алдындағы тұрған ақсақалға сәлем берді.

– Иә, жол болсын, шырағым. Кімнің баласы едің?

– Бектеміс Жары Сарманның баласымын. Ныспым Төребай.

– Жөн-жөн, онда бөтен болмадың. Ал менімен ат үстінде тұрып сөйлесті деп сөкпе, балам! Көшіп келе жатқан елміз біз! Сондықтан кідірмей, келісіңнің мәнісін айта бер.

– Айтсам, кәмәндіріміз сіздердің ат басын кейін бұрғандарыңызды қалайды. Бұдан әрі жылжуға рұхсат жоқ, – дейді.

– Біз – бейбіт түрде өзіміздің жылдағы жайлауымызға келе жатқан елміз. Ешкімнің оты мен суына ортақтығымыз жоқ. Көші-қонымызды билеп-төстейтін зорлық баяғы патша заманында да бір рет больш, арты ояз Рукиннің өлімімен бітіп еді. Құдайым оның бетін аулақ қылсын. Кәмәндіріңе айта бар, балам, жолымызды кес-кестемесін. Ат маңдайын бұрған ырымға жаман бір болса, екіншіден, олай етуге шаруа жағдайымыз көтермейді. Сондықтан, буынсыз жерге пышақ ұрмандар. (Өкінішке орай Төкең өзімен тілдескен бұл қарттың кім екендігін айта алмады).

Ефименко көш басшысының бұл талабын орындамайды да, ойдан шығар жол аузына барып, бекініс құрады. Қарсыластар көптігін пайдаланып, бір тобы айналма жолмен асудың арғы жағына беттейді де, енді бір үлкен бөлігі қарсы бетке келіп бекінеді. Шарасы таусылған Ефименко отрядқа ерген қарусыз үш еріксіз жасақшыны: Ә. Бижановты, Ә. Ботабаевты, М. Саринды тағы келіссөзге жұмсайды. Бірақ қарсы бет оларды кері жібермей қояды. Сол жерде отряд жауынгерлері оқ атпаққа бекінеді.

– Тоқтатындар, – дейді командир оларға зекіп, – бұлар дүрмекке еріп, арандап жүргендер. Қараңғы халықты қалай қолдарың барып атпақсындар. Осыдан біреуің командасыз оқ шығарып көріңдер, менің ісім сонымен болады. Табанда жайратамын.

Ефименко тұрмыс тауқыметімен Жайық бойына көшіп келген украин шаруасының баласы екен. Жастайынан жетім қалып, қазақ



арасында жүріп адам болыпты. Қазақ тілін де мүлтіксіз таза біледі. Асыл азаматтың қаршадайынан маңдайынан сипаған халыққа мына алмағайып сәтте оқ атуға беттемей тұрған бір себебі сол болып шықты. Командирінің тығырыққа тірелгенін көріп, аяп кеткен Төребай, тағы да бір тәуекел етіп, келіссөзге барып келуге рұхсат сұрайды. Ефименко көзі жасаурап, қимай тұрып, келісім береді. Төкеңнің бұл елшілігі де сәтімен аяқталып, кіріптарлыққа ұшырап қалған үш кісі босанады. Сол күні көшкен елдің қолындағы тағы бір тұтқын, кеңес қызметкері – Хиту Бекжанов та босатылады. Оның хабарын бұлар кейін барып естиді. Бұл наурыз айының 14 жаңасы еді.

Ертеңіне отряд ешбір оқ шығармастан кері оралады. Барар бағыты – Тұшықұдық.

– Жігіттер, біле білсеңдер, қантөгіске бармағанымыздың өзі жеңіс. Көшкен ел жерінен алыс ұзамас. Тентегі мен телісі сабасына түсер. Сонда ұялмай көріскеннің өз неге тұрады, – дейді командир қарауындағыларды жігерлендіріп.

Әттең, отряд басшыларының бәрі бірдей Ефименко сияқты бола алмаған екен.

Сәуірдің 11 күні Төкең Оспан Сабакбаев екеуі Ефименконың бұйрығы бойынша өз отрядынан бөлініп, Ақмыш жерінде жатқан екінші бір отрядқа қосылады. Дағыстаннан Адай көтерілісін басуға жіберілген қосыннан бөлініп келген 27 атты әскері бар бұл отряд командирі Еналиев деген татар жігіті екен. 12 сәуір күні бұларға бір ауылдың кеңес хатшысы Х. Тілепиев келіп, 200-дей қарулы банданың көп елді малымен көшіріп, Үстіртке бет алғанын хабарлайды. Отряд соның алдын ұрымтал тұс – Боздақтан тосу үшін тез аттанып кетеді.

14 сәуір күні көш қарасы көрінеді. Еналиев іштеріндегі Сейітмағанбет, Дәулетбай дейтін екі жолбасшыны келіссөзге жұмсайды. Бұйрық қатал, «Бандалар аман тұрғандарында қаруын тапсырып, қолға түссін! Мал кері айдалсын!» «Оттамасын», – болады олардың бұйрығына келген жауап. Сол-ақ екен, Еналиевтің тұздай ала көзі шақшыып ала жөнелді. Өзі шалдуарлау, тырысқак, ашұшандау кісі, енді тіпті қаһарына мінеді. Өзі атқа мініп,



эскерін жаяулатып алып, шабуылға бастай жөнеледі. Осы жерде Еналиевке берген мінездемеміздің негізі болған Ж. Ұзақбаевтың естелігін келтіре кетелік: бұл отряд Шайыр, Ақмыш барар алдында Оңдыға аялдаған екен. Сол жерде жолбасшылыққа Жиекенді үйінен айдатып алдырады.

– Келсем, алдында бір табақ тоңазыған ет, арақ, бабына келіп отыр екен, – дейді Жиекен.

– Сен кімсің? – деп ақырады салған жерден Еналиев. Жиекеннің де қырсықтығы бір басына жетіп артылады:

– Жиенбаймын, – дейді саспастан, – арғы тегіміз қажет болса, Есенмін.

– Ой, оңбаған, сенің Жиенбай – миенбайың неге керек маған, баймысың, кедеймісің деп сұрап тұрған жоқпын ба? Бәлкім, молда шығарсың?

– Кедеймін, жалшымын.

– Е, солай демейсің бе? Осы жерді жақсы біледі дейді ғой сені. Дабай, жолбасшы боласың. Астыңа ат берем.

Осылайша Жиекен Еналиевке аз күн жолбасшы болады да, кейін Шайырға барған соң, ауырдым деп, өтірік айтып, тайып тұрады. Өйтпеске болмайды. Тынымсыз бастық әкіреңдеп, болмашыға күйіп-пісіп, әбден берекесін алып бітеді. Міне, ол немене сол мінезін осы жерде де көрсетеді. Оның үстіне атының тұмсығына оқ тиіп, тіпті шамына тиген соң, не жорық. Қарамағындағыларға «Тура көздеп атыңдар!» – деп, әмір етеді. «Сендер неге сүлесоксыңдар? Білем, банда ағайындарыңа бүйректерің бұрады ғой», – Оспан мен Төкеңе де шүйлігеді. Біраз атысып, ештеңе шығара алмаған соң қарсыластар тағы бесіннен төмен түсе атпен шабуылға шығады.

Айналаны ала шаң қаптап кетеді. Айқай-шу. Айқайлаған адам, оқ тиіп шыңғырған ат.

Екі иіні селкілдеп, ажал бүріккен екі қол пулеметтің зіркілі, бесағар тарсылы. Әлден уақытта барып, шаң сейілгендей болады. Сонда барып көрінеді, ұрыс алаңы жусап жатқан адам мен ат. Жаралысы қайсы, өлгені қайсы, айырып болар емес. Тау бетте шабуылдан аман қалғандар аттарымен Манатаға қарай тырағайлап шауып барады.



Атынан айырылғандар іргедегі теңізге қойып кетіпті. Араларында бала көтерген әйелдер де көрінеді. Көз ұшындағы Борқайдың аралына қарай су кешіп, жанұшырып барады. Сол жерде отряд оққа ұшып өлген 22 адамды санайды. Иіріліп тұрған мал ішінен 19 банданы тірідей ұстайды. (Т.Сармановтың естелігі – 15-бет. Ескерту. Төкең естелігінде қолға түскен мал саны: қой – 3000, жылқы – 1 мыңдай, түйе 600 деп көрсетілген).

Артынан белгілі болады. Теңізбен Борқай аралына қашқандардың біразы түнге қарай өткелді таба алмай қалып, суға кетіп өліпті. Олардың нақты саны белгісіз. Қан төгілген жерде қалып, әйелдердің жылап-сықтап жоқтау айтқанын естуге жеңімпаздар онша құлық таныта қоймайды. Қашқандардың артынан ат қойып, Үстірт асып, қуғын салуға күш аз. Сол себепті тау аңғарында аң аулап отырған Тастықара дейтін момын кедейдің ауылына барып, қоналқаға тоқтайды. Үйге таяу келгенде Еналиев жаңағы қанды қасапта шайлығып, ұнжырғасы түсіп келе жатқан Төкең мен Оспанға «болған оқиға жайлы жақ ашпауға» бұйырады. Міне, сол оқиғадан бері жер аты – Қырғынсай. Оқ тиіп өлгендер саны 22. Суға кеткендер саны белгісіз. Бірақ, жеткен ауызша деректерге қарағанда, олардың саны да біраз болғанға ұқсайды. Бауырындағы жалғызынан, қойынындағы жарынан айырылу қайғысын көтере алмай, өзін-өзі өлімге қиғандар да көп болды деседі. Ал құжатта бұл жайлы бір ауыз сөз дерек жоқ. Керісінше, алынған ірілі-уақты мал саны көрсетілген. Және олар бандалардан қолға түсті деп тәптіштеледі.

Банда – ол да өз дәрежесіндегі қарулы жасақ қой. Ұрыста тұрыс болмасы ләзім. Шапшандық, лездік, тәсілқойлық шешеді мұндайда істің түйінін. Ендеше, ең болмаса дүркіретіп қуа жөнелетін ұзын аяқты мал емес қой, онда да, отығып үлгермеген қозылы, бір жағы жолшыбай туып келе жатқан қой айдап, соғысып жүрген не қылған банда ол?! Осы сауалдың жауабын кезінде ойланып көрген кісі бар ма екен?

Өкінішке орай, олай болмапты. Сол ойланбаудың кесірінен бүтін бір ауылдың бесіктегі баласынан бастап, еңкейген кәрісіне дейін бәрі «баскесер банда» болып шыға келді.



Құжатта көрсетілген малды айдап бағу үшін қыруар ел азаматының күші керек. Көште солардың үйелмендері бар. Малын жанының садақасы қылған кейбір сіңірі шыққан кедейлердің де бірер қарасы мен он шақты уақ ешкісін дүрмекке қосып, айдап келе жатқаны тағы бар. Соны есепке алғанда Қырғынсайда қан қақсаған бүтін бір ұлтанды ауыл боп шығады.

Сол отыз бірдің таңын байғыз шақырып атырған қайырсыз көктемінде үдере көшкен мұндай ауыл әлденешеу болатын. Олардың бәрі де Қырғынсайдағылардың жолын құшқанын айтуға тиіспіз. Себебі, бүтін бір елдің жетпіс жыл бойы желкесінен түспей, бетіне шіркеу, атына айып болып келген «Адай банда» деген анықтаманың жалғандығын әшкерелеп, адыра қалдыру парызы міндеттейді бізді бұған!

Қырғынсайда шейіт болғандардың кімдер екені белгісіз болумен келеді. Сол себепті олардың тізімін келтіре алмай отырмыз. Бертінде көрші республикадан әлдекімдер келіп, марқұмдардың бірінің басын жаңғыртып, мал сойып, еске алып кетіпті. Сондықтан, келешекте құрбандардың есімдері ішінара болса да, анықталар деген үміттеміз.

Қырғынсай қасіреті тек сонымен біткен жоқ. Амалсыздың күнінен көш басын кейін бұрып, Бозашыға барған елдің аман қалған бас көтерер азаматтары 1932 жылдан соң «банда болдың» деген айыппен көз көрмеген, құлақ естімеген әлдебір жаққа айдалып кетіп, топырақ жат жерден бұйырды. Бұл жолы ажалы жетпегендер 37-38-дің қанды қасабында ең алдымен қағындының қара лағы болып шыға келді.

Ресейдің мерзімді баспасөзі мен теледидары соңғы бір жылдардың үдесінде «Катынь трагедиясының» ұшығына жете алмай, пұшайман. Біреу бірдене десе елең еткіш біз де, соған құлақ түріп, құпия құлпы қашан ашылар екен деп, асығулымыз. Ал соя «Катыньның» баламасы тап іргемізде, көз алдымызда жатса да, осы уақытқа дейін жақ ашпай келіппіз ғой. Біле білгенге бұл да – бір нәубет. Бұл да – бір қасірет.

Облыстық «Маңғыстау» газетінің бетінде Қырғынсайда болған осы қанды оқиға туралы менің жазбам жарияланғаннан кейін сол



қырғында шәйт болғандардың бірнешеуін анықтаудың сәті түсті. Олар Тоқтамыс жары Айтбайұлы Мұқан мен соның жақын ағайыны Өтеген. Көштің шетін ала ірі қараларын қайырмалап айдап келе жатқан Өтегенді қызылдардың 5 әскері таяп келіп, әй-шәй жоқ, тіпті тілге де келместен атады да тастайды.

Мұқан, сол кездерде 35-36 жастарда, қарулы, ұрғанын жығатын қайрат иесі, намысқой жігіт екен. Көзапара жасанған мына кісәпірлікке қаны қарайып кеткен ол шыдай алмай әлгі қанішер бесеуге қарай ат қояды. Бар қаруы қолындағы көк алақан дойыр қамшы. Ел арасында қамшыгер аты шыққан Мұқан қамшы сілтер жерге жақындаған жауын бір тартып ат бауырына түсіріп кете барады екен. Екінші рет қол көтеріп әуре болмайды. Амал не, жасанған қарулы әскер оны маңына жақындатпайды. Таянып келе бергенде көздеп тұрып атып салады. Астындағы көк ат ойнап шыға келсе, оны екі қызыл әскер қаумалап ұстап алады. Бұл жайдың бәрін Мұқанның серігі Жұмағали анадайдан көріп тұрып, қолдан келер шарасы болмаған соң әуелі үркіп бытыраған жылқы ішіне араласып жылысып, артынан Ақтаудың көп жырасының бірін бойлап қашып құтылады.

Қырғын аяқталған соң қызыл әскерлер осы жерде 3 күн еру болады. Олары сірә алдарын барлау, мына жусап жатқандардың ізімен көшіп келе жатқандар болса олардың да жолын тосып алып тоз-тоз қылу амалы. Қолды болған мал шөлден қырылады деп қорықпайды. Боздақ сайының бойындағы Жетегеннің қара құдығының суы мол. Қозы көш жердегі Сартұрақтың тақырылықып толып жатыр. Ол аз болса Үстірттен бергі Аққоңырдан да толы.

Айтбай шал Ұзақбай, Бәшім, Мұқан, Қаржаубай, Тумыш деген бес балалы кісі екен. Балаларының бәрі еншілері бөлек, әрқайсысы бір-бір отау. Үлкен шаңырақта сол жазда 100-дей түйе, 300-дей жылқы, қозысымен мыңға тарта қой бар.

Төлдеген мал ірметіліп Қырғынсайға жеткенде жайлауға көшкен ел алды Қаратүйе асуына ілінген екен. Сөйтіп, бұл әулеттің шал-кемпір, қатын-қалаш, бала-шаға жағы қантөгіс жайынан бейхабар болады. 3 күн өткен соң барып естиді сұмдық қаралы



хабарды. Мұқанның інісі Қаржаубай, ағасы Бәшімнің баласы Мырзағұл, Зейнеп деген апаларының күйеуі Қалиса үшеуі келіп марқұмның денесін көрінім жердегі Бүркіталы қауымына апарып жерлейді. Қаржаубай көрнекі етіп белгі қоюға қорқып, қабірдің аяқ жағына қойдың қу басын көмеді.

Арада 36 жыл өткен соң барып баласы Қамысбайға айтып, осы белгі арқылы қабірді тауып, марқұмның басына құлпытас қояды. Соңынан Мұқанның өз ұрпағы келіп, әкелерінің басын қарайтқан.

Күнкөрістік малдарынан солай қол көтерген бұл ауыл келте көштерін сол жеткен жерлерінде – Қаратүйе ернегіне жақын Байқадам шыңырауының басында доғарып, еру болып, шамашарықтарының жеткендерінше марқұмдарын азалайды, қаделерін атқарады. Көп ұзамай қызылдар қайта айналып соғып, қаралы ауылды текемет киіз, бау-басқұрына дейін тәркілеп бас көтерген Бәшім мен Қаржаубайды ұстап әкетеді.

2002 жылы Алматының «Өлке» баспасынан шыққан «Азалы кітаптың» 440 бетінде бұл екеуі туралы мынандай деректер бар:

Айтбаев Бәшім 1884 ж. туған. Қазақ. Туған жері Гурьев облысы, Маңғыстау ауданы, 12-ші ауыл, білімі бастауыш... 17.11.1931 ж. Гурьев осы ПП ОГПУ тұтқындаған. Қазақстан ОГПУ-і жылжымалы сессиясының коллегиясы РСФСР ҚК-нің 58-2, 59-3 статьясымен соттап, 5 жыл концлагерьде бас бостандығынан айыруға үкім шығарған. Қаз КСР Прокуратурасы 23.12.1991 ж. ақтаған.

Айтбаев Қаржаубай 1891 ж. туған. Қазақ. Туған жері Гурьев облысы, Маңғыстау ауданы, 12 ауыл. Білімі бастауыш. 17.11.1931 ж. Гурьев ОС ПП ОГПУ-і тұтқынға алған. 05.04.1932 ж. Қазақстан ОГПУ коллегиясының көшпелі сессиясы РСФСР ҚК 58-2, 59-3 статьясымен 5 жыл концлагерьде бас бостандығынан айыруға үкім шығарған. Қаз КСР Прокуратурасы ақтаған.

Қаржаубай жазасын өтеп оралып туған жерінде ұзақ жасап бақилық болды. Баласы Қамысбай марқұм өңірдің шаруашылығын дамытуға мол үлесін қосқан белгілі азамат атанды. Енді бір баласы өңірден шыққан алғашқы тіс дәрігері,



денсаулық сақтау саласының қайраткері Жаңабай. Бір баласы Мәзім Қызан ауылында тұрады. Атасы туралы мәліметтерді көнекөздердің айтуымен хаттап маған тапсырған облыстық әкімшіліктің жауапты қызметкері Нұтфолла Қамысбайұлы Қаржаубаев.

Қырғынсайдағы белгісіз мәйіттерді анықтау әлі жалғасуда.

ҚАРАҒАНДА ТӨГІЛГЕН ҚАН

...1967 жылдың тамызы. Алдыңғы күні Форт-Шевченкодан шыққан машиналар керуені жолшыбай қона жатып, түстеніп дегендей асықпай жүріп Сенек ойына келіп құлады. Қазақтың қашаннан жол қысқартары – әңгіме тиегі ағытылып келеді. Бірақ тыңдаушы көп те, айтушы жалғыз. Ол жеңіл машинаның алдыңғы орындарына жайғасқан қапсағай келген, ұзын бойлы қара шал – осы өңірдің қарт шежірешісі Алшын Меңдалиев. Оның аузынан шыққан әр сөзді құлағына құйып алуға бейіл танытып, әңгімесіні ара-тұра әртүрлі сауалдармен делбеп келе жатқан ендігі бір жолаушы Т.Г.Шевченко музейінің директоры, өлкетанушы Есбол Өмірбаев. Есекең де тыңдаушы табылса небір хикаяларымен ертелі күнді кеш қылатын айтқыштың бірі еді. Бұл жолы атақты көнекөз ағасының қасында жіп есе алмай қалып, жолды соған берген сыңайы бар. Алшекең о бастан ауыл арасының қысыр кеңесіне ауыз ауыртпаған жан. Жүйелі сөз, желілі пікірдің, ұлағатты, ғибратты әңгіменің айтушысы. Оның үстіне бұлардың мына сапарының өзі сұңғыла қарт көңіліндегі көп көмбенің қоламтасын көсегендей болып еді...

Бұл Кеңес елінің Ұлы Қазан революциясының жарты ғасырлық мерейтойын атап өтудің қызу дайындық кезі еді. Бірінің істегенінен бірінікін асыруға тырысқан бәсіресіз құрметіне әбден еті қызып үйреніп алған жұрттың бәрі ала-өкпе. Өй, несін айтасың, ойда да жарыс, қырда да жарыс. Қабылданған сала құлаш социалистік міндеттеме. Еңбеккерлер 50 жылдық құрметіндегі екпінді вахтада. Міне, дәл сол қарсаңда облыстағы бір басшы Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасының



бастығы Жақия Сейітқазиевке тапсырма берді. Жәкең Алматыға телефон шалды. Оның нәтижесі Гурьевке Адай бандаларының қолынан қаза тапқан батыр Александр Ильич Фетисовтың сүйегін әкеліп, Форт-Шевченкодағы паркке жерлеу керек деген бұйрық түрінде жетті. Облыстық Кеңес атқару комитеті қаржы бөлді. Форт-Шевченко қалалық Кеңесі комиссия шығарды. Мына машина керуені соны жүзеге асырушылар. Жолаушылар сол комиссия мүшелері: Алшекең – Фетисов өлімін көзімен көрген куә, Есекең – жылнамашы. Ендігі бір мүше – дәрігер, партия, МХК қызметкерлері де келе жатыр. Жалпы басшылық осы соңғылардың қолында.

Сенек ойына құлай берісте керуен сәлі аял жасады. Алшекең осы жерде 1931 жылдың жазында болып өткен тағы бір жайт туралы сыр шерте жөнелді. Алшын Мендалиев ол кезде Форт-Шевченко аудандық жер бөлімінде қызметте екен. Сол себепті бандалармен күреске тартылып осы бетке шұғыл түрде жіберіледі. Міндет – Кендірлі шығанағынан түсіп көшіп бара жатқан елдің алдынан тосуға тиіс жасаққа жолбасшы болу. Жасақ басшысы ОГПУ өкілі Фетисов. Осы жасақ ішінде көтерілісті басуға жіберілген үкімет комиссиясының бастығы Сейітқали Мендешев те бар. Алшекең ернек басындағы Шалабай бұлағы дейтін су көзінің басына түнеп, таңды осы жерде атырып тұр екен – оңтүстік беттегі қыраң басынан көп аттылы көрінеді. Жапшай мылтық, қылыш асынғандарына қарағанда нашар қаруланған көтерілісшілер емес – әскер. Олар да мұны көріп бері беттейді. Алшекеңнің куәлік қағазымен танысқан соң, өздерінің бағыт-бағдарымен таныстырды. Бұлар шолғыншы жасақ екен. Кешікпей кейінгілері де келіп жетіп, суы мол Сенек құдығының басына штаб орнайды. Бұрын бала оқыған төбесі таспен күмбезделіп өрілген мешіт үйі – іздегенге сұраған болады да шығады.

Сенек – Оңтүстік Маңғыстау өңірінен Үстірт, онан әрі Бесқала асар ұлы жолдың бойы. Бөгде тарам-тарам жолдардың бойында су көзі жоқ. Сондықтан үдере көшкен елдің бұған соқпай өтуі тіпті де мүмкін емес. Бұлар барлаушылар арқылы Жетібайдан бері беттеп келе жатқан көп көштен хабарлы. Көш алдындағы қарулы



топтың шамасын да біледі. Сондықтан тас түйін, мылтық кезеулі, пулеметтер құрулы. Атты әскерлер құм жолдардың арғы жағында аңыздап шыға келуге әзір тұр. Сенекте тосқауыл барынан хабардар болып шықты. Көш арты құлаудан еңкейе алдында келе жатқан атты топ ұрандап шабуылға шығады. Сол-ақ екен құм төбе басындағы пулемет сатырлай жөнеледі. Күші тең емес ұрыс бар болғаны бір-ақ сағатқа созылады. Аман қалған аттылар құм ішіне батырып, жықпыл-жықпылмен ұстатпай кетеді. Тексере келгенде бұл Қарақия ойынан өкше көтерген ауылдар екен. Ақсақалдары – Қарақияның ернегіндегі бұлақ басында мешіт ұстап бала оқытумен айналысқан қоңыртөбел ғана күйі бар Шабар ишан. Әлгіндегі ұрыста ол жараланып, аттан құлаған екен. Әскерлер түйеге артып әкеліп, Сенек басындағы моланың бірінің көлеңкесіне жатқызады. Таныс-біліс адамы болған соң сырторай тұра беруге дәті шыдамаған Алшакен, таяп келіп сәлем беріп, сусын ұсынады.

– Ай, Шабаете-ай, бұл не болды енді. Жылы орындарында отыра бергенде сіздерді жау шабады дедіндер ме?

– Алшын шырағым, не болды дерің бар ма. Біз айтсақ – біздікі дұрыс, сен айтсаң – сенікі дұрыс болған бір алмағайып кез ғой бұл. Мына қасындағыларға айт, біз үшін қатын-баламызды зәбірлемесін.

Шабар ишан онан әрі тіс жармайды. Сазарып жатып алады. Бар болғаны сол жатқан күйінде намазын қаза етпеумен болады. Ертесіне ұрыста өлгендердің (олар көшкен ел тарапынан көп те, әскер жағынан шығын жоқ) жатқан-жатқан жерінде жүзін шала-шарпы жасыра салған соң, ішінде Шабар ишан да бар қолға түскендерді машинамен бір жаққа алып кетті. Бұлардың онан арғы дерегін ешкім білмейді.

Сенекке штаб орнатып табан тіреген әскер құрамасы төңірекке шағын-шағын жасақтар аттандырып, босқан елді кейін күшпен қайтарудың қамына кіріседі. Бірақ бұл әрекеттері көп жерде сәтсіз аяқталады. Атып үркітіп кері бұрған көш араға күн салып басқа жолмен бұрынғы бағытына қайта түседі. Ал әр ауылды байырғы мекеніне кейін көшіріп апарып жүруге әскерлердің мүмкіндігі жоқ.

Осы әскердің топ басшыларының бірі Жаманқұл Жөнчораев



дегеннің кейіннен «По следам басмачей» деген еңбегі жарияланды. Сонда Жеке деген барлаушы қазақ жігіті туралы айтылады. Алшекеннің Есбол Өмірбаевқа берген деректеріне қарағанда ол «Жеке» емес «Бәке» – Бисен Шырдаев дейтін 1893 жылы туған жігіт екен. Сол Бисен жасақ бастықтарының тапсырмасымен жүрген жерде Бұрма дейтін жерде қолға түседі. Тіптесе үстінен үкімет комиссиясының көтерілісшілерге қарсы үндеуі, аудандық «Жаңа жұртшылық» газетінің бірер сандары табылады. Көтерілісшілер көзімен қарағанда Бисен елін сатқан опасыз.

Соғыс кезіндегі опасызға берілетін жаза біреу – өлім. Ал оны орындау кейіннен ру аралақ кірбің туып кетпес үшін жазаға кесілгеннің ет жақындарына жүктеледі. Осы қағида бойынша Бисенді о дүниеге аттандырған Кенжегүл дейтін туған нағашысы еді дейді дерек. (Е.Өмірбаев. Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің 1967 жылғы 14 қыркүйектегі саны). Бисеннің артында ата-анасы, жас әйелі, екі ұлы, бір қызы қалған екен. Бір ұлы Ұлы Отан соғысында өлген, бір ұлы Тынық мұхит флотында офицер болыпты. Қызы тұрмысқа шығып үбірлі-шүбірлі болған. С.Меңдешевтің тапсырмасы бойынша марқұмның отбасы үкімет қамқорлығына алынып, балалары еш нәрседен кемдік көрмей өсіпті.

«Отын шапсаң, жаңқа ұшады» деп орыс ағайын айтқандай, көтерілісшілер қолымен тап сол кезде осы төңіректе тағы бір төгілген нақақ қан Көрпе ауылының көрнекі азаматтарының бірі ақын Есмағанбеттікі. Ел арасындағы салмағы бар ақынды жасақ үгіт жұмысына жібереді. Бірақ сорға қарай оған бұрын сықақ өлеңінің объектісіне айналып, тісін басып жүргендер ұшырасады да өлтіріп кете барады. Бұлардан басқа қолға түскен 5 уәкіл (Оразалин, Хайруллин, қалған үшеуінің фамилиясы әзірге анықталған жоқ – Ә.С.), жансыз Мақаш Дүйсенбаев көтерілісшілер үкімімен өлтіріледі. Бесоктыдан Үстіртке қарай өтетін жол үстіндегі ұрыста Калинин деген жауынгер оққа ұшырап, табанда жан тапсырады.


Түйебатқан құмына жақындай берісте Оңтүстік Маңғыстауды өрлеп барып Қарабұғаз айналып Жаңғақтың ойына қарай



құлайтын жол бойында бір асу бар. Форт-Александровскидегі түрменің бастығы Қожа Арыстанов басқарған жергілікті милиция жасағы мен Грибков деген командир бастаған тұрақты әскер жасағы шолғынға шығып осы жерге келе бергенде алдарынан Таңатар Ақжанов басқарған көтерілісшілер қарсы ұшырасады. Грибков алғашқы атыста иығынан оқ тиіп жараланып, ұрыстан шығып қалады. Қожа 1921 жылы Бозашыдан шыққаннан-ақ офицер Серовтың бандасын талқандауға қатысқан, басқа да көптеген ұрысты бастан өткеріп шыныққан батыл жігіт екен. Дұшпанына қарсы тайсалмай ат қояды. Топ ішіне екпіндей еніп соғысып жүргенде Таңатар Ақжанов оның мойнына бұғалық салып аттан түсіп, сүйретіп өлтіреді.

Дала жолы тарам-тарам. Оның үстіне жер жағдайын білгенге түн де серік. Жаздың басы, шөп бойындағы сөлінен әлі айрылған жоқ. Шөлді жердің малы бұл уақытта аса көп шөлдей қоймайды. Соны пайдаланған ел Сенекті айналып өтіп көшіп кете барды да, енді жасаққа оның басында жата беру тиімсіз бола бастады. Сол себепті қоныс аудару қажеттілігі туды. Негізгі штаб сол бұрынғыша Сенек басында әскердің бір бөлігімен қалды да, үстіне пулемет орнатылған бірнеше «АМО» маркалы автомобилі, 200 адамнан астам жауынгері бар атты дивизион Үстіртке қарай бет алды. Үкімет тарапынан жалпы басшылық иесі комиссия бастығы С.Мендешев, командир А. Фетисов, оның жәрдемшілері ОГПУ-дің төтенше өкілдері Попов, Калашников, Алшын Мендалиев бас жолбасшы әрі жасақтың азық-түлік артқан түйе көліктеріне қарайтын топтың басшысы.

Сенектен тіке шығысқа қарай жүргенде Үстірт ернегіне дейін 100 шақырымнан сәл асады. Беталды құладүзге беттеп, ертеңгі күнінің қандай боларына көзі жетпей ызаланған қарулы әскер өшін осы жол бойында тырағайлап көшіп бара жатқан елден алған. Қарсыласқан-қарсыласпағанына қарамастан көш көрінсе болды оқ жаудырған. Бас көтерер ер азаматын қылышпен шапқан. Әр соқпақпен шағын-шағын жасаққа бөлініп келе жатқан әскерлердің үлкен басшылардың бақылауынан сыртқары болатыны сіре түсінікті. Сондықтан олардың бұл басбұзарлығына әй дер әже,



кой дер қожа болмайды. – Бір шағын көлдеу ойда оққа ұшып өлген мал мен адамның қанынан жер беті қызыл жоса болды. Содан бері әлгі ой Қызылой атанып кетті, – деп еске алатын сол бір сұмдықтың шет жағасын көріп, талқаны таусылмай аман қалған қариялар.

Бұл ернектегі көп жолдың түйісер, тоғысар тұсы Қараған. О баста бұл бағзы Жібек жолының бір тармағы, Маңғыстау елінің Орта Азиямен сауда-саттық жасайтын сонар соқпағы болған екен. Қырық құбылатын саясат жырақтағы елдердің бір-бірінен ырыс жұқтыратын күретамырына да салқынын салмай қоймайды емес пе? Сондай бір қилы кезеңдерде оны жарақты қолдың, жаланған аламандардың атының тұяғы таптапты. 1873 жылы патша әскерінің Хиуа хандығын басып алуға басқан ізі де жатыр осында. 1856 жылы Хиуа хандығының қарақшы қолы да ала шаң қылған бұл жерді. Солардан елін қорғап Балунияз, Балтеке, Тұрмамбет батырлар осы асудың шыға берісіне мәңгілік ұйқыға кеткен. Сондай-сондай небір қансоқтаны бастан өткерген соң ел бұл маңайға Қараған Босаға деген атауды еншілесе керек. Босағасы – шығар жолға жыртылып айырылып жол берген шынның қолқаты. Ал Қараған – жыл аралатып төгіліп тұратын қанды қырғынды меңзейді. Әйтпесе бұл төңіректе жер атауына ие болды дегендей ұйысып өскен қараған бұтасы жоқ.

Сол 1931 жылдың жазында Қарағанның екі босағасы қанға тағы малшынды. Ой, дүние-ай бұрын адай елі Босағаның шығысқа қарай кіре берісінен жау күтетін. Қылыш найзасын соларға кезейтін. Туған жерін сол жақтан келетін дұшпаннан қорғайтын. Бұл жолы – солай қорғаған атамекенінен аман-есен үдере көшіп қашу үшін қарсы бетке қарап ұрыс салды. Бұрын жауды Босағадан бері өткізбеу үшін шүберекке түйілген жан енді әрі өткізбеу үшін қиылды. Қазақтың қасиеттісі – атамекен, қатын-бала, қара қазан еді. Соңғы екеуінің мүддесі үшін сол қайран атамекен, баба даладан баз кешуге тура келді. Торғай екеш торғай да балапаны үшін отқа түсуге бар. Ендеше саналы тіршілік иесі адам байғұсқа не сын. Адамның басы Алланың добы, тағдыр талайын солай жазса екі аяқта жазық жоқ. Тек әйтеуір із өшпей,



ұрпақ өлмей аман қалса не бар. Тәуекелді осылай тасқа жаныған көтерілісшілер Қараған Босаға аузына тас түйін бекініп алды. Көшті, малды ілгері оздырып жіберген. Қызыл әскерлер де қарсыластарының өліспей беріспейтіндеріне көзі жетсе керек. Кешегі, алдыңғы күндердегі аптығы басылып, қарқындары қайтып қалыпты. Қара көрінсе қылышын жалаңдатып тұра шабатын адырақбайлардың да адымы қысқарған. Көтерілісшілер ізімен шоғырын бұзбай ақырын жылжумен келіп 24 маусым күні түс қайта Қаражар құдығының басына бекінді. Үлкен қауымды жиектей окоп қазылды. Пулеметтер төбе басына шығарылды.

Көтерілісшілер мына жау бетін бір жасқап тастасақ ізімізге мұнан әрі түсе беруге қаймығар деген шешімге келген. Сол себеппен басшылары Мырзалы Тынымбайұлының бұйрығы бойынша бірден ат қойды. Бұлардың атамзаманнан қалыптасқан ұғымында ту сырттан орап қоршап алу, су көзіне жолатпай тосқауылдап дінке құрту, жаугершіліктің тағысын тағы әрекет, айла-тәсілдері мәрттікке сын, қорқақтық болып саналатын. Ұрыс сәні бетпе-бет пен жекпе-жек деп білген ата салт бойынша андыздап қарсы шапқаны содан. Бірақ екі жүзден астам бесатар мен бірнеше пулеметке жасар қайраны болмай, біраз адамын қалдырып кері қайтты. Тағы бір шабуыл солай сәтсіз аяқталды. Енді екі жақ та алыстан қара көрсетіп тұрып ұрысуға көшті. Жаңа екінші шабуылда оң қанатты бастап шапқан Медет Өткілбай деген кісі еді. Жасы сол кезде 70-ті алқымдап қалған кең кеуделі, иықты, ер кескінді, жүрек жұтқан ер аты шықпаса да тәуекелімен танылған бұл адам пулеметке қарсы өңменденкіреп келген топ аттының алдында ерден аунап түсті. Үрке қашқан атының шылбырынан айырылмай сәл сүйретіліп қалғанына қарағанда өлген жоқ — жаралы. Шабуылшылар әрі серпіліңкірегенде әскер басшыларының бірі «ана шалды бері алып келіндерші, тілдесейік» деген бұйрық берді қасындағыларға. Бірақ бұлар мола тасасында матаулы тұрған аттарына мініп болғанша қарсы беттен ақ боз ат мінген бір науша жігіт әлгі жаралыға қарай ат басын қоя берді. Шауып жетіп келіп жаралының басын көтеріп аузына торсық тосты. Шалдың кім де болса тегін кісі емес екендігін сезген қызыл



әскерлер де тұра ұмтылды. Жігіт қолында құндағын күмістеген құс мылтығы бар екен. Бұларды жақын жіберіп алып бір атқанда алдыңғы әскердің атына тигізді, екінші рет атқанда бір қызыл әскердің бас киімін ұшырып түсірді. Үшінші рет мылтығын оқтауға таяп келген жауы мұрша бермейді. Қылыш күн кезінде жарқ ете түсті. Сонда барып көрінді, жігіт деп жүргені шалбарланып алған қыз екен. Қылша мойын қиялай шабылғанда ұшып түскен тығырық бөрік астынан ұзын екі бұрым сусып сала берді. Қылыш тағы бір жарқ етті. Бұл жолы ол шалға кезеліп еді. Бұл қыз Өткілбай байғұстың елуді еңсеріп келгенде ерні жібіп сүйген жалғыз қызы еді. Құрттайынан бала қылып өсірген көзінің ағы менен қарасы еді. Артымда осы қызым қалса арманым жоқ дейтін әке байғұс. Амал не, жазмыш осылай болған екен. Әкелі-балалы екеу бір-бірінің қолынан тас қылып ұстаған күйі шәйіт болып кете барды. Түсі суық өлімі түскірге жақсы анықтауыш жараспайды-ақ қой. Дегенмен рухыңнан айналып кетейін осы арудың өлімі әдемі өлім. Кейінгіге аңыз қылып айтар ғибратты қаза. Шәйіт қазасы.


Мен 1993 жылдың 4 маусым күні осы хикаяны облыстық «Маңғыстау» газетінде жариялап артынша облыстық радиодан әңгімелегенмін. Арада бірер күн өткенде әлдекім телефон шалады.

– Аға, мен Медет Өткілбайдың немересімін, – деп таныстырды бейтаныс жігіт өзін бірден телефонмен.

– Ойбай, шырағым, қайдан жүрсің? – деппін қапелімде абдырап қалған мен. Сөйтсем ол Ақтаудан соғып тұр екен. Сол бойда кездестік. Көп жайға сол жерде қанықтым.

Шәйіт болатын қыздың аты Тұрған болып шықты. Өткілбайдан жалғыз қыз болғанмен кіндіктен жалқы емес. Алдында бірнеше ағалар бар. Бәрі үйлі-баранды. Өтекең дәулетті, белгілі, беделді адам болыпты. Қауынды, Қорғанбай маңын қыстап, Оңтүстік Үстіртті жайлайды. Сол жылы заман аужайын бағыстап өзі жайлауға үдере көшпей, қар кетісімен балаларын ғана ілгері оңдырып жіберулі. Тұрған қыз әке-шешесімен бірге қалған екен.

Сөлай қызыл әскерге ұстатпай аман құтылып кеткен Өткілбай балалары Түрікменстанға өтеді. Ол жақта сақтық жасап аты-жөндерін өзгерткен. Атамекенге бертінде ғана оралған. Менін



әңгімемнен соң жиналып Қараған Босағаға барды. Жайрап жатқан көп мола. Кейбіреулері тіпті жермен-жексен болып тегістеліп кеткен. Алшекеннің айтуынша Өтекең мен қызы асығыс тайыздау етіп қазылған бір қабірге жерленген. Басында сірә белгі жоқ. Мына көп молалардың қайсысы екендігін айыру мүмкін емес.

Жолаушылар әйтеуір әкелері мен бауырларының қаны тамған топыраққа келіп тәу еткендерін көңілге медет, дәтке қуат санап, апарған құрбандықтарын шалып, марқұмдардың рухына дұға бағыштап, осылайша көп жылдан бері ойлағандарын орындап оралады. Сөйтіп, сол көтерілісте шейіт болған бір батыр қызымыз Тұрғанның аты тірілгенін айт тағы бәрінен бұрын.

Өлген адамның денесін жау қолында қалдырып кете бару бұл елдің сүйегіне түскен таңба. Шөбереннің шөбересіне дейін бетке шіркеу. Сол салт осы жерде тағы бір қыршын ғұмырдың үзілуіне себеп болды. Ұрыс даласында ортан жілігін оқ үзіп кетіп шөкелеп қалған Құнанорыс ауылының бір беделді кісісі еді. Соған қарай астында меңсіз қара аты бар інісі Қаршыға ағызып шаба жөнелді. Келе ағасын ат үстінен іліп өңгере кетпек еді. – Бірақ қапелімде ауыр денені көтере алмай айналсоқтап қалды. Қырсыққанда тап сол кезде таң атқалы қолдап ұрысуға бұйрық болмай мола тасасында делебесі қозып тұрған үш қызыл әскердің де бұған қарай тұра шаппасы бар ма. Қаршыға да қылыш суырды. Аттың құлағында ойнайтын жылдым жігіт екен. Бара сала жәукемдеп тастаймыз деп ақиып келген үшеудің аптығын басып-ақ тастады. Жаралы жатқан ағасын айнала шауып қорғап, сермелген қылышты денесіне дарытпай серпіп қағып ұрыса береді. Ақыры қылышпен ала алмайтынына көзі жеткен әскердің бірі мылтығын жұлып алып тарс еткізеді. Кеудесін баса еңкейген Қаршыға жаралы ағасын құшақтай құлайды. Сол кезде екінші атылған оқ ағасын табады. Осылайша екі ағалы-інілі екі боздақ та құшақтасқан күйі жан тапсырады.

Бұл оқиғаның бәрін көзбен көріп тұрған Медет Нұрғали мерген: «Қап бәлем, бекінген жеріңнен бәрі бір шығып, оқ жетер жерге келсең» деп тістенумен болған екен. Бейне соның сол тілегін бергендей күн бесінге таяй А. Фетисов үстіне «Максим» пулеметі орнатылған машинаға 7-8 әскерді мінгізіп алып көтерілісшілерге



қарай жүреді Жолшыбай көрінген адам-қараның бәріне сыпыртып оқ жаудырып ақырын жылжыған машина ішінде көп бой тасалаған сай тұйығына жетіп тоқтайды. Фетисов жерге түсіп дүрбі салғанда бұта тасасынан екі рет мылтық атылды да, әуелгі оқ Фетисовты қылжитып түсіріп, екіншісі шоферға тиеді. Пулеметке қайта тіл бітеді. Бұл жолы оны атқан Долгийдің бұрынғы балықшы орысы, қазіргі әскери комиссариаттың қызметкері Иван Борисов деген еді. Ол атып көтерілісшілерді бері беттетпей тұрғанда қалған қызыл әскерлер ауыр жаралы Фетисов пен шофердің денесін машинаға салып, машина тілін білетін біреуі кабинаға отырып кері шегінеді.

Енді осы Александр Фетисов кім – соған тоқтала кетелік. Ол 1892 жылы Севастопольде бағбанның отбасында дүниеге келген. 14 жасында әкеден жетім қалып еңбекке араласады. 1914 жылдан екінші дүниежүзілік соғыста, 1917 жылдан Қызыл Армия қатарында, 1920 жылдан партия мүшесі. 1920 жылы Ташкент қаласындағы партия-кеңес мектебіне жіберіледі. Оның ғұмырында көрген бар оқу орны осы. Оны бітірген соң Жетісу мен Алматыда партия – кеңес орындарында, 1925 жылдан Жетісуда губерниялық Лепсіде, Сарқантта ОГПУ бастығы. 1929 жылдың наурызынан бастап Маңғыстау аудандық ОГПУ бастығы. 1930 жылдың қазанынан Гурьевтің аудандық ОГПУ-інде қызметте. А. Меңдалиевтің айтуына қарағанда қазақшаны қиналып сөйлей алатын дәрежеде біледі. Адай контрреволюциялық тобын әшкерелеу деп аталатын 12 томдық істегі айыптаушылардан алған жауабымен танысқанымызда оның тап онша сауатты адам болмағанын көреміз. Сауалдары «Сен өйттің бе, бүйттің бе» деген сияқты түйе үстінен сирақ үйіткендей дөкір, қолапайсыз. Мықтағанда айтқанды тарс-тарс орындауға ғана қабілеті бар адам тәрізді.

Ауыр жараланған командирді серіктері қаумалай көтеріп лазаретке бөлінген үйге кіргізіп, Андреев деген дәрігердің қолына береді. Бастығының кегін алмаққа бекінген Жаманқұл Женчораев бірнеше серіктерімен машинаға отырып қайта аттанады. Көтерілісшілер бекінген сай тұйығына таяу барып атысады. Осы ұрыста көтеріліс басшысы Мырзалы Тынымбаев пен інісі өледі. Женчораев жараланып, кейін шегінеді.



Әлгінде Фетисов пен шоферді атыш түсірген Медет Нұрғали мерген екен. Ол сол Қарағандағы ұрыстан аман кетіп, Ақтөбе жаққа асады. Бірақ сол Фетисовты атқан қоңырауы сылдырап басына қауіп төнген соң, ол жақтан да жылыстайды.

Түн ортасы ауа ұйықтап жатқан Алшекенді Калашников келіп оятып, Фетисовтың өлгенін хабарлайды. Оның осында жерленгенін ешкім сезіп білмесін деп қатаң тапсырып, қасына жер қазатын құрал-сайманымен 4 жауынгер қосып береді. Бұйрықтың аты бұйрық. Бұлар манағы ұрыста өлгендердің жүзін жасырып шаршап келіп көз ілгеніне қарамастан қабір қазуға жөнеледі. Отрядтағыларға дыбыс естілмейтін аулақтау тұсқа барып қабірді қазып, елеусіз түрде мәйітті жер қойнына береді. Кейіннен жау аршып алып қорлайды деп қауіптеніп, бетін тегістеп жым-жылас қылады. Қауіптің түрін қараңыз. Генерал Корниловтың сүйегін қазып алып қала көшесіне үш күн дарға асып қоюдан бастап, Капланды, Николай патша мен жанұясын әуелі атып, артынан май құйып өртеп, оған да айызы қанбаған соң сілті құйып, мылтық дүмімен жаньштау сияқты өлік қорлаудың небір классикалық түрін жетік меңгерген большевиктер өкілдері мына құладүз тұрғындарының жаумен тек тірісінде ғана жауласатын, өлгеннен кейін оған еш кек сақтамайтын мәрттігінен әрине бейхабар.

Машиналар керуені бұдан 36 жыл бұрын оқиға болған тұсқа келіп маңдай тіреді. Алшекен де ұзақ әңгімесіне нүкте қойды. Ендігі шаруа біреу – Фетисовтың сүйегін қазып алу.

– Менің есімде қалғаны мына бір кереге тамның күншығыс бетінде 12-13 қадам шамасынан қабір қазылған. Бетін тегістеп кеткенбіз дедім ғой, белгісі жоқ. Күрек батырып қазып қарандар, балалар, – болды Алшекеннің айтқаны.

Шөбі сұйықтау өскен, сәл ойпаң тартқан бір жерге күрек тиді. Қазылып жатыр. Шұқыр бір метрден аса тереңдеген соң әбден сарғайып кеткен сүйек шақты. Фетисов әскери киімімен жерленген. Арада қаншама жыл өтті дегенмен киімнің жұқанасы, белдіктің темір тоғасы, ілгек сияқты белгілер қалуы керек еді. Мұнда ондай ештеңе жоқ. Әбден сартап болып сарғайып кеткен сүйек және біреу емес, екеу. Біреуінің ортан жілігі сынық. Сол жерде



Алшекең: «Ой, дүние-ай, бұлар Құнанорыс Қаршыға мен ағасының сүйегі болды. Екеуін бір шұңқырға көміп едік. Ағасы санынан оқ тиіп шөкелеп қалып еді. Сонда байғұстың ортан жілігі үзілген екен ғой» дейді күрсініп.

Тап осы жерде ендігі болған әңгімені қайталамай-ақ қоялық. Түйін біреу – сол табылған сүйек қорапқа салынды да машинаға тиелді. Фетисов сүйегін тап басып тануға міндетті дәрігерге қажетті қағазға қол қойғызылды. Жазықсыз әлденеше рет сотталған Алшекеңнің соқтықпалы өмір жолы бұл атышулы органның қалауына қарсы келмеуді мойындатқан еді. Көзі жамандық көрмесе де біраз нәрседен хабары бар Есекең де сап тиылды.

1967 жылдың 19 тамызы күні Форт-Шевченкодағы парк төріне үлкен салтанатпен қораптағы екі адамның сүйегі жерленді. Басына ескерткіш көтеріліп, бір бетіне «Тап жауларының қолынан қаза тапқан А.И.Фетисов мәңгі есімізде сақталады», енді бір бетіне «1967 жылы Қараған Босаға жерінен әкеліп жерленді» деген жазу қашалып жазылды. Мұнан басқа чекистке көрсетілген құрмет – Кендірлі шығанағындағы бір мүйістің аты берілді.

Менің жеке архивімде марқұм Есекең – Есбол Өмірбаевтың осы жайттан сыр шерткен қолжазбасы сақтаулы. Сонда машинкаға басылған мынадай жолдар бар. «Біздер шөп шығып, бірақ сәл ойыстау түскен жерді ашуға кірістік. Ақыры 1 метр 30 см. шамасынан кісі сүйегі шығып табытқа салынды» деген жазу бар. «Кісі» деген сөз сызылып, үстіне қызыл сиямен «Фетисов» деп жазылған. Егер мұның сыртында авторды осылай жазуға мәжбүр еткен жалғандық жатпаса түймедейден түйедей сыр түйетін сұңғыла Есекең Фетисовтың сүйегі қандай күйде, оқтың ізі, киімінің қалдықтары, тағысын-тағылар жайлы біраз көсілмес пе еді. Тіпті қабірден табылған белбеудің тоғасы сияқты бір белгіні музейіне экспонат қылып қоймас па еді? Жоқ. Есекең өйте алмайды. Бұйрыққа бағынып идентификация актісіне қол қойған дәрігер, марқұм Естұрған Мұқантаев екен. Есағаңмен екі үйіміз көп жыл көрші дос-жар қарым-қатынаста болдық. Ол да сүйек Фетисовтікі емес деумен кетті. Қабір қазудың қара жұмысын



атқарған шофер жігіттер де белгілі. Демек, сыбырлағанды құдай естімей ме демекші, мына ашық аспан астында ақиқат ашылмай қалмайды екен. Соны айтудың ұтыры енді келді.

Баба тарих қалжыңды көтеретіндей ешкімнің де жездесі, не нағашы, жиені емес. Оған жалғандықты апарып жапсыру қиянаттың қиянаты. Сондықтан абай болайық, көзімізді ашып қарайық. Кезінде кер кезең талабына орай орнап қалған ескерткіш иесін тапсын, иесіне қайтарылсын. Ал оның иесі алыстан іздеудің қажеті жоқ. Ол – кер саясатқа қарсы шыққан Адай көтерілісінің құрбаны. Тұғыр астындағы сүйек қайтадан заңды түрде идентификация жасалып, жазу өзгертілсін, не халық қалауына байланысты басқа ескерткіш жасалсын.

Біз бұлай дегенде өткеннің бәрін тәрк етіп, өлген кісінің басына әңгір-таяқ ойнатқалы отырған жоқпыз. Оның бетін аулақ қылсын. Марқұм Фетисовты да кінәлауға құлықсызбыз. Ол да заманының перзенті, тәртіптің, бұйрықтың құлы. Тіпті сайып келгенде ол да сол бір аласапыран кезеңнің құрбандығы. Әйтпесе сонау қиырдағы Севастопольдегі бейкүнә бағбан баласының Маңғыстаудың қара ойында қойын құрттап, айранын ұрттап күн кешіп жүрген қаймана қазақта алты аласы, бес бересі жоқ қой.

Ескерткіш демекші, 1931 жылғы 24 тамыздың сол бір қайырсыз күні Қарағанда қақ болған қанды халық есінде қалдырар бір белгі керек сияқты. Шіркін, соның бетінде жаралы әкесінің аузына сусын тамызып отырған Адайдың жауынгер аруы бейнеленсе қандай ғанибет! Осы бір асыл перзентке арқалы ақындарымыз жыр арнап жатса тіпті құба-құп дейміз.

Мен жоғарыдағы айтқаным мен жазғанымда Нұрғали мерген содан Қытай өтіп кетпек болған жолында Қордай асуында шекарашылармен атыста оққа ұшып өліпті дегенмін. Маған сол уақыттағы жеткен дерек осындай еді. Оным қате болыпты. Қазақтың ен даласынан сайғақ құрлы сая таппаған Нұрғали шығынып орыс арасына сіңіп ірге теуіп қалады. Татар қызына үйленеді. Соғыстан кейін, біраз нәрсе көмескі тартқан соң



Орынбор, Ақбұлақ бетте, Адай көшінің бір шеті солай барып орныққан, туыстарына келіп, сырт көзден құпиялап қалған ғұмырында араласып тұрады.

...Ауызша жеткен деректе РФ Ішкі істер Министрі Рашид Нұрғалиев Нұрғали осы мергеннің ұрпағы екен делініп келген. «Жел болмаса шөн басы қимылдамайды». Мұның шындыққа жанасымды жері де болып шықты. Иә, біздегі бар мәлімет бойынша Россияның Ішкі істер Министрі, армия генералы, экономика ғылымының кандидаты Рашид Гумарович Нурғалиев қазақ, Адай руының Медет бөлімінен. 1956 жылы туған. 1974 жылы Карел АССР-і Надвоицы поселкесіндегі орта мектепті бітірген соң, Петрозаводскідегі О.В. Куусинен атындағы университетке түсіп, оны 1979 жылы бітірген. Рашидтің әкесі Ғұмар Форт-Шевченкодағы Аташ поселкесінде туған. 1952 жылы «халық жауы» деп сотталып Қоғалымға жіберіліп, бір жылдан кейін Карелияның Петрозаводкісіне жер аударылған. 1954 жылы башқұрт қызы Нейла Фазиловаға үйленген. Рашид 9 баланың үлкені, одан кейін Руслан (1958 ж.), Әмір (1958 ж.), Тобыш (1963 ж.), Себеп (1967 ж.), Көмек (1967 ж.) бұл екеуі егіз, Жапар (1972 ж.), Әдет пен Абзал (1972 ж.) бұлар да егіз.

Р.Н. 1979-1981 жж. туған поселкесіндегі мектепте физика пәнінің мұғалімі. 1981 жылдан Карел АССР-і ҰҚК-де жедел уәкілдіктен Медвежегорек ҰҚК аудандық бөлімшесінің бастығы, Карелия Республикасы терроризммен күрес бөлімінің бастығы қызмет жолынан өткен. 1995 жылдан Федеральдық қызметтің орталық аппаратында, соңынан Қауіпсіздік сақтау федеральдық қызметінің бас нұсқаушысы, бөлім бастығы, 1998-1999 жж. Экономика қауіпсіздігі департаментінде басқарма бастығы, Россия ФҚК нұсқаушылық басқармасы директоры орынбасары, бастығы.

2002 ж. РФ Ішкі істер Министрлігінің бірінші орынбасары.

2004 ж. 03:09 РФ Ішкі істер Министрі болып тағайындалды.

Кемеровоның губернаторы А. Төлеевпен достық қарым-қатынаста, отбасылық араласта.

Сырлас достарымен әңгімеде өзінің Адай, Медет Арғынбай батырдың ұрпағы екенін мақтаньш етеді.



МЫҢ ҮЙ ҚЫРЫЛҒАН

Ел құрағы елу. Маңғыстау ойындағы дүрбелеңнен биыл да әдеттегісінше арты Ырғызбай, Қарасайда жайлап қалып, арты Жем, Сағыздың өр басына дейін шығандап кеткен ауылдар да құлақтанып үлгірген. Соның селбеуі болар, жылда әр құдықтың басын ата, әулеті, ру жігімен жіліктеліп сағалап кететін ел биыл көп кеңге шашырамай етек-жеңін жиып дегендей жинақы отыр. Жылда марқа пісе бастала жөнелетін қыз ұзату, келін түсіру сияқты тойлар, дүбірлі астар да сап тиылған. Оны айтасыз, тіпті бала сүндеттеудің өзі сирек. Болғанының өзі қозы өрісіндей жердегі қоңсы-қоланның қатысуымен дүбірсіз өтіп жатыр. Әйтеуір ел арасын үрей билеген. Мұндайда салмақ ел ағаларына түседі ғой алдымен. Ал олар болса жұма сайын бас қосқанмен белгілі бір тоқтамға келе алмай пұшайман күй кешуде. Ақыры он ойланып, жүз толғанып алған бірауызды пәтуа мынау болды: Бес қаруы сай, әскері әлекедей жаланған үкіметке қарсы шыққаннан ештеңе өнбейді. Ал «не қылсаң да көндік» деп бар малды қолдан санап беріп отырудың арты тағы қауіп. Бұл елдің бар күнкөрісі малында емес пе еді. Одан айырылғанда күн не болмақ. Ендеше құтырғаннан құтылған деп бассауғалап қаша көшіп кету керек. Бұл тоқтамның түп қазығы Майлан жары Бокмаш деген азамат еді. Байлығымен ауызға ілікпесе де кісілігімен танылған жігіт еді бұл. Арыстарынан айырылған елдің енді аузына қарар біліктісі осы. Солай келісілген соң төңірекке шапқыншы жіберіліп ел құлақтандырылды. Хабар болған күні барлық ауылдар бірден дүрк көтеріліп үдере көшіп жөнелмек. Барыс бағыты әу баста Хорезм ойы, Бесқала беті болады деп шешілген. Бірақ дәл келесі сәрсенбіде өкше көтеріміз деп отырғанда ол бетке тосқауыл әскер шықты, жолда тосып жатыр деген мәлімет түсті. Анық-қанығын білуге жіберген барлаушылар әлгі хабарды растап келді. Бұлардың айтуынша әскердің тіпті түрі жаман. Ел ауып көшу ойларында жоқ, тек жылдағы қонысына кетіп бара жатқан қырықмылтық ауылының көшіне тиіп, көлігін үркітіп, ер азаматын көгендеп дегендей кері қуыпты. Пәлен жерге барып қонғандарыңша



босатпаймыз деп әр ауылдан бір-бір бас көтерер азаматты кепілдікке алса керек. Бұл қысымға көңісі келмей қарсылық білдіріп босына қаза болған боздақтар да көп көрінеді.

Әңгіме желісін осы арадан сәл үзе тұрып, сол бір аласапыран уақытты «Ақ жауын» дейтін повесіне арқау еткен марқұм жазушы Тобық Жармағанбетовке сөз берелік. Әрине «Ақ жауын» жазылған кезде кезең басқа, талап басқа. Жазушы байғұсқа да қатырып қалыптастырып қойған қағидадан ауытқуға жол жоқ. Жаза бассан, жаңылсан жазаланасың. Осындай түсіністікпен қарап дұрыс бағасын берсек – «Ақ жауын» өз кезеңінің тәуір шығармасы, Тобық марқұмды жазушы ретінде танытқан туындының бірі. Повесть оқиғасы қаша көшкен елді кері көшуге үгіттеген алыс сапардан шаршап-шалдығып келе жатқан бір ауданның партия-кеңес қызметкерлерінің бас-аяғы бір тәулік ішінде бастан кешіргендерін қамтиды. Шөл дала. Өздерін шөл қысқан, көліктері әбден болдырған жолаушылар. Ақыры жалғыз құдық ұшырады-ау әйтеуір. Шелек салып көрсе – құп-құрғақ. Бірақ су иісі бар. Аршып көру керек. Осы ниетпен құдық түбіне түскен екі адам зәресі ұшып «қайта тарт тарттың» астына алады. Сөйтсе құдық түбіне өлген мал тастап, оның үстіне әлдекімді өлтіріп тікесінен тік тұрғызып байлап кетіпті... Мәйітті шығарып алғанда киген киімінен Кеңес үкіметінің белсенді өкілі екендігі белгілі болады. Мәйітті жер қойнына берген жолаушылар қанды құдық басына аялдамай сапарларын әрі қарай жалғастырады. Жолшыбай еру болып отырған ауылға ұшырасады. Бұл ауыл Бесқалаға көшіп бара жатқан жерінен кері қайтарылып, соған наразылық білдіріп үкіметке қарсы шығып жатқан қырықмылтықтар екен. Жолаушылар әрине, бұдан бейхабар, қонақ болып отыра береді. Қапияда бас салған ауыл адамдары оларды тұтқынға алады. Тек біреуі ғана қашып құтылады. Көтерілісшілер тұтқындарды, жолбасшы шалдан – өздерінің ағайындарынан басқасын, атуға өкім шығарады. Тұтқындар ғайыптан тайып жазадан құтылып, қару-жарақтарын қайта қолға түсіріп, көтерілген ауыл басшысын өлтіреді. Ертесіне сапарларын онан әрі жалғастырады. Сол жерде ұрыста қайтыс болған бірнеше өлікті алып келе жатқан қызыл жасаққа кездеседі.



Жасақ басшысы қыр елінің Мырзалы, Тәжіман Басығарин дегендерді хан сайлап алып Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліске шыққанын хабарлайды. Міне, шағын повестің бар оқиғасы осы. Тобық әрине бұл шығармасын нақты деректерге, болған жайттарға негіздеп жазған. Мұнда есімі аталған Мырзалы ханы әрине Мырзалы Тынымбаев. Ал Тәжіман Басығарин болса ол да белгілі адам. А.В. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» деген тамаша еңбегін бәріміз де білеміз. Сондағы деректерге жүгінсек, Тәжіман Басығарин 1920 жылы Орынборда оқыған. Сонда А. Затаевичпен кездесіп оған «Көкшетау», «Келіншектің әні», «Агигау», «Айгөлек-ай», «Жан қалқатай», «Түркістандық ән», «Өтеудің әні» дейтін әндерді берген. (Қараңыз: А. Затаевич «1000 песен казахского народа» Москва Муз. изд. 28-30 стр.) Оқуын бітіріп елге оралған соң әртүрлі кеңес қызметтерінде болған. Ақтаудағы Ш. Есенов атындағы университетіндегі ғалым тарихшы ұстаз Элмира Сейітмағанбетова берген мәліметтерге сүйенсек, Тәжіман елді үкіметке қарсы бастап шыққан себебін белсенділердің асыра сілтеуі, үстеме салықтан қарапайым халықтың тұралауы деп түсіндірген тергеуде. Ол құжаттар бұрынғы марксизм-ленинизм институтының архивінде сақталыпты. Т. Басығарин туралы әзірге біз қолға ұстаған деректер осылар. Бәлкім, құрбан болып кеткен оның да басқа фамилиямен жүрген ұрпақтары, біз Тәжіманның туыстары едік деп айтуға көзі қорқып қалған ағайындары бар шығар. Табылып жатса олармен хабарласуды сәтті күннің еншісіне қалдыра тұрып, енді Үстірт үстіндегі елге оралалық.

Әуелгі барамыз деген жолы солай кесілген ел ағалары ойланып толғана келе көш басын басқа бағытқа бұруды ұйғарады. Аралды айналып, Сырды жағалап Түркістан аспақ. Қарттар біліп айтса, бұл Адай елі о баста осы жаққа Сауранды үш айналып барып келіпті ғой. Енді жазмыш шіркін сол жарықтық Сауранды төртінші рет айналуды бұлардың пешенесіне жазса шараң қане! Көш алда, айдаған мал ортада, қауіп атаулының бәрін арттан күткен ер азамат атаулы қолға түскенмен қаруланып сондарында келеді. Көш қарасы қомақты. Бір мың үй. Бұрынғы ағайын, қонсы қалпын бұзбастан жолдағы су көздерінің ыңғайымен арасын онша үзін



кетпей ақырын жылжып келеді. Әр көштің алдында жол ыңғайын, суат жөнін білетін бір-бір сұңғыла қарт. Осы ретпен жөңкілген қалың ел күн екіндіге таяна Алашың, Қанжығаның айдын тақырының шетіне келіп еру болды. Жол соқты болып шөліккеп келе жатқан мал тақыр ортасындағы көлге қарай өткізіліп жіберілді. Тапсырма – ай көтеріле содан әрі қарай айдала бермек. Қайран, жанынан бұрын малының амандығын сұрайтын қазағым-ай. Әлгінде күн бесінге таяна арттан астында кер аты бар шапқыншы жетіп, қуғыншы әскердің өкшелеп қалғанын ескерткен. Тақырдан тездетіп көктей өтіп, тар шатқал аузына тосқауыл қойса да болар еді. Бірақ өйтсе, артта қыруар мал қалып барады. Біріншіден, соған қарайлады. Екіншіден, әскер осыншама елге түнде шабуға батылы барар дейсің бе деген бейқам тәуекел де жоқ емес.

Бірақ әскерлер бұлар ойлағандай болмай шықты. Бала-шағаның басы жастыққа тие бере оқ жауа жөнелді. Әсіресе, бір ауылдың барлық қатыны бір тулақ үстінде бас қосып жүн сабап жатқандай дауыс шығаратын бір мылтығы бар екен. Сонысы бет қарататын емес. Бұл жақтағы қолда бар мылтыққа да тіл біткен. Ақыры алма-кезек дамылдап, аңыс аңдап алып қайта жалғасқан атыс таң атқанда барып саябырсыды. Қараса бұл жақтан алпыс азамат оққа ұшыпты. Жараланғандар да біршама. Оқтың бәрі таусылған. Көлік атаулы түнде үркіп шығынып кеткен. Торға түскен торғайдай күй кешкен елге енді жеңгендердің құзырына бас июден басқа ештеңе қалған жоқ. Қабағы қату қалың әскер қоршай қалды. Бірінші бұйрық – өлген 60 адамды сол жатқан-жатқан жерлерінде шұңқыр қазып әуреленбей-ақ сусыма топырақпен беттерін бүркей салу. Екінші бұйрық – бүкіл естияр еркек атаулының бір шетке бөлініп шығуы. Оның орындалысын әскерлердің өзі аяқтай жүріп тексерді. Содан соң бәрін қойдай тізіп айдап кете барды. Ауылда тек әйел киімін киіп жасырынып Бесбай деген көселеу бір кісі қалды. Екінші еркек Ақселеуұлы Сартай деген мезгіл-мезгіл талма ауруы ұстап қала беретін сырқат кісі еді. Әскердің жолбасшыларының ішінде оны танитын біреу табылып босатып жіберді. Жалпы қарасы мыңға жуық ер азаматты сол айдағаннан айдап келіп Иман қара құдығының басына иіріп қамайды. Содан соң барып елді көшіріп



әкеледі. Осы оқиғаларды көзбен көрген куәлердің бірі Ақбайұлы Тілеген (1926 жылы туған) қазір Бейнеу ауданы Қоркөл станциясында, Нұрберген қазір Майкөмген деген жерде тұрады. Олардың естеліктерін осы жолдар авторының өтініші бойынша жазып жеткізген құлсарылық мәдениет қызметкері әрі ақын Жұмабай ініміз. Енді Тілеген ағамызға сөз берелік.

Ел көшіп келсе күні кешегі бір-бір үйдің алшаң басқан азаматтары ашық аспан астында пұшайман болып көздері жәудіреп отыр. Тіпті орындарынан тұруға да ұрықсат жоқ. Бойынды тіктедің-ақ ажал оғы қағып түседі. Түзге отыруға да шығармайды. Отырған орнынды қолмен шұқырлап шаруанды бітіре бер. Әйтеуір шөлден өлтірмепті. Күніне екі мезгіл Иман қара құдығынан адам басына бір-бір бақыраштан су беретін көрінеді. Арыстарының әйтеуір тірлікте бар екенін көріп, көңілдерін демдеген әйелдер тамақ бергісі кеп беттеген екен – әскерлер мылтықтан оқ жаудырып жолатпапты. Сол кезде шыдай алмаған Сартай Ақселеуұлы меске құйған суын өңгеріп түйесіне мініп камалғандарға қарай жүреді. Кезелген мылтыққа қарай қаннен-қаперсіз жүріп келе жатқан мына кісіні кімге жорырын білмеген әскер қапелімде аңтарылып тұрып қалады. Ұзында өші, қысқада кегі жоқ, тірісінде ешкімнен жаулық күтпеген Сартекең де еш алаңсыз камалғандардың сыртынан айнала береді. Қырсыққанда дәл осы жерде талма ауруы түскірінің ұстай қалмасы бар ма? Жандәрмен қолындағы сусынын тұтқындар жаққа лақтырып үлгерген Сартай байғұс аузы көпіріп, көзі ақшандап түйесінен құлап түседі. Сол жерде оны шпионға жорып санын бір соққан әскерлер тарпа бассалып соққының астына алады. Сартай еңгезердей алып, қайратты кісі екен. Соққы астында бір уақытта есін жинап, орнынан атып тұрады да қолындағы дойырымен жәбірлеушілерді жондата жөнеледі. Қазақтың сегіз өрме бұзау тіс дойырының дәмі таңдайына татыған әскерлер тырағайлап қашып анадай жерге барып мылтық кезенеді. Аюдай ақырып, әбден қаһарына мінген Сартай оған қыңа қоймайды. Қарсы ұмтылады. Әскерлер амалсыздан атуға мәжбүр болды. Сол жерде оқ бесінші рет тигенде барып есіл ер Сартай шөкелеп барып жығылады.



– Мына иттің тумаластарынан кім бар? Көміп тастандар! – болды бұйрық. Қамалғандар ішінен Сартайдың туған ағасы Тәуірбала, немере ағасы Аманиязұлы Ақбай шығып қанды жасын ағызып келіп қолдарына күрек алды. Рәсім сақтап жатуға мүмкіндік жоқ, әрі дінкілдеп кәрін шашып тұрған әскер қабірді терең етіп қазуға да мұрша бермейді. Сөйтіп, марқұмның жүзін киімшен тізеден қазылған шұңқырға жасыра салды. Есіл ер өлгенде де ер қаруы – дойырын қолынан тастамаған екен. Қолы қарысып қалыпты. Амалсыз сол күйінде көмуге тура келді.

Ертесіне қамалғандарды топ-тобымен айдап әкеліп тергеуге кіріседі. Жанұяларын улатып-шулатып Қарабау, Қаракөлге қарай айдайды. Тілеген үйі осылардың ішіне тап болады. Қарабау, Қаракөлде бұларды шеркеш Шыныбай Шәудірбайұлы деген беделді кісі қарсы алып, мал-мүлкі тәркіленіп, балалары айдалып кетіп, өзі келіп кетіп, немерелерімен жұртта қалған Шәріп деген бұрын бай болған қарттың қыстауына түсіреді. Ас-су бергізіп естерін жинатады. Жақсы сөзін айтып көңілдерін демдейді. Шыныбай азамат төңіректегі елге хабар салып көмек ұйымдастырып дегендей қолдан келген жақсылығын аямайды. «Жыланның жеті кессе де кесірткедей әлі бар», бары ұстағанның қолында кетті дегенмен Шәріп қария да қамсыз емес екен – тығып алып қалған азық-түлігінен ол да қарасады. Әттең, не керек қайда барсаң да алдында Қорқыттың көрінің кебі бұл жерден де шығады. Бұл ауылға әмірін жүргізіп тұрған бір ауылнай келіншек екен. Сол бір күні «сен жаусың, жер аударылып келген бандыларды асырап жүрген көрінесің» деп Шәріп қарияны ауыл-аймақтың көзінше қамшының астына алады. Соның күйігіне шыдай алмаған қадірменді қарияның есі ауысып кетеді. Ақыры есігінің алдында көрінген қараны, «әне кетті менің пәленшежаным,әне кетті менің түгеншежаным» деп айдалып кеткен балаларына ұқсатып отырып жан тапсырады қайран Шәкең.

Күз түсе айдалып келгендерді ауыл кедейлерімен қосып артельге біріктіреді. Үшінде тілеген де бар балаларды Аюп қажы дегеннің мешітіне жинап оқытады. Аюп қажы мешіті төбесінде сыңғыраған зәулім мұнарасы бар сол төңіректегі зәулім құрылыс



екен. Әлгі белсенді ауылнай қоярда-қоймай жүріп мұнараны бұздырады. Мектеп мұғалімдері Әлехан балалары Қалеш, Қабижан деген осы өңірдің сол кездегі зиялылары екен. Әуелі бұларды да молданың балалары, тап жауы деп ұстап біраз шырғалаңға салап артынан босатса керек. Тілекеңнің есінде сол ұстаздарының «Тауып алған діни кітаптарды құртпандар. Әкелеріңе апарып беріңдер. Бірақ олар топталып оқымасын. Жеке-жеке жасырып оқысын да тығып қойсын» деген ескертпесі қалыпты. Қалеш пен Қабижан сол елде көп жылдар жемісті еңбек еткен. Ұлағатты ұстаз атанған. Жем бойының қазіргі қадірменді ақсақалы, көнекөз шежіресі Жанаш Нұрмаханұлы олардың есімдерін әлі күнге құрметпен атайды. Тілекең сол мектепте 1934 жылға дейін оқыған. Білікті ұстаздарының арқасында өте жақсы сауат ашқан. Аштық кезінде құмаршық теріп, шикі бидай, сұлы жеп жан сақтаған. Оның өзі бір жантүршігерлік хикая.

1939 жылы жер ауғандар елге оралады. Бұл кезде баяғыда айдалып кеткен Тілекеңнің әкесі, жақын ағалары Тәуірбала мен Ақбай кесімді мерзімдерін өтеп оралады. Ақбай көп жылдар мұнайшы болып 1961 жылы өлген. Тәуірбаланың жесірі Шәкіл әже – сол бір атың өшкір нәубеттің көзі тірі естияр куәсі ұзақ өмір сүрді. Сол зобалаңның салдарынан Тәуірбаладан ұрпақ қалмағанын, атадан мергеннің қарауылындай болып жалғыз шаңырақ қана қалғанын айтып жасын төгумен өтеді кейуана.

Осы нәубеттен сырторай болса да хабардар тағы бір көнекөз Төрениязұлы Нұрберген қазір Құлсарыда тұрады. Нұрекеңнің әкесі Иманқарадан айдалып келгендердің бір ауылына басқарма болыпты. Олардың келгендегі адам шошығандай кейпін Нұрекең қария қабырғасы қайыса отырып айтады.

Бүгінде Майкөмгенде тұратын Бегімбет Қожағұлұлы Нұрнияз да сол мың үй қасіретін ес жинаған бала кезінде көрген куә. Оның да естелігін біз жоғарыда есімі аталған Жұмабай арқылы алдық. Нұрекеңнің нағашы жұрты әлім елі екен. Әкесі тұтқындалып кеткен соң, шешесі екеуі соларды сағалап, онан әрі Қызылорда асады. Бұлар да атамекеніне беріде оралған. Нұрекең бізге жеткізген тағы бір мәлімет мынау: Тақыр жиегінде әскермен



атысып оққа ұшқан бір азаматтың жесірі емшектегі нәрестесін арқалап айдалған дүрмекпен кете барады. Уақыт өтеді. Банданың баласы деген жексұрын аттан құлағы сарсылған жетім қозы маңырап отығады. Ержетеді. Шешесі де пайғамбар жасынан асып, ақыретке бет бұрады. Кейуана жарықтық сонда ғана сыр ашып, баласына баяғыда аласапыран алас-қапаста жүзі асығыс жабыла салған әкесінің мүрдесін тауып басын қарайтуды аманаттайды. Белгісі – күйеуімен бірге оқ тиіп жарылған мылтығының құндағын бірге көмген екен. Баласы ел егемендік алып заман түзелген соң шешесінің сол аманаты бойынша тақыр жиегін 8 күн шұқып қазып жүріп іздеп әкесінің сүйегін тауып басына белгі қойып, құран оқытып кеткен. Өкінішті жері, бұл адал сүт емген перзенттің атын әзірге біле алмай отырмыз. Бізге жеткен там-тұм деректер бойынша сол бір мың үйдің ер азаматының кедей, жарлы-жақыбай жағына әртүрлі мерзімге түрме жазасы кесілген.

Ел жадының көбіне көп көнермейтін екі факторы бар. Олар – жақсылық пен жамандық. Пендешілігіміз сеп боп жақсылық көмескі тартса да, жамандық, жазықсызға жасалған қиянат, жауыздық тіпті де ұмытылмайды. Бұл жолы да солай болды. Мың үйдің басына зауал төнген бір топ азаматы Әділов Сайқали деген әшәдді белсендінің алдына түседі. Әлде бұйрық солай болды ма, әлде әлгі қаныпезердің өз білдігі ме ол жағы беймағлұм, тұтқындарды айдап әкеліп бір төбесі ашық қораға қамап қойып, Сайқали оларды қасындағы белсенділерімен бірге түгел атып тастайды.

– Құрбандардың денесі сол күйі әлденеше күн іріп-шіріп жерленбей жатты, жендеттердің қарасы өшкен соң барып төңіректегі ел бәрін сол қора ішіне көмді, – деп еске алады көнекөздер.

Үстірттегі бір мың үйдің біз әзірге ұшығын ұстай қалған дерек осы.

Сол оқиғадан соң әлгі жұрт «Мың үй қырылған» атанып кетеді.




НАРЫНДАҒЫ ОЙРАН

Төңкеріске дейін қазақ халқы көшпелі болды десек, соның ішінде Адай тіпті көшпелірек. Қар көбесі сөгіле Маңғыстаудың қара ойынан өкше көтеретін шаруа жұрт Үстірт ернегінен төл алдын көреді де әрісі сонау Елек, Қобданың басы, Мұғаджар тауларының сілемдеріне жетіп жайлайды. Қыс қыстауы қоныс ыңғайына қарай Жаңғақтың ойы, Хорезмнің ойы, Жайық бойы, Жем сағасы болып тағы құбылып отырады. Осылай бір жерде байыз таба алмаушылық, бір сөзбен айтқанда, шаруа ыңғайы Адайды әр жерге бытыратқан. Оның үстіне елдің шашырай орналасуына құбылмалы құйтырқы саясаттың да селбеуі аз тиген жоқ. Мысалы, патша үкіметі кезінде Бөкей ордасы аталған Нарын бойына ел қоныстандырғанда Кіші жүздің әр руынан әкеліп араластырып жер берді. Ондағы жымысқы саясат астары әр руды өріске, қонысқа таластырып басын біріктірмеу. Көрші, қоңсы қонған қазақтың қанша тату, ағайын болса да «малыңды әрі қайтар» дауының әйтеуір бір болмай қоймайтынын білгендіктен туындаған қадам еді бұл.

Осы ретпен 1800 жылдардың бас шенінде дені Қосай ата балалары болып біраз ауыл Мыңтөбеге қоныс аударды. Оларды бастап апарған Бекет атаның тұстасы Үмбет деген кісі екен. Ел арасының сөзін ұстаған, аузы уәлі Үмбет кейіннен сол елдің әулиесі атанады. Екінші бір лекті шалбар Әтембек батыр 1850 жылдары қазіргі Бозашы түбегінің Қияқты суының басынан көшіріп апарады. Әтембек те тарихи адам. Өз кезеңінде ешкімнің «әрі отырын» естімеген. Мақаш Шолтырұлы сияқты тұлғалармен терезесін тең ұстаған кісі. Атақты Нұрым Шыршығұлұлының «Әтембекке айтқаны» деген өлеңі батырдың бір морт қылығын құптамағаннан шыққан. Мыңтөбеге әуелде көшіп барған аз ауыл адай ұлғая келе қанатын кеңге жайған. Еділ сағасына дейін, маңғыстап қоныстанып, қазіргі Астрахань облысының Қамызек ауданын атамекені еткен. Осылайша Атыраудың жоғарғы жағы да адайдың бір қанатына айналды. Және олар Маңғыстаумен қатынасын үзген жоқ. Су жолымен, құрлықпен үнемі қатысып, байланысып,



араласып тұрады. Мысалы, шалбар адай Ерғали күйші 1905 жылдары күнкөріс қамымен Маңғыстаудың Сартасына келіп бір-екі жыл тұрып «Маңғыстау», «Қоштасу» деген күйлерін шығарған. Маңғыстаудың қара ойында туған ақын Нұрым мен інісі әнші композитор Тастемір ғұмырының жартысын Нарын, Тайсойған, Бүйрек бойында өткізген. Маңғыстауға белгілі қайраткер Сыдық Жұбаев мыңтөбелік. Ордаға, Астраханьға, Үйшікке, яғни мектебі бар орталыққа жақындығы себепті ол елден оқыған зиялылар да көп шыққан. (Жоғарыдағы Ерғали күйші Астрахань гимназиясында оқыған – Ә.С.). Бұл жайттарға баса тоқталып отырғанымыз себепсіз емес. Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің өте құпия қорында жылдар бойы саржанбас болып сақталып келген істерді саралап, шұқшия зерттей келгенімізде көңілге сол кездің солақай саясаты алдымен осы адай атаң баласына алабөтен қорағаш сілтеген емес пе деген күдік қашты. Бірақ күдік – күдік, шүбә – шүбә. Тек оны тілге тиек етсек, тарихқа қиянат, ақиқаттан алыс кеткеніміз. Сондықтан бұлтартпас дерек, жылтпас айғақ керек. Соны іздеу мақсатымен осы «еңбекті» жазу үстінде арнаулы іссапармен Атырау қаласында болдық. Сондағы архивтің де біраз шаңын қақтық. Ақыры таптық іздегенімізді. Күдік расқа шықты. Маңғыстауда басталған зобалаң Атырау айналып барып Нарындағы адайды да шарпышты. Атырау облыстық мемлекеттік архивінде «Теңіз ауданындағы ірі бай адайлардың мал-мүлкін тәркілеуге дайындық жұмыстары бойынша материал» (Қор. 3, тізбе-4, іс-1) көлемі 324 беттік бір том сақталыпты. Жанұялары туралы мәліметтер келтірілген. Олардың білімі, төңкерістен бұрын кім болғандары туралы деректер де бар. Таңқаларлығы сол «ірі байлар» делініп жүргендердің бәрі дерлік орта шаруа. Бір сөзбен айтқанда, дәл Маңғыстаудағы жағдай айна-қатесіз қайталанған да қойған. Ал олар тарапынан үкіметке қарсы әрекеттер болып па дейтін сауалға келер болсақ, жағдай тіпті күлкілі. Шаруа жөнін білетін бір адай шалы пішеншілерге «шөптің сөлі әлі бойында. Кішкене кешіктіріп шабындар. Әйтпесе соңыра маялағанда шіріп кетеді де еңбектерің еш болады» деп жөн сілтеген. Міне, шалекеңнің осы ақылы «мал азығын дайындау науқанына көпе-



көрнеу зиянкестік жасады» деп айыптауға негіз болып шыға келген. Өзге «айыптар» да осындай түйе үстінен сирақ үйіткендей қисынсыз, олақ, қолдан қиыстырған бәлду-бәлду бәрі өтіріктер. Дені араб әрпімен жазылған бұл істі онан әрі зерттеуді келешектің үлесіне қалдыралық.

Біздің назарымызды өте-мөте аударғаны сол архивте сақталған Қажығали Мәмековтің дүние-мүлкін тәркілеп, өзін жер аудару туралы бір томдық іс. (сонда, қор-3, тізбе-3, іс-19). Алдымен Қажығали Мәмеков кім соған тоқтала кетелік. Ол Мыңтөбе жерінде туған адай. Оның Қосай бөлігінің Тәзіке тіні. (Ру жігін бұлай жіліктеп отырған себебіміз, кейіпкеріміз дәл осы адай руының өкілі болғандығы үшін тағдыры тәлкекке түсіп отыр. Жазған арыз-шағым, жеделхаттарымен танысқанда оның өзі де осыны білген сияқты. – Ә.С.) Туыстық ретпен алып қарағанда ақын Фариза Оңғарсынованың әкесіне немере болып келеді. Фариза мемуарлық повесінде Қажығали ағасының есімін ілтипатпен атай кетеді. Әуелі ауылда бастауып білім алған. Содан соң оқуын онан әрі жалғастырып, соңынан Кронштадтағы әскери фельдшерлік мектепті бітірген. Фельдшерлік мектеп сол кезеңнің өлшемімен юнкерлік училище дәрежесіндегі арнаулы орта оқу орны. Оны бітіргендер әскери дәрігер болып шығады. Қажығалидың елдегі оқуын Орынбор, Астраханьдағы кадет корпусында, не басқа оқу орындарында емес Кронштадта және дәрігерлік мектепте жалғастыруына қарағанда оның әуелден-ақ дарын иесі, медицинаға ықыласы ауған жан екенін көреміз.

Мектепті бітірген соң Қажығали елге келіп мамандығы бойынша халқына жан аямай қызмет етеді. Оның айғақтарын да іске тіркелген құжаттардан көреміз. Тек соларға қосып айтарымыз фельдшер Қ.Мәмековтің Маңғыстау тұрғындарына да шапағаты тиген. Бозашыдан оба ауруы шыққан бір жаз бойы іссапармен келіп еңбек еткен. Кедей таптан шыққан Қажығали әрине, Кеңес үкіметін қуана қарсы алған. Оның «Теңдік, Бостандық» ұранына бірден ұйыған. Сондықтан жұмысына бұрынғыдан да зор жігермен кіріскен. Соны айғақтайтын бір құжат істің 34-бетіне тіркеліпті. Ол РСФСР Денсаулық халық комиссариаты өлкелік



институты обаға қарсы лабораториясының 1928 жылғы қыркүйекте берген мына №627 куәлік.

«Бұл куәлік көмекші емдеуші Қ. Мәмековке берілді. Себебі, ол Бөкей ордасындағы 1923-1924 жылдарда және 1929-24 (түпнұсқада осылай жазылған – Ә.С.) жылдарда Урал губерниясы Гурьев уезінде оба ауруы білінген кезде өзін бағалы, жігерлі, батыл қызметкер ретінде көрсетті. Оның тез әрі ақылмен жасаған іс-әрекетінің арқасында ол жұмыс жасаған жердегі оба ошағы дәрігерлер келіп жетпестен бұрын-ақ оқшауланьш, оба ауруының онан әрі таралуының алды алынды.

Қ. Мәмеков осындай еңбегіне қарамастан тәркіленудің қармағына алдымен ілігеді. Осы кезде Жалау Мыңбаев КазЦИК төрағалығынан төмендеп, Гурьев округі атқару комитетінің төрағасы болып келген еді. Ел арасында беделді, әрі бай емес Қажығалидың мына ауыр халі, әрине, оны бей-жай қалдырған жоқ. Сондықтан Новобогат ауданы бойынша тәркілеу жөніндегі өкіл Қарпықовқа төмендегідей мазмұнда жеделхат жіберді.

«Мәмеков туралы Сіздің материалдарыңыз бізді кейбір шүбәға қалдырып отыр. Сондықтан ол туралы өлкеден сұраймыз. Мәмековтің үй-мүлкін тәркілеу жөніндегі соңғы нақты нұсқау алынғанша, оның малы мен мүлкін бөлуді кідірте тұрыңыз.

Округтік атқару комитетінің төрағасы, комиссия төрағасы Ж.Мыңбаев».

Алайда осыған қарамастан 1928 жылдың 10 қазанында Қ.Мәмековті тәркілеу жөнінде қаулы шығып та кетеді. Ж. Мыңбаев өлкеге тағы жеделхат жолдайды. Сірә, оның оңымен шешілуіне шүбәланған болуы керек. 19 қазанда Қызылордаға КазЦИК-тің төрағасы Е.Ерназаровқа жеделхат жөнелтеді. Бұл аралықта жазықсыз жапа шеккен Қажығалидың өзі де қарап жатпай, қамдануда еді. Істің 27-ші бетінде оның Оралдағы прокурорға жолдаған жеделхаты тіркелген. «ІІ-ші қазанда маған 27 тамыздағы қаулы бойынша тәркіленгенім жайлы хабарланды, – деп жазады ол. – Менің мүлкім мен малым декреттің дәл мағынасымен тәркілеуге жатпайды: малымның саны әйелімдікін қосып есептегенде ірі қараға шаққанда 100 бастан аспайды. Ал жартылай



көшпелі Новобогат ауданы бойынша норма 300. Монархия тұсында мансап иесі болғаным жоқ. 1904 жылдан осы уақытқа дейін медицина қызметіндемін. Әкем артықшылыққа ие сұлтан тұқымынан емес, кедей қазақ. Белсенді медицина қызметкері ретінде оба ауруымен күресте еңбектерім бар. Ол құжаттармен дәлелденген. Әлеуметтік қауіпсізбін. Бар уақытта мәдени әлеуметтік құрылысты жүргізуге көмектестім. Оның дәлелі өз қаражатыма мұғалімнің ішіп-жемін көтере отырып мектеп ұстағаным. Онда кедейлердің балалары, панасыз жетімдер оқып, қазақша, орысша тамаша сауат ашты. Пәтерімді тегін жылытып, жарықтандырып, оба ауруының шығуына байланысты келген медицина қызметкерлеріне бердім. Оны Келімбетов растай алады...

Мен Кеңес үкіметіне бөтен емеспін. Кронштадт доғындағы бұлқыныстың қатысушысымын. Мина экипажының матростарымен бірге 1905 жылы тұтқынға алындым, бірақ ісім дәлелденбегендіктен босадым. Кедей еңбекші тұрғындарының жазбаша өтініші 13 қазанда заказды почтамен жіберілді. Нәтижесі жөнінде телеграфпен хабар беріңіздер. Мәмеков».

Бұл құжаттан білгеніміз – Қажығали Мәмеков дәрігерлігінің үстіне елін оқу білімге баулауға да мол үлес қосқандығы. Сөйтіп, халық сүйіспеншілігіне бөленгендігі. Осы жерден оның фельдшерлік мектепті бітірген соң неге әскери қызметте түпкілікті қалмағанына қанығамыз. Түрмеден қылмысы дәлелденбегендігі себепті босану деген түпкілікті ақталу емес-ті. Ол содан кейін сенімсіз, үнемі полицияның, жандармерияның жасырын бақылауында болады деген сөз. Ал ондай адамға ұлы мәртебелі патша ағзамның флотында қызмет етуге болмайды.

1904-1905 жылдар орыс-теңіз флотындағы ең бір ауыр кезең еді. Алдымен Тынық-Мұхит флоты Порт-Артурда маскара болып жеңіліске ұшырады. Патша сарайының Витгефть, Старк. Ухтомский сияқты адмиралдары соғыс ісінде тек нансоғар екендігін дәлелдеді! Артынша Рождественский басқарған Балтық эскадрасы Цусима бұғазындағы ұрыста бас-аяғы 20 минут ішінде әскери құрама ретінде өмір сүруін тоқтатты. Сол бақытсыз эскадраны шығарып салушылар ішінде әскери фельдшер



Қажығали да бар еді. Бұл оқиғалар әрі әскер қызметіндегі зорлық-зомбылық, әділетсіздік Кронштадт матростарының ашу-араздығын туғызды. Ақыры бұл наразылық 1905 жылдың жазында камал гарнизонындағы революциялық толқу түрінде көрініс тапты. Қазанда ол стихиялық қозғалысқа ұласты. 24-25 қазанда 3 мың матрос, 1500 солдат қатысқан үлкен бас көтеру болды. Нәтижесінде 4 мың матрос, 8 мың солдат тұтқынға алынды. 29 қазанда оларды қорғамақ болып Петербург жұмысшылары жаппай ереуілге шықты. 2-3 қарашада бұл ереуіл қала заводтарын, темір жол тораптарын қамтыды. Бұқараның бұл бұлқынысынан қорыққан патша үкіметі кінәлілерді әскери сотта соттаудан қорқып, жай сотта соттап, 10 матросты каторға жұмысына жіберді. (Қараңыз: ҚСЭ. 6-том, 101-бет) Қажығалидың тек қана әскер қызметімен қоштасуымен ғана құтылуының мәнісі осы еді. Қарап отырсаң тіпті қызық, патшалық режимге астананың өзінде қарсы шығып, түрме дәмін татып, қуғын көрген адам, бір сөзбен айтқанда байырғы революционер енді міне, өзі сондай бейнетпен орнауына атсалысқан Кеңес үкіметінен көзтүрткі көріп отыр.

Әрине, жазықсыз жапа шегушінің жоғарыдағы жеделхатынан да, ниеттестердің өтініш хатынан да күткендегідей нәтиже бола қойған жоқ. Оның орнына Қызылордадан Мәмековтің жай іс мәнісін сұраған жеделхат қана келді. Оған Ерназаров пен Олшаньский қол қойыпты. (Сонда. 60 бет). Ал Олшаньский ОГПУ саяси басқармасы басшыларының бірі. Қазақстандағы «Кіші Октябрь» деп аталған қанды қырғынның бас қасапшысы.

Шарасы таусылған Қажығали Мәмеков енді ашынып, жоғарыға былай деп арыз жазады. Бұл шын мәнісінде арыз емес, жазықсыз, адал, кіршіксіз адамның жан айқайы еді. (Сонда 77-80 беттер). «Мен артықшылыққа ие сұлтан әулетіне емес қарапайым адайдан (астын сызған біз – Ә.С.) шықтым, әкем кедей болды. Тәрбиені кедей баласы ретінде қазына есебінен алдым. Соңынан Кронштадтағы фельдшерлік мектепке түсіп оқығанда да бұрынғы Бөкей ордасы қаражатынан бөлінген стипендияны пайдаландым. Оны 1904 жылы бітірген соң флотта бір жыл қызмет еттім де, Бөкей даласына қызметке келдім. Менің содан бергі қызметім

даланың құмайт аудандарында жыл сайын шыға келетін оба ауруымен күреспен өтіп келеді. 1915 жылы саяси сенімсіздігім үшін қызметтен шығарылдым...

1916 жылы тыл жұмысына жігіттерді алу басталғанда мен өтірік жасалған тізім бойынша шақыруға іліндім. Ол кезде мен 32-де едім. Ал шақырылуға тиістері 31-ге дейінгілер еді». Онан әрі ол майдан жұмысынан бас сауғалап қашқанын, сол үшін қамауға алынып, Астрахань түрмесінде Сейтқали Мендешевпен бірге отырғанын жазады. Сонда 3 ай отырған соң Саратов университетінің дәрігер профессорлары Ниязов, Никоноровтардың ауырды деп жалған анықтама беру нәтижесінде босайды. «...1919 жылы Кеңес үкіметінің тұсында Ұштаған медпунктін басқардым – деп жазады ол онан әрі, – одан қазына мүлкін тонаған ақтар отряды қуып жіберді. Сол жылы ақ гвардияшылардың полковник Хлуденев басқарған отрядына Ордаға шабуыл жасаған кезде дәрігер ретінде ілеспегенім үшін ату жазасына кесілдім. Бұл қанішерден оны Маңғыстау аймағында өлтірген адайлардың арқасында аман қалдым».

Бұл құжаттың да берер мағлұматы мол. Ең бастысы Қажығалидің 16-жылғы дүрбелеңге қатысы, патшаның сол кездегі саясатына көзқарасынан хабардар боламыз. Оның С.Мендешевпен де тағдырлас, сырлас, дос-жар қатынаста болғанына қанығамыз. Саратов университетінің зиялыларымен достығына көзіміз жетеді. Маңғыстауға келіп өліп жүрген баскесер полковник Хлуденов кім? Бәлкім, ол 1920 жыл Бозашыда жергілікті қазақтар қолға түсіріп өлтіретін 24 ақ офицердің бірі болар. Қысқасы, бұл да зерттеуді қажет ететін тың дерек.

Мәмеков осы арызынан соң босап шығар, жергілікті үкімет орындары жөнсіз қылығы үшін кешірім сұрар деп-ақ ойлағандайсың. Амал не, олай болмайды. Үкім өз күшінде қалды. Істің 37-бетінде Қ. Мәмековке үйелменімен жер ауғаны жөнінде төраға Мыңбаев пен Өрентаев қол қойып, мөр соғып куәландырған куәлік тіркелген. Осы құжат арқылы Қажығалидың үйелмеңі туралы қанықтық. Әйелінің аты Уакиза екен. Лаура, Мафиза есімді қыздары, Зинеш, Ғалихан дейтін ұлдары болыпты. Қ. Мәмековтің қарамағында, сірә туысы болса керек, Берниязұлы



Серік дегеннің де жанұясы больш, ол да бірге жер ауыпты. Оның әйелінің аты Рахима, баласының аты Мәжит екен. Бұлардың жер ауып келген жері Орал губерниясы. Яғни атамекеннен онша алыс емес. Соған қарағанда тап осы жерде Ж.Мыңбаевтың достық көмегінің болғандығын сезу қиын емес. Әйтпесе, олардың ұбап-шұбап Сібір асып кетуі әбден мүмкін еді ғой. Бізге жеткен мәліметтерге қарағанда Қ.Мәмеков онда да дәрігерлік қызметтен қол үзбей халықтың құрметіне бөленіп, кесімді мерзімін бұрын өтейді. Туған жеріне аман-есен оралады.

Бірақ 1937 жылдың аласапыраны кезінде қауіптеніп, Астраханьға жылыстайды. Содан елге әбден қартайған шағында ғана оралған. Зираты атамекенінде. Ұрпақтары өсіп, азамат болған. Кезінде ол ашқан мектеп ізі әлі бар. Оның 30-шы жылдардағы шәкіртінің бірі ардагер, Ұлы Отан соғысының жауынгер офицері Қайырсапа Қазиханов Ақтау қаласында тұрды.

Халқының адал перзенті Қажығали Мәмеков кеңінен қалам тербеуді қажет ететін елеулі тұлға. Оны және оның жерлестерінің сол нәубет кезеңдеріндегі бастан кешірген зобалаңын зерттей түсу, жете жазу әлі де қажет-ақ. Біздің бұл жазғандарымыз солардың қажетіне жарап, шамалы ғана құбыланама қызметін атқарса, үлкен мақсатымыздың бірінің орындалғаны деп білеміз.

Мен осы хикаяны «Адай қасіреті» деген үлкен тақырып аясында «Нарындағы ойран» тақырыбымен «Маңғыстау» газетінде (1993 ж. қазанның 29-ындағы саны) жариялағаннан кейін кездейсоқ облыс әкімшілігінің дәлізінде облыстық Кеңес атқару комитетінің төрағасы Нәсіпқали Әбуғалиұлы Марабаевпен ұшырасып қалдым. Бұл менің өте жақсы көретін, қатты сыйлайтын ағам. Нәсаға деймін үнемі оны. Жалғыз мен емес, бүкіл облыстың тұрғындары оны қатты құрметтейді.

Мені ол сол бойда кабинетіне бастап жүрді. Шай алдырды. Жай алдырмай хатшы қызына 1 сағатқа мүмкін болса мазасын алмау жағын қарастыруды тапсырып қойды.

– Мына мырзамен маңызды бір әңгімем бар, – деп күліп хатшысына ол тапсырмасының жайын тағы ықтияттап жатыр және.



Ғұбайдуллиндердің әкесі) көмегімен жарамды ат тауып мініп, түнде Гурьевке тартады. Сонда Ішкі істер органында жасайтын танысы Құлкенов Қабылға келіп шағымданады. (Ол Қабыл жазушы Мереке Құлкеновтың әкесі.) Ақыры Қабекеңнің араласымен елге комиссия шығып, «қара тізімге» іліккендердің біразын, ішінде ақын Фариза Оңғарсынованың атасы да бар, орынсыз жазадан арашалап аман алып қалады. Әбекеңнің кейіннен ата күлдігі Нарыннан өкше көтеріп кетіп Гурьевке ауысып, біржола қала тұрғаны болып қалуына сол 1931 жылдың дүрбелеңінде жабысқан «түбі шикі, тегі бай Адай» деген қауесеттің әсері болған болуы. Сол қара тізімдегі 580 адамның бірі Нұрым жырында айтылатын атақты Әтембек батырдың бір ұрпағы Қойшыбек Суханбердиев (журналист Мұқтасын Суханбердиевтың әкесі). Ол да Әбекеңнің еті тірілігі арқасында аман қалып, артынан Гурьевке біржола қоныс аударыпты.


– Мұны біліп қойғаныңның зияны болмас. Жазудың қажеті жоқ. Тек құлағыңның шарбағы ішінде қалсын деп айтқаным ғой, – деген еді сонда маған қайран Нәсағаң ағам. Солай «құлағымның шарбағында» сақтаған бұл жайды мен 1907 жылы марқұм ағамның 70 жылдығы қарсаңында шығарған ол туралы кітабымда шет-шепірлеп жазып өткенмін.

Бұл жолғы әңгімемнің тиянағында мұны мен өз кезегімде енді кейінгінің «құлағының шарбағында жүрсін» деген есеппен айтып отырмын, былай демекпін:

Маңғыстаудағы ағайынның арғымағының аяғы ақсаған күні Нарындағы қандас та қан жылады. Бекет ұранды елдің берекесін ол жақта да кетірді қан шеңгелдеген қатыгез саясат. Мұны да білдік. Ал сен бізден де өткізіп біле түскейсін, келер ұрпақ!

ҚЫЗЫЛ КӨЙЛЕКТІ ҚЫЗ ТУРАЛЫ ХИКАЯ

Солтүстік Үстірттегі Уәлі, Қатшаның құбыласынан басталып шығысқа қарай созылып жатқан ұзын сор бар. Күшелектің соры делінеді ол. Соған жалғас тағы бір айдын сор. Хорезм ойына баратын ежелгі керуен жолы осы екі сор ортасынан өтеді. Ол жол



әрине бертінде арғы Үстірт пен Маңғыстау арасындағы ұлы соқпақ сорабы. Онымен енді түйелі көш емес машина жүретін болған.

Ел аузындағы аты Төлеп батыр есімімен байланысты осы айдын сорда болулы бұл жай. Егер оны өзге айтса өз басымның сене қоюы екіталай. Бірақ әңгімесінің жалғаны жоқ, сөз қадірін бір қазақтай білетін, білгенін мөлдіретіп жаза да алатын қаламгер, әріптес Бектұр Төлеуғалиұлы айтқан соң бұл оқиғаның дәл солай болғанына еш шәгім болмаған.

Әкесін соғыс жалмаған, жетім өскен Бекең орта мектеп бітірген соң ұзап оқи алмай ауылда шофер болады. Колхозда ол уақытта машинаның түрі біреу. ГАЗ-51. Бұл өз майлық, сулығы бірдей нағыз қазақтың іздегенге сұрағаны дерліктей техника еді ғой. Қысқасы, қағылез, пысық, алымды да шалымды Бекең сондай бір машинаның құлағында ойнап жүр. Болмайдысы жоқ, жұмсаған шаруаға тындырымды. Кезекті сапары Үстірттегі жайлауға Бекең тартып кетеді. Түн. Алдыңғы күні жаңбыр жауған екен. Бір сорға келеді де батып қалады. Түн ішінде әлекке түсіп жатамын ба, ертең жарық түскен соң көрермін деген Бекең кабина ішіне бүк түсіп жата кетеді. Жолсоқты болып шаршаған ғой, қатып ұйықтап қалады. Әлде уақытта шошып оянады. Алыстан талып естілген әлдебір дауыс келеді құлағына. Сыңсып үн салған қыз дауысы.

– Сордың шимұрын дейтіні болады деуші еді. Құдай сол пәленді жолықтыра көрме, – деп кәлимасын қайырған Бекең арқалықтың астындағы қосауыз мылтығын алып оқтап серт ұстайды. Дәтке қуат қой, ол шимұрын пәле келмесін, келсе мылтық оғына жығыла қоя ма.

Әлгі дауыс бейне мұның мылтығы барлығын біліп сескенгендей кілт тыйылды. Сосын естігенін әлдеқалай бірдеңеге жорыған жолаушы көңілін демдеді. Ұйқы дұшпан. Көзі ілініп кетіпті. Шошып оянды. Басын көтеріп алды. Сондағы көргені нағыз көзің жамандық көрмесін деп тәубеге келтіретіннің өзі. Машинаның басқышына аяғын салып көтеріліп кабина терезесінен бір қыз қарап тұр. Түн әлі тас қараңғы. Бірақ қыз өңінде бозғылт сәуле ойнап анық көрініп тұр. Басында қызыл шырқат



орамалы, айшықты күміс сырғасы, жеңсіз, қызыл көйлегінің сыртынан киген сол түсті зерлі кәжекейі бар екен. Әп-әдемі, мөлдіреген қыз. Бірақ бет ажары біртүрлі жансыз кейіпті. Ал енді көзі бар ғой ... ас Бекет, Алла-ақ тоба! Ондай көзді көргеннен көрмей өткені жақсы еді мына жалғаншының жүзінде! Беті аулақ. Әлгінде көзі ілінгенде мылтығы сусып аяқ астына түсіп кеткен екен. Жандәрмен күн соны алмақ еді – қолы икемге көнбеді. Кабина терезесі көтерулі еді сәтін салғанда. Қыз содан басын бері сала алмай тұр. Қыздың есікті құлағынан бұрап ашуды білетіндей жан иесі емес екендігіне көзі жеткен жігітіміз тілін кәлимаға келтірмек еді бірақ жадына қапелімде ештеңе түспеді, ерні де жуысар емес. Есін шала-шарпы жинап, басын тағы көтеріп елеске қараған. Ол әлі орнында. Бірақ бұл жолы бұған шола бір қарады да сартап өлі жүзіне күткені болмаған, іздегенін таппаған қынжылыс, қиналыс қонақтатып түсіп кетті. Сосын ақырын басып ұзай берді. Аңғарғаны әуелі дымқыл сор бетіне түскен ізі біртіндеп жойылып қалып жатыр. Аяғында көксауыр шоңқайма кебісі бар екен, оның сірісіне күміс шекіліпті – соған дейін анық көрінеді. Қыз елее ұзай бере тағы сыңсыды. Сол күйі ұзай берді, ұзай берді. Сор жиегіндегі қыраңнан асты. Дауыс одан кейін де біразға дейін сембей талықсып естіліп алыстап бара жатты...

Қорыққан, әрі айран-асыр қалған Бекеннің қанша отырғаны жадында жоқ. Бір уақытта дабыр-дұбыр дауыс естілді. Көп адам дауысы. Таң алдындағы дауыс алыстан естіледі дегенмен бір демде бір топ адамның сұлбасы көрініп те қалды елеуіржіп. Әлгі қыз барып серіктерін ертіп келе жатқан болды деп ойлады жолаушы. Бәкең тәуекелі мол батыл жігіт еді. Бұл жолы да сонысы жеңді. Қанша дегенмен Құлбарақ батырдың ұрпағы, айдаладағы елес, онда да төмен етек ұрғашының елесінен соншама есі шығып қорқып не қара басыпты, кабинадан секіріп түсе қалды да топ адамға қарай қос аузын басып-басып жіберді. Сол-ақ екен әлгілер шу ете түсті. Орысша сөйлеп тұр және. «Әй, есің дұрыс па? Жынданғаннан саумысың? Машинамыз батып қалып, ит сілікпеміз шығып келе жатсақ. Өзіміз құсаған мұңлық екен деп бұрылсақ мылтық атқаны несі?»



Бекең сонда ғана уһ деп демін бір алды. Бұл ағамыздың орысшасы да әжептәуір еді. Сыныптас досы Әбіштің селбеуімен Пушкинді, Лермонтовты, Толстойды түпнұсқадан оқығаны бар. Майда тілмен жік-жапар болып ғафу өтініп жатыр. Бұлар экспедиция екен. Сол уақытта жер дүниені шарлап жүрген көп экспедицияның бірінің адамы. Түнде машиналары батып, өз күштерімен шығарудан күдерлерін үзген соң базаларына қарай шұбап келе жатқан беттері. Мұны көріп, айлас қатын мұндас деп бұрылған екен. Бәрі жабылып әуелі Бектұрдың машинасын шығарды. Артынан бір ет пісірім әуреленіп астын қазып, темір арқанмен тартып олардың да машинасын шығарып алысты.

Базаға келіп жайланған соң Бекең түндегі көргендерін айтқан. Орыстар қорыққанға қос көрінгенге сайып күлді. Тек ішіндегі мосқал біреуі ғана осы маңайдағы малшы ауыл адамдарының да осындай әңгімені айтатынын еске алып қойды.

Ана бір жылы Бесқаладағы ағайындар ортасында отырғанда сөзден сөз шығып мен Бекеңнен естігендерімді ортаға салғанмын. Көпшілік қиыстырып айтқан қызық хикаяға балады мұны әрине. Тек бір мосқал ағамыз ғана ден қойды.

– Күшелектің сорына жалғас сор дедің бе. Төлептің соры болды ғой анық, – деп пысықтап алды әуелі. Біздің атамекеніміз ол. Баяғы отыз бірдің ылаңынан соң өкше көтеріп кетіппіз ол жақтан. Менің аттап басқан маңайым емес. Хорезм ойына келген соң туыппын. Әкемнің айтқандарынан есімде қалғандары, ел боса көшіп артынан қызылдар әскермен қуып, екі арада соғыс болып, беті аулақ, сондай бір қысталаң кез өтіпті ғой ел басынан. Іздерінен өкшелеп қалмаған жазалаушы әскерге сол төңіректің намыскер жігіттері мықтап қарсылық көрсеткен. Қармыс, Төлеп бабаларының рухына сиынып, сол баяғы солар жауға атойлаған дөңде бір қайрат жасап бағады ғой. Бірақ жасанған жауға қайран қыла алмаған. Көп боздақ шейіт болған. Соның ішінде елге аты шығып жүрген бір ағамыз да кете барыпты. Әкем тек жүзін жасырып үлгіре алдым деп жылап отыратын. Ағамыздың соның алдында айттырулы қалыңдығы бар екен. Қоңыр күзге салым тойларын жасауға уәде байласып қойыпты. Олардың аулы да жапсарлас боса көшіп келе



жатса керек. Жаманат хабардың таралуы тез. Күйеу жігіттің қазасы қалыңдығына да жетеді. Соны естіген күннің түнінде қыз жоғалып кетулі. Ат қойып, сабылып іздеу салуға мұрша қайда. Көш жолынан қала алмаған. Қыз содан ұшты-күйлі жоқ. Әй, несін айтасың, көргендер жан біткеннің сұлуы еді деп таңдай қағып отыратын. Артынан ел ішінде қыз жоғалмапты аққу болып көкке ұшып кетіпті десіп жүрді. Соңынан барып ол күйеу жігіт өлген жерге жетіп жығылыпты. Әруағы түн кезіп сол маңайды төңіректен жүреді-міс деген қауесет тарады. Сенің айтқандарыңды мен осы соңғыға жорып наньш отырмын, шырағым. Бұл дүние шіркіннің жұмыр басты пендеге ашылып болмаған құпиясы жетіп артылатын көрінеді ғой. Біз пақыр ненің парқын біліп жатырмыз...

Бейтаныс ағамыздың осылай дегендегі үні әлі құлағымда. Ол түбіне бойлай алмаған құпия маған да жұмбақ сірә.

Бұл жайды мен қысқаша 2003 жылы шыққан «Ер Төлеп» атты кітабымда жазғанмын. Өйтуіме себеп оқиға желісінің Төлеп батыр атындағы сор маңында өрбуі. Содан соң барып белгілі болды – қызыл көйлекті қызымыз біраз адамға мәлім екен. Көбіне көп ол ай қорғалаған күндері қырға шығады-мыс. Сұлбасы елеуіржіп недәуір жерден көрінеді. Ал сыңсыған даусы анық, мұңды, аянышты. Көрінуін көрінгенмен ешкімге залалы жоқ. Әрине онымен солай кездесетіндер көбіне көктемде, күзде жайлауға, қыстауға мал айдап көшкендер. Маңайдағы жазда отыратын аз ауылдың аз адамдары. Маған қыз хикаясын жаңғырта әңгімелеп бергендер солар.

Көпке мәлім ол тұстан жолаушы поездары арлы-берлі түнде өтеді. Шүкір, қарға тамырлы қазақтың өрісі әр тарапта қыз ұзатып, келін түсіріп те ұзарып жатқан мамыражай заман ғой. Жақында сондай оң сапардың жолаушысы айтып келді сол тұстағы теміржол бекетінің жанында тұрыпты әлгі елес қыз. Жай тұрмаған бұларға құт қадам, сәт сапар тілеген мезіретін жасап қалған. Қайтсін мұңлық байғұс, бәлкім өзінің көзінен бір-бір ұшып бұйырмай кеткен бақты жаңа ғасырдың жастарына, жаңа отауына тілегені болар онысы.

Демек өркениетті былайғы әлем әлдеқашан мойындап қойған өлмес рух, болмыс, шейіттердің өзі өлсе де өлмей, басқа бір өлшемі



бар әлемге еніп қала баратын жан дегендер біздің жерге де шетін емес екен. Соның бірі қызыл орамалды қыз болып кезіп жүрген болып шықты Үстірт үстін сол аты өшкір 1931 жылдың жазынан бері.

ЕШМАН ЕКЕН БІР САРБАЗ

Иманды болғыр Алшекең – Алшын Меңдалиев қара әңгіменің дүлдүлі еді ғой. 1960 жылдар басында шалымыз бір басқосуда әдеттегідей есіп отырса керек. Шатқалды қиялаған арқардың сыңар соқпағы сияқты сөз жарықтық бұл жолы тым шығанданқырап кетіп баяғы 36-жылғы бір қашты-қуды жайт төңірегінде төгіліп жатыр.

...Осы Қаратаудың бір шатқалы. Төңіректе әлі қаруын тастамай жүрген банда бар деген хабармен ауданнан шыққан әскер жасағы барлау салып келе жатқан. Кенет алдан бір салт атты қараң етті. «Тоқта» деген айқайға мойынсұнбай кері қашқан соң мылтық атылды. Әлгі атты да жандәрмен әрекетке көшіп, тақымы астына тығылған мылтығын ала салып жауап оқ атты. Солай ұрыс басталып жүре берді. Белгілі болды – бұл жалғыз оңайлықпен алдырмайтын неменің сойынан екен. Көздеп атып бас көтертер емес. Соған қарағанда жалғыз да емес арттан күткен серіктері бар деп шамалауға болатындай. Солай бірсыпыра уақыт өтті. Бұлай аңдысып атысқаннан ұтыс болмайтынын шамалаған жасақ командирі тәсіл ойлауға көшті енді. Серіктеріне атуды жиілетуді тапсырып, өзі қия сай бойымен бұқпантайлап бүйірге қарай озған. Солай есіл-дерті алдында болып атысып жатқан банданың қаптал жағынан көздеп тарс еткізді. Дәл сол сәтінде айналма жолдан екі қарулы банданың шыға келіп, оқ тиген жолдастарына қарай ат қойғаны. Соғыс өнеріне жетік жырынды немелер екен, мылтықтарын ат үстінде серт ұстап, еңселерін тіктеп бері беттеп келе жатқан жасақшыларды тез жасқап тастады да оққа ұшқан серіктерін өңгеріп алып кері салды. Командир асығыс-үсігіс арттарынан қуалай бірнеше рет атып еді – бір оғы да дарымады. Қашқындар сол бойы қарасын көрсетпей кете барды.



– Әй, Алшын, көзбен көріп, қолмен ұстағандай қылып айтуың жаман екен. Сен өзің сонда қайда болып едің?

Бұлай деген әңгімені басынан бері ынта қойып, сұрлана тыңдап отырған Қазі шал. Бұл маңайға Ескелді Қазі аты шыққан өр, мінезі кіді, басынан сөз асырмайтын шадыр, бетті кісі.


– Қайда болушы едім. Жасақ ішіндемін дағы. Мені олар жолбасшы қылып алған. Әлгі командир көлденең сайды қиыстап барғанда қасына мені ерткен.

Сол-ақ екен Қазекеннің даусы шаңқ етті.

– Қап, атаңа нәлет-ай! Жауым алыста емес жанымда екен ғой. Өттең, мұныңды білгенде сен Мендалы баласының жоқтауыңды баяғыда бір-ақ асыратын едім. 1956 жылы бұл ауылдан зейнетке емес ажалың менен болып Сартөбеңе апаратын сардифан жолмен үш буылып оралып тарта баратын едің!

Қазекен солай деп орнынан шалт тұрып есіктен шығып жүре берді. Сартөбе Алшекеннің Жыңғылдыдағы ата қауымы. Қазақ қанша жерден қарға тамырын іздетіп бастасын сөзден тосылтар рет тауып жатады ғой. Бірақ реті солай болды деуге бұл екі шалдың арасында ондай ілік-шатыстық жоқ еді. Әрі Қазі шал бос сөз, арзан қалжыңның кісісі емес.

Талай тығырықтан жол тауып өткен жырынды, әккі Алшекен тап осы жерде ештеңе дей алмай қалса керек. Оның аты жолбасшы делінгенмен айдауылдың мылтығы астында жүрген тұтқын екендігін, сол «банда қуған сапардан» оралған бетте сотталып, 17 жыл түрме азабын шеккенін көп ел кейін барып білді. Артынан белгілі болғаны әлгі шағқалдағы үшеудің тірі кеткен екеуі Қазі мен Ешман. Өлген үшіншісінің атын екеуі кейінгі ұрпақтарына, туыстарына зияны тиеді деп айтпастан кетті. Үшеуі ағайын. Ескелді атаның ұрпақтары. 1931 жылы Үсенов Жұмабай жасағында көтеріліске қатысқан. Өзге көпшілік артынан басқа жаққа босып бассауғалап кеткенде бұл үшеуі елде тау ішінде қала барулы. Банда қызылкөз белсенділердің таңып жүрген жаман атағы. Әйтпесе бұлар елге, не құрылып жатқан мойынсеріктерге зиянын тигізіп, шұрқан шығарудан аман. Тек көздері қорқып қалғандығы себепті саяқ, бас амандығын күйіттеп жүрген беттері. Асынған мылтықтары –



қорғаныс әрі күнкөріс құралдары. Қырда арқар, қарақұйрық, киік өріп жүр. Аң аулайды. Жасақ шыққан тұста үшеуі Шығыс Қаратаудың арқары көп аңғарының бірінде қостанып саят құрып жатыр екен...

Соғыс басталған бойда Қазі әскер қатарына алынады. Одан «Қара қағазы» келеді. Бірақ жеңістен соң аман оралады. Өлмеген. Жараланып тұтқынға түсіп, «өлмегенге өлі балық» деп бағына бір мейірімді адамдардың шапағаты тиіп, концлагерьге тап болмай неміс тылының жеңіл қызметінде болыпты. Соғыстан соңғы бұрын тұтқында болғандарды тобымен ұстап әкеткен «науқаннан» да ғайыптан тайып аман қалған Қазікең беріде сәнімен қартайып бақилық болды. Жармыш ауылының ортасындағы қорымдағы күмбезді жалғыз тамда тыныстап жатыр.

Ал серігі Ешман тағдыры басқаша түзілді. Сол саяқ жүргенінің арты елден шығандап кетумен тынған ол ақыры шетелге жетіп байыздайды. Ол он қолынан өнері төгілген дерлік ісмер, шебер кісі болған. Барған жерінде етікшілікті кәсіп етіпті. Елге талып жеткен хабары «бір түрікменге әдемі етік тігіп беріп, ол риза болып иығынан қағып, содан тіл өтіп өліпті». Сүйегінің дәл қай мекенде қалғаны белгісіз. Жармышта Жұмабек, Айнаш есімді ұлы мен қызы, әйелі Қаныкей қалған. «Жаяудың шаңы шықпай» әрі «банданың баласы» деген қалжуыры байлаулы Жұмабек 7 жылдық ауыл мектебін бітірген соң ұзап оқи алмады. Өз бетімен тырбының білім алып жүріп колхозда құрылыс бригадирі, шебер, прораб болып, зейнетке шығып бергінде дүниеден озды. Біз білген Жұмекең кітапты өте көп оқитын білімдар, ізденімпаз, көкейкөзі ашық адам болатын. Мерзімді баспасөздің біразын жаздырып алып санын жібермей оқып отыратын. Білімге деген сол күштарлығы ұрпағына дарып балаларының бәрі жоғары білімді инженер болды. Бір баласы Досан Ешманов ғылым кандидаты, қазір Ақтау политехникалық колледжінің директоры. Қаныкей шешемізді де көре қалдық. Ол да осы беріде қайтыс болды. Айнаш апамыз бар, қазір Жармышта тұрады. 1956 жылдың көктемінде тұрмысқа шыққан ол қазір шөбере сүйіп отырған әже.

«Көңілдің кейбір кездері» демекші марқұм Жұмекең ағаның көңілінің нілдей бұзылған бір сәттеріне де куә бола қалғанымыз



бар... Сондайда оның қадап тұрып айтқан бір сөзі құлағымда әлі тұр.

– Ә-ә-й, қойшы, көнді қанша үйгеніңмен төбе бола алушы ма еді! «Бағы қашқан базарда ақсақ қой пұл боладының» кебі дағы. Тегінде теке атпағанның төрге озғаны осы.

Мұны ол ауылдағы саңлау түгендеп жүріп санатқа енген бір бастасын көздеп, бір қылығына насыры бүгілген кезде қатты қынжылып отырып айтып салып еді. Жүмекең ортасына мәлім ділмар да адам болатын.

Осы күні ойлаймын егер сол аты өшкір отызыншы жылдар ойраны болмаса Жүмекең әкеден жастай жетім қалмас еді-ау, қанаты солай қайрылмаса қайран талапты аға көсіліп кететін талай мінбердің сәні болар еді-ау деп.

«Орны бар оңалады» дейді шүкірлігі мол қазақ. Тап сол оңалу Адай көтерілісі сарбаздарының орнына келгенде көбіне сырт бере бергенін айт тағы. Әйтеуір жат жерде өлген Ешман марқұмның тілегі қабыл болған екен. Бірақ оңалуы тым ұзаққыраған тәрізді.

ӨЛІП ОРАЛҒАН ӘНДЕР

«Ән – көңілдің ажары» деген сөз бар халқымызда. Олай делінгенде әннің, күйдің, жалпы саз өнерінің тек көңіл көтеруге ғана қызмет етпей, адами хал-ахуалды, жағдайды әйгілеп қалушы да болатындығы мензелген. Саз арқылы тек жеке адам басындағы «көңілдің кейбір кездері», бір сәттік сезім, қуаныш, мұң-нала емес, бүкіл халықтық трагедия, қайғылы оқиғалар да паш етілумен болған. Тек қазақ емес барлық халықтардың рухани қазынасы осынысымен құнды, ең алдымен осы қырымен өміршең. Бір ғана мысал – халық әні «Елім-ай». 1723 жылғы Ақтабан шұбырындыда, қазақты қайың саууға мәжбүрлеген сүргінде дүниеге келген бұл зар әлі күнге дейін әр қазақтың жүрегін сыздатумен келеді. 1771 жылы Еділ бойынан атажұрты Жоңғарияға боса көшкен қалмақ халқы өздерін сорға бастаған бұл азап сапарларын орыстың қыл ноқтасынан құтылып, Қытайдың темір ажырғысын кидік деп содан бері әлі зарлаумен жүр Шынжаңда.



Отызыншы жылдың аласапыраны да елдің саз өнерінде бедерін қалдырып бағыпты. Өкінішке орай олардың белгілісі азын-шоғын. Себебі, кезінде айта алмадық, жинап қала алмадық. Олай етуге мүмкіндік болмады. Солай ол мұралар біртіндеп жоғалды, ұмытылды. Мысалы, Хан Жөнейт қолының құрамында ала баған асып кетіп, сол жақта қолынан қаруы мен домбырасын тастамай шәйт болған белгісіз қазақ күйшісі. Оның шығарған күйі «Хан Жөнейттің елімен қоштасуы» деп аталыпты. Жөнейт сірә қызыл отаршылдыққа қарсы Орта Азияны көтерген белгілі тұлға. Үлкен күрескер. Хорезмнің ең соңғы ханы. Марқұм Мұрат Өскенбаев осы күйді тартқаны үшін әлденеше жыл «суық жақтың дәмін татып», ажал аузынан қайтты. Солай бұл күйге «көңілі қалғаны» соншалық орындамастан өтті. Талай оңашада қолқалап тартқыза алмағанбыз. Ақыры өзімен бірге, «ана ауылға» алып кете барды. Шіркін-ай, тағы-тағы қандай шерлі саздар белгісіз болып кетті екен десеңізші?!

Сәті түскенде Маңғыстаудың Затаевичі атанған мұра зерттеуші, саз маманы Айтберген Жаңбыршыұлының ыждағатымен сол қаралы жылдары өмірге келген екі ән «өлім аузынан қайтты». Яғни сөзімен, әнімен табылып хатталды. Ол әндердің аттары «Бес Өрдек», «Маңғыстаумен қоштасу». Алғашқысының авторы – Кенже Әділ, екіншісінікі – Қожантай Қойбас. Екеуі де осы елдің көкке көтеріп әлпештеген әнші сазгерлері. Аталған әндер еріксіздікте, түрменің қапас камерасында шығарылған. Алғашқы тыңдармандар ән авторларының тағдырластары. Өздеріндей қапалылар, мұңлықтар. Әділ мен Қойбас жаңа үкіметке қай қылығымен жақпады екен? Бәлкім, бай болған шығар дерсіз. Айта көрмеңіз. Тақ-тақтың түбі тақ-тұқ. Арғы-бергіде қара қазақта ән салып, саз жебеп байыған ешкім болған емес. Мықтағанда бұлардың орташа ғана күйі бар. Үкіметке қарсы үгіт жүргізуден де дін аман. Жалпы өнер адамдарының саясатпен пәлендей жұмысы бола бермеген ғой. Біз шынтуайтқа келгенде Құрманғазының өзін саясат аужайымен бай шонжарларға қарсы шыққан күрескер етіп жібердік кеше. Орысша айтқанда переборазили. Ақиқатында Құрекең өлшемі ортасының



қалыбынан артық пішілген жан. Есесін кәдімгі дала әдетімен барымта арқылы қайтарып кесек туған кесекті ер. Шыман төренің бір үйір құратын қуып кетуде, Ақбайдың Әубәкірімен кермар келгенінде пәлендей төңкерісшілік жоқ. Жайық казактарының бір үйір жылқысын қуып апарып алыс базарға үкітіп жіберген Аязбайдың Ерғалиы да солай.

Ал Адайдың мына екі сүлейі бар «өшін» өнерден алғаны болмаса, қай ортаға да зияны жоқ момын жандар. Бейсеубет көздің сұғына ұшырайды дерлік күдіктен де аман. Сонда жазықтары не?

Сөз жоқ, сайқал саясат бұлардың көкейкөзінің көргіштігінен қорықты. Бүгін болмаса ертең бас көтереді, әнімен, сөзімен өздерін айыптаушы күшке айнала кетеді деп қауіп алды. Сосын жапты да қойды. Қапастағы бұлбұл сайрай алмас деп есеп жасаған еді. Бірақ қателесіпті. Қанаттының бұлбұлы сайрамағанмен таланттың үнін темір тор, темір есікпен тұмшалай алмайды екенсің.

Сәлем де Бес Өрдектің баласына,
Қазақтың қазақ келер қарасына.
Кешегі жүйріктігің кімге дәрі –
Жаманның салса заман табасына?!

Сәлем де Бес Өрдектің баласына
Жақсының жақсы жетер бағасына.
Олжашы, Бөкен, Есен, Мамыр, Кенже –
Зар болдым бір баруға панасына.

Сәлем де Бес Өрдектің баласына,
Кім жетсін алқалаған Алашыма?
Ортаңда отыратын күн болар ма?
Адайдың арыз айтып данасына?

Бес Өрдек Жеменейдің бір тақтасы. Ол Олжашы, Бөкен, Есен, Мамыр, Кенже болып жіктелгенде Әділ соның Кенже атасынан. Төңкеріс алдында қарасының өзі бір болысқа жетерлік, бесеуі өзара қыз алысуға келгіп өскен, өнген, малды, жанды Бес Өрдектің де ән шыққан кезде бастан бағы ұшқан. Керегесінің көгі сөгілген, Шаңырақтың күлдіреуіші шарт сынған. Көген кесілген, желі



үзілген. Қара жұрт қаңыраған. Өріс тұл қалған. Баба моласы басында байғыз шақырған. Құдық әйкелін өрмекші торы шырмаған. «Адайдың арыз айтар данасы» Тобанияз, Айдарбай билер түрмеде. «Қазақтың қарасына қазақ барудан» да қалғаны қашан. Оны айтасың, қараға соятын мал да қалмаған. Бәрі тұл. Бәрі адыра. «Бес Өрдектің» зары осы.

Әділ халқына «Кенже Әділдің қара әні» деген шығармасымен белгілі әнші болса», Қойбас «Қожантай Қойбастың әні» деген әнімен мәшһүр бұл әнші міне сол күніне зар болып аһ ұруда. Шерменденің шері десеңіз дей беріңіз. Бірақ бордай егілу, езілу емес. «Біз солай болғанбыз, сондай едік. Тап енді, сұм заман, сенің әуселеңе өрем қаба кетсек, бізді де баққан пәле бар шығар. Не де болса көріп алдық» деген нар тәуекел, қыжыл бар саздың тұла бойында. Бір сөзбен айтқанда бұл кекке суарылған ән деуге болады.

Ен Адай жайлаушысы еді-ау қырға барып,
Тасастау, шыңыраулы шыңға барып.
Қара ойы қасиетті Маңғыстаудың
Алыстан жатушы еді сұлбаланып.

Қайырмасы:

А-ай, дүние-ау,
Айшықты деңмент тағынып,
Сайқылық кұрдық сабылып.
Қыраңға тіккен отауға
Қыланды жетік сағынып.
Қылаңға қымыз кұйдырдық,
Некені ақтан қидырдық.
Көре алмай жүрген дұшпанның
Өзегін өртеп, кұйдірдік.

Көш жолы – Қарамая – Кендірліде
Тауыстық алмағайып кем күнде.
Тоя алмай Қыземшектің қызығына,
Көрмесем, көресімді көрдім, міне.



Қойбастың құдіреттілігі сонда бас-аяғы екі шумаққа бүкіл Маңғыстаудың географиялық картасы мөлдіреп түсе қалды дерліктей. Тасастау арғыдағы Қайнардың қасы болғанда, Шыңы – Төңірекшың. Мына шетің Қарамая Кендірлі болғанда алдың – Қыземшек. Мұның бір сыңары ойда – Ақтаудың терістік бетінде. Енді, міне, бәрі аңылжып, қаңырап есіз қала барды. Малды жау алды. Қайран ерлер қауымына қайта алмай бұлар кетті. Өкше көтерген ең соңғы лектің бірі жаны жаралы ақын. Баяғыда 1870 жылдың қайырсыз көктемінде Иса «Күйкеннің сонадайдан көрінгені-ай» деп күрсінген жал басынан артына жасты жанарын боталатып асып барады...

Маңғыстаудың қара ойы біртіндеп алыстай берді...

Адам пақырдың пешенесіне жазылған ғұмырдың бәрі келте. Оған ешкімнің еш уақытта жасар шарасы бола алмаған. Екі сүлей де бүгінде арамызда жоқ. Бірақ әндері қалды арттарында. Бұлардың өмірі ұзақ болады екен. Өнерді ешкім өлтіре алмайды екен. Шын өнерге уақыт әмірі жүрмейтін болып шықты. Ол бұл жолы да жеңіске жетті. Бірақ ажалының аузына барып оралды.

ҰШҚЫН ЖАЛЫНҒА ҰЛАСТЫ

Қалыптасқан тарихи заңдылық – мемлекет басына келгендер өзінен бұрынғы биліктің кемшілігін қайталамай, содан тиісті қорытынды шығаруға тырысушылық. Патшалық үкіметті құлатып, мемлекеттік билікті басып алған коммунист әпербақандар ол жағын ескеруге де қабілетсіз болып шықты. Қайта отарлық езгінің басты қателігін қайталай кетті.

Қандай қателік еді ол?

Орыстың отарлық саясатын Орта Азияда жүзеге асырушылардың бірі генерал-лейтенант Лыкошин деген болды. Бас штаб академиясының түлегі, араб, түрік, парсы тілдерін білетін ол Ақсақ Темір, Азияның оңтүстік бөлігінің тұрғындарының тұрмыс-салты, тіршілігі жөнінде бірнеше зерттеу еңбектердің авторы. Өз тұстарынан көп ілгері, білімді Лыкошин қазақ даласындағы орысқа қарсы көп қарсылықтың шығу себебі



орыстардың түздіктерді қалыптасқан жағдайымен санаспай олақ билеуі, соның нақты көріністері әкімшілік бөліністің дұрыс болмауы деп білді. Қазақта белгілі бір жер белгілі бір рудың меншігі. Рудан әрі ол атаның, белгілі бір қожалықтың иесі болып жіктеле береді. Ру қазақ қауымдастығының негізі. «У ішсең руыңмен» деген қазақ, «қанына тартпағаннан қары сынсын» деп өз руынан қол үзбейді. Тіпті әлдебір себептермен нағашы жұртында өскен қазақ та түптің түбінде өз руын табады. Жырақ қоныста да өз руының атын алып жүреді.

Орыстың губернияға, облысқа, уезд, округке, болыстыққа бөліп басқаруы сол тұтастықты бұзу әрекеті болды да шықты. Соның зардабын алдымен шеккен Адай. Әуелі жоғарғы, төменгі болып екі дистанцияға бөлінген Адайдың жартысы 1870 жылы Кавказға қарап, жартысы Орынбор губерниясының қарамағында қалып қойды. Екі араның шекарасы межеленіп, емін-еркін көшіп жүруге болмай қалды. Содан келіп Иса – Досан бастаған көтеріліс бүркетті. Енді біраз жылдан соң Маңғыстаудың көп Адайы Каспий сырты облысының құрамында Түркістан губерниясына бағындырылды. Бір сөзбен айтқанда бүкіл қазақтан оқшауланды.

Кеңес үкіметінен бұл келеңсіздікті түзетер деп күткен Адай өз тарапынан да белсенді әрекетке барып, 1920 жылы Қазақ АССР-і қарауына өтті. Бірақ Москвадағы Орталық Орта Азия ұлт республикаларының жерін межелеу кезінде бұл елдің пікірімен санаспастан біраз жерді көрші елдерге беріп жіберді. Содан келіп қазақ-түрікмен арасында жер дауы шығып, ол екі жылға созылып, Москваның араласқанының арқасында ғана соғысқа ұласпай қалды. Қарақалпақ жақпен де дау шығар еді, бірақ одан қарақалпақтардың ол кезде Қазақстан қарауында болғаны ғана сақтады. Содан келіп кейін Қарақалпақ Өзбекстан қарауына өткенде қазақтың ұланғайыр жері сұраусыз кете барды. Хорезм ойынының бергі жағындағы құйқалы өрістен қазақ солай айырылды.

Іштегі жердің межеленуі тіпті олақ жүрді. Патша тұсында малы да жаны да өскен Адай уезі бірнеше болысқа бөлінген еді. Болыстар тарап, енді жаңаша басқару тәртібі енді. Ол бойынша



жергілікті жердегі ауылдан кейінгі әкімшілік аудан болып есептелді. Оның ауқымы бұрынғы болыстықтан үлкен.

Көшпелі елді жер түбіндегі уезд орталығынан отырып басқарудың, дұрысы бақылаудың оңай еместігін көрген үкімет әкімшілік бөліністің аудан деп аталатын осы түрін енгізген еді.

Қазақтың бұрыннан қалыптасқан ру руымен, ауыл ауылымен іргесін алшақ әкетпей бірге көшіп-қонатын үрдісін бұзғысы келмеген Адай төңкеріс комитетінің төрағасы Тобанияз Әлниязов бастаған ел басшылары бұл жаңа өзгеріс бойынша жеті рет өлшеп, бір рет кесіп дегендей сараптан өткен өз жобаларын жасап жоғарыға төмендегідей қатынас жолдады.

КССР Орталық атқару комитетіне

Адай уездік төңкеріс

Комитетінің төрағасы № 407

31 наурыз 1921 жыл.

Адай уезінің барлық аумағы тұрғындары әкімшілік басқарудың ыңғайы мен ұйымдастыруға жеңіл болуы үшін алты ауданға бөлінді. Әрбір аудан жеткілікті кең жер көлеміне ие. Ол аудандар мыналар:

1. Форт-Александровск ауданы: орны Форт-Александровск.
2. Кендірлі - // - // - // - // - // - // - Кендірлі кәсіпшілігі
3. Бозашы - // - // - // - // - // - // - Заворот
4. Қаракұм - // - // - // - // - // - // - Қарашүңгіл
5. Адай – Табын - // - // - // - // - // - // - Қопа
6. Үстірт – Сам - // - // - // - // - // - // - Қызылтас

Мұндағы Кендірлі қазіргі сол аттас жағадағы балықшылар қонысы, Заворот қазіргі Қаламқасқа жақын жағадағы балықшылар мекені, қазақша аты Жандауыр, екеуінде де бірнеше дайын үй-жайлар бар, маңына ел көп шоғырланған, Қарашүңгіл – 1899 жылы қазақ жерінің алғаш мұнайы алынған кен орны. Кезінде мұнда мұнай барлау, өңдеумен айналысқан Жем – Каспий серіктестігі салған елді мекеннің базалық орны әлі сақталып тұрған еді ол уақытта. Қопа Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы елді мекен. Қызылтас Солтүстік Үстірттегі бір кездегі патша үкіметі



тұрғызған әскери қамал орны. Су жолына жақын, қамалдан қалған құрылыс материалдары жеткілікті, Ақбота Дүйсенбай молда төрт мұнаралы мешіт салып, бірнеше жатақ балықшылар қоныстанып, сол кезде елдің белгілі тұрақты қонысына айналып үлгірген. Демек оны аудан орталығына айналдыру қиынға түспейді. Көрініп тұрғандай ел жағдайын білетін жергілікті басшылар жаңа әкімшілік бөлініс жобасын біршама дұрыс, басқаруға ыңғайлы етіп жасаған. Ол әуелгі дұрыс әзірде қабылданды. Елдің қалыптасқан өрістерін пәлендей өзгеріссіз қалдыру жағдайлары қарастырылды. Нәтижесінде бұл шара дабырасыз, дау-дамайсыз шешілді.

Соның алдында ғана Адай уезі баяғы Кавказға, одан кейінгі Түркістан губерниясына, Кеңес үкіметі орнаған соң Түрікмен АССР-іне бағыныстан құтылып Қазақстанға қосылғанын айттық қой. Қазан төңкерісінің жеңісі, одан соңғы азамат соғысының аласапыраны солай бұл елдің пайдасына шешіліп, ілкіде уезд халқы жаңа үкіметті жақсы көріп қалғаны да шындық. Бір қызықта Москвадағы Орталық бұл кезде Адай қазақтың бір тайпасы деп емес бөлек, дербес халық деп таниды екен. 1922 жылы Бакуде өткен Шығыс халықтары съезіне Адай халқынан делегация шақырылып, оған Форттан 10 делегат барып қатысады. Делегаттың бірі бұрынғы патша армиясының полковнигі Оспан Көбеев съезд төралқасы мүшесі болып сайланып, артынан сонда біржола қызметте қалды. Соның артынша Адайлар мен түрікмендер арасында жерге қатысты дау шығып, соны ретке келтіру үшін тек Москваға – РСФСР-дың өзіне тікелей бағынатын өкілетке ие төтенше комиссия құрылып, бұл да Адайды дербес халық деп біліп, жоғарыға солай мәлімдеме жасаған. Бұл мысалдар, сөз жоқ, Кеңес үкіметінің басына келгендер бұрын Россия державасы деп аталып келген ұлы елдің ішкі жағдайынан мүлдем хабарсыз, кездейсоқ әлдекімдер екендігін дәлелдейді. Ғылым тілінде бұлар заңды үкімет билігін заңсыз басып алған узурпаторлар делінсе, қазақ шанышқыдан шыққан, сүзекіден үзілген, қағылған, соғылған алаяқтар дейді. Содан келді де «мырық бұзды, шырықтың» кебі болды да шықты. Мамандығы тіс технигі, төңкеріске қосқан бар үлесі патша Романовты қорғансыз



отбасымен қоса атқандығы ғана еврей Ф. Голощекиннің Қазақстанға басшы болып келуі жоғары басшылықтың кезекті ауыр қателігі. Мұнда жібергенде орталық оған қазақтарды қырып-жойып құртып жіберу туралы тапсырма берді ме жоқ па, қолда нақты дәлеліміз болмаған соң оны айту қиын, ал іс жүзінде тап солай етілді.

Бұл кезде Москвадағы орталық бұл елге қатысты тағы бір құйтырқы қадамға барған.

Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы № 743 ҚазАССР-ін аудандау туралы

Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы қаулы етті:

1. Қазақ Автономиялық ССР-і Орталық Атқару Комитетінің VI шақырылған 2 және 3 сессияларының Қаз Автономиялық ССР-інің қазіргі бар губернияға, жеке округке, уездер мен болыстарға әкімшілік-аймақтық бөлінісін тарату туралы қаулысы бекітілсін және Қазақ Автономиялық ССР-ін келесі округтері мен аудандарға бөлінуі бекітілсін:

1. Адай округін орталығын Ойыл поселкесі етіп 6 аудан құрамында:

- 1) Маңғыстау, Орталығы Форт Александровск
- 2) Үстірт-Сам, орталығы Жарқұдық
- 3) Табын, орталығы Көкмешіт
- 4) Алтықарасу, орталығы Алтықарасудағы мәдениет пункті
- 5) Ойыл, орталығы Ойыл поселкесі
- 6) Жылой, орталығы Жылыкөсе поселкесі...

Қол қойғандар: Бүкілроссиялық Орталық Атқару
Комитетінің төрағасы
М.Калинин
Бүкілроссиялық Орталық Атқару
Комитеті хатшысының міндетін
атқарушы Ян Полуян
8 қыркүйек, 1928 жыл



Осы қаулымен құрамында 6 ауданы бар Гурьев округі де құрылып, орталығы Гурьев қаласы болды. Бұған дейін 4 округ 25 болыстан тұратын Қарақалпақ автономиялық облысы да Қазақ АССР-інің құрамында еді. Аталған қаулы оны Қазақ АССР-інің құрамындағы автономиялық облыс деп тани отырып, бұрынғы әкімшілік-аймақтық бөлінісін өзгертіп, 10 ауданға бөлді.

Адай уезінің орталығы Форт-Александровскінің портты қала болуы себепті орталықпен су жолы арқылы қатынасының барлығы, ежелден қалыптасқан әкімшілік орталық ретінде жағдайы жоғары, ең азы қуатты радиостанциясы барлығы, Каспийдегі балық шаруашылығы, тұз өндіру кәсібі дамыған жер екендігі де ескерілмеді. Бұрынғы бір уезд, округ орнында жаңадан 6 аудан ашуды елдің ол кездегі экономикалық жағдайы да көтермейтін. Себебі, аудан ұйымдасқанда оған көп қаржы керек. Сауатты кадр керек. Қазақ ауылында ол уақытта мемлекеттік басшы қызметкер түгілі сауатсыздықты жою мектептеріне мұғалім табудың өзі оңайға түспей тұрған. Бірақ бұларды есепке алған ешкім болған жоқ. Солақай жарлық орындалды да тынды. Үкіметтің көздеген түпкі саясаты жүзеге асты – «басбұзар Адайдың» тұтастығы бұзылды.


1928 жылы Қазақстанның өзге жеріндегі тәркілеу науқанын Адай уезіне келгенде бір жылға кешіктіруі басқа ештеңе де емес, мылтықтың қанды қарауылына байланған бұл елді жеке алып түбегейлі құртудың шарасы еді. Себепке де салдар керек. Ал оны жасаудың шарасы мықтап ойластырылып, 1931 жылдың көктеміне қарсы үкіметтің әскері сақадай сай дайын болды. Әдетте ел ішіндегі бүлік, толқуларды басуға патша кезінде арнаулы осы мақсатта жасақталған казак әскері жұмсалатын. Ал Кеңес үкіметі оны ОГПУ – Ішкі істер министрлігіне қарасты әскер бөлімдерімен алмастырды. Ал бұл бөлімдер әуелі латыш атқыштарынан тұрса, кейіннен олар қатары еңбекке қырсыз, маскүнем алақүліктермен толықтырылды. Далада соғысу үшін арнаулы байырғы әскер бөлімдерінің қарауына жергілікті жерден милиция мен коммунист жасақшылардан құралған қарулы топтар берілді. Бір сөзбен айтқанда, Кеңес үкіметі солай өз елі



ішінде азамат соғысын өзі негіздеп бастап берді. Яғни, большевиктер Американы отарлаушылардың жергілікті үндістерге қарсы жасағанын айна-қатесіз қайталады.

Шаруа ел жылда жайлауға ерте шығады. Үстірттің Қарнау деп аталатын ернегіне наурыздың екінші жартысында-ақ ауылдар келіп қоныстана бастайды. Содан төл алды аяқтана-ақ жоғары өрлеп үйреншікті жайлаулары – Жем, Сағыздың өр басына қарай ақырындап жылжи береді. Жабағы жүнді жылдағы жазғы қоныстарында алады. Үкімет құрған қанды қақпаннан хабарсыз бейбіт ел дағдысынан жаңылмай күйбең тірлігін күйттей берген. Жоқ, үкіметтің ұзын құрығы қыл сағақтан қыса қалды. Алдың қанды басың бері тарт деп тұрған аран. Қайда аяқ бассаң да тосып жатқан Қорқыт көрі. Көш жолының ұрымтал тұстарының бәрінде әскер мен жасақшылар қосыны. Қыран-қыранның басын торыған итаршы шолақ белсенділер. Көшпелі қазақтардың барып тұрған оспадарсыздық деп білетін екі нәрсесі – жолаушының қарсы алдынан шығып ат маңдайын қайтару мен жөнімен бара жатқан көшке қорағаш алып қапталынан шабу болса көп ауылдың осы көктемде көре кеткен көрешегі осылар болды да қойды. Оған қоса ер назары сынғанын қайтерсің. Ал мұны көріп тұрып жан аяп қалған бұл Адайдың Адай болғаны қайсы! Ел жаппай ереуіл атына ер сала кетті. Әрине, әуелі жанжал шабалаңдап алдан шыққан белсенділердің қамшы жеуінен басталғаны өзінен өзі түсінікті. Олар арттарындағы қарулы әскерге барып ойбайларына аттандарын қосып бөрліктірді. Ілешала тыныш аспанды мылтық даусы жаңғыртты.

1920 жылдың қысында Үстірт арқылы босқан генерал Толстов армиясының көп қаруы осы ел қолында қалған. Жаугершілікті көп көріп, қарусыздықтың зардабын шегудей шеккен жұрт жаңа үкімет қанша қысып, бопсаласа да ол құралдарын тапсырмай тығып ұстап жүрген. Соның әжетке жараған жері осы бола кетті. Елдің қалыптасқан үрдісінде жауынгерлік жасақ әдетте ауыл, ру жігімен түзіледі де іштерінен басшы сайланады. Солай Үстірттің ұрымтал тұстары Самда, Асмантай, Шиландыда, Көкбұлақта, Ақбидайықта, Желтау, Оймауытта, Бейнеуде бөлек-бөлек халық



жасақшылары пайда болды. Мылтық бәрінде жоқ. Мылтығы барлардың оғы санаулы. Негізгі құрал кәдімгі селебе пышақ, бұл елде оның аты бұйда пышақ. Соны киізден тіккен қынға салған, сырлықтық басына таспамен байлап найза жасаған. Енді бір «найзалар» уық басына шаншылған қырықтық. Жарақ жағы солай күйкілеу бола тұра «аттан» даусы шыққанда делебесі қоза кететін жауынгер елдің әуелгі арыны қарсыластарын сескентіп-ақ тастағандай.

Бейнеу ол уақытта да тоғыз жолдың торабы. Жергілікті елдің әрлі-берлі көш жолы екенін айтпағанның өзінде Кіндік Азияның Россияға қараған үлкен қыр жолы осы өңірді кесіп өтеді. Әскери көзбен қарағанда бұл стратегиялық пункт. Оны көтерілген ел де біледі. Сондықтан көтерілісшілердің үлкен тобының әуелгі бас қосқан жері Бейнеудегі Бекет ата мешітінің басы болды. Әулие рухына бағышталып боз бие сойылып құран оқылады. Жиналғандар сол жерде өздеріне басшы етіп Құнанорыс Мырзалы Тынымбайұлын сайлайды. Әр рудан кеңесшілері белгіленеді. Хандық басқару үлгісі құлақтарына сіңісті ел Мырзалыны хан, кеңесшілерін уәзір деп дәріптеп әкеткен. Сол «уәзірдің» бірі Жетімек руынан Ыбырай Көбейсінұлы екен. 1963 жылы Жетібайда қайтыс болған сол кісіден там-тұмдап жеткен деректер бойынша онан арғы оқиға былай өрістеген.

Көтерілісшілер Бейнеудегі мешіт басындағы басқосудан соң Амантұрлы батырдың басына барып тағы кеңес өткізді. Шешім – бүкіл елді үкіметке қарсы көтеру. Сосын орталық тағы қызыл үкіметке қарсы ортақ майдан ашу. Осы жоспар бойынша әуелгі қарқынмен жиналған қол батысқа – фортқа қарай жорыққа шығады. Ыбекең осы топтың ішінде, Кетік түбіндегі ұрысқа қатысушы. Одан Үстіртке шегініп, жаз бойы шығын топпен Сам, Матай құмдарында, түлейде шеп құрып ұрыс сала алмаса да қызылдарға тиіп-қашып шабуыл жасап бой салып жүрген де күзге салым тараған. Өзге серіктері Бесқала – Хорезм ойына құлап кеткенде Ыбекең кері Маңғыстау ойына қарай салулы. Бұл тұысы үстірттік. Ойдағы ел үшін бейтаныс. Тегі соған есеп жасаған болуы керек інісі Баламбай екеуі жөнін аштықта қала маңын



сағалап келіп қалғандар едік деп түсіндіріп, Қаңғада ұйымдасып жатқан серіктестікке мүше бола кетеді. Тәркіленген бай баласы, көтеріліс басшыларының бірі дәл іргемізде бассауғалап жүр деп ойламаған үкіметтің Ыбекеңмен шаруасы болмаған. Сөйтіп бұл кісі қудалаудан аман. Баласы Ерназар қара қанат болған соң Түбіжікке келіп орнап жатқан геологиялық экспедицияға жұмысқа кіріп, өзі қайраты қайтқанша дөңгелек шаруасын күйттеп өтті. Ыбекең білетіндердің мінездеуінде біртоға, тұтымы берік, мәрт, бірсөзді кісі болған. Жаңа үкіметке іш бұрмастан өтулі. Ал інісі Баламбай керісінше ділмар, ақжармалау адам болған. Отан соғысына қатысып мүгедек болып оралған. 1971 жылы бақилыққа озды. Көтерілістің біраз жай-жапсарын айтушы осы Балекең. Айта кету керек Балекең 3 мың жылқы біткен атақты бай Иманбайдың Сұлу деген қызын алған күйеуі. Иманбай 1928 жылы жұтап, құрығын ұстап қалып тәркілеуге түспеген. Содан оның балалары Шиғұл, Қиын кедейдің баласы ретінде қудалаудан аман қалды. Қиын балалары Кетебай мен Көшер ағалары Боқан Айтжанұлының күліп айтатынындай «тонын айналдырып киіп» кеңес қызметкері болды. (Бірі мектеп директоры, бірі партия қызметкері) Кетебайдың тұңғышы Ләззат Қиынов. Мұны айтып отырған себебіміз – кеңестің бай мен молданы құрту саясаты алдымен елдің жақсы тегін отау, солай қара тобырға айналдыру болғанын дәлелдеу. Қара жер жарықтықтың беткі құнарын сыпырып тастаса тұлдыр шықпас тұл топырағы, сүттің қаймағын қалқып алса кенеусіз сылдыр сұйығы ғана қалмай ма?! Адами жаратылыс, болмыс та сондай ғой. «Таспен жапалақты ұрса да, жапалақпен тасты ұрса да жапалақ өледі» демекші қазақтың кең даласын шарпыған Адай, Созақ, Қарқаралы т.б. көтерілістердің барлығының тақсіретін алдымен тартқан соры қалың қазақтың өзі. Өлушілердің көбі де қазақ жағынан. Солай нақақ қан Үстірт үстінде де төгілді. Адай Табын ауданының милиция бастығы Жұман Мұратбеков тексеру бөлімінің бастығы Қырымкерей Шердіғұлов, милиция өкілі Омарқожаевтың бастауымен ұзын саны 60-қа жуық жасақшылар жорықта келе жатып көтерілісшілердің үлкен бір тобына



ұшырасады. Екі арада атыс басталады. Жасақшылардың шағын тобы Көшмағанбет мешіті түбінде қоршауға алынады. Ұрыс төрт күнге созылады. Шөлден әбден қаталаған қоршаудағылар ат, түйе көліктерін бауыздап қанын ішуге дейін барады. Ақырында күш тең емес ұрыста бәрі шейіт болады.

Бертiнiректе Бейнеу ауданының аумағында аудан құрылмастан бұрын Қызыләскер деген елді мекен болды. Оның олай аталу себебі, сол жерде көтерілісшілер оғынан өлген қызыл жауынгер қазақ жерленген. Рахы жерінде 1931 жылы 12 шілдедегі ұрыста өлген қызыл жасақшылар басына 1983 жылы ескерткіш қойылды. Ол шаруаның басы-қасында жүрген ол уақыттағы совхоз партия комитетінің хатшысы, қазіргі ауданның әкімі Басшы Әзірханов азамат. Ал көтерілісшілер жағының өлгендерін жоқтаушы ешкім болған жоқ. Ажалы жеткен жерде жайрап қала барды арыстар.

Бейнеудің Арал жақ бетінде «Қорабай тепсеңі» деген жер бар. Ол негізінен Тобыштың Бегей ауылының қонысы. Қорабай атақты сазгер Қайыптың әкесі. Тепсең деп қазақ әдетте сулы, нулы қонысты айтады! Жер құнары барырақ ол заманда бұл өте бір жайлы мекен болған. Соның дәлелі «Қорабай жидесі» деп аталған бір түп жиде ағаш әлі өсіп тұр. Сам беттің көтерілісшілерінің бастап шоғырланған жері осы. Әскери тілмен айтқанда орталық штаб осында болған. Адай көтерілісінің 80 жылдығына осы жерге бір белгі орнатса артық болмас еді деп ойлаймыз.

Үстірттегі ұрыс қимылдары негізінен партизандық сипатта жүрген. Жер жағдайын жақсы білген көтерілісшілер көбіне белгілі су көздерінің басынан тосқауыл құрып, соларды қолдан шығармауға тырысқан.

Көтерілістің бір шеті Оңтүстік Маңғыстаудың Түрікменстан жақ шетін де қамтыды. Бұл ел 1920 жылдардың басынан-ақ ереуіл аты белдеуінде, бес қаруы белінде еді. Әуелгі жаулары түрікмен аламандары. Соғыс күтпеген жерден қарақшы түрікмен жасағының Есқуат, Дүйсен ауылын шабуынан бастала кетті. Алғашқы бетте қапы қалған қазақ жағы іле-шала атқа қоныш кек



алуға кірісті. Басшылары Жақау Өмірбай, Ысық Біркұлак, Сердалы Бекестің баласы Омар, Жақау Тілекбай, Аймағанбет, Кошмағанбет, Күрбек, Байжан, Избас, Құдайберген дегендер. Бұл аталғандардың әрқайсысының қасында 10-20 сарбаздан. Бірақ майдан құрап емес партизандық сипаттағы соғыс. Мысалы, Өмірбай батыр Тілеубергенұлы Қарабұғаздағы дүкенді шауып, тауарларын елге таратып береді. Қызылкүптегі батағаны өртейді. Аққұйы деген жерде қызылдың 15 солдатымен атысып, бәрін өлтіреді. Осы ұрыста Өмірбайдың өкіл баласы Омар оққа ұшады. Ортақ жауына қарсы бірігіп соғыспақ болып шешкен қазақ түрікмен жағы бұрынғы араздықты тастап бітімге келеді. Бас сардарлыққа Өмірбайды сайлайды. Сөйтіп, үлкен қолды Аунамас, Түгерге жинайды. Мақсаттары енді уезд орталығы Красноводскіні алу. Бірақ одан хабарлы болып қалған үкімет Красноводскіден атты әскер шығарады. Теміржолмен Ашхабад жақтан да көмек алдырады. Екі ұшақ шығарып, олар Аунамас, Түгердегі қолды әуеден бомбалап, пулеметпен атып тарқатады. Өмірбай батыр осы жерде оққа ұшады. Бұл 1931 жылдың қыркүйек айының ішінде болған жай. Солай жеңіліс тапқан көтерілісшілер Үстіртке қарай шегінер жолы кесілген соң Түрікмен құмына қарай жөнқиді. Сөйтіп, қызылдардың үкіметі Орта Азиядағы көтерілісті біртұтас майдан ашуға жол бермей бөлшектеп құрту мақсаттарына жетеді.

Көтерілген ауылдар қаша көшіп алды Иран жеріне өтеді.

Қошобада көп жыл тұрған, сонда балалық шағы өткен Есберген Іңірбайұлының естелігі:

– Бірде ен даладағы иесіз бір құдықты аршып жатқан адамдар киізге оралып, жылқы майымен шылқыта майланған екі бесатарды бір қапшық оғымен тығылған жерінен тауып алды. Еш міні құрамапты. Оқтап көзде де ата бер деп сұранып тұрғандай. «Шіркін-ай, менің өзіме ғана табылғанда ғой» деген өкініші көздерінде тұрған топ адам олжаларын қимай-қимай милицияға тапсырды. Үкімет басқа да тықпа қару-жарақ болуы мүмкін деп маңайды қаза түсің деп еді, бірақ белсеніп шығушы болмады. Болмауына есеп, оны артынан барып құпия



әңгімелерден білдік, ауылдағы бірер ақсақалдар «өздеріңе қатыссыз істе шаруаларың болмасын» деп кейістік танытыпты. Бұл әңгімеден белгілі болғаны ол беттегілер қаруларынан оңайлықпен арылғысы келмеген біразға дейін.

Көтерілісшілердің бір тобы Шағадам (Красноводск) маңындағы бір жерге айдап апарылып атылған. Мүрделерінің шала көмілгені соншалық, әлдекімдер туыстарын, таныстарын әуелі көрініп жатқан етіктерінен танып қазып алып жерлеген.


Сердалы Бекесті көшіп бара жатқан жерінен әскермен аулын қоршап тоқтатып, ұшақпен алып кетулі. Сол кеткеннен жоқ. Одан қалған белгі – Красноводскідегі «Бекес орамы» деп аталатын үлкен үйі – әуелі педагогикалық училище, артынан орта мектеп болды.

Көтеріліс басылысымен Красноводск облысына көшіп барып орныққан Адайлардың әрқайсысы есепке алынды да арттарынан аңду қойылды. 1937-1938 жылдардың жазалау науқанында бас көтерер азаматтар ұсталып, көбі атылды. Красноводск түрмесінен 500 адам ескі баржаға тиеліп теңіз ортасына апарылып суға батырылды. Сол қаралы жылдардың мұнда қалдырған бір белгісі – төбесі тормен бүркелген жабық түрме. Кеңес кезінде онда қауіпті қылмыскерлер отырды. Біз білгенде Маңғыстаудан онда ең соңғы отырған 70-ші жылдар аяғында №34 колонияда кавказдық тұтқындарға қарсы қазақ тұтқындарын бастап шығушылардың бірі, сол қанды қасапта кавказдықтар жағынан бірнеше адам өліп, көп адам жараланды, шоңай Жоламан Дүйсенбаев.

1989 жылғы Жаңаөзен оқиғасында шейіт болған жігіттердің бірі Нұргелді Өмірбай батырдың немересі еді. Болат кездік қап түбінде жатпайды деген осы. Тек жас ғұмырдың қыршын кеткенін айтсаңшы!

Сол аты өшкір жылдардың тағы бір әңгімесі:

1936 жылы Красноводск облысында рулары ысық Тыным, Селбай деген белсенділер іс сапарында келе жатып ұшырасқан біреуден «алда кімдердің аулы бар» деп сұрайды. Оның жауабын естіген соң – бұл банда Адайларға сенім жоқ. Өз ағайыным Ысық Тілепбайдың үйіне қонам – дейді Тыным.



Сөйтіп, Тілепбайдың үйіне келді. Қазақ әдетте үйіне ат басын тіреп келе қалған жолаушыдан бірден жөн сұрамайды. Төрін ұсынады. Тыным өйтпейді. Сөйтуіне қарағанда келгендерді танығаны.

– Кімсің? – дейді сәлем алмай жатып.

– Тыныммын – деген зілдей жауап беріле кетеді


– Е, әлгі елдің тынымын алып жүрген Тыным деген зәндемі неме бар дейтін. Сол екенсің ғой. Асықпа әлі сенің тынымың кетер кезек те келер.

Қонақтар қарасын батырумен болды.

Тілепбайдың айтқаны келіп артынан Тынымның өзі ұсталып, хабарсыз кете барған.

30-шы жылдардың дүрбелеңінде Красноводск жаққа асқан ағайындардың алды 60-шы жылдардан бастап атамекендеріне орала бастады. Қазір онда қалғандары тіпті азшылық. Өкінішке орай, бейне қазығы ауғанда арыны кемитін сәйгүліктей болып, ол жақтың көп көмбесі ашылусыз қалды. Сыр сандық қариялар болса жоқ. Олардың айтып кеткендері жадтарда көмескі тартты. Іргесін бөлектеп жеткен түрікмендер қазақтарға қатысты архив құжаттарының құпиясын ашуға сірә құлықсыз. Солай ол бұл ел тарихының ақтаңдақ беттері болып қала барды.

1973 жылы «Қазақстан» баспасынан Қаз ССР Ішкі істер министрі Шырақбек Қабылбаевтың жалпы редакциясымен «Бессонный патруль» атты жинақ шықты. Сонда «Пылающие барханы» атты көлемді очерк бар. Авторлары милиция полковниктері Е. Қосаев пен Н. Серікбаев. «Шаңдатқан шағылдар» деп атының өзі айтып тұрғандай оқиғасы Үстірттің құмайт өңірін қамтиды. Очерк делінсе де көркемдік жағы нашар болғанмен деректік тұрғыдан маңызы бар. Осыдан Батыс, Оңтүстік Батыс Қазақстан бетіндегі толқуды басу үшін Тапуридзенің басшылығымен НКВД-ның тұтас бір полкі жіберіліп, оның теміржолмен келіп Қазалыдан түскенін білдік. Полк құрамында атты әскер, бронемашина және бірнеше автомашинасы бар атқыштар жасағы. 115 атты әскер екі жүк машинасымен Арал жағасымен көтерілісшілерді тылдан қоршауға



бет алса, бронемашиналы 113 әскер Самды Жылой жағынан қаусыруға шығады. (Маңғыстау беттен де бірнеше жазалаушы жасақ шыққаны алдыңғы тараулардан белгілі.) Осылайша көтерілісшілердің негізгі күші толық қоршауға алынды.

Аталған шығармада көтерілісшілердің бір басшысы Сахи Мәтжанов екені айтылады. Бұл атақты би Мәтжанның баласы. Бай емес, орта шаруа дерлік дәулет иесі. Мұның қарауында 160-дай сарбаз болыпты. Бәрі бесатармен қаруланған. Тіпті дүрбілері де бар. Ақжігіт құдығы маңына бекінген. Екінші бір басшы Бижан Жолмағанбетов 150 сарбаздың басшысы. Нұрғали Төлепбергенов, Жолман Қарамолдиндердің қарауында қанша адам болғаны белгісіз. Қызылдар жағының оперативті есебі бойынша жалпы Үстірт өңірінде 800-1000-дай көтерілісші топ-топқа бөлініп соғысыпты. Салыстырмалы түрде алғанда жақсы қаруланған. Мысалы: қолға түскен Сахи Мәтжанов жасағынан 6 наған алынған.

Көтерілістің тағы бір басшысы Жұмағазы делінеді. Бұл Сүйінғара немересі Жұмағазы. Патша кезінде болыс болған. Асып бара жатқан байлығы жоқ. Бірақ мал-мүлкі тәркіленген. Енді жер аударылу қаупі төнген соң маңына өзі құсағандарды жинап үкіметке қарсы шыққан. Желтауда бекініп алып, Богданов басқарған бронетанк дивизионына 400-дей сарбазын қарсы қойып ұрысқан, сөйтіп бұл өңірді көтерілісшілердің соңғы қарсылық шебіне айналдырған Әнет Наурызбаев та амалсыздан қолына қару алған намысты ердің бірі. Бронетанк дивизионына Карацев басқарған атты әскер қосыны көмекке келіп, екі жақты қыспаққа түскен Ә. Наурызбаев тобы ақыры жеңіледі. Басшы қолға түседі. Арты белгілі. Әнет Наурызбаев 1933 жылы атылды.

Көп деректерде орталық Адайларға қарсы руы Адай, оның Тобыш тақтасы, Шегем бөлігі, Қызыл армияның полковнигі болған, Кавказдағы соғыс қимылдарына қатысқан алғашқы кеңестік кәсіби әскери маман Төлесін Әлиев басқарған қазақ атты әскер полкінің де жіберілгені айтылады. Ол Маңғыстауға Түрікменстан жағынан айналып келген. Бірақ ұрыс қимылдарына араласпаған. Өйтуіне себеп басшысы Т. Әлиевтің




өзі бас болып, бейбіт халыққа қарсы тұруға құлық танытпаған. Төлесінді, оның ниеттес басшы серіктерін сонда көрген көнекөздердің айтуынша Төкең мен қосшы серіктері қайта елдің басшы ақсақалдарына оңашалап, «бұлар бұл елге болсын деп жүргендер емес. Тұқымдарыңды тұзша құртудан шімірікпейді. Бассауғалаудың қамын жасаңдар. Неғұрлым аяқ жетуі қиынға шығандап кетсеңдер соғұрлым жақсы. Қауіпсіз боласыңдар» деп ескертулі. Тек айтып қоймай боса көшкен елдің жолына кесе-көлденең тұрмаған.

Ауа көшкен Адай елінің көбінің түрікмен жеріне өтіп, алдының тіпті Иран, Ауғанстанға дейін жетуінің бір сыры осында жатыр.

Солай кейіннен «Адай көтерілісі» деген атпен тарихта қалған қызыл отаршылдыққа қарсы халықтық күрес жеңіліс тапты. Бұл жерде жеңіліс тапты деуіміз тек әншейін сөз сыралғысы. Әйтпесе өз халқымен соғысып ешқандай билік жеңіске жеткен емес. Түпкі нәтиже, жеңіс иесі бәрібір халық болып қала береді. Бұл жолы да солай болды. Көтеріліс ақыры елдің тізе бүгуі, күштінің дәргейіне мойынұсынуымен, әскери тілмен айтқанда тактикалық шегініспен бітті. Зорлықшылар қанша жерден әскермен қоршап, оқ астына алғанмен бостандыққа ұмтылған елдің тасқын сел күшіне тосқауыл бола алмады. Тірі жан жоқ тұлдыр қу даланы құшақтап жұртта қала барды. 1936 жылы Қазақстан үкіметінен арнайы комиссия шығып, Орта Азияны аралап, босқан елді атамекендеріне кері шақыруы биліктің сол жеңілісін мойындауы еді. Мойындағаны не керек «қап сен Адайды ма» деген қыжылын қара көңілінің қалтарысына түйіп алды.


Ол запыран сірә бөлек әңгіменің желісі.



КАЗУС БЕЛЛИ: ҚАНДЫ СЦЕНАРИЙ

Казус белли – Ежелгі Римнің құқықтық заңдылығында қалыптасқан термин. Мағынасы соғыс бастау үшін желеу іздеуді білдіреді. Әдетте басқыншы құрбанына шабуыл жасар алдында қоғамдық пікірді өзіне қарсы қойып алмаудың шарасын қарастырады. Ол үшін әуелі соғыс бастаудың сылтауын іздейді. Егер ол болмаған ретте ойлап табады не өз тарапынан сылтау бола кететін жағдайды туғызады.

Октябрь төңкерісінен соң-ақ іле-шала екінші дүниежүзілік соғыстан әбден титықтап шыққан Россия екінші бір қансоқтаға келіп килікті де кетті. Азамат соғысы деп аталуына сай бұл бір елдің азаматтарының – кешегі ортақ жаумен бір окопта жатып соғысқан қарулас серіктердің, бауыр мен бауырдың, әке мен баланың бір-біріне қару сілтеп қырылысуы еді. Оның бірден жойқын, жан шошырлық сипат алып кеткені соншалық, бұлай болады деп күтпеген, енді ел басына өздері әкелген қасірет ауыртпалығынан жалтарған В.И. Ульянов – Ленин бұл соғысты бізге халықаралық империализм мен оның ел ішіндегі итаршылары буржуазия, фабрикант, помещик – бір сөзбен айтқанда үстем тап таңды, душар етті деп жарапазандап шыға келді. Бізге кешегі кеңестік тарих солай оқытты. Ақиқатында солай ма еді?! Сөз жоқ, Ленин ғажап қабілет иесі. Өзіне дейін теория жүзінде қалып келген марксизм идеясын жүзеге асырудың теңдесі жоқ күрескері. Оның тек «Мемлекет және революция» деген еңбегінің өзін зер салып оқыған әр адам осыған көз жеткізеді. Өкінішке орай, революцияны сәнді қолғап киіп жасамайды деп ескерткен ол төңкерістің қанкештілік жолын таңдап, оның жеңісін қисапсыз төгілген қанмен баянды етуді ғана мақсат етті. Орыс халқына өгей, Россияның өзге ұлттарын тіпті елеп ескермейтін, қарапайым ел тірлігінен мүлдем бейхабар «сайда жүріп саяқ өскен» Ленин үшін бақытсыз Россиядағы төгілген адам қанының құны суға теңелді



де қойды. Серіктері де өзіне сай. Қысқасы, бұл қанішер, бүлік басы тобыр тарихтың үлкен жолында бастары тауып біріге қалған қарақшылар еді. Олардан елін, жерін, дінін қорғау үшін күреске шыққандардың ісі ақ, жолы адал. Бұл жансебілдер шынымен атына заты сай ақ гвардияшылар. КПСС өрем қабар алдындағы оның Орталық комитеті саяси бюросының мүшесі, академик Яковлевтің «Большевизм бауырларды қырылыстырған, сөйтіп елді тас-талқан қылған ақылдан тыс қанды қырғын мен бүлдіру ақыры 13 миллион адамның жаугершілікте, аштықта өлуі мен басқа ел асып кетуіне әкелген азамат соғысына душар қылған жауапкершілігінен адамзат алдында арыла алмайды» деуі (Российские ведомости, 29 ноябрь 1995 ж.) өзінің жүзіқара партиясының атынан тәубеге келуі.

Тарихта мемлекеттік биліктің өз халқына жасаған жаулығының мысалы жетіп артылады. Соның ішінде қанқұйлылығы жағынан кеңестік билеушілер алдына түсер ешқайсысы жоқ. Қағанағын қан шеңгелдеп жарған большевик коммунистер қанға құнығумен өтті. Құмығып кетті Біз бүгін жебеп отырған жай соның бір өңірдегі, оқшау түкпірдегі көрінісінің жалпылай шолуы ғана. Мұны таразылағандар қазақтың Адай деп аталатын тайпасының басынан өткен зұлматты бірден Дон казактарының кеңестік билік кезіндегі тауқыметімен салыстыра, шендестіре кетеді. Неге олай?

1905-1907 жылдардағы бүкіл Россияны дерлік шарпыған толқуда патшаға, үкіметке ең сенімді күш казактар, казак әскері, оның ішінде де Дон казактары екендігі көрінді. Астанадағы Дон казак әскерінің лейб гвардиялық Атаман полкінің қамқоршысы және осы әскери құрамаға айрықша құрметі ретінде осылардың әскери мундирін киетін II Николай патша көше-көшеге шыққан ереуілшілерді сабап кууға дондықтарды жұмсағаны да шындық. Сондықтан В. Лениннің өзі дондық казактар туралы Қазан төңкерісінен бұрын-ақ олардан күткен үлкен қаупін «Мұнда Орыс Вандеясы үшін әлеуметтік-экономикалық негіз барлығын көруге болады» деп ашық айтқан еді. (Ленин В.И. шығ. тол. жин. т.34, 219 б.). Бұл жерде Вандея XVIII ғасырдағы француз революциясының мысалынан алынып отыр.



Дон казак нәсіліне жататындар саны төңкеріске дейін 1,5 млн-нан астам адамды құрайтын да бүкіл облыс халқының 47 % ұстайтын. Бірінші дүниежүзілік соғысқа 100 мыңнан астам адамды қару-жарағымен, көлік, әбзелімен сапқа тұрғызған дондықтар Россиядағы 12 казак әскерінің ішіндегі ең ірісі болатын. Әрине, казактардың да әлеуметтік жағдайы әртүрлі. Байлары аз, бірақ кедейлері өзгелермен салыстырмалы түрде алғанда онша көп емес. Негізінен орташа толық ауқатты тұрады. Бір сөзбен айтқанда жағдай М. Шолоховтың «Тынық Донында» суреттелгендей. Сондағы большевик Подтелков әскери атағы аға унтер офицер зеңбірекші еді ғой. Әскери аты мен жабдығын сатып алуға мүмкіндігі жоқ кедей казак зеңбірек батареясына қызметке алынатын болған. Демек Подтелков коммунистерше айтқанда езілген тап өкілі, сондықтан большевик болып кетіп жүр. Ал көпшілік казактар майдан шебі ыдыраған соң үйлеріне оралып, бейбіт тыныс алуға кіріскен. Көбіне саясаттан тысқары олардың дені төңкерістің мәніне, жай-жапсарына түсінбегені, төңірегінде болып жатқан өзгерістердің көбіне шаршаңқы, селқос қарағаны анық. «Тынық Донда» Дон бойына келетін большевиктердің Инза дивизиясы туралы айтылатын еді ғой. М. Шолохов саясаттан қорықпастан сонда бірсыпыра шындықтың бетін ашқан. Әйтсе де болған жай одан гөрі әлдеқайда күрделі. Бұл дивизиядағы әскерлердің бәрі казак еместер. Россияның ішкі губернияларынан шақырылғандар. Табиғатында дөрекі, долаң мұжықтардың 3 жыл соғыста тіпті бейбастақ болып алғанына казактарға деген жеккөрушілігі қосылған соң тіпті басына кетеді бұлар. Академик Феликс Кузнецов, тағы басқа авторлардың жазуынша, Кеңес Одағы ыдыраған соң ашылған архив деректеріне қарағанда Дондағы бүлік басы осылар болған да қойған. Немістермен соғыс біткен соң енді дондықтардан қауіп күткен Кеңес үкіметі өздеріне сенімді әскери бөлімдерді осында әкеліп еді. Ақыры соларының зауалын тартты. Шектен шыққан зорлық-зомбылық, басынуға көнбеген казак қауымы қарулы көтеріліске шықты. Ежелден демократиялық ұстанымдарға етене казактар басшыларын да өздері сайлап алды. Әр хутор, елді мекендерден ұйымдасқан жасақ



басшылары сол жердің өкілдері, кешегі соғыста қатардағы жауынгерлерден ерлік көрсетіп жоғарылаған өз офицерлері. Үкімет есебінде құрылған билік – мүшелері өңшең бұрынғы жауынгер қарт казактардан тұратын әскери круг. Бұл да демократиялық негізде. Хуторлар атамандары сірә сайланбалы. Көтерілісшілер бірауыздан бас қолбасшылары етіп өз орталарынан шыққан бұрынғы мұғалім, жүзбасы офицер Павел Кудиновты дивизия командирі етіп сайлап алды.

Соғыс алдында оқытушылық семинарияны бітірген П.Кудинов Дон казагы. Әлеуметтік тегі орта шаруа. Соғыс басталған соң тәртіп бойынша қысқа мерзімді курста оқып әуелі взвод офицері болады. Соғыс аяғында сатылап өсіп жүзбасылыққа жетеді. Соғыс өнеріне жетік, әрі өз жерлеріндегі ұрыс қимылдарын жүргізген казак әскеріне көпшіл, кішіпейіл П. Кудиновтан артық командирдің керегі де жоқ еді. Көтеріліс әуелгі қарқынмен сәтті басталып, өз жерлерін қызылдардан тез азат етті. Бірақ ақыры сәтсіз болды.

Дондық казак әскерінің бір бөлігі Новороссийскіде қолға беріліп, еріксіз мобилизацияланып Поляк майданына жіберілді. Севастопольда қолға түскен казактардың тағдыры тіпті аянышты. Қызылдардың бас қолбасшысы М.В. Фрунзенің радио арқылы кешірім берген үндеу үгітіне сеніп құралын тастаған 100 мыңға жуық ақ армия жауынгерлерін екі еврей комиссар – қатын Землячка мен еркек Бела Кун атып, аяқтарынан тас байлап теңізге батырып қырды.

Генерал Врангельмен бірге шетел асқандар Европаның әр елдеріне тарап кетті. Біразы отбасыларын өздерімен бірге ала кеткен еді. Бұлардың Болгарияға барғандарынан 181,5 мың (көбі казактар) 1921-1931 жылдар арасында елге оралды (Русская военная эмиграция 20-40 годов. Документы и материалы – М. 2001 т.2.с. 440-441) Соңынан 1937-38 жылдары олардың бәрі жазалау науқанына ілініп атылды, концлагерьлерге қамалды. Біраз казактар екінші дүниежүзілік соғысқа немістер жағында қатысты. Соғыс біткен соң одақтастар шетелдегі босқын орыстардың бәрін неміс жағында соғыспағандарымен қосып кеңес қолына берді. Россияға барғандағы тағдырын күнілгері білген казактар шама



келгенше қарсыласып бақты. Тіпті әуелі отбасы мүшелерін, сосын өзін өзі ату сияқты сұмдық оқиғалар болды. Күткендегідей оралғандар Россия топырағын басқан бойда жазалауға ұшырады. Көбі «үштік» үкімімен атылды. П.Кудинов, ол немістер жағында соғысудан бас тартқан, қайта кеңестердің жеңісіне тілектес болған, Болгарияда тұтқынға алынып, Донға әкеліп сотталып 10 жыл концлагерь жазасы берілді. Жазасын Қарақұм каналының құрылысында өтеді. Тағдырдың бұйырмысын қойсаңызшы-ау. Орта Азиядағы өз кезеңінің екпінді құрылысы атанған, ал шын мәнісінде тозақ, тамұқтың төрі каналдың қара жұмысына жегілгендер кеңестік ГУЛАГ-тың еріксіздері мен әскери құрылысшылардан соң қазақтар. Онда да 1931 жылы Түрікменстан мен Өзбекстанға ауып барған Адайлар. Түрікмен – малшы, өзбек – дихан, саудагер, қай-қайсысы да қолдап еңбек етуге қырсыз, құлықсыз. Содан келіп ел иесі, жер иесі, дүмді олар қазақ сорлыны шетке шығарып, каналдың қара жұмысына салған ғой. Солардың бірі Оразғали Бекмағанбетов деген біздің бір жездеміз болып шыға келіпті. Ұлы Отан соғысына қатысқан, бірнеше марапат иесі жауынгер, қарулы, қайратты, сауатты, пысық Орекең жездеміз әуелі бригадир, шебер бола жүріп артынан жабдықтау жағының кішігірім басшылық қызметіне ауысады. Сонда тұтқындағылармен араласып, ішінде ақ армияның бұрынғы полковнигі бар дегенді естіп, әдейілеп танысады. Онысы Кудинов болып шығады. Полковник делінуі дұрыс, соғыстан соң оған генерал Врангель сондай шен берген. Кудинов әрине алдымен Донның казак орысы, бұрынғы мұғалім, Шолоховтың «Тынық Донының» кейіпкері екендігін айтады ғой. Әдебиет жағынан мақрұм жездеміз Шолоховты қайтсін. Ал енді Дон өзенін біледі. Қалмақ даласынан соң сол бетте соғысқан. Сауатты Кудинов тұтқындар тілінде «бугор», кішігірім басшы екен. Орекеңмен достасып, соның көмегімен қазақтардан азық-түлік жәрдемін алып тұрыпты.

– Көпшіл, әңгімешіл кісі еді. Тұтқын аты болғанмен айдауылсыз жүрді. Сірә, кесірім тиер деп сақтанады ғой деймін, орыстарға онша жоламайды. Біздермен де сақ. Басшылардың



көзіне түспей оқшау, оңаша әңгімелеседі, – дейтін Орекен марқұм. Өзенге 1965 жылы Егдірбай, Шәудірбай, Дауылбай атты үш ұлымен көшіп келген. Қазір Шәудірбайы бар. Зейнеткер. Жаңаөзенде тұрады. Әкесінен қалған көз – Қаракұм каналының құрылысы үшін алған «Құрмет белгісі» ордені басқа да марапаттары сонда сақталған.

П. Кудинов жазасын толық өтеп, Вешенскаяға барады. Бірақ Шолоховпен кездесе алмайды. Оның елге оралуға көмектесу туралы өтінішіне қол ұшын бере алмасын білген Шолохов кездесуді қаламапты. Содан Болгарияға – отбасына оралып, сонда елге келуге ұлықсат сұрап Сталинге жазған өтініші қанағаттандырылмағанына қапа болған Кудинов поездің астына түсіп өлді. Бұл деректерді академик Феликс Кузнецовтың М.Шолохов туралы зерттеу еңбектерінен оқып білдік. Кудиновпен бірге Қаракұм каналының құрылысында көп дондық казактар, бәрі дерлік бұрынғы ақ гвардияшылар да тер төккен екен.

Сөйтіп, талайлы тағдыр шіркін Азияның қия түкпір, құм суырған шөлінде Кеңес үкіметінің кешегі қас жауларын бір-біріне ұшыратып, тірілей бірге көр азабын көрсетіпті.

Казактарға, оның ішінде дондықтарға тісін қайраудай-ақ қайраған Кеңес үкіметінің оған қарсы алғашқы жасаған қадамы соғыс біте сала басқа жақта құрылған әскери бөлімдерді тұрақты тұруға әкеліп, солардың күшімен езіп-жаншу. Көтеріліске дейін де, кейін де солай болды. Қызыл армияның байырғы құрамдарынан өзге ЧОН деп аталатын ОГПУ-дың жазалаушы жасақтары тағы бар. Бұлардың комиссарларының бәрі дерлік еврей ұлтынан. Осы жағдай Ұлы Отан соғысына дейін созылды.

Дон казактарына қарсы Кеңес үкіметі тарапынан жасалған ең ауыр қылмыс 1919 жылдың 24 январында РКП (б) ОК ұйымдастыру бюросы қабылдаған директивадан басталды. Оған іле-шала казактардың өзге қауымдастығын да құрту шарасы жүзеге аса жөнелді. Ол әуелі азамат соғысына ақтар жағында белсенділікпен соғысқан Кубань, Жайық казактығын шарпыды. «ОК Жайық казактарын ыдыратуда офицер – кулактарды оқшаулап алып, өз жағымызға кедей мен орташа тапты тарту бағытын



ұстанады. Қазақтарды заңнан тыс деп жариялау оларды бірыңғай лагерьге топтастырып, ыдырату саясатын бүлдіреді, облысты ақтардан босату ісін тежейді» деп Сталин жеделхат жолдады 1919 жылы Уральск облысына әлгі директивадан соң жедел түрде. (Филипп Миронов. Документы...)

Ондағысы бүкіл казак қауымдастығының ұйымдасқан қарулы қарсылығынан сақтанып, оларды біртіндеп, жеке-жеке құрту есебі еді. Бірақ кеш қалды. Жайық казак әскері атаман В.С. Толстовтың бастауымен Уральскіден Гурьевке дейін майдан шебін құрып үлгірді. Басқа казак жерлерінде де солай болды. Осы құжаттың өзі-ақ халыққа азамат соғысын әкеліп таңған большевиктердің өздері екенін анық дәлелдемей ме?! Жоғарыда аталған директивада казактар халықтық революцияның қас жауы деліне келіп «оларды түп-түқиянымен құртып, жаппай қырып жою керек» делінген. Кеңес үкіметіне қарсы тікелей не жанама түрде қандай да болса күреске қатысқан казак атаулының бәрін аяусыз қырып жою қажеттілігі баса айтылған. Кейіннен кеңестік тарихшылар оны «нағыз дер кезінде алынған бірден бір дұрыс шара болды» деп (Очерки истории партийных организаций Дона – Ростов на Дону, 1973, ч, с 447) ақтағанмен В.И. Лениннің өзі 1919 жылдың өзінде-ақ РКП (б) ОК Март пленумында сөйлеген сөзінде – ол Директиваны «...Кеңес қызметкерлерінің тәжірибесіздігінен, мәселенің күрделілігінен кулактарға бағытталған соққы орта шаруаларға тиді. Бұл жерде біз мықтап тұрып қателестік. Осы ретте жиналған тәжірибе бізге бұдан былай оны болдырмауға көмектеседі» деді. (В.И. Ленин, Т.Ш.Ж. Т 38 с 146)

Большевиктерге етене тән үрдіс айтылған сөз айтылған жерінде қала барады. Ешқандай сұрауы, жауапкершілігі жоқ. Бұл да соның бірі болды. Бұлар кемшіліктен қорытынды шығару орнына оны үсті-үстіне қайталай берді. Нәтижесінде елдің түкпір-түкпірінде бірінен соң бірі көтеріліс. Жауы біреу – Кеңес үкіметі. Шығу себебі – еңбекші халыққа шектен тыс жасалған озбырлық, қанау, езгі. Солай большевиктер халыққа өзі Казус белли жолын ұстанып таңған азамат соғысы жалғаса берді. Большевиктер қойған атымен ол көтерілістер Донда Каледин, Краснов, Вешенская, Ростовта



Миронов, Тамбовта Антонов, Орта Азияда басмашылар, Қазақстанда Адай, Созақ, Қарқаралы, т.б. делінді.

1917 жылы өздерінің үкіметті заңсыз басып алғанын «көтеріліс» деп дәріптеген қанқұйлылар енді ол сөздің мән-маңызын төмендетпеу үшін әлгі көтерілістердің бәрін бүлік деп мансұқтады. Орта Азияның біраз бөлігін шарпыған бұқаралық толқуды «Жөнейт бандасының әрекеті» десе, Адайлардың қарсылығын «Адай бандаларының ісі» деді. Солайша үлкен бір ұлтанды ел атына «банда» деген жала жабылды, қара күйе жағылды. Сол саясат Кеңес үкіметі өрем қапқанша созылып, одан соң да жаны сірілік танытқанын қайтерсің. Соның айқын бір мысалы 2009 жылы Москвада П.А. Голубтың авторлығымен шыққан «Правда и ложь о рассказываний казаков» атты кітап. РКП Орталық кеңесшілік орталық қаржысына басылған бұл еңбек басынан аяғына дейін Дон казактығын қаралап, оларды жазықсыз жазалап, көресіні көрсеткен, тек Дон емес оған қоса Россиядағы қалған II казактық қауымдастықтың да тоз-тозын шығарған коммунистік Вандеяны толықтай ақтайды. Жай ақтамайды, мақұлдайды, оларға сол керек еді деген қыжылын ашық айтады. КПСС деп аталатын әшәдді партияның Россиядағы орнында қалған ұрғынының қаражатына аталған еңбегін шығаруына, жазу мәнеріне қарағанда автор сөз жоқ, осы органның жалдамалы жарапазаншысы. Бүгінгі тілмен айтқанда неокommунист. Әрине, не десе де еркі, аузы өзінікі, бірақ байқалып қалғаны авторымыз Голуб жолдас бұл тақырыпқа дайындықсыз келіпті. Білімі тым тайыз екен. Әйтпесе, Дон казактарын жақсы білсе М.А. Шолоховты екі жерде казак деп көрсетпес еді. Дұрысында М. Шолохов казак емес көпес әулетінен шыққан. «Тынық Дондағы» бу диірмен иесі Мохов көпес жазушының өз әкесінің прототипі. Голуб және Вешенская көтерілісінің басшысы Павел Назарьевич Кудиновтың әкесінің атын «Назарович» деп қате жазады. Аталған еңбектен белгілі болғаны автор академик Ф. Кузнецовтың Шолохов пен оның творчествосы жайлы тамаша көп томдық еңбегімен таныс еместігі Ф. Кузнецов көп жылғы зерттеуінің нәтижесінде тек «Тынық Донның» ғайыптан тайып сақталған



қолжазбасын тауып, авторы М. Шолоховты жаладан ақтап қана қойған жоқ, Дон казактарының жаңа тұрпаттағы тарихын да негіздеді.

Казактардан кейінгі кезекте орыстан өзге ұлттардың оңайлықпен мойынсұнбайтын өкілдері тұрды. Оларға келгенде соры сопақ астаудай Адай аты атойлап шаң бере кетті.

Неге?

Патша үкіметі кезінде қоластындағы халықтардың жай-күйінен, шаруашылығынан, тұрмыс-салт, мәдениетінен бұрын мінез-құлқын шұқшып, ден қоя зерттеді. Қазаққа келгенде ол әр руларға дейін жіктеліп, жіліктелді. Г.С. Карелин Адайларды қорқау десе демократиялық көзқарасы барырақ, Шоқанмен таныс-біліс, көп қазақ зиялыларымен дос болған Небольсин қазақ ішінде Адай сотқар, тынышсыз, жанжалқұмар деп мінездесе, табындарды онша мақұл демейді. Беріштер өздігінен көп ұрынбайды, ал біреу тисе есесін жібермейді деп тастайды. 1870 жылғы Иса – Досан бастаған көтерілістен соң орыстар Адайды тіпті ағаш атқа мінгізіп қойды. П. Юдин «Адаевцы – это был такой народ, который не признавал над собой никакой власти. Живя особняком от прочих киргизских родов и не соединяясь с ними даже узами родства, эти воинственные сыны степи, любившие пожить за чужой счет и поживиться чужим добром, не только грабили русских, но и нападали и на киргиз и на хивинцев и текинцев» дейді. (Еділқан Г. Еділхан А. «Маңғыстау» 15.06.2010) Ал Қырдағы көтеріліс, бас көтерулер тарихын зерттеуші Середа «Адаевский род искони отличался особой дикостью нрава и своеволием и поэтому с ним всегда начальники старались поступать осторожно и делали уступки, чтобы не раздражать их без особенной надобности» деп бұл елді онан сайын сүмірейтіп мінездейді.

Кеңес үкіметі орнаған бойда өз тарапынан ел халықтарын, ұлыс руларын зерттеуге кірісті әрине. Айтқанға көніп, айдауға жүруі қиын Польша, Балтық бойы елдеріне, Финляндияға дербестік беріп құтылды. Румындармен қаны да, жаны да бір Бессарабияның да бұйдасын мойнына түрді. Сосын ел ішіндегі «шырық бұзу қауіп барырақтарды» ауыздықтауға білек сыбана кірісті. «Бастан құлақ садақа» деп оларды құртып жіберу мақсатын



ұстанғандары анық. Сонда жаңадан қаулы-қарар шығарып, жоба жоспар жасап та әуреленген жоқ. 1919 жылғы Троцкий қолымен жасалған, кейін Тамбов, Саратовтағы Антонов, Балтықтағы Кронштад теңізшілерінің бас көтерулерін басуда сыннан өткен қаулыны басшылыққа ала қойды. Бұл Қазақстандағы Голощекин басшылығына іздегенге сұраған бола кетті. 1928 жылы жаппай тәркілеуден «аңыс аңдап, әліптің артын бағып», кейінге қалдырыла тұрған Адай уезінде ол зобалаң келесі жылы басталған. Мұндағы тәркілеу науқаны елдің сөзін ұстаған игі жақсыларын жаппай қамап соттаумен қатар жүрді. Тобанияз Әлниязов бастаған төңкеріске қарсы топты әшкерелеу, Ералиев ісі, Құрмаш бандасын жою, уезд басшылары арасындағы құнанорысизм, шалбаризм, шоңаизм сияқты жікке бөлінушілікпен күрес – бұлардың бәрі қисынсыз желеу, жала, күштінің артының диірмен бұрауының кебі еді. Шын мәнісінде ондай ылаң туғызып, шырық бұзылған ештеңе болған жоқ-ты.

Саясат аужайын түсінбей ауа жайылу, асыра сілтеу қадамдары ұшырасқанмен елдің заңды үкіметке жаппай қарсылыққа шығатындай себеп-салдар болмаған. Тіпті Құрмаш Қосжановтың ісі де қарулы қарсылықтан ада. Ол қайта өздері зорлықшыдан жәбір жапа шегіп, бассауғалап жүрген шағын топ. Жоқ, жағдайды бейбіт жолмен шешу орнына ел ішіне қарулы жасақ шықты. Және уезд орталығы Форттан, Хорезмнен шығып екі жақтан құрсаған екі жасақ. Өпірем қимыл. Нәтижесінде нақақ қан төгіліп, елдің бірнеше ондаған бас көтерер адамдары жазықсыз сотталып кетті. Шындық қашан да шығады, түптің түбінде ақиқат ашылады. Бұл жолы да солай болды. Біз құпия архив қоймаларынан ашып, назарларыңызға ұсынып отырған бір ғана «Құрмаш ісінен» барлық заңсыздық көзге ұрып тұрған жоқ па?! Бандалық қозғалыстың басы деп қара бояуы баттастыра жағылған соң әдейі осы істі іріктеп шығарғанбыз. Мұндағы барлық болған жай осындай. Ал өзге Қаңғабай Шоңғыров т.б. кезеңде кеңестік саясат «ел шапты, банда болды» деп құлақтарға құйып баққан адамдардың іс-қимылдары тіпті болмашы. Қаңғабайдың барлық жасағаны шекарада жүріп, елін көрші елдің аламан, қарақшыларынан қорғағаны.



Бірақ зорлықшының қан аңсаған араны тоймай қалды. Сірә бұдан әрі тіпті желеу іздеудің де қажеті жоқ деп шешкен болуы, Үкімет 1931 жылдың көктемінде-ақ елді жазалаушы әскер қосынымен торлады да алды. Олар ұрынарға қара таба алмаған соң шаруашылық мүддесімен жайлауларына көшіп бара жатқан бейбіт ауылдардың көшіне оқ жаудырады. Қырғынсайда, Қараған Босағада, Жаңашада, т.б. жерлерде төгілген қан сондай шейіттердікі.

Бізге уақытында бір топ бай, құлақтар, молдалар жаз ортасында Форт түрмесін бұзып қашып шығып, елді бөрліктіріп, көтеріліс солай басталды делініп келген. Жоқ, олай емес. Іс жүзінде тіпті басқаша болып шыққан екен.

Күнілгері жасалған қанды сценарий – мұқият жоспарланып істелген мемлекеттік дәрежедегі қылмысты іс Қазақстан, оның ішінде Маңғыстауда жеңіске жетті. Россиядағы казактық оның әкімшілік бөлінісі қалай жойылса қазақтың Адайында да сол жағдай айна-қатесіз қайталанды да қойды.

Адайлардың кеңестен көрген теперішін Дон казактарының трагедиясымен салыстыра қарауымыздың ең басты сойылдай себебі тағы бар. ВКП (б) Орталық Комитеті 1929 жылы Адайларды құрту, жою жөнінде құпия қаулы қабылдады. Бас-аяғы жеті беттен тұратын бұл құжатта Адайға қарсы геноцидті ойдағыдай жүзеге асыру үшін әскери техниканы да пайдаланумен қоса бұл елден жарты ғасыр бойына қайраткер басшы шығармау туралы да нұсқау бар. «Өте құпия» деген айдары бар құжат осы күнге дейін жабық, жасырын ұсталып келеді. «Сыбырлағанды құдай естімей ме» демекші оны оқып, қолмен ұстап көргендер бар... Біз осы еңбекті баспаға берер алдында бұрынғы марксизм – ленинизм архиві деп аталатын мекемеге облыс әкімшілігін араластыра отырып сұрау салғанбыз. Одан «жоқ» деген жауап келді...

Біздегі жариялылық дегеннің қандай дәрежеде екендігін осыдан-ақ шамалай беріңіз.

Францияда кез келген мемлекеттік құпия 50 жылдан кейін толықтай ашылды. Германия фашизмнің дүниеге келуінің жай-

жапсарын, әлемдік трагедияның кінәлілерінің аттарын жариялап қойды. Бұл елдің ұлттық тарих оқулығында «неміс халқы болашақ уақытта мұндай қылмысқа жол бермеуі керек» деп жазылған. Ал Россия болса КПСС хатшысы Яковлевтің кезінде-ақ асыра сілтеуге қатысты барлық жазбаларды жариялап бастады. Қазір сол тақырыпта 300 том (!) шығып үлгеріпті! (Медеу Сарсеке. Ермұхан Бекмаханов. Астана. Из-во «Фолиант» 455-бет.) Онда бұл істің бұйда ұстары ФСБ – федеральдық қауіпсіздік қызметі – бұрынғы КГБ – МҚК-нің тікелей мұрагері. Ал біздің үш әріп – ҰҚК-нің істеп отырғаны әлгі. Егер біздің Қазақстан тарихы әлгі күнге ақтаңдақтардан арылмай, шындық ашылмай келе жатса соның басты жауаптысы, кінәлісі осы орган. Мұның қаншаға созылғанын да көрерміз. Есте болар нәрсе қанша көлкештеп баққанмен ақиқаттың ашылмай қалған күні жоқ. Бұл жолда жұмыстана береміз әлі. «Мен көрдім дүние деген иттің көтін» деп Абай айтпақшы, талай көттің ашылып, талай тасыр бастың шыққан жеріне қайта сүңгірдей болар күні алда. Әй, Құдай, осы бізде кеткен өшің болмаса соны көрсетіп өлтір дағы! Сөйтіп, біз пақырлармен есе түгендемейтін ірілігінді бір көрсетші!

Тағы да бір сәт «Тынық Донды» ойша парақтап шығалықшы. Сонда ауқатты казактың баласы, Новочеркасск юнкер училищесінің түлегі, Шолоховтың жазуынша қатарларынан әлдеқайда озық білім алған, көп оқыған, тарихты жақсы білетін офицер Ефим Иванович Изварин бар еді ғой. Сол ішінде Григорий Мелехов та бар жігерлі казактарға казактардың дербес Дон республикасын құру, Россиядан бөлініп шығу идеясын уағыздап жүрді емес пе?! Изваринді соған мәжбүрлеген казактардың патша тұсында да көзтүрткі көруі, олардан шыққан кадрлардың жоғарғы билікке жолатылмауы, талантты казак әскерилердің полковник шенінен әрі көтерілмеуі, онда да полковник шенінің отставкаға шығарында берілуі романда ашық сөз болады. Бұған наразы тек Изварин емес өзге де озық ойлы казак офицерлері, былайғы зиялылардың сол уақытта бұдан құтылар жол Россиядан бөлініп кету, баяғы «Доннан қайтарым болмайтын» еркін, азат кезге қайта оралу деп білгені шындық. Солар енді Россиядағы қиын,



аласапыран, алмағайып кезді оңтайымен пайдалана қойғысы келді. Донға большевиктердің төтенше өкілдігін алып келген Подтелков пен Крывошлыковтың бүкіл жасағымен құртылып жіберілуінде де извариншілдік ой-ниеттің салқыны да жоқ емес. Вещенскаядан бастала кеткен көтерілістің бір қозғаушы күші де сол.

Адай қазақтарының мінез болмысы да тағдыры да Дон казактарына ұқсас. Бұлардың да басы асау. 1731 жылы Әбілқайыр ханның Россиямен жасасқан шартына ешкімге тәуелді болғысы келмеген Адайдың бірде бір өкілі қол қойған жоқ. 1700 жылдың орта шенінде әуелі Үстіртті, артынан Маңғыстауды біржола иемденіп алған Адайлар тіпті ешкімге бағынғысы келмеді. Патша жағынан тағайындалған Нұралы, Қаратай, Хиуа ханы тағайындаған Қайыпқалилардың бұл елге әмірі жүрмеуінің себебі осы. Шынында олардың бұл елге әлі келмеді. 1870 жылғы патша отаршылдығына қарсы қарулы көтеріліс, Хиуа ханының жасаулы қолымен, аламандарымен дүркін-дүркін болып тұрған ұрыстар Адайлардың дербестігі, бостандығы үшін күрестерінің көрінісі. Патша үкіметінің 1870 жылы Адайларды өзге қазақтардан бөліп алып Кавказға телуі, кейіннен Закаспий облысы құрамында Түркістан губерниясына қаратуы «басбұзар Адайларды» оқшаулардың құйтырқы саясаты.

1920 жылы жоғарының келісім, ұлықсатынсыз Адай уезінің Қазақ АССР-іне қосылуы қазақтың тұтастығын ойлаған Алашшыл ұлтжанды зиялылардың төтен ерлігі болды. Одан соң іле-шала басталып, 5 жылға созылған Түрікменстанмен арадағы шекара жанжалы, оның негізінен қазақ жағының пайдасына шешілуімен аяқталуы ең алдымен Адай елінің табанды күресінің жеңісі болды да шықты.

Бірақ жаңа үкімет те Адайлар күткен үмітті ақтамады. 1918 жылғы қызыл комиссар Ә. Жанкелдиннің айтқандары құр бостекі уәде болып шықты. Патша үкіметі жалпы билік иесі болғанмен елдің ішкі саясатына араласа бермейтін. Салығын жинап алып, сен тимесең мен тимен деп тыныш отыратын. Елдің бақуатты өмір сүруіне пейіл танытып, жағдай жасап



бағатын. Ең азы балаңды мектебіне беріп орысша оқытам десең де құп ала кетеді. Мына жаңа үкімет олай емес бірден апшыны қуыра келді. Салықтың ұшы-қиыры жоқ. Қаскөйлігін алдымен діннен айырудан бастады. Сосын жеріңе көз алартты. Соның ақыры 1931 жылғы елдің қарсы көтерілуімен, артынша босқынға ұшырауымен тынды.

Бұл келеңсіздіктердің бір ұшығы Қазақстан үкіметінің, жергілікті басқару органдарының шалағайлығында деп білген Адай елінің баскөтерерлері енді тағы бір қадамға барды. Елдің баскөтерерлері дегенде бұлар бұрынғыдай бай, би болудан қалған. Ендігі серкелер оқыған зиялылар еді. Қазақ, оның ішінде Адай елі шетінен надан деген бостекі сөз, сандырақ. Төңкерістен бұрын-ақ бірнеше екі сатылы орыс мектебі болған, оларды бітіргендер Кавказдың, Ашхабадтың, Стамбул, Бомбейдің орта, жоғары дәрежелі оқу орындарында оқыған, тіпті Москваның Александровск әскери жоғары училищесін үздік бітірген, Кеңес тұсында Шығыс халықтары қауымдастығының төралқа мүшесі болып жауапты қызмет атқарған полковник Оспан Көбеев сынды ұлды берген бұл елдің оқыған зиялылары салыстырмалы түрде алғанда қазақтың өзге жерінен көп болмаса аз емес. Кеңес кезінде олар тіпті көбейіп, Россияның жоғары оқу орындарын да бітіргендер болды. Мысалы Зейнепқали Қосымов Саратовтың заң институтын бітірген. 1931 жылғы аласапыраннан соң шетке ығысқан олардың көбі барған жерлерінде жауапты қызметтерге орналасты. Түрікменстанда тіпті бүкіл басшылық тізгіні Адай азаматтарының қолында болды. Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, артынан Түрікменстанның Москвадағы өкілетті өкілі болған Недірбай Айтақовтың өзі Форттағы екі сыныптық орыс мектебінде оқыған, қазақ болып кеткен түрікмен, әйелі ақтөбелік орыс қызы еді.

Сол зиялылардың ақылдаса келгендегі ортақ қорытындысы тап сол уақытта басшылығынан әбден береке кеткен Қазақстаннан бөлініп, бөлек республика болып шығу. Бұл кезде Түрікменстанның Красноводск облысы (бұрынғы Закаспий облысының Адай, Мары уездерімен бірге бір уезінің орталығы)



тұрғындарының 90 пайызы қазақтар, онда да Адайлар болатын. Облыстағы негізгі өндіріс «Қарабұғазсульфат» тресіндегі басты жұмысшы күші қазақтар. Басшылығындағы орыс тілді азшылықтың өзі түрікменнен гөрі қазаққа пейілдірек. Бәрінен бұрын ұлтжанды зиялылардың түпкі нысанасы Адай көтерілісінен соң тұс-тұсқа шашырап кеткен қандастарының басын құрау еді. Оған қоса дербес республика болған жағдайда бұл өлкенің экономикалық қауырт дамуына жол ашылатынын да көре білді олар. Соның нәтижесінде төмендегі құжат өмірге келіп, ВКП (б) Орталық Комитетіне жолданды.

Тек қана ВКП (б) Орталық Комитетіне ВКП (б) Орталық Комитетінің хатшысы Андреев жолдасқа – жеке өзіне.

Маңғыстау жарты аралы Үстірт қыраты мен Қаракұм шөлінің қарсысына орналасқан, бұрын Закаспий теңізінің (түпнұсқада осылай – Ә.С.) ең бір халқы тығыз орналасқан ауданы болды. Ауданның тұрғындарын аз ғана келген орыстардан басқаларын тек қана көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын Адай қазақтары құрайды. 1935 жылы бүкіл Маңғыстау түбегіндегі Маңғыстау ауданының минералдық байлығын игерудің, шаруашылық және мәдени тұрмыстық жағдайының өте-мөте төмен көрінісіне кездестік. Көптеген тұрғындар тұрмысының қайыршы кембағал дәрежесі Маңғыстау шаруашылығын шапшандатып дамытудың өте тез шараларын алуды қажет етеді. Алайда біздің көз жеткізгеніміздей ауданға қажет назар аударылмайды және оның жыл сайынғы шаруа күйінің өрлеуі жағдайды жақсартуға тіпті де жетімсіз.

Аудан шаруашылығының күрт төмендеуі салдарынан (сәл-пәл өрлеу жағына бетбұрыс 1934 жылы ғана болды) бұл ауданда тұратын Адай қазақтарының көп процентінің (75 проценті) ауданнан сыртқары жерге, мәдениеті өскелең аймақтарға көшіп кетті. Қазақтардың көбі Махашқалада, Байрамәліде, Тәженде, Красноводскіде тұрады. Ал бірсыпыра бөлігі өздерінің малдарымен Иран мен Ауғанстанға көшіп кетті. Сөйтіп, ауданның 175 мың шаршы шақырым құрайтын жайылымы қазір қаңырап жатыр.



Бұрынғы уездік әскери бастықтың архивінен алынған толық емес мәліметтерге қарағанда Маңғыстау түбегінің территориясы, мұнда да Адайлар мекендейтін Қарабұғазды қоспағанда, 175 мың шақырым. Ал Қарабұғазбен қосып алғандағы территория 270 мың шаршы шақырым, яғни Белгияны, Данияны, Голландияны, Чехославакияны және Австрияны бәрін қосып алғандағыдан көп.

Маңғыстаудағы қазіргі жағдай төменде келтірген цифрлар бойынша көрінеді.

Тұрғындар саны	1908 ж.	1935 ж.
	300-350 мың адам	43 мың адам
	Қарабұғазды қоспағанда	Қарабұғазды қосқанда (18 мың адам)
Мал саны	1786 бас	27 мың бас.
Бүкіл ауданда бар:		
аурухана (30 керует)	2	
амбулатория	2	
фельдшер пункті		3
дәріхана		2
дәрігер		2
фельдшер		3
агроном		1
мал дәрігері		1
жеті жылдық қалыпты мектеп		2
Ағаш үйдегі мектеп		45
мұғалім		85

Атап өту керек, Каспий теңізінің бүкіл шығыс жағасы бойында Маңғыстау жайылымға және тұщы сулы құдықтарға ең бай жер, демек мұнда мал шаруашылығын ғажап мөлшерде өркендетуге болады.

Сонымен қатар Маңғыстауда минералдық қазбалардың бай қоры бар. Бұл ауданда қоңыр көмірдің (бірте-бірте тас көмірге



айнала беретін) 12 проценттен аспайтын күл құрамы бар кеніші жатыр. Бұл көмірді Қарабұғаз химия комбинатында технологиялық процестер мен энергия өндіру үшін пайдалануға болады. Осы көмір мен Қарабұғаз мирабилиті және сульфатының базасында осы өңірде азот, сульфат, аммоний, сода, күкірт, бром, термофосфат тағы басқа өнімдер алатын ірі химиялық өндірісті дамытуға болады. Маңғыстауда жекелеген шұңқырларда (әрине ең күштісі) 78 процент металл беретін мыс кені табылды. Сөз жоқ кен құрамындағы мыс аз мөлшерде, бірақ есептей келгенде олар белгілі бір өнеркәсіптік мәнге ие.

Онан әрі, мұнда мұнайдың да барлығының сыртқы белгілері көзге ұрып жатыр. Көп жерлерде қоңыр түсті тотық түрінде 35 процентке дейін темірі бар темір рудасының да недәуір көп бөлігі жатыр. Бұл рудалардың бір мөлшерін, сондай-ақ әк тастың, бордың, фосфориттің, саздың, гипстің, тағы басқа қазбалардың мол қорын пайдалану бүкіл өлкенің өнеркәсіптік өрлеуінің ұланғайыр мүмкіндігін құрайды.

Бұл ауданның балық байлығы өте-мөте тоқталып сөз ететін мәселе, оның 600-700 шақырымға созылған теңіз жағасында балық шаруашылығын өркендетуге, балық консерв зауыттарын салуға ыңғайлы 6-7 айлақ бар. Тек 1935 жылдың өзінде мұнда 20 мың тоннадан астам балық ауланды, одан да әлденеше есе өсіруге болады.

Қазіргі күнде Маңғыстау ауданының құрамында Қазақ АССР-іне қарайды. Ал оның орталығы жол қатынасы өте бір келіспеген жағдайдағы 4 мың шақырым Алматыда. Форт Урицкіден (бұрынғы Форт Александровск) Маңғыстаудың аудан орталығы, Алматыға бару үшін теңізбен Махашқалаға, одан Бакуге, онан әрі теңізбен Красноводскіге сосын теміржолмен Ташкент арқылы ғана Алматыға жол тартуға тура келеді. Қарабұғаз арқылы Красноводскіге машинамен жетіп онан әрі Ташкент, Алматыға да баруға болады. Маңғыстау бағынып отырған облыс орталығы Орал да Форт Урицкімен нашар байланыста. Жаз кезінде қатынас теңіз жолымен Астрахань арқылы ғана, ал қыста тек Махашқала-Москва арқылы мүмкін.



Республикалық және облыс орталықтарынан мұндай шалғайлығы ауданның шаруашылық, әлеуметтік мәдени өміріне басшылықты қиындата түседі. Атап өту керек, ауданның географиялық ерекшелігі оны Қазақстан экономикасынан шеттетеді. Ал ауданның қазіргі күнде бар экономикалық байланысы оны Каспий аумағының шаруашылық жүйесімен кіріктіреді.

Маңғыстаудың үлкен болашағына және оның қазіргі кездегі өте-мөте мүшкіл халіне орай Маңғыстау түбегінің шаруашылығын кең көлемде дамытудың проблемасын қарау мәселесін ВКП (б) Орталық Комитеті алдына қоюды өзімнің парызым деп есептеймін... Ауданның хал-ахуалын егжей-тегжейлі зерттеу үшін ВКП (б) Орталық Комитетінің арнаулы комиссиясын жіберуді дұрыс санар едім.

Ауданды басқаруды ұйымдастыру ісін жақсартып, әкімшілік шекараларды шаруашылығы шектес комплекстермен біріктіру үшін төмендегі шараларды ұсынамын:

Қазақ АССР-інің Маңғыстау ауданын Түрікмен ССР-інің Қарабұғаз ауданымен (мұның тұрғындары Адай қазақтары) қосып автономиялы облыс немесе өлке құрып оны Түрікмен ССР-інің құрамына қосу, немесе аймақтың ғаламат перспективасын ескере отырып өз алдына дербес ұлттық республика қылып, РСФСР арқылы Ұлттар Кеңесіне өкілін енгізіп Мәскеуге бағындыру. Солай еткенде Қарабұғазбен тығыз байланыстағы Маңғыстау бірыңғай ұйымдық әкімшілік және шаруашылық бірлікке еніп қажетті басшылықты ала алады.

Сондай-ақ өнеркәсіпті өркендетуге күрделі қаржы бөлумен бірге өңірдің байырғы тұрғындарына көптеп мал өсіру үшін өз жеріне қайта көшуін ұйымдастырып, және аудан мүмкіндігін зерттеуде, бұл өлкені кешенді дамытудың жоспарын жасауда қаржыландыру қажет.

Қарабұғазда химия комбинатын салу, ол комбинат үшін Маңғыстау көмірін пайдалану, Маңғыстау мен Қарабұғаз мұнайына тағы да басқа пайдалы қазбаларды өнеркәсіптік игеру бұл өлкені таяу 5-10 жыл ішінде қуатты өндіріс орталығына айналып, бұдан



Қаракұм шөлін игеруді кеңінен бастап кетуге жағдай жасайды деп толық сеніммен айтуға болады.

1917 жылдан ВКП (б) мүшесі билет №0616973

Қарабұғазхимтресінің меңгерушісі Я. Рубинштейн.

25 қаңтар 1936 жыл.

Нәтижесі не болды дейсіз ғой!

Орыс тарихынан басыбайлылыққа қатысты «Мә, саған Юрьев күні керек болса» дегенді оқып едік қой. Соның кері болды да шықты. Хатқа автор ретінде қол қойған Я.Т. Рубинштейн «алашордашы» деп айыпталып Ашхабад түрмесінде республика басшылары ағайынды Оңғалбаевтармен, геолог ғалым О.Тұрмағанбетовпен, заңгер З. Қосымовпен, басқа да Адай зиялыларымен бірге атылды. Түрікменстанға бассауғалап барған Адайдың жүздеген адамдары да алды солардың жолын қуып, арты түрмелерге тоғытылды. Жазалаудың шалғысы Маңғыстауда қалған аз Адайдың да азаматын аямай шалып қырықты. Бір ғана 18 ауылдық Кеңес деп аталатын Чапаев атындағы колхоздан 54 адам ұсталып, 38-і атылды. «Мылтықтың басуына – құланның қасуы» деп 1937 жылы «Бұрынғы кулактарды, қылмыскерлер мен басқа да кеңеске қарсы элементтерді жазалау операциялары туралы» атты қаулы алынып, оны сол жылдың 31 тамызында ВКП (б) ОК саяси бюросы мақұлдап, бекіткен еді. Осы қаулы бойынша бүкіл ел бойынша 270 мың адам атылып, түрмеге қамалған екен («Родина» 04.2010. 26-ст.) Кеңестің бұрыннан да көз қырындағы Адайларды әлгі хаттан соң «тәубасына түсіріп», жаппай жазалауға осы қанды құжат жол ашты да берді.

Күні кешеге дейін «жаптым жала, жақтым күйеге» жақын ақкөз белсенді желімауыздар «Бұл Адайларды қой. Сенім жоқ. Ойлары бұзық. Бөлек мемлекет болуды көксейді» деп тантып келген болса олары негізсіз емес. Жоғарыдағы хатқа байланысты шығарғандары. Сөйтіп, ол құжат іс жүзінде бүкіл ел басына ВКП (б) ОК-нің Адайларға қарсы қабылдаған құпия қаулысынан соңғы тағы бір тауан болып жабысты. Бұл ел арасында Кеңес



кезінде «Москвада жел соқса, Алматыда дауыл болды, Адайлардың басына тас бұршақ жауады» деген сөз кеңінен тарайды. Оны әуелі өзара күбірлесіп, өйтпес бұрын жан-жағына сақтана қарап алып барып айтады екен ертеректе. Біз ес білгеннен беріде алқа алдында айылын жимай отырып, нәшіне келтіріп айтатын болған.

Біз білгенде бұл ел үкіметпен іштей аңдысумен болып, саясат аужайына орай, онда да оның дегеніне ләббай дей кетіп емес, ішкі есебінің қамына қарап әрекет етумен болған. Айтальқ КПСС-тің кезекті бір съезі болып, даурығыш бесжылдық жоспар, қаулы-қарар қабылдады делік. Біздің елде ол партияның, үкіметтің халықты кезекті алдауы, алдарқатуы деп қабылданады. Ауыл ділмарларының сөздік қорында бар «шұрайлы» сөзбен айтқанда «ауыз ампиту тағы басталды». Жоғарының іс-қимылына, қызметіне беріліп жататын ортақ елдік баға: «Кремльдің бізге қараған көзі әлдеқашан амығып кеткен. Ештеңені көрмейді, білмейді. Әйтпесе...». 1961 жылғы күздегі партияның Сталинді ағаш атқа мінгізген съезінен соң 54 азаматы «халық жауы» болған біздің ауыл «Иә, сәт. Бұлар өз көтін өзі ашып бастады» деп қыбы бір қанып қалды. КСРО Министрлер Кеңесінің көп жыл төрағасы болған Косыгин марқұм, сөз жоқ, мемлекеттік тұлға. Халық сүйіспеншілігін иеленген қайраткер. Солай бола тұрса да біздің ауыл оның фамилиясын қасақана бұрмалап Көсікен деумен кетті. Сондағы «Косыгин жолдастың» бар жазығы, айыбы – ел қолай көрмейтін үкімет басшысы болғандығы ғана. Ел тек марқұм Димекен – Дінмұхамед Қонаев атына шаң жуытпайтын.

Өзім көзбен көрген бір жай:

1963 жылдың жазында, сол жылы сегізінші сыныпқа көшкенмін, сәті түсіп жолдамамен бір топ оқушы Москваға барып келдік. Алыс ауыл үшін бұл үлкен оқиға. Жұрт қаумалап көрген жерде сұрақтың астына ала кетеді. Қауқылдаған көпке қосылмай аңыс аңдап тұрған бір ағамыз менің сытылып шыққан сәтімде оңашалап – Лениннің өлімтігін көрсетті ме? Көрдіндер ме, – дегені. – Бардық Мавзолейге. Көрдік. Басы құбылаға қарап жатыр екен, – деп жауап бердім. Соны естуі мұң екен ағамыз –



құбылаға қаратып қойғаны несі. Құбыладан садаға кетсін ол итің, – деп сықпыртып боқтап теріс айнала бергені.

Біздің сөз қадірін білудей-ақ білетін ділмар, ақын ел қазақ кеңес әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов бас болып көп қаламгерлер көкке көтеріп мадақтаған «Колхозды ауыл осындайдың» сиқын өздері көрудей-ақ көрумен өткендігі себепті колхоз құрылысының жеңісі туралы шығармаларды тұшынып оқымастан өтті. Одан кейінгі совхоз – кеңестік шаруашылық сірә қанаудың кезекті сатысы деп қабылданды. Бір сөзбен айтқанда Кеңес үкіметі, коммунистік партия мен халық іштей азамат соғысы жағдайында өмір сүрумен болды. Мұның Қазан төңкерісінен соңғы азамат соғысынан айырмасы мылтықсыз майдан, қабак астынан аңдысқан майдан болғандығы. Соның алғы шебінде Адайлар болғаны еш құпия емес. Олай болуға мәжбүрлеген қолы қара зорлықшы үкіметтің өзі. Мысалдың қандайы керек? Жоғарыдағы қанды қаулылар өзімен кетсін дегеннің өзінде кейінгі зобалаңдар да жетіп артылады. Атап айтқанда:

1950 жылдар басында Бозашы жағалауы түгел әскери полигонға айналдырылды. Мұндағы ел жаппай зорлықпен көшіріліп, ата кәсібі балықшылықтан біржола қол үзді. Жұрт күнкөріс қамымен тентіреп кетті.

1960 жылдар басында Маңғыстау мұнайын игеру басталғанда бірлестік басшысы Сафи Өтебаевқа құпия түрде жұмысқа тек кавказдық, россиялық мамандарды қабылдау, Түрікменстандағы мұнайшы қазақтарды қозғамау туралы тапсырма берілді.

1973 жылы Маңғыстау облысы құрылғанда басшылық жұмысқа бірде бір Адай азаматы тартылмады. Осыған дейін аудан, қаланың бірінші басшылары Адай еместер болып келсе, сол үрдіс онан әрі жалғасты.

1970 жылдары Оңтүстік Үстірт атом бомбасын жер астында жарып сынайтын полигонға айналдырылды. Ол халықтан құпия ұсталды. Жер астында 3-ші рет жарылған бомба сәтсіз аяқталып, улы радиация сыртқа тарап, сынақ өткізген әскерилер тек бастарын сағаттап қашып құтылғаны да құпия болып қалды. Маңайдағы елді сақтандыру қажет деп табылмады.



...Үстіртте тағы бір полигон болғанын енді ғана біліп отырмыз. РФ Қорғаныс Министрлігі Химия әскерінің басқарма бастығы Вячеслав Соловьев журналист Владимир Вороновқа «Бізде барлық уақытта тұрақты тек екі-ақ полигон – Шихандағы, Үстірт жазығындағы полигондар ғана болып келді, – деп ашық айтады. (Совершенно секретно. №11.2010ж.) КСРО-да мұндай полигондар 1920 жылдан бар болған. Бұларда иприт, люизит, фосген, дифосген, адамсит, хлорарсин, зарин, зоман, т.б. әлденеше газдар сынақтан өткен. Ең әлсізі иприт – оның ауаға тараған 0,001мг-ы көзден айырады, 0,015 мг-ымен тыныс алу өлтіреді. Өзге газдар адамды жүйке, рак т.б. ауруларға душар етеді (Сонда). Ал ол полигон қайда? Ол – құпия. Ашуға талаптанған ғалым В.С.Мирзоянның үстінен 1992 жылы қылмысты іс көтеріліп, ақыры ол шетелге кетіп тынды. Бүгінде Маңғыстау суицид, рак, өкпе, қан қысымы т.б. аурулар бойынша алдыңғы орында болса, жас бала өлімі бойынша тағы «қамшы салдырмай» келе жатса онда осы полигонның әсері бар деп біле беріңіз. Себебі, сынақтан соң әлгі газдар топырақ құрамында сіңіп қалды. Оны азсынсаңыз полигон болған жерлердегі қоймалардан кейін жаңағы газ бомбаларын алып кету, тазарту дегеніңіз КСРО, РФ қарулы күштерінің тарихында тіпті де болмапты. Демек, құпия полигондағы ол қойма Үстіртте әлі жатыр. Бұл орыспен арадағы азамат соғысымыздың әлі қаншаға созылары белгісіз деген сөз.

...Мен Россияның мерзімді баспасөзінен жақында тағы бір құпияның ұшығын ұстап қалдым. АҚШ қазіргі Израиль – еврей мемлекетін құрғанда Сталин «енді ол өңірден береке кетті» деп салулы. Сосын қулығына құрық бойламайтын «мұртты көсем» палестиналықтарды өзіне көшіріп алып, дербес ел, мемлекет қылу шарасын қарастырыпты. Сондағы түпкі ойы өзінде арабтың бір мемлекетін құрып алып, Таяу Шығыстағы бүкіл араб елдеріне ықпал ету, ондағы ең байлық мұнай қазанының бір құлағын қолында ұстау ғой. Ал енді ол мемлекетті қайда құрамыз дегенге келгенде Палестина жеріне барлық жағынан ұқсас, арабтардың атакәсібі мал шаруашылығына, әсіресе түйе өсіруге қолайлы Каспий сырты өңірі, Маңғыстауға балама болмай алға шыға келеді.



Баяғы Рубинштейн жазған хаттағы ұсыныс бойынша оған ТССР-дың Красноводск облысын қоса қойса бітіп жатыр. Кез келген мемлекеттің тақиясына тар келмейтін аумақ. Енді соны қолға ала береміз дегенде күтпеген бөгесін – Красноводскінің Қызылқиясы мен Маңғыстаудың Қарақиясынан уран табыла кетеді. Ал Кеңес Одағы үшін атом бомбасын жасауға тап сол кезде уран өте-мөте қажет еді. Сөйтіп, Палестина мәселесі кейінге ысырылып, әуелі Қызылқиядан, артынан Қарақиядан уран алу жұмысы басталып жүре береді. Осылайша бұл Маңғыстауды, Адайды төніп келген зауалдан уран кені құтқарулы.

Түбектен алғаш ашылған өндіріске жергілікті ұлт кадрларының алынбауы Адайға деген тағы да сенбестік. КСРО-дағы Сталиннен кейінгі үлкен әмір иесі министр Л. Берия 1952 жылдың жазында ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Д.Қонаев пен Маңғыстау аудандық партия комитетінің хатшысы Т.Қағазовты шұғыл түрде Москваға шақыртып алғандағы шаруа осы Қарақия уранын игеруге қатысты екен. Келген екеу Министрдің қабылдауын 17 күн бойы күтіп жатыпты. Берия мен оның тіміскі ведомствосының осы уақыт ішінде Маңғыстау мен Адайға қатысты барлық деректі електен өткізгендерінде сөз жоқ әрине. Сосын да ғой Берияның қабылдауда ашылатын жаңа өндіріс пен оның базасы Ақтаудың қауіпсіздігін қадағалауды баса тапсыратыны.

«Е, қайтейін-ай, қайтейін, қайсыбірін айтайын» дейтін баяғыда менің басынан тоқпақ арылмаған сормандай аулымның үлкендері шер көкірек гөй-гөйінің соңында. Бүгінгі мен солардың мирасқор тұяғымын. Қанша жерде қараң қалған қадірімді қалай айтып тауысайын, қайтіп қадам бассам да алдымды торыған Қорқыттың көрінің қаншасын түгендейін?! Тек әйтеуір арты қайырымен болған соң бәрін өлеует, салауатқа аударып, тәуба, шүкір дейміз дағы.

Осы әңгімеміздің ілхамын Адайды ку жазмышы тағдырласы етіп қойған Дон казактығы – казактарынан бастап едік қой. Сонымен тәмамдайық.

Төңкерістен бұрынғы Дон казактарының саны әрине Адайдан



көп. Ол Россияның халық тығыз орналасқан аймағының бірі. Жеті кессе де кесірткедей қауқары қалатын жыландай Кеңес үкіметі дондық казактарды ажал диірменінің астына салып қанша жаныштағанымен түп-тұқиянына дейін құртып жібере алмады. Тамтығы қалды. Сол тамтық қарасының өзі жоғарыдағы Рубинштейн хатында көрсетілген Маңғыстауда қалған 25 мың Адайдан көп әрине.

Кеңес қазақты, оның ішінде Адайды қыру үшін баяғы Американы жаулаушылардың үндістерді күнкөріс көзі бизондарды қырып аштан өлтіру саясатын қайталап, малды алып еді. Сөйтіп, халықты оқ шығын қылып атып бейнетке түсіп асып, жер аударып вагонмен тасып әлекке түспей оңай, арзан жолмен қырды. Зорлық иесінің тактикалық жеңісі осы.

Әшәдді кеңес, коммунистік режим қанды сценарий бойынша Адайды ешқайда шығармай өз жерінде тұмшалап, тұншықтырып құртпақ еді. Онысы болмады. Көзсіз ер ел шеп – шеңберді бұзып өтіп, шырқап шығыншы ұстатпай кетті. Жат жерде тентіреп жүрсе де мәрттігін жоғалтпай кезеңі келгенде басын қайта құрап алды. Көш басын сар даласына қарай қайта бұрды. Бүгінде Жетісудағы, Жетісай, Шардарадағы т.б. жерлердегі Адай диаспорасы солай қалыптасты. Олар сол аты өшкір 30-шы жылдардың ойранында боса көшкендердің тікелей ұрпақтары.

Бүгінде барлық Адай демограф ғалым М.Тәтімұның дерегі бойынша 1 миллионнан асып қазақ руларының ішінде саны жөнінде 4-ші орында. Құдай көпсінбесін делік тек.

Әлгі бір аңызда өлтіріп, сүйегін өртеп жібергенде күлінен қайта тіріліп шыға келетін феникс құс бар еді ғой. Біз де құдды сол құс сияқты болдық та қойдық. Жаңа тарих енді мұны Адай феномені деп жатса тіпті заңды-ақ.



МАЗМҰНЫ

Тоқабай Құрмаш	4
Құныскерей	72
«Дос мылтығымен келмейді»	85
Жаңашада жаназасыз қалды олар	92
Батырдың да басы саудаға түсті	100
Шабар ишан Есенұлы	105
Кенже Әбдірахман ишан	111
Айрақтының адыра қалуы	117
«Көкмойнақтың үйірі-ай»	125
Қырғынсай қырғыны	130
Қарағанда төгілген қан	141
Мың үй қырылған	155
Нарындағы ойран	163
Қызыл көйлекті қыз туралы хикая	172
Ешман екен бір сарбаз	177
Өліп оралған әндер	180
Ұшқын жалынға ұласты	184
Казус Белли: қанды сценарий	199



Әбілқайыр СПАН

АДАЙ ҚАСІРЕТІ

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасы
Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ

Редакторы – Ж. Жүнісбекұлы

Корректоры – Б. Егембердіқызы

Компьютерде беттеген – Жазира Аштеннова

Дизайнер – Нұрбол Нұрыбайұлы,

Берік Үйсінбаев


Тех. редакторы – Раушан Молдабекова

Басуға 01.06.2011 ж. қол қойылды. Қалпы 70 x100 1/8. Қағазы офсетке арналған. Қаріп түрі “KazTimes”. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 14. Таралымы 1500 дана. Тапсырыс № 04

“Нұрлы Әлем” баспасының өз баспаханасында басылды. 481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы, Ерлепесов көшесі 1 үй.

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефоны:
Алматы 8-(727) 276 30 10

Әбілқайыр Бақытұлы СПАН



1949 жылы Маңғыстау ауданы, Жармыш ауылында туған. ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. Аудандық, облыстық, республикалық ақпарат құралдарында еңбек еткен. Жиырмадан астам кітаптардың авторы. Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты



Тел.: 8 (727) 276 30 10